

Т. Қ. Мекебаев

АҚПАН ТӨҢКЕРІСІ ЖӘНЕ УАҚЫТША
ҮКІМЕТ БИЛІК ОРЫНДАРЫНЫҢ
ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҚЫЗМЕТІ
(1917 жылдың ақпаны – 1918 жылдың басы)

Монография

Екінші басылым

Алматы
«Қазақ университеті»
2020

ӘОЖ 94 (574)
КБЖ 63.3 (5Қаз)
М 41

*Баспаға әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің
Ғылыми кеңесі (№7 хаттама 30.03.2020) және Редакциялық-баспа
кеңесі (№4 хаттама 19.06.2020) шешімімен ұсынылған*

Пікір жазғандар:

тарих ғылымдарының докторы, профессор **Т. О. Омарбеков**
тарих ғылымдарының докторы, профессор **Қ. С. Қаражан**
тарих ғылымдарының докторы **Б. С. Сайлан**

Мекебаев Т. Қ.

М 41 Ақпан төңкерісі және Уақытша Үкімет билік орындарының Қазақстандағы қызметі (1917 жылдың ақпаны – 1918 жылдың басы). – 2-бас.: монография / Т. Қ. Мекебаев. – Алматы: Қазақ университеті, 2020. – 151 бет.

ISBN 978-601-04-5061-5

Автордың көпшілікке ұсынып отырған еңбегінде ХХ ғасыр басында орын алған саяси өзгерістер мен Ақпан төңкерісі нәтижесінде қосөкіметтіліктің орнауы, Уақытша биліктің Қазақстандағы билік орындарының қызметін талдап, саралауға арналады. Еңбекте осы жылдардағы Қазақстандағы Уақытша үкімет билік орындарының қызметімен қатар, ұлт қайраткерлерінің қоғамдық-саяси қызметіне қатысты тың тұжырымдар мен қорытындылар жасалып және қазіргі заман тарихындағы ең өзекті мәселелер қарастырылған.

**ӘОЖ 94 (574)
КБЖ 63.3 (5Қаз)**

ISBN 978-601-04-5061-5

© Мекебаев Т.Қ., 2020
© Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, 2020

КІРІСПЕ

Еліміздің егемендік алуы қоғамның барлық салаларындағы түбегейлі өзгерістерге жол ашқандығына куәгер болып отырмыз. Мұндай оң өзгерістер саяси тұрақтылықпен қатар, әлеуметтік-экономика және мәдениет саласында ерекше байқалуда. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарынан-ақ өзінің саяси ұстанымдарын дәл анықтаған еліміз бүгінгі жаһандану заманында да қарыштап дамудың жолына түскен. Сөзсіз мемлекетіміздің халықаралық қауымдастықтағы ерекше беделі мен дамудың дұрыс бағытынан айнымауы ішкі үйлесімділікке оң ықпалын тигізуде. Әсіресе бұл жайт ғылым саласына ерекше жағдай жасады. Өйткені егемендікке дейін сан ғасырлық тарихы бар ұлтымыздың жүріп өткен жолдары мен «тар жол, тайғақ кешулері» ерліктің жарқын үлгілерін көрсеткен ұлт мақтаныштарының қоғамдық-саяси қызметі мен маңызды оқиғалар желісі турасында жаңсақ пікірлер қалыптастырылып, коммунистік идеология мен большевиктік тәртіп әсерінен саналы түрде бұрмаланып келгендігін жақсы білеміз. Өз кезегінде еліміздің егемендік алуы мен ғылымның дәл осындай тар идеология шеңберінен азат етілуі – тарихымыздың ақтандақ мәселелеріне қатысты жаңаша көзқарастың қалыптасуы мен тың ғылыми-зерттеу жұмыстарының жарық көруіне жалғасты. Бұл бағыттағы жұмыстар күні бүгінге дейін қызу жалғасуда. Сөзсіз ұлттың өзіндік болмысы мен мәдениетінің дамуы үшін ұлт тарихының өзекті мәселелеріне қатысты нақты тұжырымдар жасау аса маңызды. Өйткені ұлт тарихы белгілі бір халықтың өткенін зерттеумен қатар, болашақта сенімді қадам жасауының кепілі. Сонымен қатар ол өскелең ұрпақ тәрбиесінің басты құралы болып табылады. Ұлт көшбасшысы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың Ұлытау төріндегі сұхбаты барысында «Біздің елдігіміз, қазақ жұртының арғы түбі ғұндардан басталады. Ғұндардан кейін

түріктерге жалғасады. Одан кейін Алтын Орда орнығады. Сөйтіп, хандық дәуірге ұласып, біртіндеп Тәуелсіздікке барып тіреледі. Осындай үлкен тарихымыз бар. Жастарымыз мұны білуі керек»¹ деп пікір білдіруі дәл осы ұлттық тарихымыздың ұрпақ сабақтас-тығы мен тәрбиесіндегі орны жоғары екендігін де білдіреді. Осы бағытта ғалымдарымыз тарихымыздың өзекті тұстарын зерттеу нысаны етіп алып, белсенділік танытуда. Ұлт тарихына қатысты дәл осы тұжырымды басшылыққа ала отырып және ХХ ғасыр ба-сындағы саяси үдерістердің де ұлт тарихының маңызды бөлшегі ретінде тани отырып біз де өз тарапымыздан Ақпан төңкерісі жә-не Уақытша үкіметтің Қазақстандағы билік орындарының қыз-метіне баға беру мен бүгінгі күн тұрғысынан талдауды маңызды деп таптық.

Ресейдегі 1917 жылғы Ақпан төңкерісі империализм бұғауын-дағы халықтар өмірінде аса елеулі оқиға болды. Патша өкіметінің құлауын, әсіресе, отарлық тәуелділіктегі елдер қуана қарсы алды.

Отарлық азабын шеккен оларға енді жаңа әділетті дәуір туа-тындай, ескі отарлық саясат пен теңсіздік, өздерін «бұратана» деп жүре тыңдайтын шенеуніктік аппарат біржола жойылатын-дай көрінді.

Ресей империясының құрамындағы барлық отар елдер сияқты қазақ халқы да, Уақытша үкіметке барынша қолдау көрсетті. Қа-зақ оқығандарының өкімет билігіне қол жеткізуі, қазақ қоғамын-да ұлттық қоғамдық-саяси ұйым – Қазақ комитеттерінің өмірге келуі, тұңғыш ұлттық саяси партияның құрылуы және оның қа-зақ автономиясы үшін күресі, қазақ зиялыларының земстволық басқару жүйесін орнатуға атсалысуы, Құрылтай жиналысы сай-лауына қатысуы сияқты саяси оқиғалар ағымы 1917 жылғы Ақ-пан төңкерісі нәтижесінде өмірге келген Уақытша үкімет тұсын-да жүзеге асты.

Осындай қазақ қоғамы үшін аса маңызды тарихи оқиғаларға толы кезеңнің зерттелуі әлі күнге өз шешімін толық таппай келеді. Әсіресе, Уақытша үкіметтің Қазақстандағы билік орында-рының қызметі зерттеушілердің назарынан тыс қалып келе жат-қан тақырыптар қатарына жатады. Мәселеге мұндай қатынастың

¹ Ұлытау төріндегі толғанис // Егемен Қазақстан. Жалпы ұлттық қоғамдық газет. – №165 (28389). – 26 тамыз 2014 ж. – 1-2 бб.

түп төркінін, әрине, кеңестік тарих ғылымында Уақытша үкімет орындарының қызметіне байланысты қалыптасқан біржақты, тар партиялық көзқарастан іздеген жөн болар. Рас, кеңестік тарихшылар Ресейде патша өкіметінің құлауы және оның шет аймақтарға әсері туралы аз жазған жоқ. Негізгі мақсаты Ресей жұмысшыларының гегемондық рөлін марапаттау, аға орыс халқының артта қалған елдерге көмегін жан-жақты көрсету болған кеңестік дәуірдегі еңбектерде Уақытша үкімет тұсындағы қазақ қоғамының шынайы көрінісін объективті ашу мүмкін де емес еді.

Таптық, партиялық принцип Ә. Бөкейханов, А. Байтұрсынов, М. Дулатов бастаған қазақ интеллигенциясының Уақытша үкімет тұсындағы Ұлттық автономия жолындағы күресін, олардың осы үкіметтің жергілікті органдарындағы қызметін, барлық отар елдер сияқты бостандыққа ұмтылған қазақ елінің азаттық жолындағы қозғалысының өрлеуін ашып көрсетуге мүмкіндік бермеді.

Еліміздің өз тәуелсіздігін жария етуі, соған байланысты қоғамдық өмір мен ғылымда қалыптасқан қолайлы жағдай тарихтандағы басқа да өзекті мәселелер сияқты Қазақстандағы Уақытша үкіметтің қызметін де объективті тұрғыдан талдауға жол ашып отыр.

Олай болса, ескі самодержавиялық биліктің орнына келіп империя көлемінде кеңес өкіметі біржола орнағанға дейінгі уақытта өмір сүрген Уақытша үкімет органдарының қызметін зерттеудің қандай ғылыми және тәжірибелік маңызы бар? Қысқаша соған тоқталып өтелік.

1917 жылғы Ақпан төңкерісі нәтижесінде өмірге келген Уақытша үкіметтің Ресей империясы, әсіресе, оның құрамындағы отарлық тәуелділікте болып келген ұлттардың тарихында алатын орны, жаңа биліктің орталық және жергілікті мекемелерінің ұлт мәселесінде ұстанған позициясы, нақты қызметі арнайы ғылыми талдауға алынған жоқ. Ал бұл мәселені іргелі, жан-жақты талдай алмай, 1917 жылдың соңына қарай большевиктер партиясының Қазақстан сияқты шет аймақтарда билікке келу себебін терең ұғыну мүмкін емес.

Ақпан төңкерісінен кейінгі кезең империя көлемінде, соның ішінде қазақ жерінде де ұлт-азаттық қозғалыстың өрлеу, жаңа сатыға көтерілу тұсы болды. Қазақ қоғамының ең өзекті мәселелерін талқылаған уездік, облыстық және жалпы – қазақ съездерінің

болып өтуі, ұлттық әрекеттің көрінісі болған қазақ комитеттерінің өмірге келуі, Алаш партиясының ұйымдастырылуы, Алаш автономиясын жария еткен Алашорда өкіметінің сайлануы және басқа тарихи оқиғалар соның айғағы болатын.

Міне, осыған байланысты қазақ халқының, оның зиялыларының Уақытша үкіметке, оның басқару орындарына қатынасын, ол қатынастың қалыптасу және өзгеру динамикасын талдап көрсету тарих ғылымының бірден-бір міндеті болып табылады.

Ғасырлар бойы отаршылдық саясаттың өктемдігімен мемлекеттік басқарудан шеттетіліп, азаматтық құқықтары аяқ асты болып келген қазақ халқының өкілдері жаңа билік жүйесіне араласа бастайды. Уақытша үкіметтің билік орындарында комиссарлық қызмет атқарып, сондай-ақ жер, азық-түлік комитеттерінде, білім беру, денсаулық тағы басқа жүйелерде қызмет еткен қазақ зиялылары халықтың өзін-өзі басқара алатындығын, өз ұлттық мәселесін өзі шеше алатындығын көрсетуге ұмтылды.

Рас, бұл мәселе тарихтың түрлі кезеңінде зерттеушілер тарапынан қарастырылып, жазылды. Қазақстандағы Уақытша үкімет орындарының құрылуы және олардың қызметі жөнінде алғаш жазылған еңбектердің авторлары қазақ зиялылары болды.² Олар қазақ тілінде шығатын басылымдар арқылы өмірде болып жатқан өзгерістерге байланысты өз пікірлерін білдіріп отырумен бірге өздері де жаңа билік орындарының қызметіне белсене араласты.

Бұл ретте, ең алдымен қазақ халқы мен оның зиялыларының алғашқы күннен бастап-ақ Уақытша үкіметке қолдау көрсеткенін атап айтудың артығы бола қоймас. Майдандағы жұмыста жүрген қазақ жігіттеріне өз еркімен қызмет көрсетуге барған Ә. Бөкейханов бастаған бір топ қазақ зиялылары Қазақстанның түрлі аудандарындағы 25 мекенжайға жолдаған телеграммаларында қазақ халқын жаңа билікке қолдау жасауға шақырып: «Россиядағы барша халыққа ағайындық, теңдік, бостандық күні туды. Жаңарыл-

² Ә. Бөкейханов: Ғалихан, Мұстафа, Мирякуб. Алаш ұлына. Шығармалар. – Алматы, 1994. 234-236 бб.; Қыр баласы. Түркістан; Торғай облысының мұжық-қазағының сиезі; Комитет сайлау. Сонда, 236-237, 240-242, 242-244 бб. Жайсаңбаев Ж. Қолайлы комитет ашу // Сарыарка, 1917. – №9; Семейдегі екі комитет жайынан // Сарыарка. 1917. – №2; Комиссардың жолдасы // Сарыарка, 1917. – №7; Наливкиннің өлімі // Бірлік туы, 1918. – №21; Ел хабарлары // Бірлік туы, 1917. – №12.

ған ел бағу дүкенін нығайту үшін, тегі басқа барша халықтармен үйір боларға керек...

Құдайдан басқа ешкімнен қорықпаңдар! Түзулікпен іс етіндер, жаңа үкіметті сүйіндер... Халықтың көңілін білдіріңдер!»³ деп жазады.

Басқаша айтқанда, қазақ халқы патшалық биліктің құлап, оның орнына Уақытша үкіметтің келуін үлкен үмітпен қарсы алды. Оның себебін А. Байтұрсынов «Революция және қырғыздар» атты мақаласында былайша түсіндіреді: «Қазақтарға ақпан төңкерісі қаншалықты түсінікті болса, қазан (әлеуметтік) төңкерісі оларға соншалықты түсініксіз көрінді...

Алғашқы революцияны қазақтар тура түсініп, қуанышпен қарсы алса ол, біріншіден, бұл революцияның оларды патша үкіметінің қанауы мен зорлығынан құтқаруында және екіншіден, олардың өзімізді өзіміз басқарсақ деген ескі үмітін нығайта түсуінде еді»⁴.

Қазақ зиялыларының белсенді тобы жаңа билікке саяси қолдау көрсетіп қана қойған жоқ, сонымен бірге, оған адал қызмет етуді өзіне міндет санады. Оның мұндай позицияда болғанын «Қазақ» газетінде жарық көрген түрлі мақалалардан айқын аңғаруға болады. Мәселен, газет Уақытша үкіметтің Ырғыз уездік комиссарының қызметіне байланысты «... Алаштың ордасын ірітіп, шірітіп, бытыратып, бірлігін кетіру жағына дем беріп, от жағу Алаш ұлына жаны ашитын адамның істейтін ісі емес... бізге шын жаны ашитын адам басымызды қорғауға сөз сөйлеп, іс қылуы керек»⁵ – деп жазады. Расында, Уақытша үкімет орындарында қызметте жүрген Ә.Бөкейханов бастаған қазақ зиялыларының ел қамын өздерінің басты міндеті етіп қойғандығын олардың әрбір іс-әрекетіне, мерзімді басылым беттеріндегі мақала-зерттеулерінен аңғару қиын емес.⁶

³ Бөкейханов Ә. Шығармалары ... – 233 бет.

⁴ Байтұрсунов А. Революция и киргизы. Жизнь национальностей. Орган народного комиссариата по делам национальностей, 1919. – 3 августа. – №29 (37).

⁵ Тілшілерден // Қазақ, 1918. – №259 (3-ші сілтеменің жалғасы) Алексеевков П. Национальная политика Временного правительства в Туркестане в 1917 г. // Пролетарская революция. – 1928. – №8; Мартыненко Т. Февраль в центре и на окраинах // Советская степь. 1927. 3 марта; Февраль 1917 г. В Кокчетаве // Мир труда. – 1924. – №6; Сағатов Г.С. История революции 1917-1918 гг. В Букеевской Орде // Кзыл Казахстан. – 1927. – №5-116-11-14; Запорожний П. Из истории революционного движения в Семипалатинской губернии // Коммунист, 1923. – №1.

⁶ Қараңыз: Тынышбаев М. Учредительное собрание // Қазақ, 1917. – №223; Мадияр (Дулатов М.) Орынбор 21 октябрь // Қазақ, 1917. – №246; Бөкейханов Ә. Алаштың талапты

Алаш қайраткерлері осылайша өз еңбектерінде қызметкерлердің өз міндетіне жауапкершілікпен қарауына, ұлттық мүддені жоғары ұстауына үлкен көңіл бөледі.

Уақытша үкіметтің Қазақстандағы билік орындарының қызметі арнайы зерттелмеген тақырып.

Алайда, бұл мәселе Қазақстанның Ақпан төңкерісінен кейінгі кезеңдегі саяси, әлеуметтік және экономикалық жағдайын баяндайтын еңбектерде кездесіп отырады. Мұндай мазмұндағы алғашқы мақалалар 20-жылдардан бастап мерзімді баспасөздерде жарық көре бастайды.⁷

Большевиктер партиясы мен жұмысшы және шаруа Кеңестерінің рөлін дәріптеу тұрғысынан жазылған бұл еңбектердің авторлары мәселенің байыбына терең бойламастан, көп жағдайда үстірт тұжырымға жол берді. Бұл еңбектерде Уақытша үкіметтің жергілікті билік орындарында қызмет еткен Ә. Бөкейханов бастаған қазақ оқығандарын «Уақытша үкіметтің қолшоқпары, сөзсіз бас июшілері» ретінде көрсету басым болды. Тар таптық, партиялық принцип тұрғысынан жазылған еңбектерден басқа нәтиже күту де қиын еді.

1920 жылдардан, әсіресе, 1928-1932 жылдары Алаш партиясы мен қозғалысының бұрынғы жетекшілеріне қарсы ұйымдастырылған саяси сот процестері Уақытша үкіметтің Қазақстандағы жергілікті билік органдарына қызмет еткен қазақ зиялыларын қаралауға бағытталды. Алаш қозғалысының белсенді өкілдеріне Уақытша үкіметтің халыққа қарсы саясатын жүргізуші, буржуазиялық қоғамды жақтаушылар деген айыптар тағылды.

1937-1938 жылдары Алаш азаматтарының көбі «халық жауы» атанып, репрессия құрбанына айналды. Қазақ зиялыларының саяси қуғын-сүргінге ұшырауын «ғылыми» негіздеу үшін олардың контрреволюциялық әрекеттерін әшкерелейтін еңбектер қажет болды.

Қазақстан партия ұйымының тарапынан осындай тапсырма алғандардың бірі сол кездегі республикалық мемлекеттік баспаның директоры А.К. Богачов болды.⁸ Ол өз еңбегінде қазақ зиялыларының Уақытша үкімет тұсындағы қызметін ұлттық бур-

азаматтары // Қазақ, 1917. – №234; Соныкі. Жер комитеті // Қазақ, 1917. – №227.

⁷ Айтиев А. Из истории общественно-политического движения в Уральской области // Степные зори. – Оренбург, 1923. Кн.1; Соныкі. Октябрь төңкерісі және ұлт мәселесі // Қызыл Қазақстан, 1923. – №22; (жалғасы келесі бетте)

⁸ Нұрпейісов К. Алаш һәм Алашорда. – Алматы, 1995. – 11 б.

жуазияның билік үшін жүргізген күресі есебінде бағалаудан ары бара алған жоқ.⁹

1929 жылы Алашордашылардың әрекетін құжаттар арқылы нақты әшкерелеуді мақсат еткен Н. Мартыненконың құрастырған жинағы жарық көрді.¹⁰ Онда жарияланған деректер арасында Уақытша үкіметтің жергілікті билік органдары қызметінен мәлімет беретін құжаттар да кездеседі.

Алаш қайраткерлерінің Ақпан және Қазан төңкерістері аралығындағы қызметін барынша төмендетіп, оларды халықтың қас жауы етіп көрсетуді негізгі мұрат еткен С. Брайнин мен Ш. Шафиرونның кітабы 1935 жылы жарық көрді.¹¹

Егер тұжырымдап айтар болсақ, бұл авторлардың жасаған тұжырымдары сол кездегі таптық, партиялық идеологияға толығымен сай келгенімен, тарихи шындықтан тым алыс жатты.

1930 жылдардың ортасына қарай түрлі басылымдарда жарық көрген мақалалар да осы сарында жазылды.¹²

Елімізде 40 жылдары жарияланған еңбектер де Уақытша үкіметтің жергілікті билік орындары туралы ортақ мазмұндағы тұжырымдарды қайталап отырды.

Мәселен, 1949 жылы баспадан шыққан Қазақ ССР тарихында Уақытша үкімет тек контрреволюциялық күштің символы ретінде көрсетілді.¹³

1957 жылы шыққан Қазақстанның ерте заманнан Қазан төңкерісіне дейінгі дәуірді қамтитын Қазақ ССР тарихы да,¹⁴ 1963 жылы жарық көрген «Қазақстан коммунистік партиясы тарихының очерктерінде» де¹⁵ Уақытша үкіметтің билік орындары қызметі қысқа әрі тар партиялық көзқарас тұрғысынан баяндалды.

Уақытша үкіметтің билік орындарында қызмет еткендер туралы қысқаша сипаттамалар Ақпан және Қазан төңкерісі оқиғала-

⁹ Богачов А. Алаш-Орда. – Кзыл-Орда, 1927.

¹⁰ Алаш-Орда. Сб. док. составитель Н. Мартыненко. – Кзыл-Орда, 1929; Қайта басылымы: – Алматы, 1992.

¹¹ Брайнин С., Шафиро Ш. Очерки по истории Алаш-Орды. – Алматы-М., 1935.

¹² Русаков П. Алашордынская контрабанда // Правда. 1935. – 14 апреля; Рыскулов Т. О контрреволюционной Алаш-Орде и ее осколках // Казахстанская правда. 1935. – 10 мая.

¹³ История Казахской ССР. – Алма-Ата, 1949. – Т. I. – С. 495.

¹⁴ Қазақ ССР тарихы. – Алматы, 1957. – 1 т. – 591 бет.

¹⁵ Қазақстан коммунистік партиясы тарихының очеркі. – Алматы, 1963.

рына арналған естеліктерде көрініс береді.¹⁶ Оларда қазақ зиялылары тағы да ұлттық буржуазияның таптық мүддесін білдіруші күш ретінде баяндалады.

Кеңес өкіметінің Қазақстандағы жеңісіне арналған еңбектерде¹⁷ қазақ қоғамында орын алған Уақытша үкімет органдарын жіктеп көрсетуге талпынушылық байқалады (әрине, негізгі позиция партиялық, таптық болса да). Бұл ретте, мәселен, профессор К. Нұрпейісовтің: «Февраль төңкерісінен кейінгі алғашқы айларда кейбір аудандарда бір кезде бүкіл өкімет билігін өз қолына алуға тырысқан бірнеше ұйымдар қатар әрекет жасады. Мәселен, Қазақстанның көптеген қалаларында Уақытша үкімет органдары және Советтермен қатар қырғыз-қазақ комитеттері, казачествоның әскери басқармалары, қалалық думалар, земство органдары, т.с.с. қатар өмір сүріп, олардың әрқайсысы саяси өкімет билігіне ие болуға тырысты»,¹⁸ – деген пікірін Уақытша үкімет тұсындағы Қазақстанда қалыптасқан саяси жағдайды дөп басып көрсете алғандық есебінде қабылдауға болады.

Сонымен қатар, белгілі ғалым профессор Д. Дулатованың еңбегін атауға болады. Д. Дулатова Ф. Маликовтың «Қазақстандағы Ақпан буржуазиялық-демократиялық төңкерісі» атты еңбегінде Қазақстандағы Ақпан төңкерісі кезіндегі демократиялық бостандық үшін күрес әлсіз бейнеленгені туралы сын пікір айтады.¹⁹

Уақытша үкіметтің билік органы ретіндегі құрылымдары мен ішкі, сыртқы, сондай-ақ экономикалық саясатын жіктеп, ғылыми түрде талдап, нақтылай түсудің тамаша үлгісін ресейлік ғалым-

¹⁶ В огне революции (Воспоминания участников Великой Октябрьской социалистической революции и гражданской войны в Казахстане). – Алма-Ата, 1957; Установление Советской власти в Казахстане. – Алма-Ата, 1957; За власть Советов. Сб. статей и воспоминаний о борьбе за установление и упрочение Советской власти в Семипалатинской области. – Семипалатинск, 1961; Из истории Октябрьской революции и гражданской войны в Казахстане. – Алма-Ата, 1962; Утепов Ш.Г. Живая история (Воспоминания). – Алма-Ата, 1964; Власть Советов в Кустанайских степях. – Кустанай, 1959.

¹⁷ Елеуов Т. Установление советской власти в Казахстане. – Алма-Ата, 1957. – С.19-51; Покровский С.Н. Победа Советской власти в Семиречье. – Алма-Ата, 1961. – С.62-64; Нурпейсов К. Советы Казахстана в борьбе за упрочение власти рабочих и крестьян. – Алма-Ата, 1968; Соныкі. Қазақстанның шарулар Советтері (1917-1929 жылдар). – Алматы, 1972. – 50-51, 63-64 бб.; Зиманов С.З. Ленин и Советская национальная государственность в Казахстане. – Алма-Ата, 1970.

¹⁸ Нұрпейісов К. Ұлы Октябрь Қазақстанда. – Алматы, 1977. 16 бет.

¹⁹ Дулатова Д.И. Историография дореволюционного Казахстана (1861-1917 гг.). – Алма-Ата, 1984. – С.259.

дар көрсетіп отыр.²⁰ Бірақ олардың еңбектерінде де Уақытша үкіметтің жергілікті органдары қызметі жайлы ештеңе айтылмайды.

Уақытша үкіметтің Түркістандағы комитеті туралы мәселеге өзбекстандық, қырғызстандық ғалымдар да өз еңбектерінде тоқталып өтеді.²¹

Түркістан комитетінің комиссарлары қызметін өзбекстандық ғалымдар былайша бағалайды: «М. Тынышпаев, М. Шоқаев, А. Дәулетшин және басқа кейбір ұлттық буржуазия мен буржуазиялық ұлтшылдардың Уақытша үкіметтің Түркістан комитетіне тағайындалуы оның ұлттық саясатының мәнін ешбір өзгертпеді, олар ұлттық көтеріліс туралы мылжындағанымен, іс жүзінде езілген ұлттық буржуазиямен келісімге келіп, өз халқына қарсы тұрды».²²

Қазақстан тарихы бойынша негізгі оқулық болып саналып келген ҚазССР тарихының 5-томында да: «...бұрынғы патша шенеуніктерінен, буржуазия өкілдері мен бай-феодал элементтерінен Уақытша үкіметтің облыстық және уездік комиссарлары тағайындалды»²³ деп көрсетіледі.

Қорыта айтқанда, Уақытша үкіметтің тарихта алатын орны, оның жергілікті басқару орындарының қызметі шамамен осындай мазмұнда талданып келді. Тек соңғы жылдары ғана бұл мәселені қарауда жаңа көзқарас қалыптаса бастады.

Осыған орай, Қазақстандағы Уақытша үкіметтің тарихына бүгінгі қоғамдық сұранысқа сай зерттеуде академик М.Қ. Қозыбаевтың еңбегі ерекше. Ол Уақытша үкімет туралы мұрағаттық өте құнды құжаттық материалдарды жариялап және бұл мәселе-

²⁰ Баранов Е.П. Местные органы государственного управления Временного правительства в 1917 году. – М., 1975; Соныкі. Губернские комиссары Временного правительства // Вестник МГУ. Сер.11. – Право. – 1974. – №5; Баженова Т.М. Местные органы власти и управления Временного правительства. – М., 1977; Волобуев П.В. Экономическая политика Временного правительства. – М., 1962; Старцев В.И. Внутренняя политика Временного правительства. – Л., 1980.

²¹ Иноятов Х.М. Борьба большевиков за победу Советский власти в Туркестане. – Ташкент, 1957. – С.123-125; Житов К.Е. Февральская Революция в Узбекистане. – Ташкент, 1957; Соныкі. Победа Великой Октябрьской социалистической революции в Узбекистане. – Ташкент, 1957. – С. 25-46; Малабаев Ж.Ж. Февральская революция в Киргизии. – Бишкек, 1991; Зима А.Г. Великий Октябрь в Киргизии. – Фрунзе, 1987.

²² Социально-экономическое и политическое положение Узбекистана накануне Октября. – Ташкент, 1973. – С.199.

²³ Қазақ ССР тарихы. – Алматы, 1981. – 5 Т. – 18 б.

ні ұлттық ерекшеліктермен, ұлттық мүдде тұрғысынан зерттеуге жол ашты.²⁴

Сонымен қатар, оның көрінісін Ресейдің ХХ ғасыр басындағы қоғамдық-саяси жағдайын, Уақытша үкіметтің тарихта алар орны мен рөлін, ұлттық саясатын талдап көрсетуге арналған жаңа мазмұндағы еңбектерден байқауға болады.²⁵ Әсіресе, Ресейдегі 1917 жылғы парламентаризм тарихына саяси шолу жасауға талпынған А.Б. Николаев пен О.А. Поливановтардың: «Ресейде Ақпан төңкерісінен кейін парламентаризмнің дамуына кері әсерін тигізген сайлау механизмдері мен органдардың болмауы еді. Себебі, бұрынғы парламентаризмнің құрылымдық-құқықтық негізі патша өкіметі (царизм) болды»²⁶ деген пікірлерінің жаны бар.

Соңғы уақытта ғалымдарға тарих ғылымының қатаң таптық, партиялық принциптен арылуы нәтижесінде Уақытша үкіметтің орталық және жергілікті өкімет құрылымдары тарихынан тың мәлімет беретін шетелдерде жарық көрген әдебиеттерді²⁷ пайдалану мүмкіндігі туды. Әсіресе, Уақытша үкіметтің өкімет органдарына қызмет істеген, әрі сол кездегі саяси оқиғалардың бел ортасында жүрген, кейіндері кеңестік саясаттың үстемдігінен шет елдерге эмиграцияға кетуге мәжбүр болған А.Ф. Керенский, М. Шоқай сияқты мемлекет, қоғам қайраткерлерінің мемуарлық сипаттағы еңбектерінің²⁸ аталмыш тақырыпты зерттеуге тигізер пайдасы зор.

Еліміздің Уақытша үкімет тұсындағы шынайы келбетін жергілікті ұлт өкілі көзқарасы тұрғысынан баяндайтын М. Шоқай-

²⁴ Қазақстан тарихы. Хрестоматия. Құрастырғандар: М.Қ. Қозыбаев, І.М. Қозыбаев. – Алматы, 1994. – 48-60 бб.

²⁵ Сенин А.С. Либералы у власти. История повторяется? // Кентавр. – 1993. – №2; Шелохаев В.В. Национальный вопрос в России: либеральный вариант решения

²⁶ Николаев А.Б., Поливанов О.А. Российский парламентаризм в 1917 г. // Кентавр. 1995. – №2 // Кентавр. 1993. – №3; Рейман М. Русская революция 23 февраля – 25 октября 1917 года // Вопросы истории. – 1993. – №9; Меньшевистские и эсерские листовки 1917-1918 годов // Отечественная история. – 1993. – №1.

²⁷ Бұл тақырыпқа мынандай шетелдік авторлар еңбектерін арнаған: Олуорд Э., Олкотт М., Стойко В. //Қараңыз: Есмағамбетов К. Қазақтар шетел әдебиетінде. – Алматы, 1994.

²⁸ Керенский А.Ф. Россия на историческом повороте. Мемуары. – М., 1993; Шоқай М. 1917 жыл естеліктерінен үзінді //Шоқай М. Түркістанның килы тағдыры. Құрастырған Байбота Серікбайұлы Қошым-Ноғай. – Алматы, 1992; Милоков П.Н. Воспоминания. – Т.2. М., 1990.

дың естеліктерінде қазақ қоғамының 1917 жылғы қоғамдық-саяси жағдайы жан-жақты көрсетіледі. М. Шоқай кеңестік тарихи әдебиетте көп жылдар бойы бір сұрлеуге салынып келген 1917 жылғы оқиғалар ағымының көпшілікке беймәлім тұстарын аша түседі. Әсіресе, Түркістан өлкесіндегі қос өкіметтілік, оның жергілікті ерекшеліктері, ұлт зиялыларының қоғамдық-саяси қызметі, Қоқан автономиясы, кеңес үкіметі мен жергілікті саяси ұйымдардың қарым-қатынасы туралы мәліметтері тың деректер болып табылады.

М. Шоқайдың Уақытша үкіметтің Түркістан өлкелік комитеті комиссарларына берілген өзіндік бағасы сол кездегі билік органы қызметкерлерінің іс-әрекетін дұрыс түсінуге көмектесе алады. Ол «Уақытша үкіметтің Түркістандағы комитетінің алғашқы құрамы 9 кісі еді. 1. Н.Н. Щепкин 2. П.И. Преображенский 3. Липовский 4. Елпатовский 5. Шкапский 6. Генерал Абдул Өзиз Дәулетшин 7. Садди Максуди 8. Мұхамеджан Тынышбаев 9. Әлихан Бөкейханов» дей келіп, комитеттің ұлттық құрамына, әрбір комиссардың іскерлігіне тоқталып өтіп, олардың ішінде комитет төрағасы Щепкиннен басқа көзге түсерлік бірде-бір саяси тұлға жоқ деуге болатындығын айтқан. Сонымен қатар осы мәселеге қатысты «үкімет комитетіне, біз, түркістандықтар наразы болдық» деген пікір білдіре отырып, «Біз өзіміздің дәрменсіздігімізді біліп, Петербургтан үстімізден қарауға жіберілген құрамға қанағаттанумен шектелдік».²⁹

Расында халық әрбір комиссардан, әрбір өкімет органы қызметкерінен әділдік пен білгірлікті күтті. Ондай көп көңілінен шыққан азаматтар туралы, мысалы, Түркістан өлкесі комитеті комиссары О. Шкапский туралы зерттеушілер арасында жылы пікір қалыптасып келеді.³⁰ («Ә. Бөкейханов Торғай облысының комиссары болғандықтан, Түркістан комитетінің ісіне мүлде қатыса алмады, тіпті Ташкентке келе алмады» дейді М. Шоқай осы әңгімесінің басында. Сондықтан мәселе Ә. Бөкейхановтан өзге комиссарлар жайлы болып отыр. *Автор*). Үкімет комитеті мекемесінің аппараты бұрынғы генерал-губернатор басқармасының

²⁹ Шоқай М. Түркістанның қилы тағдыры. – Алматы, 1992. – 137-138 бб.

³⁰ Панфилов А. Комиссар Временного правительства Орест Шкапский: известный и незакомый //Огни Алатау. 1991. – 4 декабря.

қызметкерлері еді. Торғай облыстық комиссары Әлихан Бөкейханов туралы, оның қызметінің мәні жайлы да ғалымдар біршама жазды.³¹

Белгілі қайраткер туралы оң пікір қалаптастыруға атсалудың ішінен зерттеуші М. Қойгелдиевтің еңбегін бөліп айтуға болады.³² Ол Ә. Бөкейхановтың «Қазақ» газетінде жарық көрген мақала-зерттеулерін бір жүйеге салып, шығармалар жинағын құрастырады.³³ Сонымен бірге зерттеуші М. Қойгелдиев өзінің қазақ интеллигенциясының қоғамдық-саяси қызметіне арналған докторлық диссертациясында Ә. Бөкейхановтың комиссарлық қызметі жеке бір зерттеу жұмысына арқау болатындығы туралы да алғашқылардың бірі болып орынды ұсыныс айтты.³⁴

Кейінірек «Алаш қозғалысы» атты монографиясында Ә. Бөкейханов пен М. Тынышбаевтың комиссарлық қызметіне арнайы тоқталып өтеді.³⁵ Бұл еңбекте қазақ комиссарлары ел жайын жақсы білетін терең және тәрбиелі саясаткерлер ретінде көрсетіледі.

Уақытша үкімет органдарында қызмет ете жүріп қазақ қоғамының саяси-экономикалық жұмыстарына белсене қатысқан ұлт зиялылары туралы, олар құрған алғашқы қоғамдық-саяси ұйым – Қазақ комитеттері жайында зерттеуші А. Махаева жазды.³⁶ Өз еңбектерінде А. Махаева қазақ қоғамының 1917-1918 жылдар арасындағы қоғамдық-саяси жағдайына, соның ішінде Уақытша үкімет органдарының қызметіне де тоқталып өтеді. Зерттеуші алғашқылардың бірі болып бұрындары ақиқаты айтылмай келген азық-түлік, жер комитеттері туралы, қазақ даласында өткен Құ-

³¹ Бұрханқызы М. Елім деп өткен есіл ер // Азия. 1993. – №5; Қазақтың қамын ойлаумен. Дайындаған: С. Жәмкеұлы // Ақиқат. – 1992. – №2; Дәуірдің кесек тұлғасы. Дайындаған: Д. Қамзабекұлы // Ана тілі. 1991. – 5 желтоқсан; Сармұрзин А., Григорьев В. Ә. Бөкейханов және тарих шындығы // Қазақ әдебиеті. 1989. 7 шілде; Аққұлы С. Ұлт мүддесін қорғаған // Егемен Қазақстан. – 1994. – 15 шілде; Қойшыбаев Б. Әлихан Бөкейханов // Қазақ әдебиеті. 1989. – 9 маусым.

³² Қойгелдиев М. Қуандым түнде жүріп, күш шығар деп // Социалистік Қазақстан. 1990. 14, 16, 17 сәуір; Соныкі: Алашорда // Егеменді Қазақстан. 1992. – 18 қаңтар; Соныкі. Ә. Бөкейханов. Саяси портрет // Ақиқат. – 1992. – №6.

³³ Қойгелдиев М. Ә. Бөкейханов. Шығармалар. – Алматы, 1994.

³⁴ Қойгелдиев М. Қ. Қазақ демократиялық интеллигенциясының 1905-1917 жылдардағы қоғамдық-саяси қызметі: докторлық диссертацияның қолжазбасы. – Алматы, 1994.

³⁵ Қойгелдиев М. Қ. Алаш қозғалысы. – Алматы, 1995. – 238-293 бб.

³⁶ Махаева А. Қазақ комитеттері: құрылуы мен қызметінің тарихы. – Алматы, 1995; Соныкі. Қазақ комитеттерінің құрылуы және Уақытша үкімет тұсындағы қызметі // ҚазМУ хабаршысы. Тарих сериясы. – 1995. – №2.

рылтай жиналысына әзірлік жұмыстары, земстволық мекемелердің қызметі жайлы жаңа ойлар, тың пікірлер білдірді.³⁷

Жоғарыда көрсетіп өткеніміздей қазақ зиялылары Уақытша үкіметтің өкімет органдары қызметіне араласа жүріп, қазақ қоғамының саяси-әлеуметтік істеріне де белсене қатысты. Соның нәтижесінде тарихи мәні бар қазақтың «Алаш партиясы» мен «Алашорда» үкіметі құрылды. Міне осыған байланысты соңғы кезде зерттеушілер Қазақ қайраткерлерінің Алаш қозғалысындағы рөлін ашуға тікелей қатысты тың еңбектерді дүниеге келтірді. Соның бірі К. Нұрпейісовтің «Алаш һәм Алашорда» еңбегі болып табылады.³⁸ Зерттеуші 1917 жылғы қазақ қоғамындағы өзгерістерді дәлелді түрде сипаттай келе, Уақытша үкімет пен Кеңес өкіметі жүйесінің қалыптасуын, олардың арақатынасын тереңірек әрі жаңа көзқарас тұрғысынан көрсете білген. Ғалым өз еңбегінде Уақытша үкіметтің өлкедегі ұлттық тірегі 1917 жылдың наурыз айының ортасынан құрыла бастаған Қазақ және мұсылман комитеттері болды деп орынды жазды.³⁹

Ғалымның көрнекті Алаш зиялыларының әрқайсысына тән ерекшеліктері жайлы: «Әлихан Бөкейхановтың саясаткерлігі, саясат жүргізудегі «батысшылдығы» ерекше көзге түсті. Ахмет Байтұрсыновқа ең әуелгі ағартушылық-ғалымдық пен саяси қимылда байсалдылық және ұстамдылық тән болды. Хәлел Досмұхамедов пен Мұхаметжан Тынышбаевтардың қоғамдық қайраткерлігінен ғалымдық, зерттеушілік қасиеттері басым жатты. Ал, Міржақып Дулатов пен Жақып Ақбаев ең алдымен қоғамдық қайраткерлер ретінде нақтылы іс-әрекеттің адамдары еді. Олар халықты оятудың және оның ұлттық санасын жебеп, жігерлендірудің аса көрнекті шеберлері болды»⁴⁰ деп пікір білдіруі оларды әр қырынан көре білгендігін байқатады.

Өз замандастарын, қызметтес әріптестерін осылайша әр қырынан қарап бағалау Алаш азаматтарының өз шығармаларында

³⁷ Махаева А. Қазақ комитеттері: құрылуы мен қызметінің тарихы. (Наурыз 1917 – маусым 1918 ж.ж.) //Кандидаттық диссертация қолжазбасы.– Алматы, 1995. – 118 б.

³⁸ Нұрпейісов К. Алаш һәм Алашорда. . .

³⁹ Сонда. 80 бет.

⁴⁰ Сонда. 215 бет.

да кездеседі.⁴¹ Мәселен, М. Дулатов Қостанай уездік комиссары қызметін атқарған А. Бірімжановты «қан қаяусыз таза, адамгершілігі артық азамат еді. Әлеумет, мемлекет қызметіне тыңғылықты, өз ісіне шебер еді»,⁴² деп еске алады. Ал Сұлтанмахмұт ақын Ә. Бөкейхановты «Түймеге жарқылдаған алданбаған, басқадай бір бас үшін жалданбаған»⁴³ деп бағалайды.

Көрші қырғыз елінде де өз азаматтарын ақтап алу нышаны байқалды. Бұл орайда Жетісу облысына қараған Пішпек уездік әскери комиссарының орынбасары қызметін атқарған Әбдікәрім Сыздықовтың қоғамдық-саяси қызметіне арналған еңбектерін атап өткен жөн.⁴⁴

Ресей ғалымдарының да Уақытша үкімет қайраткерлері қызметіне оң бағасын беріп жатқандығын жоғарыда айтып өттік. Әйтсе де Қазақстандық ғалымдар арасында Уақытша үкімет органдары мен земстволық мекемелерді тағы басқа шатастыру байқалады.⁴⁵ Бұл қателікке байланысты К. Нұрпейісов былайша ескертеді: «Уақытша үкімет тек облыстар мен губерниялардың комиссарларын тағайындады. Земство басқармасы сайланып қойылатын қызмет болған, ал комиссарлардың көмекшілері таза техникалық міндеттер атқарды және олар үкімет деңгейіндегі номенклатураға енбеген.»⁴⁶

Уақытша үкімет тұсындағы өкімет органдарының құрылымдары, халықтың өзін-өзі басқаратын земстволық жүйесі, қоғамдық негіздегі ұйымдар әрқайсысы жеке зерттеу жұмысына арқау болатын тақырыптар. Соған қарамастан бұл мәселелер жеке зерттеу объектісі болмады, аталмыш зерттеу жұмысы осындай бір олықтықтардың орнын толтыру ниетінде жазылды.

⁴¹ Жұмабаев М. Эпиграммалар // Жұмабаев М. Шығармалары. – Алматы, 1989. – 209-216 бб.; Торайғыров С. Таныстыру // Торайғыров С. Екі томдық шығармалар жинағы. – Алматы, 1993. – 1-т. 146-165 бб.; Дулатов М. Бірімжанұлы Ақымет // Дулатов М. Шығармалары. – Алматы, 1991. – 334 бет.

⁴² Дулатов М. Бірімжанұлы Ақымет // Дулатов М. Шығармалары. – Алматы, 1991. – 334 бет.

⁴³ Торайғыров С. Таныстыру // Торайғыров С. Екі томдық шығармалар жинағы. – Алматы, 1993. – 1-т. – 146 бет.

⁴⁴ Қурманов З., Бегалиев С., Ногайбаева Г. Возращение национального лидера // Абдикәрим Сыздықов – национальный лидер. – Бишкек, 1992; Плоских В. Манас не признал себя виновным. – Бишкек, 1993.

⁴⁵ Кенжебаев Н.Т., Бейсенбаев А.К., Асанова С.А. Казахский народ в начале XX века: трагический опыт модернизаций // Казахстан в начале XX века. Сб. статей. – Алматы, 1993. С.32.

⁴⁶ Нұрпейісов К. Алаш һәм Алашорда 77 бет.

Сөзсіз аталмыш мәселені жан-жақты қарастыру үшін сол тұста белсенді әрекет етіп, көзге түскен тұлғалардың қоғамдық-саяси жағдайын қарастырудың маңызы зор. Өйткені олардың қызметін айшықтай отырып, сол тұстағы саяси ахуалға толық баға беруге әбден болады. Сондықтан осы жұмыс барысында ХХ ғасыр басында қызмет атқарған тұлғалардың өмірі мен қоғамдық-саяси қызметтеріне баға беруге тырысқан зерттеушілердің де еңбектері барынша пайдаланылған болатын. Олардың қатарында М.Қ. Қойгелдиевтің «Ұлттық саяси элита. Қызметі мен тағдыры (XVIII-XX ғғ.). Зерттеулер»⁴⁷ атты еңбегін атап өтуге болады. Сонымен қатар Д. Махаттың «Қазақ зиялыларының қасіреті»⁴⁸ атты ғылыми-зерттеу жұмысының Уақытша үкімет тұсына қатысты жасаған тұжырымдары мен өзіндік қорытындылары назарға алынып, біздің тарапымыздан барынша ескерілді. Сөзсіз Уақытша үкімет тұсындағы Қазақстандағы билік орындарының қызметін ашып көрсету барысында қазақ халқының ХХ ғасыр басындағы белсенді қайраткерлерінің бірі саналатын Мұстафа Шоқайға арналған жұмыстар да біздің тарапымыздан қызығушылық тудырды. Осы мақсатта Д.Қ. Қыдыралиевтың «Мұстафа Шоқай»⁴⁹ және «Мұстафа Шоқайдың шетелдегі ізбасарлары»⁵⁰ атты жұмыстарының ақпан төңкерісінен кейінгі саяси ахуалға қатысты мәліметтері мен қорытындылары талданды. Осындай ХХ ғасыр басындағы ұлт қайраткерлерінің өмірі мен қоғамдық-саяси қызметіне арналған еңбектер мен біздің жұмысымыз барысында пайдаланылып, барынша талданған еңбектер қатарында А.К. Мамыраеваның «Общественная-политическая деятельность и политико-правовые взгляды А. Букейханова»⁵¹, Б. Қойшыбаевтың «Сұлтанбек Қожанов»⁵² атты жұмыстарын атап өтуге болады. Сонымен қатар М. Құл-Мұхаммедтің «Алаш қайраткерлері саяси-құқықтық көз-

⁴⁷ Қойгелдиев М.Қ. Ұлттық саяси элита. Қызметі мен тағдыры (XVIII-XX ғғ.). Зерттеулер. – Алматы: Жалын, 2004. – 400 б.

⁴⁸ Махат Д. Қазақ зиялыларының қасіреті. – Алматы: Сөздік-Словарь, 2001. – 304 б.

⁴⁹ Қыдыралиев Д.Қ. Мұстафа Шоқай. – Астана: Фолиант, 2007. – 320 б.

⁵⁰ Қыдыралиев Д.Қ. Мұстафа Шоқайдың шетелдегі ізбасарлары // Әл-Фараби ат. ҚазҰУ хабаршысы. Тарих сериясы. – 2004. – № 4. – Б. 45-47.

⁵¹ Мамыраева А.К. Общественная-политическая деятельность и политико-правовые взгляды А. Букейханова. Караганда: Болашақ-Баспа, 1998. – 201 с.

⁵² Қойшыбаев Б. Сұлтанбек Қожанов. – Алматы: Қазақстан, 2007. – 320 б.

қарастарының эволюциясы»⁵³ атты жұмысындағы қорытындылар мен пікірлер, Алаш қайраткерлерінің Уақытша үкімет тұсындағы қызметтеріне қатысты мәліметтері де барынша ескерілді.

Аталмыш мәселеге қатысты бүгінгі таңдағы ғылыми-зерттеу жұмыстарының үлкен бөлігін орыс тіліндегі жұмыстар құрайды. Олардың қатарында Б.Д. Гальперинаның «Февральская революция и права солдат»⁵⁴ атты ғылыми-зерттеу жұмысы барысында көтерілген мәселелер мен автордың жасаған тұжырымдары біздің монография барысында қатаң сыни тұрғыдан талдана келе, өзіндік қорытындымызбен салыстырыла көрсетілген болатын. Сонымен қатар А.А. Искандеровтың «Российская монархия, реформы и революция»⁵⁵ және Г. Иоффеның «Русский либерал. Премьер-министр Временного правительства – князь Львов»⁵⁶ атты ғылыми ізденістерінен туындаған жұмыстардың да Уақытша үкімет пен оның жергілікті жерлердегі билік орындарының қызметі мен атқарған жұмыстарының бағыттарын анықтауда маңызды болып отыр. Сонымен қатар осы сипаттағы еңбектердің қатарында В.С. Васюковтың «Внешняя политика Временного правительства»⁵⁷ атты еңбегін де атап өтуімізге болады.

Жұмыс барысында мәселеге қатысты өзге де шетелдік ғылыми-зерттеу жұмыстары кеңінен тартылды. Бұл жайт әрине мәселені жан-жақты қарастыруға мүмкіндік берері сөзсіз. Олардың қатарында А. Қараның «Türkistan Ateşi Mustafa Çokay'ın Hayatı ve Mücadelesi»⁵⁸ және «Mustafa Tchokai Une vie pour L'indépendance du Kazakhstan»⁵⁹ атты еңбектерімен қатар, Б. Хайттың «Ruslara karşı Basmacılar Hareketi. Türkistan Türklüğü'nün Milli Mücadelesi»⁶⁰ атты ғылыми-зерттеу жұмыстары мәселені жан-жақты ашу мақсатында барынша пайдаланылды.

⁵³ Құл-Мұхаммед М. Алаш қайраткерлері саяси-құқықтық қозқарастарының эволюциясы. – Алматы: Атамұра, 1998. – 360 б.

⁵⁴ Гальперина Б.Д. Февральская революция и права солдат // Вопросы истории. 2000. – № 10. С. 55 – 71.

⁵⁵ Искандеров А.А. Российская монархия, реформы и революция // Вопр. истории. 1999. – № 9. С. 78 – 121.

⁵⁶ Иоффе Г. Русский либерал. Премьер-министр Временного правительства – князь Львов // Наука и жизнь. 2006. – № 4.

⁵⁷ Васюков В.С. Внешняя политика Временного правительства. Москва, 2009. – С. 78.

⁵⁸ Kara A. Türkistan Ateşi Mustafa Çokay'ın Hayatı ve Mücadelesi. – İstanbul, 2002. – 383 s.

⁵⁹ Kara A. Mustafa Tchokai Une vie pour L'indépendance du Kazakhstan. – Paris, 2013. – 323 s.

⁶⁰ Hayit B. Ruslara karşı Basmacılar Hareketi. Türkistan Türklüğü'nün Milli Mücadelesi. – İstanbul, 2006. – 153 s.

Бұл зерттеу еңбектің бүгінгі таңдағы өзектілігі мен ғылым үшін маңыздылығын ескере келе, Қазақстанда Уақытша үкіметтің билік орындарының құрылуы және қызметі тарихын ашу арқылы 1917 жылғы Ақпан және Қазан төңкерістері аралығындағы қазақ қоғамының саяси және әлеуметтік жағдайын жан-жақты көрсетуді негізгі мақсатымыз деп білеміз. Сондықтан зерттеу барысында төмендегі міндеттерді шешу қажеттілігі туындады:

– Уақытша үкіметтің құрылу қарсаңындағы қазақ жерінде қалыптасқан саяси жағдай, ұлтаралық қатынастың күйін айқындау;

– Ақпан төңкерісі жеңісінен кейін қалыптасқан Ресейдегі саяси ахуалдың Қазақстанға әсерін анықтау;

– Ресей империясы көлемінде құрылған Уақытша үкіметтің басқару жүйелерінің Қазақ еліндегі жергілікті ерекшеліктерін көрсету;

– Уақытша үкіметтің Қазақстандағы билік органдарының құрылу барысын айқындау;

– Уақытша үкіметтің Қазақстандағы билік орындарының қызметін баяндап отырып, ондағы қазақ зиялылары еңбегінің рөлін, саяси маңызын көрсету;

– Азық-түлік және жер комитеттерінің құрылуы мен қызметін, оның ерекшеліктерін баяндау;

– Уақытша үкіметтің Қазақстандағы ұлттық саясатының сипатын талдап көрсету;

– Ақпан төңкерісінен кейін құрылған Қазақстандағы ұлттық қоғамдық-саяси ұйымдар мен Уақытша үкімет органдарының арақатынасын пайымдау;

– Қазақстанда Уақытша үкімет органдарының жойылу барысын көрсетіп беру.

Бұл іргелі зерттеу жұмысы Уақытша үкіметтің Қазақстандағы билік орындарының құрылу кезеңі мен жойыла бастаған мезгілін қамтиды, нақтырақ айтсақ, 1917 жылдың наурыз айынан 1918 жылдың көктем айлары аралығын қамтиды. Ресейде 1917 жылы Ақпан төңкерісінің жеңісі нәтижесінде қос үкімет дүниеге келсе, жергілікті жерлерде көп өкімет пайда болды. Оның көрінісі 1917 жылы наурыз айларында Қазақстанда Уақытша үкіметтің ресми органдарымен қатар бой көтерген түрлі ұйымдар мен қоғамдар. Большевиктер өкімет билігін алғаннан соң Уақытша үкімет органдарын буржуазиялық контрреволюциялық билік орын-

дары ретінде жоя бастады. Түркістанда бұл оқиға 1917 жылдың қыркүйек айынан бастап-ақ жүзеге асса, қалған жерлерде әртүрлі мезгілде болды. Дегенмен, Уақытша үкімет органдарын жою Қазақстанда 1918 жылдың жаз айларына шейін жүргенін ескеріп, зерттеу жұмысының хронологиялық шеңберін осы мезгілмен шектедік.

Монографияда осы уақытқа дейін жарияланбаған мұрағат құжаттары мен материалдары, қазақ және орыс тілдеріндегі баспа-сөз деректері, ғылыми зерттеулердің мәліметтері құрды. Аталған тақырыпты зерттеуде негізінен Қазақстан Республикасы Орталық Мемлекеттік мұрағаты, Қазақстан Республикасы Президенті мұрағаты, Өзбекстан Республикасы Орталық Мемлекеттік Ұлттық мұрағаты қорларының құжаттары тартылды.

Мұнда Уақытша Үкіметтің қаулылары, заңдар жинағы, сондай-ақ жергілікті өкімет органдарының қаулысы мен бұйрықтары, олардың орындалуы барысындағы мәліметтер, іс қағаздары, хаттамалары, қатынас қағаздары, оның ішінде жеделхаттар, өтініш, арыздар, қаражат құжаттары, қызметкерлердің тізімі, басқа қоғамдық ұйымдармен қатар жеке адамдардан түскен арыз-шағымдар сияқты маңызды дерек беретін құжаттар сақталған.

Зерттеу жұмысының деректік материалдарын жинауда кейбір қиындықтар да кездеспей қалған жоқ. Мысалы, Орал облысы, Ақмола, Закаспий облысы (сол кездегі бөлу бойынша Манғышлақ уезі қараған) комиссарлары қызметі, жалпы сол тұстағы өкімет органдары туралы мұрағаттық материалдар жоқтың қасы десек те болады. Сондықтан, бұл олқылықты толтыру мақсатында түрлі зерттеу, естеліктердегі мәліметтер кеңінен іздестірілді.

Біз қарастырып отырған мәселеге байланысты аса маңызды деректер Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік мұрағатының 17-қорынан (Торғай облыстық Уақытша үкімет комиссары) 18-қорынан (Уақытша үкіметтің Торғай облыстық басқармасы) 9-қорынан (Жетісу облыстық Уақытша үкімет комиссары) 922-қорынан (Дала генерал-губернаторлығы бойынша Уақытша үкімет комиссарының кеңсесі) 15-қорынан (Семей облыстық басқармасы) 1718-қорынан (Уақытша үкіметтің Семей облыстық атқару комитеті) табылғанын айта кеткен жөн.

Өзбекстан Республикасы орталық мемлекеттік ұлттық мұрағатының Түркістан генерал-губернаторлығы (И-1-қор) және «Уақытша үкіметтің Түркістан комитеті» (Р-176-қор) деп аталатын қорлары тақырыпты ашуға өз септігін тигізді.

Қазақ қоғамының саяси жағдайын жіті қадағалап, жан-жақты танысуға мүмкіндік берген ұлттық баспасөздер – «Қазақ», «Сарыарқа», «Бірлік туы», «Жас азамат» газеттері және «Абай» журналы болғандығы белгілі.

Қазақ тілінде мәлімет таратқан баспасөз органдарының ішінде «Қазақ» газетін ерекше атап өту лайықты. Уақытша үкіметтің Қазақстандағы жергілікті жүйелерінің құрылуы, комиссарлардың қызметі, азаматтық атқару комитеттері туралы ережелер және тағы да басқа орталық үкіметтің қаулы-қарарлары, сондай-ақ ел ішіндегі саяси мәні бар өзгерістер, оқиғалар «Қазақ» газетінде үзбей жарияланып тұрды.

Монографияда сол кезеңдегі жергілікті өкімет құрылымдарының қызметіне қатысты мәліметтер «Туркестанские ведомости», «Семиреченские областные ведомости», «Сибирская жизнь», «Семипалатинский листок», «Речь» сияқты орыс тіліндегі басылымдардан алынып, барынша пайдаланылды.

Соңғы кездері ұлттық басылымдарға дерек көзі ретінде қарап, оның материалдарын жинақтап шығару рәсімі қалыптасып келеді. Мысалы, У. Субханбердинаның «Қазақ», «Алаш», «Сарыарқа» атты мазмұндалған библиографиялық көрсеткіштері жарық көрді. Жоғарыда атап өткеніміздей М. Қойгелдиев «Қазақ» газетіндегі Ө. Бөкейхановтың мақалаларын жинақтап, алғысөзін жазып, бастырып шықты.

Монография тақырыбын аша түсуге Алаш қайраткерлері А. Байтұрсынов, М. Дулатов, М. Жұмабаев, М. Шоқай және М. Тынышбаевтардың еңбектерінен алынған деректер кеңінен арқау болды.

Уақытша үкіметке, оның жергілікті құрылымдарына байланысты мол деректер Кеңес өкіметі тұсында жарық көрген құжаттар жинағынан да алынды. Ақпан және Қазан төңкерістерін насихаттауға арналған деректердің бұл тобынан зерттеу нысанына қатысты тұстары терең талдана отырып, пайдаланылды.

Мұндай құжаттар жинағының тек Қазақстандағы ғана емес, сондай-ақ Өзбекстан, Қырғызстан, Ресей ғалымдары даярлап, құрастырған басылымдар да пайдаланылды.

Зерттеу жұмысына дерек ретінде Ресей қоғам қайраткерлері К.Ф. Керенский, П.Н. Милюковтардың мемуарлары мәліметтері де тартылды.

Монография Уақытша үкіметтің Қазақстандағы билік орындарының қызметі тарихына арналған алғашқы ізденіс жұмысының бірі ретінде жазылды. Сондықтан зерттеу жұмысы барысында төмендегідей жаңалықтарға қол жеткізілді:

– Нақты дерек материалдар негізінде Уақытша Үкіметтің Қазақстандағы жергілікті билік орындарының құрылуы мен міндеттері көрсетілді;

– Уақытша үкіметтің билік орындарында қызмет еткен қазақ зиялыларының ұлттық мүддесіне сай іс-әрекет жасауға ұмтылғаны нақты деректер арқылы объективті түрде баяндалды;

– 1917 жылы құрылған азық-түлік және жер комитеттері қызметі, сондай-ақ Уақытша үкіметтің Қазақстандағы азық-түлік, жер саясаттары алғаш рет баяндалды;

– Уақытша үкіметтің жергілікті билік орындарының Қазақстанда құрылған өзге қоғамдық-саяси, ұлттық ұйымдармен, земстволық мекемелермен және Кенестермен қарым-қатынасы айқындалды.

Бұл зерттеу жұмысы Қазақстанда 1917 жылы құрыла бастаған Уақытша үкіметтің билік орындары қызметі барысында қазақ қоғамының өткен тарихын, әсіресе, қазақ елінің егемендікке, тәуелсіздікке ұмтылысы жолдары кезеңдерін терең түсінуге мүмкіндік береді. Сондықтан зерттеу жұмысының тұжырымдарын, қорытындыларын, ізденіс нәтижелерін Қазақстан тарихының XX ғасыр басындағы саяси-әлеуметтік және экономикалық кезеңдерін зерттеуге арналған еңбектерде, оқулықтарда, арнаулы курстар мен семинар сабақтарында пайдалануға болады.

УАҚЫТША ҮКІМЕТТІҢ ҚҰРЫЛУ ҚАРСАҢЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ САЯСИ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖАҒДАЙ

1. Бірінші дүниежүзілік соғыстың Қазақстан өміріне ықпалы

Жетекші экономикалық саласы мал шаруашылығы болған Қазақстан бірінші дүниежүзілік соғыс қарсаңында Ресей империясының отарлық аймағының бірі еді.

1868 жылы 21 қазанда патша бекіткен «Орал, Торғай, Ақмола және Семей облыстарын басқару жөнінде уақытша ереженің» 210-бабында «қырғыздар қоныстанған жерлер, мемлекет жері есептеліп, қырғыздарға қоғамдық пайдалануға беріледі»⁶¹ деп көрсетілді.

1868 және 1891 жылдардағы Түркістан және Дала өлкелерін Басқару туралы «Ережелерде» де патша өкіметі қазақ жерін қазынанікі деп жариялады.⁶² Бұл жайды қазақ елінің белгілі оқымыстысы Телжан Шонанұлы: «Қазақ еңбегін сіңіріп отырған жерді қазыналық дейді. Қазақ жері құрбанға байланған қой, «Степное положение» союға қайралған пышақ сықылды»,⁶³ – деп орындай айтқан еді. Осы үкімнен кейін патша өкіметі қазақтың жерін мүше-мүше қылып, құнарлы, шұрайлы тұстарын қоныс аудару қорларына, қазақ орыс әскерлеріне, орыс мұжықтарына және тағы да басқаларына бөліп бере бастады.

⁶¹ Материалы по истории политического строя Казахстана. Т. I. – Алматы, 1960. С. 337.

⁶² Сонда. 373 бет.

⁶³ Шонанұлы Т. Жер тағдыры – ел тағдыры. – Алматы, 1995. 115 бет.

XX ғасыр басында қазақ қоғамының ауыр хәлі турасында белгілі жер маманы М. Есболұлы былай деп жазды: «...тіршілікке жарайтын жер аз екендігі патша өкіметіне белгілі болса да, оны көзі көрмеді, көргісі де келмеді. Баяғы соры бес елі қазақтың жерін тартып алып орналастырумен болды. Қазақтың жерін алғанда бұрынғыдай «артық» жері емес, нағыз тіршілік қылатын, еңбек сіңіріп, суарып, егін шабатын қыстауының маңайындағы жақсы жерін алып беруге кірісті. Қоныстан айырылған қазақ елі тау-тасқа, татыр-тақырға, шөл далаға тықсырылды. «Күні бір жауса, терегі екі жауадының» кері болды. Бір жағынан, қазақтан жер кетіп, өріс тарылса, екінші жағынан «Қазынаның ағашы» деп бұрын қазақ мал жайып, шөп шауып жүрген ағаш ішіне келімсек бақташылар аттатпайтын күн туды. Ағаш ішінде мал жайылғаны, шөп шабылғаны үшін қазынаға ақша төлейтін заман туды. Патша үкіметінің ашылған аранына тауда жайылым, ойда қыстау кетті. Елдің апшысы қуырылды⁶⁴.

Ұлы державалық идеология өкілдері Америкадағы қызыл түсті халық секілді қазақтарды да жер жүзінен жоқ қылу керек деген ішкі пиғылдарын да айқайлап айтатын болды. Отаршылдық саясаттың қылбұрауына түскен халықтың мүшкіл хәлін көрген А. Байтұрсынов сол тұста «Қазіргі қазақ мәселелерінің ең зоры – жер мәселесі. Бұл қазақтың тірі, я өлу мәселесі. Бұл турасында түсініп жетпей, қаталасып, қазақты теріс жолға салғанымыз – 5 миллион адамның обалын мойнымызға жүктегеніміз»,⁶⁵ – деп жазды.

Қазақстанда жер мәселесінің бүкіл халықтық проблемаға айналғанын 1915 жылғы есеп бойынша Түркістанның Жетісу, Сырдария облыстарынан алынған жер мөлшері деңгейі де көрсетеді.

1. Жетісу облысы

- а) Казак-орыстарға – 667 мың десятина жер алынды.
- ә) Олардың қалаларына – 37 мың
- б) ескілікті келімсектерге – 232 мың
- в) жаңа келімсектерге – 1.277 мың
- г) қазынаға – 1.750 мың

⁶⁴ Есболұлы М. Келімсектер Түркістанға қалай қоныстанды? // Социалистік Қазақстан. – 1991. 15 маусым.

⁶⁵ Байтұрсынов А. Ақ жол. – Алматы, 1991. 263 бет.

Қазақтан алынған жердің барлығы 3.963 мың десятина жер. Бұл жердің ішінде казак-орыс пен қара шекпеннің егіндігі 1.200 мың десятина. Казак-орыс пен қара шекпендердің 600-дей қаласы бар.

2. Сырдария облысы

Ескілікті келімсектерге, жаңа келімсектерге – 607 мың десяти-на жер алынды. Олардың қалаларының саны – 260».⁶⁶

Ресей патшалығының Қазақстан мен Орта Азияда жүргізген отарлау саясатының басқа да Польша, Прибалтика, Закавказье өлкелерімен салыстырғандағы айырмашылығы – толық отаршылдық орнату сипатында болғанын байқауға болады. Бұл өлкеде Сібір, Қырым, Еділ өңірі сияқты тұрғындарын толық орыстандыру мақсаты көзделді.⁶⁷

Патша өкіметі Қазақстанның байырғы халқын орыстандыру үшін түрлі айла-тәсілдерді қолданып бақты. Әсіресе, қазақтың діні мен тілін, сана-сезімін, жан дүниесін бірінші кезекте кез келген мүмкіндікпен жаулап алуға көңіл бөлді. Қазақтардың өз тіліне деген құрметін жою мақсатында тілмаштардың ролін әлсіретіп, қарым-қатынас, арыз-шағым, іс қағаздарын тек орыс тілінде жазылуын талап етті.

Орта Азия мен Қазақстан сияқты елдерді орыстандыру мақсатын көздеген патшалық саясат бұл жердегі халықтардың ислам діні негізінде бірігуіне жол бермеу жағына көп көңіл бөлді. Осы мақсатта қазақ балаларын орыс мектептеріне (медресе, мектептерде емес) баулу нысанаға алынды. Басты міндет «бұратаналарды» ислам негізінде бірігуі арқылы саяси күреске айналуына жол бермеу болды.⁶⁸

Қазақ ауылын басқаратын төменгі әкімшілік аппаратта отырған болыстар мен старшындар негізінен патша үкіметінің жергілікті билеу органдарымен біте қайнасып кеткен бай-феодалдардың өкілдері болды. Олардың басым көпшілігі патшалық отарлаушы саясатының қолшоқпары ролін атқарып, өздерінің тарапынан қазақ шаруаларын езіп-жаншыды.

⁶⁶ Есболұлы М. Келімсектер Түркістанға қалай қоныстанды? // Социалистік Қазақстан. 1991. 15 маусым

⁶⁷ Нұртазина Н. Ресейдің көпұлтты Түркістанда жүргізген отарлық саясаты (XIX ғасырдың соңы – XX ғасырдың басы) // Қазақ тарихы, 1994. – № 6, 37 бет.

⁶⁸ Климович Л. Ислам в царской России. – М., 1936. – С.222.

Бірінші дүниежүзілік соғыс қарсаңында патша өкіметінің Қазақстандағы билік органдары шенеуніктері жергілікті халыққа тырнағын батыра түсті. Бұл жайды қазақтың көрнекті қоғам қайраткері М. Тынышбаевтың орыс әкімшілігі қызметіне берген бағасы аша түседі: «...в крае начали появляться темные лица, которые и стали эксплуатировать простодушных киргиз, продавая, например, одну коробку шведских спичек за барана и.т.д научившиеся говорить, а иногда и писать, киргизы подражали этим проходимцам из казаков и татар, щеголяли в резиновых колошах, лакированных сапогах, научились курить папиросы, пить водку, и.т.д. Появились разные закупка, обманивали киргиз, жизнь стал пополняться людьми случайными, раньше ничего общего с киргизами не имеющими, нисколько ими не интересовавшимися.

Выборные подкупы, в которых нередко принимали участия и русские администраторы, с бесчисленными жалобами и доносами друг на друга, будучи в начале событиями исключительными, впоследствии стали явлениями обычными, повседневными».⁶⁹

Жоғарыда көрсетілгендей, «қазақ оқығандарын патша үкіметі жоғары әкімшілік аппараттық қызметтің маңына жолатпады. Олар көбіне тілмаштық қызметтер атқарды. Түгі жоқ, кедей тілмаштар парақор орыс әкімшілігінде аз уақыт қызмет етіп, байып шыға келеді», – дейді М. Тынышбаев. Сөйтіп, тілмаштық талай көзі ашық қазақ баласының қол жетпес арманы болды.⁷⁰ Халықтың алдында уақыт өте келе үкімет аппараты шенеуніктерінің шын бет пердесі ашыла түсті.

Халық енді үкіметке сенуден қалды. Алайда орыс әкімшілігі қызметкерлері арасында бірлі-жарым болса да жергілікті халықтың қамын жеген адал азаматтар да болды. Мысалы, Алматыда ағайынды тілмаштар – Сыртановтар халықтың, сондай-ақ облыстық әкімшіліктің құрметіне адал қызметтері үшін бөлінді. Ал Жетісудағы қоныс аудару басқармасына бастық болып сайланған. О. Шкапский жер жағдайына қатысты зерттеу жұмыстарын жүргізіп, Жетісуда қазақ-қырғызда, басы артық жер жоқ деп ресми түрде мәлімдейді. Өкінішке орай, мұндай ел жағдайын түсіне-

⁶⁹ Тынышпаев М. Копия показаний инженера Тынышпаева // Тынышпаев М. Великие бедствия...(Ақтабан-Шубырынды). Алма-Ата, 1991. – С. 104.

⁷⁰ Сонда, 105 бет.

тін азаматтар, отаршылдық қатаң саясатты әшкере етуге даяр тұратын қызметкерлер басшы орындарда ұзақ тұра алмады. О. Шкапский де көп ұзамай шындықты бүкпей айтқаны үшін қызметінен қуылды.⁵⁵

Бірінші дүниежүзілік соғысқа Ресей империясының қатысуы ел ішіндегі әкімшілік шиеленісті одан әрі ушықтырып жіберді.

М. Тынышбаевтың мәліметіне қарағанда, 1907-1914 жылдары Жетісу облысы адам танымастай өзгерді. Облыс әкімшілігінің басына әр түрлі түсінігі, көзқарасы бар жаңа адамдар келіп, қазақтар панисламды жақтаушылар деген күдік көп жерлерде орныға бастады. «Рас, қазақтарға тек қана Түркия мықты мұсылмандар балқан халықтарын жеңіпті тағы басқа десе, әрине, қарапайым қазаққа өте жағымды естілді. Бірақ қарапайым бір жақты мәдениеті бар, күнделікті тіршілік қамынан шыға алмай жүрген халықты біртұтас ұйым құрады деп тек созылмалы фантазиямен ауырған адам ғана ойлар»⁷¹, – деп М. Тынышбаев өз ойын білдірген болатын.

Пантюркизм мен панисламизм, әрине, отаршыл әкімшіліктің жергілікті халықтардың қарсылығымен күресу үшін ойлап тапқан идеологиялық әдістерінің бірі еді.

Бірінші дүниежүзілік соғыс туралы Ресейде әртүрлі әлеуметтік топтар түрліше көзқараста болды. Орыс буржуазиясы «жеңіске жеткенше» соғысу бағытын белсене жақтады. Соғыс олар үшін жаңа нарық пен пайда көздерін ашатындай, елдің қоғамдық-саяси өмірінде беделін арттыратындай көрінді. Помещиктер де осындай көзқараста еді. Сол үшін олар «Бәрі халық үшін, бәрі жеңіс үшін» деген ұран көтереді. Бұқара халықты шовинизммен уландыру мақсатында, әрі патша үкіметі «әділ соғыс жүргізіп жатқандығына» нандыруға бар аппарат іске қосылды. Тек соғыстың алғашқы 6 айының өзінде-ақ таралымы 11 млн-дай болатын 600-ге жуық мерзімді басылымдар шығарылды.⁷²

1914 жылы 26 шілдеде IV Мемлекеттік Дума мен Мемлекеттік Кеңестің біріккен мәжілісінде халық пен патшаның «бірлігін» нығайту туралы айтылды. Әскери несиелер алу мәселесін октябристер де, прогрессистер де, кадеттер де бір ауыздан қолдап,

⁷¹ Тынышбаев М. Копия показаний инженера Тынышбаева... – С.107.

⁷² Владиславев И.В. Русская литература о войне 1914 года. – М., 1915. – С.5.

қуаттады. Кадеттердің лидері П.Н. Милуков барлық партияларды соғыс біткенше талас-тартысты тастап, үкіметке қолдау көрсетуге шақырды.⁷³

Ал Ресейдегі қарапайым халықтың соғысқа көңілі толмады. Әскерге шақырылғандардың алғашқы стихиялық толқулары болмай қоймады. Селолы жерлерде, әсіресе, шаруалар толқуы күштірек болды.⁷⁴ Бұл өкіметті алаңдатпай қоймады. Әскерге алу барысында полициямен арада қанды қақтығыстар да болды. Мысалы, 1914 жылдың 19 шілдесінен 1 тамызына дейін 27 губернияда әскерге шақырылушылардың 500 және әкімшілік қызметшілерінің 100-ге жуығы қаза тапты.⁷⁵

Ал қазақтардың соғысқа көзқарасы қандай болды? Импералистік соғыс жылдарында елдің материалдық және құқықтық жағдайлары барған сайын нашарлай түсті. Қымбатшылық өршіп, азық-түлік пен тауар дағдарысы барған сайын біліне түсті.

Қазақстанның халқы 1913 жылы 5.600 адам болатын, бұлардың 9,7% қалаларда, 90,3% ауылдар мен поселкелерде тұрды.⁷⁶ Халықтың ұлттық құрамы Ресейдің орталық аудандары мен Украинадан шаруаларды көптеп көшіруге байланысты өзгеріске ұшырап, көп ұлттылық тән бола бастады.

Қазақстанның территориясы бірнеше облыстарға бөлінді. Атап айтар болсақ, Дала генерал-губернаторлығына қараған, орталығы Омбы қаласы болған Ақмола, Семей облыстарына, орталығы Ташкент болып есептелетін Түркістан генерал-губернаторлығы құрамындағы Сырдария және Жетісу, сондай-ақ Орал мен Торғай облыстарына бөлінді. Соңғы екі облысты Ресейдің орталық мекемелеріне тікелей бағынатын әскери губернаторлар басқарды. Облыстар уездерге, уездер болыстар мен ауылдарға бөлінді. Жалпы, соғыс қарсаңында Қазақстандағы патша үкіметінің жергілікті басқару органдарының жағдайы қандай күйде екені тараудың басында айтылды. Ал жеке адамдарға келсек, олардың соғысқа деген нақты көзқарасы болған жоқ. Бұған

⁷³ Государственная дума. Стенографический отчет. Четвертый созыв. Заседания 26 июня 1914 г. СПб., 1914. С. 25

⁷⁴ Крестьянское движение в России в годы первой мировой войны, июль 1914 – февраль 1917 г. Сборник документов. – М.-Л., 1965. С.122.

⁷⁵ Исторические записки. – М., 1947. Т. 23. С.40.

⁷⁶ Народное хозяйство Казахской ССР. Сб.ст. Алма-Ата, 1957. – С.10.

М. Тынышбаевтың келтірген мәліметі мысал бола алады: «Искать смысл в войне, разбираться в возможных последствиях победы или поражения для России, вникать в возможные вследствие этого изменения в жизни России и киргиз, производить такой анализ со многими неизвестными факторами, разумеется, не в состоянии не только простой киргиз, но и средний русский интеллигент... Киргизы понимали войну схематической и чувствовали только одно: если победят русские, будет хорошо России, и значит хорошо будет и киргизам; если победят враги, то плохо будет России, враги могут дойти до нас и будут опустошать города, село, поля, скот, разграбят имущество, часть киргиз перебежат, часть будет бежать (но куда?), словом, должны повториться времена войны с монголами, времена отчаянных междоусобий между киргизами и каракиргизами, много простоты и наивности в этих суждениях, но ведь так думал не интеллигент, а простой киргиз». ⁷⁷

Қазақтардың осы қарапайым көзқарасы бойынша төніп тұрған соғыс қаупінен құтылудың бір жолы – қолдан келгенше үкіметке, орыс жұртына көмектесу болды. Ең алғаш көмек ақшалай қаражат жинаудан басталды. Жетісу облысының қазақтары түгін басына 50 тиыннан 2 сомға дейін берді. Соғысқа арнап ақша жинау басқа да облыстарда қызу жүрді. 1915 жылы Ақмола облысы, Атбасар уезіне қарасты қазақтар 1718 сом ақша, 150 ат, 16 киіз үй өткізеді. ⁷⁸ Осы облыстың Қызылжар уезіне қарасты қазақтар 1914 жылдың соңына қарай 100 мың сом ақша, 30 шамалы киіз үй жинап берді. ⁷⁹

«Қазақ» гезетінің мәліметі бойынша 1914 – 1917 жылдар аралығында бір ғана Торғай облысынан облыстық басқармаға 226 мың 999 сом 74 тиын көлемінде ақша аударған. ⁸⁰

Соғыс қимылдары өтіп жатқан жерлерге деп киіз үйлер, азық-түлік тағы да басқа қажетті дүние-мүліктер жиналды. Қазақ жері арқылы өтіп жатқан эшалон-эшалон әскерге азық-түлік, киім-кешек даярлау қарапайым қазақ тұрғындарынан талап етілді және бұл үкіметтің әр талабы мүлтіксіз орындалып жатты. Соғыс ауыртпалығын өзге халықтармен бірдей иықтаса көтерген қазақтардың ақшалай, мүлік-

⁷⁷ Тынышпаев М. Великие бедствия... (Ақтабан шубырынды). 1991. С.110.

⁷⁸ «Қазақ», 1915. – № 106.

⁷⁹ Сонда, №98.

⁸⁰ Сонда, 1917. №230.

тей жинағандары керек жерлеріне жетпей, патша шенеуніктерінің қалтасына түсіп кеткен жайлар да жиі кездесіп тұрды.⁸¹

Кейде тіпті қазақтар соғысқа деп жинаған киіз үйлер сынған, тоналған күйінде өздеріне қайтып келген жағдайлар да болды. Мұның бәрі, әрине, жемқор, айлакер патша әкімшілігі шенеуніктерінің соғыс жағдайын пайдаланып, қара бастарының қамын жасап қалуға ұмтылған әрекеттерінің нәтижесі еді.

Соғыс салығы күн өткен сайын ауырлай түсті. Түркістан өлкесінен үш жыл ішінде 20.899 мың пұт мақта, 300 мың пұт ет, 109 мың пұт мақта майы, 474 мың пұт балық, 229 мың пұт сабын, 50 мың пұт майкене, 70 мың жылқы, 12.7 мың түйе, 38 мың шаршы кез киіз, 13.411 киіз үй тасып әкетілген. 1914 жылы Жетісудың бір өзінен ғана 34 миллион сомның малы мен мал шаруашылық өнімдері тасып әкетілген.⁸²

Қазақтар соғысқа тек қаражаттар жинап, салық төлеп қана қоймай, сонымен бірге әскерге ерлері алынған орыс отбасыларына жәрдемдер ұйымдастырып отырды. Олардың шөбін шауып, егінін жинап беруге қазақ жігіттері қол ұшын беріп тұрды. Осылайша тұрмысынан бейбіт көршілікті жақтаған қазақ жұрты соғыс тауқыметін өзгелермен теңдей бөлісті.

Ауылда тұратын шаруақор қазақтарға соғыс жайын түсіндіріп, насихаттау жұмысын ұлттық интеллигенция өз қолына алды. Патша үкіметі өзге де отар елдердегі сияқты қазақ оқығандарын басқару аппараттарына жібермеді.

1913 жылдан «Қазақ» газетінің төңірегіне біріге бастаған қазақ зиялыларының қоғамдық-саяси позициясы империядағы, қазақ облыстарындағы нақты саяси жағдайға байланысты қалыптасып өзгеріп отырды.⁸³

Бірінші дүниежүзілік соғыс жылдарында қазақ ұлттық интеллигенциясы елді үкімет саясатына ашық қарсы шықпауға шақырды деп айтуға болады. Олардың бұл әрекеті шарасыздықтан туған еді. Өйткені, XX ғасыр басында жалаңаш қолмен жауға қарсы шабуға болмайтынын ұлт зиялылары жақсы түсінді.

⁸¹ Тынышпаев М. Копия показаний инженера Тынышпаева. . . С. 110-111; Қазақ, 1917. №230

⁸² Қазақ ССР тарихы. Бес томдық. 3.Т. – Алматы, 1992. 452 бет.

⁸³ Қойгелдиев М. Алаш қозғалысы. Алматы, 1995. 166 бет.

Дүниежүзі халықтары тартылған бұл соғыста қазақтар қандай позицияда болу керек деген сауал әрбір Алаштың оқыған, саясаттан хабары бар азаматын ойландырмай қоймағанын «Қазақ» газетінің сол кездегі соғыс тақырыбына арналған әрбір мақаласынан байқауға болады. Жаңа басталған соғысқа байланысты Ә. Бөкейханов «Тағы соғыс» деген мақала жазып, онда соғысушы мемлекеттердің түпкі мақсат-мүддесін, шынайы сипатын аша келіп: «Бұл соғыстан жалпы жұртқа ешбір пайда жоқ. Нарлар алысар, ал шаруасын бұзып, қанын төгетін сорлы қазақ болар», – дейді.⁸⁴ Ұлт зиялылары үкіметтің сыртқы, ішкі саясатын жіті қадағалап, оның қазаққа тигізер ықпалын ертерек пайымдап, ел ішіне түсіндіріп отырды. Мысалы, А. Байтұрсынов «Соғысушы патшалар», «Бұ заманның соғысы» деген мақалаларында сыртқы саясатқа тоқталса, ал «Қазаққа ашық хатында» елдің ішкі жағдайын нақты көрсетеді. «4-ші мартта, – деп жазады ол, – Министрлер кеңесі келер бірінші майға шейін патша қол астындағы елдердің малы жазылсын деп қаулы қылып, мұның шығынына 1 миллион 760 мың сом ақша шығарылсын деді. Мына 20 айға созылған дүние жүзілік соғыс көп етті жем қылды. Бұрын ел аман, жұрт тынышта бір мұжық бір жылда 50 қадақ ет жейтін еді, соғысқа барған солдат күніне бір қадақ жейтін болды. Әскер, қасына ерген қосшы-қолаңмен, 20 миллионнан артса керек. Күннен-күнге бұлардың саны артып барады. Мал бүйтіп жылдам өспейді. Біздің патшалықта қаладағы жұрт 15%, яғни әрбір жүзден 15 еді. Соғыстан бұрын біздің патшалық жұрты 160 миллионнан астам болатын. Қала адамы бұрынғы ет сыбағасын жеп отыр. Арақ тоқталғаннан соң, мұжық қалтасында жылына 700 мың сом ақша аққұла қалды. Қалтада ақша болған соң мұжық та күнде ет жейтін болды. Қолымда ақша бар деп, мұжық қалаға мал сатуын сараңдатты. Базарға салатын мал елде әскерге алынатын болды. Қала базары сататын малсыз қалды. Осы себептермен қалада ет, май 2-3-4 есе қымбаттады. Қала адамының кедейі еттен қалатын болды. ... Осымен біздің хүкімет патшалықтағы мал есебін білмек. Бұлай болған соң, біздің қазақ малы да жазылды. Мал жазғанда, қашаннан біздің қазақ малын жасыруды үйреніс қылған. Жаңа заман – тарихи заманы, бұл кезде ұрланып жүріп бес миллион жұрт

⁸⁴ Бөкейханов Ә. Шығармалар... 210 бет.

күн көрмейді. Ұрлық түбі – қорлық. 240 миллион десятина жерде 5 миллион жұрт отырып, жер пайда қыла беретін ерге берілсін деген де сөз болмай қалмайды. Келешек уақыт, қатын бала, тұқым камын саясат жолында қазақ жұрты еске алса, мына жазғанда малды жасырмасын».⁸⁵ «Жапалақты тасқа ұрса да жапалақ өледі, таспен жапалақты ұрса да жапалақ өледінің» керін А. Байтұрсынов бұл мақаласында негіздей талдап береді. Қазақ малының санын жасырса, жерден айырылады, ал жерінен айырылса малынан да айырылатын күнделік жағдайға талдау жасау арқылы түсіндіріп, елдің адаспауына күш салады. Осы орайда, зерттеуші М. Қойгелдиевтің ұлт зиялылары бірінші дүниежүзілік соғыс тұсында үкімет саясатын ұстанды⁸⁶ деуі өте орынды айтылған. Ресей мұсылмандары 1915 жылы Петербургта төрағасы Ф. Дәулетшин, қазынашы Х. Мансуров болып сайланған «Әскерге һәм олардың үйде қалған бала-шағаларына жәрдемші уақытша мұсылман орталық комитетін» құрады.⁸⁷ Комитеттің негізгі міндеті – соғысқа мұсылмандардың жәрдемін ұйымдастыру әрі саяси билікке сенімді иелену болды. Артын ала осы комитеттің нұсқауымен жер жерлерде мұсылмандардың жәрдемі Ташкентте, Атбасарда, Зайсанда, Шымкентте, Омбыда тағы басқа жерлерде бой көтерді.⁸⁸ Петербурдағы орталық мұсылман комитетіне Б. Қаратаев мүше болып сайланды. Қазақстанның түкпір-түкпірінде қазақ зиялыларының ұйымдастыруымен соғыс қажетіне деп ақшалай қаражаттар жинала бастайды. Мысалы, 1915 жылы Ойыл жәрмеңкесінде Х. Досмұхамедовтың ұйымдастыруымен 6.126 сом 50 тиын жиналды.⁸⁹ Мұндай шараларды ұйымдастыруға А. Қалменов, Д. Мырзағалиев, Д. Мергенов, тағы басқалары белсене қатысады.⁹⁰ Қазақ зиялылары соғыста жараланғандарға, сондай-ақ соғыс зардабын шеккен Карс облысы мұсылмандарына арнап түрлі сауық кештерін ұйымдастырып, одан түскен қаражатты жәрдем комитеттеріне аударып отырды. Мұндай қайырымдылық кештері Семейде, Орынборда,

⁸⁵ Байтұрсынов А. Ақ жол. – Алматы, 1991. 317 бет.

⁸⁶ Қойгелдиев М. Алаш қозғалысы. – Алматы, 1995. 169 бет.

⁸⁷ Қазақ, 1915. №131, 140.

⁸⁸ Қазақ, 1915. №131.

⁸⁹ Сонда, №144.

⁹⁰ Дулатов М. Қазақ әдебиет кеші // Дулатов М. Шығармалары. – Алматы, 1991. 271-272 бб. Қазақ, 1915 №112, 113.

Атбасарда⁹¹ тағы басқа жерлерде өткізілді. Ұлт зиялылары іс жүзінде патша өкіметіне қазақтар соғыста көмек берсе, кейін (егер патша үкіметі жеңе қалса) саяси өзгерістерге қазақтар қол жеткізуі мүмкін деген ойда болды. Ә. Бөкейханов, А. Байтұрсынов, М. Дулатовтың «Алаштың азаматына» деген үндеулерінде: «Ал енді дүние бұл күйінде тұрмас, бұл соғыс та бітер. Сол кезде әркім қызметін бағалар. Сонда екенде жоқ, сепкенде жоқтар сыбағаға ортақ бола алмас. Теңдікке ортақ болайық десек, осы бастан түбін ойлауымыз керек. Алмақтың да салмағы бар»,⁹² – деген жолдар олардың түпкі ойларын меңзеп тұрса керек. Осы жерде зерттеуші А. Сармурзиннің: «В казахской историографии бытовало мнение, что казахские трудящихся массы с самого начало первой мировой войны сразу же встали на антивоенные позиции и повели борьбу под руководством большевиков за революционный выход из войны, за превращение войны империалистической в гражданскую. Здесь просматривается явная натяжка, что не соответствовало исторической действительности. Будто бы у казахов не было озабоченности за судьбу России, в состав которой они входили. Почему же историки должны отрицать патриотизм казахского народа за принадлежность к Российскому государству перед лицом опасности быть в крайне разоренном и еще более порабощенном состоянии. Другое дело, во внутренних условиях развития казахского общества все более утвердилась решимость развертывания борьбы за получение областной национальной автономии в рамках российского государства»,⁹³ – деген пікірін мақұлдасқа болмайды. Қазақ зиялылары патша өкіметіне қарсы, ұлттық езгіге қарсы күрестің дәнін екті. XX ғасыр басынан 1917 жылға дейін Қазақ тілінде 400-ге жуық кітап шықты. Оның 156-сы 658 мың басылыммен 1912-1916 жылдар аралығында тарайды. Халықты ағарту, күреске шақыру, саяси ахуалды түсіндіру мақсатында еңбек ете жүріп, қазақ оқығандары әр саяси кезеңге бейімделе отырып, ел мен жердің қамын жеуді бір сәтте ұмытқан жоқ. Бірақ патшаның билік, әкімшілік орындары азат ойлары

⁹¹ Қазақ, 1915. №118, 119.

⁹² Қазақ, 1916. №192.

⁹³ Выступление А.Сармурзина //см. Национальные движения в условиях колониализма: Казахстан, Средняя Азия, Северный Кавказ. Материалы Всесоюзного «круглого стола» 27-28 июня 1990 г. Целиноград, 1991. С. 113.

үшін қуғындаған қазақ зиялылары өз халқы жағынан да терең түсінушілік пен қолдауға ие бола алмады.⁹⁴ А. Байтұрсыновтың мына өлең жолдары да өз уақытының бар сырын ашып береді:

Қинамады абақтыға жапқаны,
Қиын емес дарға асқаны, атқаны,
Маған ауыр осылардың бәрінен
Өз ауылымның иттері үріп қапқаны.⁹⁵

Қорыта айтқанда, Қазақ зиялылары Ресей араласып кеткен дүниежүзілік соғыс шығынына жәрдем көрсетуге қазақ елін де тарта отырып, халықтың саяси белсенділігін көтеруді және соғыста патша үкіметі жеңсе, қазақ халқына саяси жеңілдіктер беретін шығар деп үміттенеді.

2. 1916 жылғы Ұлт-азаттық көтеріліс және саяси-әлеуметтік, ұлтаралық қатынастардың шиеленісіп кетуі

Орта Азия мен Қазақстандағы 1916 жылғы Ұлт-азаттық қозғалыс осы ұлан-ғайыр өлкені мекендеуші халықтар өміріндегі аса маңызды кезең болды. Оның жаппай бұқаралық сипат алуы, қоғамның барлық әлеуметтік топтарын қамтуы, қозғалыс барысында жалпы ұлттық ұрандардың көтерілуі және жергілікті халықтардың мүдде ортақтығы бұл аймақта саяси дағдарыстың онан әрі тереңдей түсуіне жергілікті халықтардың отаршыл әкімшілікті қыспаққа алуына әкеліп соқты.

1916 жылы көтеріліс стихиялы түрде бой көтерді. Халық наразылығын туғызған тек 1916 жылғы 25 маусымдағы майданның кара жұмысына қазақтан әскер алу туралы патша жарлығы емес еді. Оның түпкі себебі отарлық саясаттың әлеуметтік-экономикалық және саяси зардаптарында жатты. Бұл орайда, ең алдымен, 1916 жылға қарай асқындап кеткен соғыс зардаптарын, әсіресе соғыс салықтарын атауға болады.

Столыпин реформасы тұсында жергілікті халықтың жерін тартып алудың үдей түсуі, дәстүрлі шаруашылықтың күйзелі-

⁹⁴ Дулатов М. «Қазақ» баспаханасы // Дулатов М. Шығармалары. – Алматы, 1991. 287-291 бб.

⁹⁵ Байтұрсынов А. Көк есектерге // Байтұрсынов А. Ақ жол. – Алматы, 1991. 71 бет.

сі мен құлдырауы өлке байлығын талан-таражға салу, орыстандыру саясатының асқынып кетуі – осының бәрі халық наразылығын бұрын болмаған дәрежеге көтерді. Жергілікті халыққа қарсы жазалау саясатының күшеюі, қазақ және басқа да бұратана халықтарды қара жұмысқа алу жөніндегі жарлықты орындау әдістері мен репрессиялар қоғамның барлық топтарын шамдандырып, қарсылыққа жалпыхалықтық, бұқаралық сипат берді.⁹⁶

1916 жылы 25 маусымдағы патша жарлығы бойынша бұратаналардан майданның қара жұмысына Қазақстан мен Орта Азиядан 400 мың адам, ал Қазақстанның қала облыстарынан – 100 мыңнан аса, Жетісудан – 87 мың адам алынуы тиіс болды.⁹⁷ Орта Азия, Қазақстан және ішінара Сібірден алынатын жігіттердің жасы 19 бен 43-тің арасында болуы шарт еді.

Алайда мобилизация кезінде кедейлердің 60 жастағы шалдарының, 30 жаста болып жазылып кетіп, 25-30-дағы бай балалары 50 жаста болып жазылғаны, әрине, орыс шенеуніктері мен жергілікті қазақ әкімсымақтардың парақорлығынан туындаған әрекет болатын.⁹⁸ «...Мырзалар, Түркістан мен қырғыздардың далалық облыстары, әрине Тула немесе Тамбов губерниясы емес. Ағылшындар өз отарларына қалай қараса, бұларға солай қарау керек», – деп мәлімдейді IV Мемлекеттік думаның жабық мәселесінде билік мінбеден депутат А.Ф. Керенский.⁹⁹

Азия аймағын басқаруда адам хұқығы мен әділеттіліктен жұрдай болған тәсілді қолданған патша өкіметі өлкеде әлеуметтік қайшылықтарды бұрынғыдан да бетер өршітіп жіберді. Түркістан өлкесі генерал-губернаторы А.Н. Куропаткин патша өкіметі әкімшілігінің өктем саясатын мойындай отырып, былай дейді: «С началом энергичных работ переселенческого управления (с 1904 г.), когда масса киргизских земель была передана переселенцам даже с оросительными системами, возделанным полями и зимовыми стойбищами, отношения между русскими

⁹⁶ Қозыбаев М. 1916 жыл: Ұлт-азаттық революция тарихнамасының кейбір мәселелері // Қазақ әдебиеті. 1992. – 3 сәуір.

⁹⁷ История Казахстана с древнейших времен до наших дней. Очерк. – Алматы, 1993. С.273.

⁹⁸ Тәженов Ә. Он алтыншы жылғы ойран // Қазақ тарихы. 1993. №1. 54 бет.

⁹⁹ Сонда, 54 бет.

и киргизами начали обостряться и дело кончилось восстанием киргиз в 1916 г.»¹⁰⁰

1897 жылғы санақ бойынша Жетісуда 796.815 мың қазақ, яғни халықтың 85%-ы, ал 1907 жылы 809 мың қазақ болған. Осы мезгілде қазақтарға жердің 17 мың десятинасы, ал казактарға 639 мың десятина қараған.¹⁰¹ Жетісу казактарының саны 1905 жылы небәрі 33.118 адам болатын.¹⁰² 1916 жылдың ортасында қарай қазақ халқынан алынған жердің көлемі 45 миллион десятинаға жетті.¹⁰³ Соғыс салығы да жылдан-жылға өсіп, қазақтардың мойнына жаңа ауырпалықтар түсіп отырды: малды жаппай реквизициялау, майданға деп ет міндетті, әрі уақтылы түрде қою, әрбір үйге жаңа соғыс салығын салу, мысалы болыстық басқарушыларды ұстап тұруға деп алым жинау, земстволық салық, жол салығы тағы басқа.

Халықтан алынатын салық соғысқа байланысты 3-4 есе, кейде тіпті 15 есе өсті.¹⁰⁴

Осындай халық төзімін шегіне жеткізген ұлттық езгі патша өкіметі әкімшілігіне қарсы қозғалысты болдырмай қоймады. Алғашқы стихиялы толқын бірте-бірте көтеріліске ұласты. Көтерілістің ірі ошақтары – Торғай даласы мен Жетісу болды.

1916 жылғы патша жарлығына қарсы ереуілдің соңы елдің іргесін бұзып, зор бүліншілікке ұшыратты. Патша үкіметі қарусыз елді майданның қызу жүріп жатқанына қарамастан әскерді үйіп-төгіп, аяусыз қырып жойды.

Көрші қырғыз бауырларымыздың 274 мыңы осы 1916 жылғы көтерілістен соң патша өкіметінің жазалаушы отряды қолынан қаза тапты.¹⁰⁵ Ал Түркістанның Жизақ қаласының 20 мың халқы жоқ болды.¹⁰⁶ Жетісу халқы 1915-1917 жылдары Т. Рысқұловтың есебі бойынша 275 мың адамға кеміді.¹⁰⁷ 1914-1918 жылдары Түркістан

¹⁰⁰ Куропаткин А.Н. Семиречье Военная мысль. Кн.1. Сентябрь, 1920. С. 267.

¹⁰¹ Сонда, 270 бет.

¹⁰² Абдиров М.Ж. История казачества Казахстана. – Алматы, 1994. С.128.

¹⁰³ Дахшлейгер Г.Ф. Социально-экономические преобразования в ауле и деревне Казахстана. Алма-Ата, 1965. С. 49.

¹⁰⁴ История Казахстана с древнейших времен до наших дней. Очерк. Алматы, 1993. С. 273.

¹⁰⁵ Курманов З., Бегалиев С., Ногайбаева Г. Возвращение национального лидера // Абдикарим Сыздықов – национальный лидер. – Бишкек, 1992. С.10.

¹⁰⁶ Дулатов М. Шығармалары. – Алматы, 1991. 284 бет.

¹⁰⁷ Рыскулов Т. Восстание туземцев Средней Азии в 1916 году // Восстание киргизов и ка-

халқы 1 миллион 230 мың адамға кеміген, көтеріліс кезінде 300 мың адам патша жазалаушы әскерінен бас сауғалап Қытайға ауып кетті.

Кеңестік ресми тарихнамада 1916 жылғы көтеріліс «прогрессішдік» сипатта болды деген ұғымның қалыптасып, оның әлеуметтік, ұлттық қайшылықтарды туғызғаны бүркеулі қалпында қалып келді. Кеңестік идеологияға икемделген тарих 1916 жылғы көтерілісшілердің іс-әрекетін патша үкіметінің жергілікті ресми органдарына қарсы бағытталды деген көзқарасты берік ұстаса да, орыс қоныстанушылары мен көтерілісшілер арасындағы қақтығыс жайлы ауыз ашпады. Себебі, бұл орыс пен қазақ арасындағы қырғын интернационализм принциптеріне қайшы келетін еді, әрі 1917 жылғы большевизмнің қазақ қоғамында берік қалыптасуына нұқсан келтіретін еді. Ал шетелдік зерттеушілер 1916 жылғы көтерілістің әлеуметтік, ұлттық қайшылықтары жағына көп көңіл бөледі. Мысалы, америка тарихшысы О. Кэроу: «1916 жылғы көтеріліс Кенесары кезіндегі халық рухының қайта жандануы болды» десе.¹⁰⁸ Англиядағы Орта Азияны зерттеу орталығының директоры, профессор, дипломат Дж. Уилер: «Далалық өлкеде орыстардың шығыны аздау болды... Көтерілісшілердің іс-қимылы патша өкіметінің жергілікті ресми қызметкерлеріне қарсы бағытталды, орыс қоныстанушыларымен олардың жұмысы болмады (кеңестік тарихшылар) деген ойдан арылмай келеді. Осындай адам сенбейтін тұжырымды дәлелдеуге тырысқан құжаттар жайында жинақ та жарық көрді («Орта Азия мен Қазақстандағы 1916 жылғы көтеріліс». – М., 1960)», – дейді.¹⁰⁹

Америка тарихшысы Г.Д. Сокол Дж. Уилердің ойын былайша жалғайды: «Орыс заңдарын жергілікті халық түсінбеді, арыздануға орыс тілін білмеу көп кедергілер келтірді. Нәтижесінде екі халық арасындағы алшақтық көтеріліс барысында ұлғая түсті. Халық наразылығы темір жолда еңбек ететін орыс жұмысшыларына, статистикалық партияларға, орман қорғаушыларға және басқа да орыс тұрғындарына шабуыл жасаудан басталды. Орыстар да қазақтардан қалыспады. Көтеріліс ауқымы мен пәрменді-

захов в 1916 году. – Бишкек, 1991. С.34.

¹⁰⁸ Қараңыз: Есмағамбетов К. Қазақтар шетел әдебиетінде. – Алматы, 1994. 83 бет.

¹⁰⁹ Сонда, 88 бет.

лігіне қырғыз, қазақ, сарттар мен түркімендердің бір уақытта бір-лесе қимылдауы теріс әсерін тигізді.¹¹⁰

Көтеріліс патша өкіметінің отарлау саясатының табиғи нәтижесі болатын. 1916 жылғы жарлықтың астарында да осы отарлық езгі көрініс берді. «Патша өкіметі бұратана жұмысшыларды орыс жұмысшыларына қарағанда еркін пайдалануға көнбіс, «тегін» күш деп санады. «Орыс қаруының» алдында түздіктердің қауқарсыздығына сенімді болған патша әкімшілігі жұмысшыларды жинауға шұғыл кірісіп кетті»,¹¹¹ – деп еске алады Т. Рысқұлов.

Патша өкіметінің қара халықты зорлықпен майдандағы қара жұмысқа жинау әрекеті қазақ жасақтарының орыс елді мекендеріне шабуыл жасап, қарулы қақтығыстардың өршуіне соқтырды. Көтеріліске шыққан халықтың нашар қарулануы, әрі іс-қимылдардың жүйелі ұйымдастырылмауы ұрыс даласында жергілікті елді көп шығындарға ұшыратты. Қазақ, қырғыз көтерілісшілері мен орыс шаруалары қақтығысына патша әкімшілігі шенеуніктері май құя түсті. «Менің қатты қауіптенген нәрсем, – деп жазды Т. Рысқұлов өз естелігінде, – патша әкімшілігінің орыс шаруаларын қазақ жасақтарына қарсы айдап салар арандатушылығы болды, ал мұндай жағдайда көтерілісшілердің жағдайы тіпті шиеленісіп кетер еді».¹¹²

Қазақ зиялылары 1916 жылғы көтеріліс кезінде қандай позицияда болды деген мәселе соңғы уақытта жиі қозғалып жүр. Қазақстандық ғалымдар бұл мәселеге объективті баға бере бастады.¹¹³

Ғылыми-көпшілікке арналған қазіргі әдебиетке сүйенсек, Ә. Бөкейханов, А. Байтұрсынов, М. Дулатов бастаған қазақ зиялылары соғысқа жинауда асығыстық жасамау қажеттігіне патша әкімшілігінің көзін жеткізуге тырысты. Сонымен қатар, олар қазақтарды жарлыққа қарсылық көрсетуге шақырды, себебі қарусыз халық патша өкіметінің репрессиясына ұшырап, босқа қан

¹¹⁰ Сонда, 86 бет.

¹¹¹ Рысқұлов Т., Бройдо Г. Восстание казахов и киргизцев в 1916 году. Алма-Ата, 1937. С.10.

¹¹² Рысқұлов Т., Восстание в Мерке //Национально-освободительное восстание казахских трудящихся против царизма в 1916 году. (сб. восп. и мат.) Алма-Ата, 1937. С.162.

¹¹³ Қойгелдиев М. Қазақ демократиялық интеллигенциясы бірінші дүние жүзілік соғыс және 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс тұсында //Қойгелдиев М. Алаш қозғалысы, 166-214 бб.; Соныкі. Панасызға араша түскендер//Қазақ әдебиеті. 1992. 22 мамыр; Қасымбаев Ж. Қытайға кеткен қазақтардың қайтып оралуы // Қазақ әдебиеті. 1992. 30 қазан; Тәженов Ә. Он алтыншы жылғы ойран//Қазақ тарихы. 1993. №1

төгетінін жақсы білді. Үшіншіден, қазақ зиялылары Ресей соғыста жеңіске қол жеткізе қалса, ұлттық тәуелсіздікке қол жеткізерміз деген үміттен де ада емес еді.

Патша жазалаушылары көтерілісшілерді қанға бояуды бастағанда «Қазақ» газеті төңірегіне топтасқан ұлттық интеллигенция жазалаушыларға қарсы дауыс көтереді. «Көнбейміз деушінің сүйенгені жантәттілік болса, салыстырып қаралық: ...Көнгенде шаруаға кемшілік те келер, барған жігіт қазаға да, бейнетке де ұшырар, бірақ елдің іргесі бұзылмас (қазаға ұшырар деп ауру-сырқаудан болған қазаны айтамыз, әйтпесе солдат қылып алмайды, соғыстан өлмейді). Көнбегенде көретін ауырлық – бағынбай үкіметтің жарлығынан бас тартсақ, жау жағадан алғанда бас қорғап үйде қаламыз деп, мемлекетке қамшымыздың ұшын бермесек, үкімет бізге құр өкпелеп қоймас, күш жұмсар, ол күшті законге сүйеніп істер. Мұндай мысалдар болып тұрған жоқ па» – дей келіп, қала зиялылары, елдегі қайғылы оқиғаларды алға тарта отырып, көнген дұрыс деген ұсыныс жасайды. Олар тек ұсыныс айтып, қол қусырып отырмады. Мысалы, Т. Рысқұлов көтерілісшілер көп шоғырланған жерлерде жиын өткізіп, империалистік елдер арасында жүріп жатқан соғыстың әділетсіздігін айыптайды, патша өкіметінің, жергілікті әкімдердің саясатын әшкерелеп, халықты түрліше арандатушы тыңшылардан сақтандырады.¹¹⁴

Мұндай насихат, түсіндіру жұмыстарын жүргізуге басқа да оқыған азаматтар қызу қатысты. Бірақ «Қазақ» газеті төңірегіне топтасқан либералды-демократиялық интеллигенция өкілдерінің жетекшілері патша жарлығы мен 1916 жылғы Ұлт-азаттық қозғалысқа байланысты радикал интеллигенттер сияқты батыл әрекеттерге бара қойған жоқ.¹¹⁵ Қазақ зиялылары патша жарлығына байланысты туындаған бүкілхалықтық мәселеге айналған оқиғаны талқылау үшін ел ардақтыларын, сөзін елге өткізе алатын азаматтары мен белді ақсақалдарын шақырып, кеңес құруды қажет деп табады. 1916 жылы 7 тамызда Орынбор қаласында Ақмола, Жетісу, Семей, Орал және Торғай облыстары өкілдерінің кеңесі

¹¹⁴ Қоңыратбаев О. Тұрар Рысқұлов: Қоғамдық-саяси және мемлекеттік қызметі. Түркістан кезеңі. – Алматы, 1994. 21 бет.

¹¹⁵ Нұрпейісов К. Алаш һәм Алашорда ... 64 бет.

өтеді. Кеңестің жоғары дәрежеде өткендігі оның өкіметтен сұраған тілек-талаптарынан байқалады:

1) Солтүстік уездеріндегі қазақ жігіттерін келер жаңа жылға 1 январьға шейін, оңтүстік уездер халқын 1917 жылғы 15 мартқа шейін кешіктірсе екен;

2) Ең әуелі 19 бен 31 арасында жастардың үштен бірі ғана алынса екен, алғанда 19-дан бастап алуы тиіс, өйткені бұл жастағылардың көбі үйленбегендер болады;

3) Шет жерде жүргендер, егер өздері тілесе, өз елінде алынса екен, өйткені қазақ баласының жасы қашаннан дұрыс жазылған емес. Ақсақалдар оның жасын айтып, жаңа списокке кіргізер еді. Сөйткенде Һеш-кімде жәбір болмас еді;

4) Бір үйдегі шаруа басқаратын, алынатын жастағы, бір жігіт қалса екен (егер ол үйдің басқа еркектері 17-де, яки 50-ден асқан болса);

5) Алынған жігіттерді мүмкін қазір өз жеріндегі мемлекет қорғау ісіне керекті жұмыстарға қалдырса екен;

6) Алынған жігіттер өз орнына кісі тауып бере алса, қалуға ерікті болса екен;

7) Ауыл қол астына бір молда қалсын. Намаз, жаназа оқуға, туғанға ат қоюға, өлгенге иман айтуға бір ауылнай елге бір молда өте қажет;

8) Әрбір 50 үйге бір мұғалім қалсын;

9) ...Медреседегі шәкірттер қалсын;

10) Ескі тізімдер қате, оларды хәкімдер асығыс алған, түзету үшін ол тізімдер қайтарылсын, әрбір он үйден бір ақсақал шығып, ауылнай комитеті жасалсын. Бұл комитет ауылнай сход хұзырында списокты түзесін;

12) Қазақтан жұмысқа кісі алатын комиссияда болыс басы екі ақсақал болсын, олардың правосы комиссиядағы хәкімдермен бірдей болып қата орындарын көрсететін болсын;

13) Алынған жігіттер 30 кісіден қостас болсын. Бір қосқа бір тілмаш һәм он қосқа бір молда сайлансын;

14) Ауырған, сырқаған жігіттер жаралы солдаттың тәрбиесін көрсін;

15) Қызметке алынған жігіттер земство һәм шаһарлар союзының қол астында қарасын...;

16) Қызметке кеткен жігіттерге киім-кешек, азық-түлік жеткізіліп тұруға болыс басынан екі кісіге рұқсат беріліп, оларға жеткілікті тегін вагон берілсін;

17) Толымды себебі болғанда қызметтегі жігіттерге еліне барып қайтуға рұқсат берілсін...».¹¹⁶

Кеңестің қабылдаған осы құжатына оның төрағасы Ә. Бөкейханов, хатшылары ретінде О. Алмасов пен М. Дулатов қол қойған. Патша үкіметіне тапсыру үшін даярланған құжат мазмұны оны даярлаушылардың қазақ қоғамының хал-ахуалын, әлеуметтік жағдайын жақсы білетіндігін, мәселеге ұлттық мүдде тұрғысынан келгендігін көрсетеді. Мұның өзі көп жылдар бойы кеңестік идеология жан-жақты негіздеп көрсетуді көздеген қазақ оқығандары сөз жүзінде Алашшыл болып, іс жүзінде ұлттық мүддеге сатқындық жасады деген пікірді теріске шығарады.

Ұлт зиялыларының көтерісшілерге де, майдан жұмысына алынған қазақ қана емес, өзбек, қырғыз, т.б. мұсылман жігіттеріне көмегі 1916-1917 жж. «Қазақ» газетінің әр нөмірінен аңғарылады. Ә. Бөкейханов бастаған қазақ зиялылары майданның қара жұмысына алынған жігіттерге қолдан келген жәрдемдерін көрсетіп, қол ұшын созды. Бұл орайда Ә. Бөкейханов 1917 жылы 5 ақпанда Минскідегі Земскі және қала одақтары жанынан бұратаналар бөлімін ашып, оның бастығы болып тағайындалғанын¹¹⁷ айта кеткен жөн. Киевтегі оңтүстік-батыс майдан әскери бөлімдерінде қызмет ететін бұратаналар бөлімі бюросына бастық болып М. Есболов сайланды.

Бұратана бөлімдері майданға алынған жігіттерге дәрігерлік көмек ұйымдастыру, тұрмыстық жағдайларын жақсарту, азық-түлікпен қамтамасыз ету, мәдени шаралар ұйымдастыру, сондай-ақ тілмаштық көмек көрсету, елмен хабар-ошар алысуға жәрдемдесу сияқты істермен шұғылданады. Жалпы, Ресей көлемінде «бұратана» жұмысшылардың саны 250-300 мыңдай болған.¹¹⁸

¹¹⁶ Қазақ. 1916. №1972; Алаш-Орда. Сб. док., С.5-10; Брайнин С., Кафиры Ш. Очерки по истории Алаш-Орды... С.105-108.

¹¹⁷ Қойгелдиев М. Алаш қозғалысы... 200 бет

¹¹⁸ Тәkenов Ә. Он алтыншы жылғы ойран //Қазақ тарихы...57 бет.

Ал олардың ішінде қазақ жұмысшыларының саны 100 мыңның үстінде болған.¹¹⁹

Қазақ зиялыларының өздеріне көрсеткен мінсіз қызметтеріне риза болған жігіттер Ә. Бөкейханов атындағы шәкіртақы ашуға қаржы жинады. «Еркін дала» атты саяси ұйымға қаржылай жәрдем берді.¹²⁰

Қазақ зиялылары тек майдандағы жігіттерге ғана көмек көрсетіп қоймай, ел ішіндегі 1916 жылғы ойраннан кейінгі ұлттық, әлеуметтік қайшылықтардың одан әрі ушықпауына, шет елдерге босып кеткен елдің тезірек туған жеріне оралуына да өз қамқорлықтарын аямады.

Шілдеде басталған толқулар тамызда бүкіл қазақ даласын қамтып, көтеріліс қарулы қақтығыстарға ұласты. 1916 жылғы көтерілістің ең қайғылы, қырғын оқиғаларға толы жері – Жетісу өңірі болды. Себебі, патша үкіметі Жетісуға көтерілісті басу үшін аса көп әскери күш жіберген еді. Жазалаушы патша әскері 95 рота, 24 күздіктен құралып, 16 зеңбірек, 47 пулиметпен қаруланды.¹²¹

Мұндай зор күшке шыдай алмаған қарусыз халық үлкен қайғы-қасіретті арқалады. Қазақ, қырғыздардың 94 ауылы бүліншілікке ұшырады, 5373 үй өртелді, 1905 адам өлді, 684 адам жараланды, 1105 адам тұтқынға алынды. Бұдан өзге Қытай жеріне қуып тастағандардың саны – 300 мыңға таяу еді.¹²²

Көтеріліс әкелген бүліншілік Жетісудың жергілікті бұқарасы мен орыс қоныс аударушыларының арақатынасын қатты шиеленістіріп жіберді. Өшпенділік күшейіп, қарулы келімсектер тізгінсіз кетті. Жетісу облыстық статистикалық комитетінің 1913 жылғы мәліметіне қарағанда, орыс шаруалары қолында қорғаныс мақсатында өкімет тарапынан берілген 704 қару 16226 оқ-дәрі. Ал қоймалардағы, мекеме қызметкерлері мен әскери басшыларды қосқанда 7257 қару, 412.089 оқ-дәрі болған.¹²³ Қолында қаруы бар осындай қоныс аударылған шаруалар, соғыстан қайтқан

¹¹⁹ Қойгелдиев М. Алаш қозғалысы... 199 бет.

¹²⁰ «Еркін дала» ұйымын қазақ зиялыларының белгілі бір стратегиялық мақсатта құрғанын аңғаруға болады. Бірақ революциялық өзгерістер, азамат соғысы олардың бұл ойын іске асыруға мүмкіндік бермеді.

¹²¹ Елеуов Т. Установление и упрочение Советской власти в Казахстане. Алма-ата, 1957. С. 110-112.

¹²² Национально-освободительное восстание казахских трудящихся. С. 290-297.

¹²³ Махаева А. Қазақ комитеттері: құрылуы мен қызметінің тарихы... 49 бет

ақ билетті солдаттар, сондай-ақ қашқын солдаттар бейбіт елдің шырқын бұзып, ел іргесін сөкті. Қырдағы қазақтарды тонау әрекетімен айналысқан Василий Клименко деген орыс шаруасы талай рет қазына қаруына сүйеніп қарақшылық әрекет жасаған.¹²⁴

Қоныс аударылғандардың қарулы тобынан тұратын бандылар бейбіт халыққа тосыннан шабуылдар жасап, өкімет тарапынан ешбір қағу көрмеді. Оның негізгі себебі патша өкіметінің ұлттық езгіні, ұлтаралық алауыздықты өршіте түсуге мүдделі болғандығында еді.

Осындай 1916 жылғы Жетісудағы қырғынға шыдай алмай Қытайға бас сауғалап кеткен қазақ-қырғыздың онда барғасын да жағдайлары болмады. Қытай жеріне жеткенше орыс әскерлерінің талауына түскен босқындардың мал мүлкі қытай, қалмақтың тонауына тағы түсіп, «Қазақ» газетінің сол кездегі хабарына қарағанда аштықтан, суықтан босқындардың үштен екісі қырылып Құлжаның көшесі тіленді қазақтарға толып кетеді.¹²⁵ Босқын халықтың ауыр халін көзімен көрген орыс шенеуніктерінің бірі: «Қазақтар қытайлардан көрген қорлығын ұзақ уақыт ұмыта алмас»,¹²⁶ – деп жазды.

Шетелдік әдебиеттерде кейбір тарихшылардың 1916 жылғы ойранға байланысты біржақты пікірлері де байқалып қалды. Мысалы, америка тарихшысы Э.Д. Сокол: «Орталық Европа халықтарының тарихымен салыстыра қарағанда мұнда ұлттық қозғалыс күштерін шабытқа шақыратын қуатты қаламгердің жоқтығы айқын көрінді. Түркістанда «Богемия тарихын» жазып оған дейін тек бұлыңғыр аңыздар орнына халық тарихын қалпына келтіріп және сол арқылы оның тарихи сана-сезімін оятып жауынгер ұлтшылдыққа негіз сала білген өз Франтишек Палацкий болмады. Мұнда басқыншылардың табанының астында езілген неміс халқын бостандық үшін күреске шақырып азаттық шеруін тартқан өз Иогани Фихтесі де тумады,¹²⁷ – дейді. Бұл пікірмен келісуге болмайды.

1916 жылғы тарихи кезеңде, қазақ және қырғыздың тағдыры шешілер тұста, ұлтымыздың мақтанышына айналып талай дас-

¹²⁴ ҚР ОММ. 9-к., 1-т., 68-іс, 6-п

¹²⁵ Қазақ. 1917. №230, 19 мамыр.

¹²⁶ ҚР ОММ. 9-к., 1-т., 98-іс, 2-п.

¹²⁷ Есмағанбетов К. Қазақтар шетел әдебиетінде...86 бет.

танға арқау болған Амангелді, Бекболат тағы басқа батырлар елді бостандық үшін күреске шақыра білді. Ал ұлттық сана-сезімге келсек, академик М. Қозыбаев бұл мәселеге байланысты мынандай пікір білдіреді: «XIX ғ. екінші жартысы – XX ғ. бірінші ширегінде... Әлихан Бөкейхан, Ахмет Байтұрсын, Міржақып Дулат, Әлімхан Ермеке, Жұмақаспай, Мұстафа Шоқай, Мұхамеджан Тынышбай, Мағжан Жұмабай, Мұхамеджан Сералы сияқты Алаштың туын көтерген реформатор ұлдар ұлттың санасын оятты, елім деп еңіреді, халық деп қайысты, құрығы ұзын ақ патшамен де, билікке таласқан даукес большевиктермен де сайысты. Демократиялық күрес әдісімен саяси және мәдени автономия үшін күресті. Ғасыр басында «Көзіңді аш, оян қазақ, көтер басты» – деп басталатын Міржақып Дулаттың «Оян, қазағы» күрес әліппесіне айналды».¹²⁸

1916 жылғы көтеріліс Қазақстанда ұлттық, әлеуметтік қайшылықтарды шиеленістіріп жіберумен қатар елдің оқыған азаматтардың жөн сілтеулерінің дұрыстығына көзін жеткізді. Көтеріліс қазақ елінің тәуелсіздігі мен егемендігі жолындағы күрестің аса бір маңызды кезеңі болды. Осы оқиғалар барысында халық орыс әкімшілігінің шын бет-бейнесін көрді, сонымен қатар, қайғы-қасіретте елім деп еңіреген ерлерінің де азаматтық келбетін тани бастады.

Сонымен 1916 жылғы қырғынның салдарынан Жетісу, Сырдария қазақтары үлкен қырғынға ұшырап, 1917-1918 жылдары ашаршылыққа ұрынып, бірнеше мың адам аштан өлді. Олай болса, 1916 жыл оқиғасын тек көтеріліспен шектемей, жан-жақты көрсетсек, патшаға деген өшпенділік қазақ халқын Ақпан төңкерісін құшақ жая қарсы алуға жеткізгенін түсіну қиын емес.

¹²⁸ Қозыбаев М. Ата тарихы туралы сыр // Егеменді Қазақстан. 1992, 3 қазан.

ПАТШАЛЫҚ БИЛІКТІҢ ҚҰЛАУЫ, УАҚЫТША ҮКІМЕТТІҢ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ БИЛІК ОРЫНДАРЫНЫҢ ҚҰРЫЛУЫ ЖӘНЕ ҚЫЗМЕТІ

1. Уақытша үкіметтің облыстық, уездік мекемелерінің құрылуы және қызметі

Ресей империясының барлық саяси жүйесіне тән дағдарыстың салдары болып табылатын 1917 жылы Ақпан төңкерісінің нәтижесінде патша үкіметі құлатылды. Ол Ресей халықтарының, оның алдыңғы қатарлы күштерінің патша билігіне, крепостниктік құрылысқа және отарлық езгіге қарсы көп жылдық күресінің жеңісімен аяқталды.

1917 жылы 28 ақпанда М.В. Родзянконың басшылығымен Мемлекеттік Думаның Уақытша комитеті құрылып, мемлекеттік және қоғамның тәртіпті қалпына келтіруді өз қолына алғанын»¹²⁹ мәлімдеді. 2 наурыз күні Мемлекеттік Думаның Уақытша комитеті мен Петроград Кеңесінің арасындағы келісім бойынша Уақытша үкімет құрылды. Жаңа құрылған үкіметтің құрамы мен міндеттерін белгілеген декларация да осы күні жарияланды. Онда: «Азаматтар! Мемлекеттік Думаның Уақытша комитеті мүшелері астана жұртшылығы мен әскердің қолдауы, ниеттестігі арқасында қазіргі уақытта ескі режимнің қара күштеріне қарағанда анағұрлым табысқа жетіп отыр. Қалыптасқан жағдай атқару

¹²⁹ Революционное движение в России после свержения самодержавия. Сб. Документов и материалов . М., 1967 . С.404.

өкіметін құруға мүмкіндіктер туғызды. Осы мақсатта Мемлекеттік Думаның Уақытша комитеті бұрынғы қоғамдық-саяси қызметімен көзге түскен өкілдерден құрылған алғашқы кабинеттің министрлерін тағайындады», – деп князь Г.Е. Львов басқаратын кабинеттің министрлері көрсетіледі. Бұл істер бойынша рақымшылық жариялауды; сөз және баспасөз бостандығын жария етуді; ұлттық, діни және статтық шектеушіліктерді жоюды; елді басқару формасын, конституциясын айқындайтын жалпыға бірдей, жабық, тікелей дауыс беру арқылы сайланатын Құрылтай жиналысына тоқтаусыз дайындық жүргізуді; полицияны милициямен алмастырып, жергілікті өзін-өзі басқару органдарына бағындыруды және тағы басқа демократиялық негіздерді басшылыққа алатынын мәлімдеді.¹³⁰

Патшалық билікті құлатқан Ақпан төңкерісін қазақ қоғамы зор қуанышпен қарсы алды. «Қазақ» газетінің 9 наурыздағы санында: «Киіз туырлықты қазақтың оң жағынан ай, сол жағынан күн туды, жақсылық қуаныш тек қана орыстікі емес, отаны Русия болған жұрттың бәріне тегіс жақсылық, бәріне тегіс қуаныш»,¹³¹ – деп бостандық күні туғандығын жазып жар салды.

Ақпан төңкерісінің жеңісін Ә. Бөкейханов бастаған бір топ қазақ зиялылары майданға тыл жұмысына алынғандар арқасында, Минскідегі бұратана бөлімінде жүріп қарсы алды. Олар өз қуанышын елге жеткізуге асықты. Өз қуанышын Ә. Бөкейханов: «Кеше құл едік, енді бұл күн теңелдік. Қам көңілде қаяудай арман қалған жоқ. Кеше ғасырлардан бері жұрттың бәрін қорлықта, құлдықта ұстаған жауыз үкімет өзгеге қазған оры өзіне шағын көр болып, қайтпас сапарға кетті. Жүз жылдан бері халықты теңдікке жеткізу жолында ескі үкіметпен алысып, дарға асылып, оққа ұшып, басы айдауға, малы талауға түсіп жүрген сарбаздар жасымай, бірі кемісе, оны артылып, ақырында Русия қол астындағы халықтардың бәріне: дін, ұлт, тіл айырмасына қарамай азаттық әперді. Енді бүгін теңеліп, түсімізде көрмеген жақсылықты, өңімізде көріп, төбеміз көкке жетіп отыр»,¹³² – деп білдіреді.

¹³⁰ Керенский А.Ф. Россия на историческом повороте. Мемуары. М.,1993. С.147.

¹³¹ Қазақ. 1917. – № 221, 9 наурыз.

¹³² Бөкейханов Ә. Шығармалар ... 234 бет.

Майдан жұмысында жүрген қазақ зиялылары: «Ресейдегі барша халыққа ағайындық, теңдік, бостандық күні туды. Жаңа құрылған ел бағу дүкенін нығайту үшін тегі басқа барша халықтармен үйір боларға керек. Көксерлік жұмыстарың бірлік, адалдық болсын! Жер мәселесін де қозғап, тезірек қолға ала беріңдер. Біз қалайтын патшалық түрі – демократиялық республика, яғни мал өсіріп, егін салып, жерге ие боларлық түрі»¹³³ – деп М. Тынышбаев, А. Тұрлыбаев, С. Ақаев, Қ. Қожықов және тағы басқа қазақ зиялылары жаңа үкімет арқылы толық мәселелерді шешуге деген талпынысын аңғаруға болады. Мұндай талпыныстың болуы орынды да еді, өйткені Ақпан төңкерісі патша түрмелерін айқара ашып, бостандық үшін күрескерлерді қапастан шығарды.

Ол қалың бұқараның саяси құқықтарын кеңінен пайдалануына мүмкіндік жасады, олардың саяси күреске ашық араласуын қамтамасыз етті. Елдегі қоғамдық өмірде саяси партиялардың ролі орасан өсті. Төңкеріс патшалық цензураны жойды. Жұртшылық сөз және жиналыс бостандығын кеңінен пайдаланды. «Россия қазір қайнап жатыр. Саяси жағынан он жыл ұйқыда болған, патша үкіметінің сұмдық езгісінен және помещиктер мен фабриканттарға ауыр бейнетті жұмыс істеуі салдарынан саяси жаншылып келген миллиондаған, он миллиондаған адамдар оянды да саясатқа ұмтылды»,¹³⁴ – деп В.И. Ленин жаза отырып, ақпан төңкерісі саяси дамуда орасан зор қадам болғандығына мән береді.

Уақытша үкіметтің ұлттық мәселе бойынша қабылдаған алғашқы актілерінің бірі 1917 жылы 20 наурызда Ресей азаматтарының құқындағы діни наным-сеніміне, ұлтына қарай шектеушілікті алып тастауы болды.¹³⁵ Көктен іздегендері жерден табылғандай болған халық Уақытша үкіметке барынша қолдау көрсетуге даяр екендіктерін білдіріп, империяның түкпір-түкпірінен құттықтау жеделхаттар жөнелте бастады.

Петроградқа жіберілген көптеген жеделхаттардың бірінде: «Біз Өтеміс және Қарабақыр болыстарының қазақтары өзіміздің өкілдеріміз арқылы енді орыс халқы өзі үшін және Ресейді

¹³³ Қазақ. 1917. – № 223, 24 наурыз.

¹³⁴ Ленин В.И. Шығармалар толық жинағы. 31-т., 170 бет.

¹³⁵ Вестник Временного правительства. 1917. №15.

мекендеген барлық халықтар үшін бақыт пен бостандық игілігі үшін жеңіп алғанын шын қуанышты сезіммен естіп білдік және біз Уақытша үкіметке қолдан келгеннің бәрімен қызмет етуге толық даяр екенімізді әрбір қазақтың шын көңілімен мәлімдейміз. Біздің болыстық әкімдеріміз Ахмет Үменбаев пен Маметбай Жүсіповты мүлде қаламаймыз, оларды алып тастауды өтінеміз», – деп көрсеткен.¹³⁶

Қызылжар қаласы мен уезінің мұсылмандары қалалық мешітте жұма намаз күні бүкіл халыққа шаттық әкелген Уақытша үкімет мүшелеріне ұзақ өмір беріп, бақытты етуін Алладан өтініп, жаңа үкіметке адал қызмет етуге серт берді.¹³⁷

Ресей тарихында бірінші рет діни-нанымдық, нәсілдік кемсітушілікті жойылды деп, ұлттар теңдігін қағаз жүзінде болса да жария еткен бұл акт бұрынғы бұратана атанған езгідегі елдердің орыстармен терезесін тең сезінуіне жол ашты. Қазақ халқының Ақпан төңкерісін зор қуанышпен қарсы алуының мәні де осында болатын.

Ақпан төңкерісінің қазақтар үшін қаншалықты маңызды болғанын А. Байтұрсынов: «Алғашқы революцияны қазақтар тура түсініп, қуанышпен қарсы алса, ол, біріншіден, бұл революцияның оларды патша үкіметінің қанауы мен зорлығынан құтқаруында және екіншіден, оларды өзімізді өзіміз басқарсақ деген ескі үмітінің нығая түскенінде еді»,¹³⁸ – деп түсіндіреді.

Халықтың Уақытша үкіметке барынша қолдау көрсетуіне оның 25 маусым жарлығының күшін жойып, енді бұратаналарды қара жұмысқа алуды тоқтатуды, ал 7 наурызда 1916 жылғы көтеріліске қатысушыларға кешірім жариялауы¹³⁹ сияқты геноцидтік саясатты тоқтатуға қарсы шаралары да ықпал етті. Бұл жөнінде М. Дулатов: «Сары әскер» қарсылық қылған елдерге лек-легімен аттанып, қазақ-қырғыз даласын қызыл қанға бояуға аттанып кірісіп еді. Он айға жетпей патша өкіметі құламаса, Ресейдегі ұлы төңкеріс болмаса, не болар еді»,¹⁴⁰ – деп жазды.

¹³⁶ ҚР ОММ 9-к., 1-т., 7-іс, 41-п.; Қазақ ССР тарихы. 4-т. 16 бет.

¹³⁷ ҚР ОММ. 992 – к., 1-т., 3-іс, 92-п.

¹³⁸ Байтұрсынов А. Революция и киргизы \ \ Жизнь национальностей. 1919. № 29, 3 августа; Нұрпейісов К. Алаш һәм Алашорда ... 238-239 бб.

¹³⁹ Революционное движение в России после свержения самодержавия: Сб. Документов и материалов ... С.725.

¹⁴⁰ Еңбекші қазақ. 1926. 8 шілде.

Самодержавияның құлатылғаны жайлы хабарлар жергілікті жерлерге жетісімен түрлі әлеуметтік топтардың, саяси партиялардың өкілдері жоғарыдан нұсқау күтпей-ақ өздерінің қоғамдық ұйымдары арқылы жергілікті басқару органдарын құруды қолға ала бастайды. Қоғамдық негіздегі құрылған мұндай жергілікті басқару органдары: азаматтық атқару комитеті, біріккен қоғамдық ұйымдардың құрама атқару комитеті деген сияқты атауларға ие болды.¹⁴¹

Жергілікті билікті қолына алған мұндай қоғамдық негіздегі комитеттер патша өкіметінің билігі жойылған жерлерде жылдам бой көтерді. Ақпан төңкерісінің алғашқы күнінен 5 наурызға дейінгі аралықта, яғни Уақытша үкіметтің жергілікті үкімет орындарын құру жайлы қаулысына дейін 29 губерндік комитеттер құрылды. Сол кезеңде жергілікті билікті жүзеге асыруға тырысқан бұл ұйымдардың бұқарашылдығымен бірде бір қоғамдық-саяси институт тең келмеді.¹⁴²

1917 жылдың 5 наурызына дейін Қазақстанда да қоғамдық негіздегі атқару комитеттері құрыла бастады. Мәселен, 3 наурызда Көкшетауда, 4 наурызда Қызылжарда, 5 наурызда Семейде біріккен қоғамдық ұйымдардың атқару комитеттері құрылды.¹⁴³ Бұл ұйымдарға түрлі әлеуметтік топтар мен саяси партиялар мүшелікке ұмтылды. Бұл халықтың демократиялық басқару дәстүріне құлшына араласқанын аңғартады.

Ақмола облысының орталығы Омбы қаласына 4 наурызда әскери-өнеркәсіптік комитетінің, теміржол қызметкерлерінің одағы, биржалық комитеттің, тұтынушылар қоғамының және тағы басқа ұйымдардың өкілдерінен құралған қоғамдық ұйымдардың біріккен құрама атқару комитеті құрылып, төрағасы болып Филашев сайланды. Бұл атқару комитетінің негізгі функциясы Уақытша үкіметтің жергілікті билігін жүзеге асыра отырып, Қызылжар, Ақмола, Көкшетау, Атбасар уездеріндегі атқару комитеттеріне басшылық ету болды.¹⁴⁴

¹⁴¹ Андреев А.М. Местные Советы и органы буржуазной власти (1917 г). М., 1983. С.21.

¹⁴² Герасименко Г.А. Общественно-политические организации и учреждение в 1917 году // Общественные организации в политической системе России. 1917-1918 гг. М., 1991. С.19.

¹⁴³ Нұрпейсов К.Н. Становление Советов в Казахстане (март 1917 – июнь 1918 гг.) – Алматы, 1987. С.96.

¹⁴⁴ ҚР ОММ. 992-қ., 1-т., 9-іс, 8-п.

Мемлекеттік Думаның Уақытша комитеті мен Уақытша үкімет билік орындарын құру туралы 5 наурызда арнайы қаулы жариялады. Бұл қаулыда: «1. Губернаторлар мен вице-губернаторлар уақытша орындарынан түсірілсін. 2. Земство губернияларда губернатор міндетін земство басқармасының төрағалары атқара тұрсын, олар уақытша үкімет комиссарлары деп аталсын. 3. Уездерде уездік земство басқармасының төрағасы уездік комиссар міндетін атқарсын»,¹⁴⁵ – деп көрсетілді. Ал земствосы жоқ қазақ облыстары секілді жерлерде билік орындарын құру қалалық думаларға, әскери-өнеркәсіптік комитеттерге, қоғамдық ұйымдарға тапсырылды.

Жергілікті билік орындарын құруда нақты ереже болмады. Осындай жағдайда өткен комитет құру істері көп қиындықтар да туғызды. Бұл жайында сол заманның куәгері болған С. Сейфуллин: «...Ақмола қаласына келдім. Елде де, қалада да патша түскен соң, топ-топ жиналыс. Гу-гу сөздер. Күн сайын жиналыс. Күн сайын митингі. Екі күнде бір комитет сайлау. Екі жердің бірінде бюро сайлау. Мен қалаға келсем, қалалық-уездік құрама комитет сайланайын деп жатыр екен. Сайлау туралы сөз болады деп қала қазақтарының «көсемдері» медреседе жиылып жатыр екен. Мен де бардым. Медресенің бір үлкен бөлмесіне лық толған. Ортаға түскен әңгіме «не қыламыз?» – деген мәселе. Патша түскен соң, халыққа саяси ерік тиген соң, бұқара халық не қыларын білмейді. Бұл мен киліккен жиылыста «не қыламыз» деген мәселеден мынадай сөздер туған: «Елде қазір үкімет жоқ. Оған не қыламыз? Елді билеу керек. Қалай билеу керек? Бұрынғы болыстарды не қылуымыз керек? Мына қалада сайланайын деп тұрған уездік-қалалық құрама комитетке қырдағы ел атынан кісілер кіре ме? Қанша кіреді, қалай? – деген сөздер талқыға түскен. Әркім ойындағысын айтады. Әркім не қыларын білмейді. Тәжірибе жоқ, тәртіп жоқ, жоба жоқ»,¹⁴⁶ – деп көрсетеді.

Уақытша үкіметтің алғашқы кезеңінде жергілікті билік орындарын құруда нақты ережелердің болмауына елдегі соғыс жағдайы, уақыт тығыздығы және жаңа үкімет орындарындағы министрлердің тәжірибесіздігі де әсер етті. Мәселен, қаржы министрі

¹⁴⁵ Революционное движение в России после свержение самодержавия: Сб. документов и материалов... С. 422.

¹⁴⁶ Сейфуллин С. Тар жол тайғақ кешу. – Алматы, 1977. 43-44 бб.

Терещенко өз мамандығы бойынша балет қызметкері, жол тораптары министрі А. Некрасов статистика маманы, егіншілік министрі Шингарев дәрігер еді.¹⁴⁷ Уақытша үкіметтің билік орынындағы осындай кадрлар бастапқы кезінде өз қызметіндегі дәрменсіздіктерін байқатып жатты.

Құлаған патшалық үкіметтің орнына Уақытша үкіметтің басқару орындары бүкіл Ресей сияқты Қазақстанда да алғашқы кезеңде қоғамдық негізде құрылған атқару комитеттері (азаматтық комитет, құрама комитет) есебінде пайда болды. Бұл комитеттерді құруда инициатива облыс және уез орталықтарындағы орыс жұртының қолында еді, комитеттердегі басшы орындар да солардың үлесіне тиді. Сондай-ақ олардың құрамына енгендердің арасында ұлтаралық қатынас мәселесінде ескі патшалық әкімшілік көзқарасында тұрғандар, әрине, аз емес болатын.¹⁴⁸

Жергілікті халық мүддесін, ескермеу секілді ескі әдеттен арылмағандардың кертартпа әрекеттері атқару комитеттерінің құрылу барысында-ақ көрініс бере бастады. Мұндай келеңсіз жәйтті «Сарыарқа» газетіндегі «Семейдегі екі областной комитет жайынан» атты мақаладан аңғаруға болады. Бұл мақалада: «Патшалық заманның туы құлады, мемлекет билігі жалпы жұрттың қолына келді, бірақ билік қолға келгенмен мемлекет жұмысын жалпы жұрт бір жерде жиылып отырып істеп отырмақ емес, бұл міндетті іске асырып атқаратын жұрттың сенім көрсетіп ортасынан сайлап жіберген өкіл депутаттары. Осы күнгі әр жерде көбейіп жатқан комитеттер сол жұрт билігінің сәуле суреті», – дей отырып одан әрі: «5 мартта облыс билігін, әмірін атқарып тұрған Семей областной исполнительный комитет ашылды. Комитетке әр бір ұйым қауымнан екі-екі кісіден мүшелер кірді. Қазақ ішінде бұрын ұйым-қауымның жоқтығынан бұл комитетке бізден кісі алынбады»¹⁴⁹ – деп көрсетеді.

Семей облысының басым көпшілігін құрайтын 800 мың қазақ осылайша атқару комитетінен бірде бір орын тимей басшылықтан шеттетіліп, кемсітушілікке душар болды.

¹⁴⁷ Сенин А.С. Либералы у власти. История повторяется //Кентавр. 1993. №2. С.117.

¹⁴⁸ Қойгелдиев М. Алаш қозғалысы... 219 бет.

¹⁴⁹ Сарыарқа. 1917.№2. 19 маусым.

Ескі әділетсіз патшалық билік жойылып, оның орнына жаңа билік келгенімен де, қазақтар үшін ұлттық мүддені қорғап, талап-тілектерін білдіретін мемлекеттік мекемелерсіз қалу қаупі төнгендіктен Семей облысының зиялы азаматтары 7 наурызда шұғыл түрде Семей облыстық Қазақ атқару комитетін құрды.¹⁵⁰ Облыстық Қазақ комитетіне Р. Мәрсеков төрағалық етті. Жаңа құрылысты қолдау және қазақ халқын замана көшінен қалдырмау үшін ұйымдастырушылық жұмысын өз мойнына алған¹⁵¹ облыстық Қазақ комитеті қазақтарға тиесілі істерді дербес шеше бастады. Қазақ комитетінің бұл әрекетін атқару комитеті «қазақ бізден бөлінейін деп жатыр», «қазақ облыс билігінің шырқын бұзды» деген алып қашпа сөздер тарата бастады. Көп ұзамай сәуір айында өткен Семей облыстық қазақ съезі бұл мәселені арнайы талқылап, екі комитет қатар шапса, оның арты аяқтан қағысу, арбасу екенін ескеріп екі комитеттің бірігуі жөнінде шешім қабылдады. Нәтижесінде қазақтан 20 кісі облыстық атқару комитетіне мүшелікке қабылданды. Қазақ комитетіне Э. Ермеков пен Х. Ғаббасов атқару комитеті төрағасының орынбасарлары, Б. Сәрсенов хатшысы, Р. Мәрсеков пен А. Қозыбағаров төралқа мүшелері болып енді.¹⁵²

Бұл жайында «Сарыарқа» газеті: «...Басында бізді орыс ағайындарымыз есепке алмап еді, 800 мың қазаққа екі орын бермей, көбі сырты жылтыраса да іші қара болғандай еді. Біз намыстандық та, қара көрсеттік. Зарлағанда тимеген екі орын ақыры 20 орын болды. Орыспен қоныстас болғаннан бері біздің жұрттың ұлы дүбір жарысқа кез болғаны осы шығар, іске сәт азаматтар!»,¹⁵³ – деп жазды.

Семей облыстық атқару комитетінің төрағасы болып К.Н. Ляшкеевич сайланды.¹⁵⁴ Қазаққа тиесілі істерді Қазақ комитеттері өз қолына алды. Қазақ комитеттері Ақмола төрағасы (А. Тұрлыбаев), Жетісу (төрағасы И. Жайнақов), Орал (төрағасы Ж. Досмұхамедов), Сырдария облыстарында (төрағасы Ә. Көтібаров) құрылды. Ақмола облысының уездік Қазақ комитеттері-

¹⁵⁰ Сарыарқа. 1917. №2, 19 маусым.

¹⁵¹ ҚР ОММ. 15-к., 2-т., 422-іс, 43-п.

¹⁵² Сонда. 62-п.

¹⁵³ Сарыарқа. 1917. №2

¹⁵⁴ ҚР ОММ.992-к., 1-т., 10-іс, 1-п

нің басында С. Сейфуллин (Ақмола уезі), Н. Әйтпенев (Омбы уезі), Ө. Жұманов (Көкшетау уезі), С. Жанайдаров (Атбасар уезі), Жетісу облысында С. Аманжолов (Үржар), Т. Есенғұлов (Жаркент), К. Шегіров (Алматы), Сырдарияда Қасымов (Ақмешіт), Ә. Кенесарин (Әулиеата), А. Жанталин (Қазалы), Орал облысында Х. Досмұхамедов (Ойыл), Семей облысында Н. Орманбетов (Қарқаралы), Ж. Алдоңғаров (Алаш қаласы), О. Күзембаев (Кереку) тұрды.¹⁵⁵

Қазақ комитеттерінің өкілдері облыстық және уездік азаматтық комитеттердің атқару органдарына мүше болып енді.¹⁵⁶ «Қазақ» газетінің 1917 жылғы наурызындағы санында Орал қаласының ел өкілдері 10 наурызға жиналып, елдің тыныштығын, бүгіндігін сақтау үшін облыстық Қазақ комитетін ашқандығын оның өкілдері Дәулетшах Көсепғалиев, Ғабдолла Әлібеков, 2-дума депутаты Бақытжан Қаратаев Орал облыстық азаматтық комитетіне мүшелікке сайланғандығы жарияланды.¹⁵⁷

Жергілікті билікті жүзеге асыру ниетінде құрылған атқару комитеттері ескі үкімет органдарын жойып, жаңа басшылар тағайындауды да іске асыра бастады. Сырдария облысының әскери губернаторы генерал-лейтенант Корульскийдің Түркістан генерал-губернаторы А.Н. Курапаткинге берген рапортында: «Қазалыда атқару комитеті құрылып (төрағасы дәрігер Рахштейн) уақытша уездік комиссар етіп есаул Ершовты сайлады, бұрынғы уез басшысы полковник Трошкинге мекеменің іс-қағаздары мен мүлкін тапсыруды ұсынды»¹⁵⁸ – делінген.

С. Сейфуллинде: «Құрама комитет (коалиционный комитет) бұрынғы приставтарды түсіріп, олардың орнына жаңа кісілер сайланған. Крестьянский начальниктер түсірілген. Уез түсіріліп, оның орнына комиссар сайланған»,¹⁵⁹ – деп жазған.

Семей облыстық атқару комитеті: «Уақытша үкіметтің облыстағы бірден-бір жоғарғы өкімет орны. Оның шешімімен губернатор Чернцов, жандарм подполковнигі Бакуринский, полицмейс-

¹⁵⁵ Махаева А. Қазақ комитеттері құрылуы мен қызметінің тарихы (наурыз 1917 – маусым 1918 жж.): тарих ғылым. канд. авторефераты. Алматы, 1995. 16-б.

¹⁵⁶ Қойгелдиев М. Алаш қозғалысы. . . 219 бет.

¹⁵⁷ Қазақ. 1917. №222, 17 наурыз.

¹⁵⁸ ӨР ОМҰМ. И-1-қ., 31-т., 1176-іс, 68-п.

¹⁵⁹ Сейфуллин С. Тар жол, тайғақ кешу . . . 44 бет

тер Покровский және уездік начальник Петухов қызметтерінен тайдырылып, тұтқынға алынды», – деп жарияланған.¹⁶⁰

Орал облыстық Уақытша атқару комитеті 7 наурыздағы мәжілісінде әскери штаб басшысы полковник Колпаковты, Орал станциясының есауылы Лоскутовты және басқа да бұрын патшалық самодержавиеге құлшына қызмет еткен бірнеше басшыларды орнынан түсіру туралы шешім қабылдады.¹⁶¹

Қоғамдық негізде құрылған атқару комитеттерінің монархиялық төңкерісті болдырмауды көздеп ескі патшалық өкіметке қызмет еткендерді орнынан түсіріп, жергілікті тәртіпті қолға алуы бұқара халықтың қолдауына ие болды. Мұндай комитеттердің басым көпшілігі өздерін Уақытша үкімет органы деп санап, оны үкіметтің мойындауына күш салды.¹⁶²

Омбы құрама атқару комитеті Ақмола облыстық комиссар етіп И.И. Заоновты тағайындады, ал 12 наурыз күні оған дала өлкелік генерал-губернаторлығы комиссары міндетін атқаруды тапсырды.¹⁶³ Империя көлемінде 22 губерндік комитеттердің сайлауымен тағайындалды.¹⁶⁴

Жаңа құрылып жатқан комитеттердің мұндай қадамдарын «Қазақ» газеті ескере отырып, қазақ жұртшылығы комитет құру ісінен тысқары қалып, билікке араласпай қалмасын деп мынандай мағынадағы үндеу жариялады: «... Жаңа хүкімет һәр түрлі комитет жасап, жұрттың істеген ісі де ретті болатынын көздеп, ескі үкімет тұсындағы ретсіз істерді ретке түсіру үшін, халық реттелсін деп отыр. Халық реттелу үшін көңілі сергек, көзі ашық жұрттар комитет жасап отыр. Сол комитеттерді қазақтар да жасап, жұрт ісінің билігін өз қолына аларға керек комитеттер жаса-са, шенеуніктер де болыс-ауылнайлар да аяғын бұра басуы хақ. Бірақ комитет адамдары бұрынғы шеберлерден болып жүрмесін. Ондайларды халық комитетке сайласа, онда қасқырға қой терісін жауып қораға кіргізгеннен болып шығады. Жұрт осы жағы-

¹⁶⁰ ҚР ОММ 15-к., 1-т., 1678-іс, 20-п.

¹⁶¹ Маликов Ф. Февральская буржуазно-демократическая революция в Казахстане. . . С.164.

¹⁶² Баженова Т.М. Местные органы власти и управления Временного правительства на Урале в феврале-октябре 1917 г.: автореф...канд.ист.наук. М.,1977. С 11-12.

¹⁶³ ҚР ОММ.992-к.,1-т., 2-іс,1-п.

¹⁶⁴ Баранов Е.П. Губернские комиссары Временного правительства //Вестник московского университета. 1974. №5. С.66.

нан сақ болуы керек. Комитет дұрыс адамдардан болса, түрлі начальниктер бар, болысы бар, ауылнайы бар, баршасын жұрт ноқталап алады. Хакімдердің үстінен комитеттер халық үстемдік қылады.

Қазақты бәйгеге жаңа үкімет басқалармен қатар қосып отыр. Қатардағы жұрттар комитеттер түзеп, істің тізгінін өз қолдарына алғанда, қазақ комитеттер жасай алмай қарап отырса қалып қойды деген осы болады. Ескі үкімет қатардан жарамсыз деп шығарып тастағаны сонда аяқталады. Тең болсақ екен деп едік, теңгелді.

Азамат Алаш балалары! Ақсақал қария даналар болып, елдің тыныштығы бүтіндігі үшін комитетке дұрыс адамдарды сайлап, тезірек комитет жасамай, ел билігін ескілердің қолынан ала алмайсыңдар.

Комитет жасауға көлденең тұрып, кешіктіремін деушілер болса дереу облобной, ия уезной комитетке жеткізу керек».¹⁶⁵

Жергілікті жаңа билікті ұйымдастыруда империяның провинцияларындағы әкімшілік орындарының жаңа өкілдері орталықтан нақты нұсқаулар күтті. 1917 жылы наурыз айының екінші жартысында ішкі істер министрлігі жанынан жергілікті басқару ісі бойынша арнайы бөлім ашылды. Ол жергілікті жерлерде жаңа үкімет орындарын ұйымдастыруды аяқтап, оған жалпы басшылық ету мақсатында құрылды. Бұл міндетті жүзеге асыру облыстар мен уездерге жіберілген Уақытша үкімет комиссарларына жүктелді.¹⁶⁶

Батыс майдан штабы жанындағы земскі және қалалық одақтардың бұратана бөлімдерін басқарып жүрген Ә. Бөкейханов 20 наурыз күні Торғай облыстық комиссары қызметіне тағайындалды. Оның «Қазақ» газеті басқармасына дәл осы күні жіберген: «Торғай облысының комиссары болдым, 23-не шығайын деп тұрмын. Жұртқа естірт: тынышталуын сұраймын»,¹⁶⁷ – деген мазмұндағы жеделхатты газеттің 24 наурыз күнгі санында жарияланды. Қазақ елі патшалық Ресей құрамына енгеннен бергі уақытта оның бір-

¹⁶⁵ Қазақ 1917. № 223, 24 наурыз.

¹⁶⁶ Баранов Е.П. Местные органы государственного управления Временного правительства в 1917 году (губернские комиссары, земельные, продовольственные комитеты): автореф...канд.юринд.наук.,1975. С.12.

¹⁶⁷ Қазақ. №223, 24 наурыз

де-бір өкілінің империяның әкімшілік жүйесінде губерниялық, облыстық деңгейді қойғанда тіпті уезд бастығы дәрежесінде қызмет жасамағандығы мәлім. Империяның басқару жүйесінде Қазақтар болыстық атқарудан жоғарғы қызметті иемденуге тиісті емес еді. Бұл тұрғыдан Ә. Бөкейханов ескі патшалық биліктің орнына келген Уақытша үкімет жағдайында облыстық басшылыққа келген бірінші қазақ болатын.¹⁶⁸

1917 жылғы наурыз айы ішінде Орал облыстық комиссары болып Биязнов бекітілді. Ақмола мен Семей облыстары қарайтын дала өлкелік генерал-губернаторлығына мемлекеттік Кеңес мүшесі И. Лаптев жіберілді.¹⁶⁹

Уақытша үкіметтің губерндік (облыстық) комиссарлары әр түрлі партия өкілдері еді. Ішкі істер министрлігіне 1917 жылы орта шенінде келіп түскен мәліметтерге қарағанда 42 губерндік комиссарлардың ішінде 13 эсер, 11 кадет, 6 прогрессист, 5 меньшевик, 3 халықшыл социалистер, 1 трудовик және ешқандай партия мүшесі емес 2 өкіл болған.¹⁷⁰ Торғай облыстық комиссары Ә. Бөкейхановтың кадеттер партиясының орталық комитетінің мүшесі болғаны да белгілі. Ол жаңа қызметке тағайындалысымен 26 наурызда өткен кадеттер партиясының съезіне қатысты, онда сөйлеген сөзін М. Шоқай «Қазақ» газетінде жариялаған болатын.¹⁷¹

1917 жылы 23 наурызда Уақытша үкімет жергілікті басқару реформасын жасау үшін Ерекше кеңес (Особое Совещание) құру туралы қаулысын жариялады. Оның құрамына И. Блинов, В.М. Гессен, А.А. Исаев, Ф.Ф. Кокошкин, С.А. Котляровский секілді ірі заңгерлер енді. Кеңес төрағасы ішкі істер министрі князь Львов болды.¹⁷² 1917 жылы сәуір айының басында князь Львовтың губерндік комиссарларға жарлық түріндегі жедел Ерекше Кеңестің алғашқы актілерінің бірі болды. Онда:

1. Губерндік комиссар губернияда Уақытша үкіметтің билігін жүзеге асырушы болып табылады. Оған мемлекеттік құрылыста-

¹⁶⁸ Қойгелдиев М. Алаш қозғалысы ...240 бет.

¹⁶⁹ ҚР ОММ. 992-қ., 1-т., 2-іс, 5-п.

¹⁷⁰ Баранов Е.П. Губернские комиссары Временного правительства. Вестник масковского университета, 1974, №5. С. 64.

¹⁷¹ Қазақ. 1917. №224.

¹⁷² Баранов Е.П. Местные органы государственного управления Временного правительства в 1917 году (губернские комиссары, земельные, продовольственные комитеты): автореф... канд.юрид.наук. ... С.13.

ғы өзгерістерге сәйкес орындарынан түсірілген губернаторлардың заңды құқықтары мен міндеттері де жүктеледі. Қосымша нақты нұсқаулар хабарланатын болады.

2. Уездік комиссарлар сіздердің ұсынуларыңызбен немесе уездік комитеттер құрылған болса, солардың сайлауы негізінде ішкі істер министрі бекітіп тағайындайды. Олар сіздердің қол астарыңыздағы уездердегі Уақытша өкімет өкілі болып табылады.

3. Аса қажет жағдайда сіздер уездік комиссардың көмекшілерін тағайындай аласыздар.

4. Құрылған болыстық комитеттер уездік комиссарлардың бақылауында болып болыстықтарды басқарады. Ірі қалаларда уездік комитеттерге тәуелсіз қалалық комитеттер болсын.

5. Комиссарлар барлық өкілдердің қызметінің заңды болуын қадағалайды.

6. Уездік комиссарларды қызметінен босату амалсыз жағдайда ғана губерндік комиссарлардың орнына басқа кандидатураны ұсынған соң ғана, «үкімет қаулысымен жүзеге асырылады» делінген.¹⁷³ Осы және басқа құжаттардың губерндік (облыстық) комиссардың атқару комитеттері арақатынасын аңғаруға болады. Атқару комитеті комиссардың қызметін бақылай алғанымен, бірақ оның нұсқаулары мен іс шараларына араласу, немесе комиссарға кеңес бере алғанымен, бұйыруға құқы жоқ болатын.

1917 жылы сәуірде Уақытша үкіметтің қаулысы бойынша Түркістан өлкесі нақты тәртіп орнатып, күнделікті туындап отыратын мәселелерді сол жерде шешіп, өлкені басқару үшін Түркістан комитеті құрылды. Оның құрамына Мемлекеттік Дума мүшесі Н.Н. Щепкин, бірінші Дума мүшесі Ә. Бөкейханов, екінші Дума мүшесі М. Тынышбаев, үшінші Дума мүшелері С. Мақсудов, В.С. Елпатовский, А.А. Липовский, П.И. Преображенский, О.А. Шкапский және генерал-майор А. Дәулетшин енді. Комитеттің төрағасы болып Н.Н. Щепкин тағайындалды. Самарқан, Ферғана, Сырдария, Жетісу, Закаспий облыстарында және Хиуа мен Бұқара хандықтарындағы орыс поселкелеріне Түркістан комитеті Уақытша үкімет атынан билік жүргізуге өкілетті болды.¹⁷⁴

¹⁷³ Революционное движение в России после свержения самодержавия: Сб. документов и материалов. . . С. 448-449; ҚР ОММ. 17-к. , 1-т. , 4-іс, 13-п.

¹⁷⁴ ӨР ОМҰМ. 1044-к., 1-т., 37-іс, 2-п.; Вестник Временного правительства. 1917. №26, 8 апреля; Казак. 1917. №226, 15 сәуір.

М. Шоқай 1917 жылға арналған естеліктерінде Түркістан комитеті мүшелерін: «Преображенский революцияшыл партиялардан өкіл боп кірді. Липовский бір кезде Ташкент гимназиясында оқығандықтан ғана комитетке еніп кетті. Петербург адвокаттарынан шыққан Елпатовский революциядан бір жыл бұрын Түркістанға мемлекет мәселелерін шешуге, жағдайды жақсартуға емес, онай олжа табу мақсатымен келіп қайтқан болатын. Ал Шкапский жан тәнімен солшыл партия болса да комитеттің орыс мүшелерінің арасында Түркістанды жалғыз осы ғана білетін.

Генерал Абдул Әзиз Дәулетшин революцияға дейін, революция басталған соң да орыс өкіметінің құрметіне бөленген мұсылман генералдарының бірі болатын. Ол ешқандай саясатпен айналыспайтын, саясатқа қызықпайтын. Ешқандай зияны тимегені сияқты пайдасы да аз тиетін.

Садри Максудибек кадет партиясының мүшесі. Ресей мемлекеттік думасына қатысқан кісілердің ішінде ең танымалы болатын. Мұхамеджан Тынышбаев саяси көзқарасы кадеттерге жақын болатын. Оны жақсы білетіндердің сөзіне карағанда қабілетті, білгір инженер бола алған. Петербург инженерлер институтын бітіргеннен кейін саяси қызметке қадам басқан бұл кісіден Түркістан тұрғындары зор үміт күткен еді. Олардың ішінде комитет төрағасы, кадет Щепкиннен басқа көзге түсерлік бірде-бір саяси тұлға жоқ болатын»,¹⁷⁵ – деп бағалайды. Біздің пікірімізше М. Шоқай М. Тынышбаевтың қызметін бағалауда бұл жерде бір жақтылыққа ұрынған. «М. Тынышбаевтың Түркістан комитеті құрамына енуі, әрине, кездейсоқ емес-тін. Өйткені тура сол тарихи кезеңде Жетісу өлкесін М. Тынышбаевтай жақсы білетін басқа білімді адамды табу қиын еді».¹⁷⁶

Ә. Бөкейханов Түркістан комитеті құрамына енгенімен Торғай облыстық комиссары ретінде қолы босап оның қызметіне атсалыса алмады.

Уақытша үкімет комиссарлары қызметінде жергілікті билікті ұйымдастырып, кадрларды іріктеу маңызды іс-шаралардың біріне айналды.

Омбы құрамы комитеті Дала өлкелік генерал-губернаторлы-

¹⁷⁵ Шоқай М. Түркістанның қилы тағдыры. . . 135-136 бб.

¹⁷⁶ Қойгелдиев М. Алаш қозғалысы . . . 264 бет.

ғы комиссары қызметіне И.П. Законовты тағайындағаны жөнінде жоғарыда айтып өткен едік. Уақытша үкіметтің бұл өлкеге жіберген комиссары И.П. Лаптев өз қызметі барысында Омбы құрама комитетінің өлкеде беделді органға айналғандығын ескере отырып, оның Дала өлкелік генерал-губернаторлығы комиссарына И.П. Законовты сайлау туралы шешімімен келісетіндігі жөнінде 23 наурызда Мемлекеттік Кеңес төрағасына: «Омбы құрама комитеті едәуір жоғары деңгейде ұйымдастырылған беделді ұйым екенін мойындай отырып, оның Законовты өлкелік генерал-губернатор қызметін атқаруға комиссар сайлаған шешімін бекітуіңізді сұраймын. Ақмола облысына Н.И. Лепконы ұсынамын. Екеуі де лайықты кандидатура деп санаймын»¹⁷⁷ – деген мазмұнда жеделхат жолдайды.

Ішкі істер министрі бұл жеделхатты алғаннан кейін Л.П. Законов пен Н.И. Лепконың кандидатурасын бекітіп, Семей облыстық комиссары кандидатурасын да тезірек ұсыну қажеттігін хабарлайды.¹⁷⁸ Осындай пікір алмасулардан кейін өлкелік комиссар И.П. Законов облыстық атқару комитетінің төрағасы Лешкевичке уақытша комиссарлық қызметті атқара тұруды жүктеді.¹⁷⁹

1917 жылы сәуір айы ішінде Ақмола облысының уездік комиссарлары да тағайындала бастады. Атбасар уезіне Н.А. Ганин, Ақмола уезіне прапорщик Петров, Қызылжар уезіне Ясновский, Омбы уезіне подпоручик Душейн секілді кілең орыс азаматтары комиссарлыққа тағайындалды.¹⁸⁰ Осыған орай И.П. Законов ішкі істер министріне Ақмола мен Атбасар уездерінде халықтың басым көпшіліктерін қазақтар құрайтындықтан бұл уездердегі комиссарлардың көмекшілері қазақ өкілдерінен болатынын мәлімдеді.¹⁸¹

Торғай облыстық комиссары Ә. Бөкейханов өз қызметінде жергілікті жердің салт-дәстүрін, ерекшеліктерін білетін азаматтарды, әсіресе зиялы азаматтарын мемлекеттік басқару орындарына тағайындауды басшылыққа алды. Оның ұсынуы бойынша Қостанай уездік комиссары болып бірінші және екінші мемле-

¹⁷⁷ ҚР ОММ. 992-к., 1-т., 2-іс, 6-п.

¹⁷⁸ Сонда. 18-п.

¹⁷⁹ Сонда. 44-п.

¹⁸⁰ Сонда. 369-к., 1-т., 1317-іс, 148-157-п.

¹⁸¹ ҚР ОММ. 922-к., 1-т., 2-іс, 147-п.

кеттік Думалардың мүшесі Ахмед Бірімжанов,¹⁸² Торғай уездік комиссары болып Ғұмыр Алмасов,¹⁸³ Ырғыз уездік комиссары болып Тобыл округтік сотының мүшесі Ғабдолла Теміров бекітілді.¹⁸⁴

Ә. Бөкейхановтың қатысуымен 20-28 сәуір аралығында өткен Торғай облыстық орыс-қазақ біріккен съезінде¹⁸⁵ облыстық атқару комитеті сайланды. Оның төрағасына заңгер Ткаченко, орынбасары болып С. Кәдірбаев, мүшелері болып қазақ зиялыларынан А. Байтұрсынов, М. Дулатов және Н. Бегімбетов, мүшелікке кандидат болып С. Досжанов бекітілді. Съезд облыстағы ескі болыстық, ауылдық әкімшілік мекемелерін жойып, олардың орнына атқару комитеттерін құру туралы қаулы қабылдады.¹⁸⁶

Ә. Бөкейханов сонымен бірге комиссарлық қызметінде ескі билік тұсында өз қызметінде түрлі заңсыздықтар мен зорлықтарға жол берген патша шенеуніктерін тайдыру істерін жаңа билікті ұйымдастырумен қатар жүргізді. Оның ішкі істер министріне жолдаған жеделхатында мамыр айына дейінгі уақытта губернатор Эверсман, вице-губернатор Обухов, аға кеңесші Агатов, крестьянский начальниктер Битман, Куфтин, Прокопов, тілмаш Тунганчин қызметтерінен тайдырылды деп хабарлайды.¹⁸⁷

Түркістан аймағында да өлкелік генерал-губернатор Куропаткин, Сырдария облыстық әскери-губернаторы Коркульский, әкімшілік-территориялық жағынан Маңғышлақ өңіріне кірген Закаспий облысының басшысы Калмаков секілді ескі билік кезінде тағайындалған басшылар отставкаға кетті. 1917 жылы 7 маусым күні Түркістан комитеті Сырдария облысына подполковник Тризнаны, Закаспий облысына граф Доррерді, Ферғана облысына П. Щереметьевскийді, Самарқан облысына полковник Слинконы комиссар етіп тағайындау туралы шешімін бекітуді А.Ф. Керенскийден өтінген болатын.¹⁸⁸ Бұл тағайындалған комиссарлардың ішінде ескі патшалық үкіметке құлшына қызмет атқарғандар да

¹⁸² Сонда. 17-к., 1-т., 7-іс, 5-12-п.

¹⁸³ Сонда. 18-к., 1-т., 13-іс, 5-п.

¹⁸⁴ Қазақ. 1917. №223, 24 наурыз.

¹⁸⁵ ҚР ОММ. 18-к., 1-т., 5-іс, 99-п.

¹⁸⁶ Сонда. 544-к., 4-т., 35-іс, 32-п.; 17-к., 1-т., 4-іс, 66-67-п.

¹⁸⁷ Мартыненко Н. Алаш-Орда. Сборник документов. Алма-Ата, 1992.

¹⁸⁸ ӨР ОМҰМ. 1044-к., 1-іс, 15-18-п.; Победа Октябрьской революций в Узбекистане. Ташкент, 1963. Т. I. С. 129.

болды. Мәселен, Сырдария облыстық комиссары подполковник Тризна Черняев уездік басшысы қызметін атқарған еді.¹⁸⁹ Оның үстіне Түркістан комитеті мекемесінің аппараты бұрынғы генерал-губернатор басқармасының қызметкерлерінен тұрды. Олардың арасында ұлттық теңдікті мойындағысы келмейтін Ефремов секілділер аз емес болатын. Ефремов жөнінде М. Шоқай: «Бұл кісі дүниежүзілік соғыстың бастапқы кезінде Шығыс Пруссияда жеңіліп қалған орыс қолбасшысы, Түркістандықтардың қарғысына ұшыраған Түркістанның бұрынғы генерал-губернаторы Самсоновтың оң қолы, әрі жақын досы еді»,¹⁹⁰ – дейді.

Сырдария облысы комиссарлығына Тризнаның тағайындалуы Түркістан комитеті мен өлкелік қоғамдық ұйымдардың кеңесі мен жұмысшы-солдат депутаттары Кеңесі арасында кикілжіңнің тууына алып келді. Қоғамдық ұйымдардың Кеңесі мен жұмысшы-солдат депутаттары Кеңесі Тризнаны комиссарлық қызметке тағайындау демократиялық принципті аяқ асты етушілік дей отырып, оның тез арада орнынан түсірілуінен талап етті.¹⁹¹ Тризна жөнінде туындаған жанжал Қазан төңкерісіне дейін созылды. Түркістан комитетінің шешімімен Сырдария облысының Черняев уезіне Иванов, Әулиеата уезіне Иерузельский, Перовск, уезіне Преображенский, Қазалы уезіне Леонтьев комиссарлыққа тағайындалды.¹⁹² Сырдария облыстық атқару комитетінің төрағасы В.П. Наливкин, оның орынбасарларының бірі большевик Анферов, екіншісі М. Шоқай болатын.¹⁹³ 1917 жылы 25 сәуірде Түркістан комитетінің мәжілісінде 1916 жылғы көтерілістен кейін Жетісу өңірінде қалыптасқан ахуал, яғни Қытай ауып кеткен босқындардың оралу барысы, оларды орналастыру ісі, орыс-қазақ қатынасын реттеу мәселесін талқылап, көтеріліс салдарын жойып, өлкеде ұлтаралық келісім орнатумен қатар жаңа биліктің әкімшілік орындарын жасауға комитет мүшелері О.А. Шкапский мен М. Тынышбаевты іс-сапарға жіберу туралы шешім қабылдады. Түркістан комитетінің бұл мәжілісінде қабылданған қаулысы

¹⁸⁹ Алексеевков П. Национальная политика Временного правительства в Туркестане в 1917 г. //Пролетарская революция. 1928. №8. С.14.

¹⁹⁰ Шоқай М. Түркістанның қилы тағдыры...137 бет.

¹⁹¹ ОР ОМҰМ.1044-к., 1-т., 37-іс, 26-п.

¹⁹² Сонда. 133-к., 1-т 1763-іс, 4-п.

¹⁹³ Шоқай М. Түркістанның қилы тағдыры ... 141 бет.

бойынша «Тынышбаев пен Шкапскийге Жетісу өлкесінде болған кезінде Түркістан комитетінің құқығы мен міндеттерін өз мойындарына алу жүктелсін»,¹⁹⁴ – деп көрсетілді. Түркістан комитетінің билігін Жетісу облысында жүзеге асыруда М. Тынышбаев пен О.А. Шкапскийге өкілеттік беруді министрлер Кеңесінің төрағасы Князь Львов та қолдайтындығын білдірген болатын.¹⁹⁵ Жетісу облысындағы іс-сапары кезінде О.А. Шкапский әкімшілік қызметтерге адамдар тағайындау жөнінде: «Біз Тынышбаев екеуміз халықпен санаса отырып, қызметке халық ұйғарымымен сайланған азаматтарды тағайындадық»,¹⁹⁶ – дейді. Бұны Жетісу облыстық комиссарының тағайындалуынан аңғаруға болады. Осы жиналыста Прежевальск уезінің комиссарлық қызметін атқарып жүрген П.И. Щебалин қоғамдық ұйымдардың ұйғарымымен облыстық комиссарлыққа сайланды.¹⁹⁷ О.А. Шкапский 19 шілдедегі қаулысы бойынша П.И. Щебалин кандидатурасы бекітіліп, оған орынбасарлыққа И. Жайнақов пен Н.Ф. Мелешко тағайындалды.¹⁹⁸ Бұл мезгілге дейін Алматы уезіне Н.А. Бабкин, Жаркент уезіне Воробчук, Қапал уезіне М. Дудукалов, Лепсі уезіне В.В. Балабанов комиссарлыққа тағайындалған еді.¹⁹⁹ Жетісу облыстық Қазақ комитетінің төрағасы И. Жайнақов облыстық комиссардың, әрі Алматы уездік комиссардың да орынбасарлық қызметін атқарды.²⁰⁰ Жаркент уезінде де уездік Қазақ комитетінің төрағасы Т. Есенғұлов та уездік комиссардың орынбасары болып тағайындалды. Лепсіде осындай қызметте О. Әлжанов та болды.²⁰¹ Жоғарыда аталып өткен Жетісу облыстық қоғамдық ұйымдардың жалпы жиналысында облыстық атқару комитетінің жаңа құрамы сайланып, төрағалыққа Д.Д. Новак тағайындалды.²⁰² 1917 жылы маусым айы ішінде Семей мен Ақмола облыстарында атқару комитеттері құрылымдық жағынан өзгерістерге ұшырап, об-

¹⁹⁴ ӨР ОМҰМ. 1044-к., 1-іс, 174-п.; ҚР ОММ. 9-к., 1-т.

¹⁹⁵ ӨР ОМҰМ. 1044-к., 1-т., 37-іс, 51-п.

¹⁹⁶ ҚР ОММ. 9-к., 1-т., 9-іс, 56-57-п.

¹⁹⁷ Сонда 90-іс 60-п.

¹⁹⁸ Сонда 12-п.; ӨР ОМҰМ 1044-к 1-т., 3-іс., 137-п.

¹⁹⁹ ӨР ОМҰМ. 1044-к., 1-т., 2-іс, 166-п.; ҚР ОММ. 41-к., 2-т., 49-іс, 1-п.; 9-к., 1-т., 101-іс, 46-п.; 86-іс, 72-п.

²⁰⁰ ҚР ОММ. 41-к., 2-т., 49-іс, 6-п.

²⁰¹ Сонда. 9-к., 6-іс, 86-п.

²⁰² ҚР ОММ. 90-іс, 54-п.

лыстық билік мәселесін шешуде демократияландыра түсті. Маусым айының басында «Семей облысында демократиялық негізде тұрақты басқару органдары құрылғанша, облыстық Қазақ комитеті, жұмысшы және солдат депутаттары Кеңесі өкілдерінен тұратын делегаттар Кеңесі уақытша жоғарғы өкімет органы болып табылады;

– Делегаттар Кеңесі жоғарыдағы ұйымдарын теңдей өкілдері кіргізу принципі бойынша (әр ұйымнан 15 адамнан) құрылады.

– Делегаттар Кеңесінің міндетті: а) Уақытша үкіметтің іс-шараларын жергілікті орындарда жүргізу, ә) саяси және халық шаруашылық салаларында уақыт талабы тудырған барлық мәселелерді шешу, б) облыстағы мемлекеттік және қоғамдық мекемелердің демократиялық бастаулардан ауытқымауын қадағалау»,²⁰³ – деп көрсетілген болатын. Осылайша облыстағы әкімшілік және саяси билік делегаттар Кеңесі қолына көшті. Делегаттар Кеңесінің атқару комитеті – Комиссариат 9 адамнан тұрды. Оған шаруалар мен қазақтар депутаттарының Кеңесінен – Голяшев, Ляшкевич, Троцкий, Қазақ комитетінен – Х. Ғаббасов, Ә. Ермеков, Б. Сарсенов, жұмысшы-солдат депутаттарының Кеңесінен – Воробьев, Попов, Салов кірді. Комиссариаттың төрағасы болып К.П. Ляшкевич сайланды.²⁰⁴ К.П. Ляшкевичке комиссариат төрағасы ретінде облыстық комиссар міндеті де жүктелді.²⁰⁵ Семей облысына Кереку уезінде комиссарлық қызметін В. Кайдалов атқарды.²⁰⁶ Ақмола облыстық құрама комитеті де құрылымдық өзгеріске ұшырап, облыста земство мекемелері ашылғанша облыстық атқару комитеті болып қайта құрылған болатын. Оның құрамына революциялық-демократиялық Батыс-Сібір біріккен комитеті, Сібір казак әскерінің кіші әскери ұйымы, шаруа депутаттар Кеңесі және Ақмола облыстық Қазақ комитетінен 10 өкілден енді. Комитеттің жұмысына басшылық ету үшін 19 адамнан тұратын президиум сайланды.²⁰⁷ Қазақ облыстарында уездік атқару комитеттерінің құрылуы жаз айларында да жүріп жатты. Торғай облыстық азаматтық атқару комитетінің басқармасы мамыр айында Ақтөбе

²⁰³ Сонда 992-к., 1-т., 10-іс, 36-40-п.;

²⁰⁴ ҚР ОММ 33-п.

²⁰⁵ Сонда 31-п.

²⁰⁶ Сонда 369-к 1-т 7-іс, 5-п.

²⁰⁷ Чижов И.Г., Кондриков В.В Победа социалистической революции в Омской области. Омск, 1958. С. 37; ҚР ОММ. 544-к., 1-т., 59-іс, 65-п.

уезіне болыстық және поселкелік азаматтық комитеттер құру үшін И.П. Салохвалов пен Ф.П. Казанцевтен тұратын комиссияны жіберді. Осы комиссияның өкілдерінің қатысуымен Ақтөбе уезінің 2 маусымында өткен съездерінің құрамы бекітілді. Комитеттің төрағасына М.Н. Яшкин, оның серігі болып А. Қосбақов тағайындалды, басқарма мүшелері сайланды.²⁰⁸ Осылайша уездік атқару комитеттер жүйесі Қазақстанның басқа да жерлерінде құрылып жұмыс істей бастады. Алайда уездік атқару комитеттерін құруда қиындықтар, қайшылықтар да болмай қалған жоқ. Жаңа билік орындарын құруда білімді ел басқаратын азаматтардың тапшылығы да сезіледі. Мәселен Ақмешіт уезіндегі атқару комитетін құруда қазақтың білімді деген азаматтары, халық қалаулылары шақырылды. «Бірлік туы» газетінде: «Ең алғаш өзгеріс болғанда Ақмешіт қазақтары, бұл бір таныс болмаған жаңа бір жол ғой – басшы табайық деп, телеграм үстінен телеграм беріп, Пётрбордан М. Шоқай, Термезден С. Лапин, Самарқаннан Х. Ибрагимовты, учитель Табынбаевты, Қоқаннан С. Ақаевты, Әндіжаннан Қ. Қожықовты, Қармақшыдан И. Қасымовты шақырыпты»,²⁰⁹ – деп көрсетілген. Бұдан әрі газетте уездік атқару комитетінің құрылуы жөнінде: «Бұлардан Тоқаев, Қасым һәм Қожықовтан басқалары уақытымен келіп жетті. Бірақ әуелгі митингіде-ақ Лапин, Ибрагимов һәм Табынбаевтардың болмашы сөздерінен халық арасына жел кіріп» олардан һәм солардың қабатымен басқаларынан да халықтың көңілі суынып, беті ауып кетті. Ертеңіне 7-8 мың шамалы қазақ митингіге жиналып бұрыннан письменный переводчик болып тұрған Ералы Қасымовты уез исполнительный комитетіне председатель сыртынан М. Шоқаевты, С. Бергеновті, И. Басегаринді, С. Байтановты сол комитетке мүше О. Алданазаровты, учитель Есеновты, Б. Жангеевті, Б. Тасболатовты, Х. Ахмедовты бұларға орынбасар сайлады»²¹⁰ – дейді. Уездік комитеттердің құрылуындағы тағы бір қиыншылық халықтың сайлау кезінде ынтымаққа келмей, төрағалыққа таласып, берекесіздікке жол беруі еді. Ол жөнінде сол кезеңнің куәгері болған Х. Кемеңгерұлы: «Төңкерістен кейін қазақ даласы комитеттері де қысқа күнде қы-

²⁰⁸ ҚР ОММ. 17-к 1-т., 14-іс, 29-п.

²⁰⁹ Бірлік туы. 1917. №7, 29 тамыз.

²¹⁰ Сонда.

рық сайланып отырды»²¹¹ – деп көрсетеді. Мұны жоғарыда тоқталған Ақмешіт уезі комитетінің құрылғаннан кейінгі жағдайы дәлелдей түседі. Уездік атқару комитетіне енбей қалған Х. Ибрагимов пен Табынбаев өз жақтастарын жиып, комитет төрағасы Е. Қасымовқа қарсы іс-әрекетке көшіп, ақыры оны орнынан алып түсірді. «28-ші июльде Х. Ибрагимов өзін уез атқару комитетіне төраға етіп сайлап алды».²¹² Халықтың жергілікті билік орындарын құруда қараңғылығын бұрынғы атқамінер би-болыстар пайдаланып, ел билігін өз уыстарынан шығарғысы келмеді. Мұндай келеңсіз жайтты: «Біздің облыста – дейді Жетісулық тілші «Қазақ» газетінде, оқу білген кісі жоқтың қасы, аз болғандықтан ел билігі баяғы «қасқырлар» қолында қалды десек өтірік болмас... Халық тегіс қара шаруа болғандықтан комитет ашу ісі ысылған «атқамінерлерден» өз қолдарына ала алмады. Сондықтан «атқамінерлер» ескі үкімет дәуірінде қандай болса, жаңа үкімет дәуірінде сондай».²¹³ Қазақ облыстарында болыстық комитеттердің құрылуы барысында да баяғыша болыстыққа таласқандай таласып, ескі әдетке салған жағдайлар да кездесіп тұрды. Ол жөнінде «Қазақ» газетінде: «Көкшетау уезі Айыртау болысында комитет сайлауында зор талас болды. Председательдікке сайланған Ысқақ Баймұрат баласы қонақасына көп қой, бір ту бие сойып, 3 мың сом ақша шығарып, үлкен партия жасап барып сайланып шықты. Махмуд төре Уәлиханов сайлауды бұзуға жол іздеп Көкшетауға келді»,²¹⁴ – делінген. 1917 жылы сәуір айында өткен Торғай облыстық қазақ съезінің шешіміне сәйкес болыстық, ауылдық азаматтық комитеттер ұйымдастыру үшін Ақтөбе уезіне 9 адамнан, Бірғыз уезіне 9 адамнан, Қостанай уезіне 12 адамнан, Торғай уезіне 6 адамнан тұратын комиссиялар құрылды. Бұл комиссия болыстық комитеттерді ұйымдастыруға жан-жақты көмек көрсетіп, сайлаудың дұрыс өтуін бақылауға алды. Ақтөбе уезіне С. Досжанов, И. Ермұратов, Ж. Кенжебаев, Е. Өтемісов және тағы басқа құралған комиссия келіп 3 маусымға дейін 14 болыста болыстық комитет, 3 ауылдық комитеттің құрылуының басы-қасында болды. Бұл мерзімге шейін Бірғыз уезінде де 15 болыстық комитет

²¹¹ Кеменгерұлы Х. Қазақстан тарихынан. М., 1924. 59 бет

²¹² Бірлік туы. 1917. №7

²¹³ Қазақ. 1917. №236,14 шілде.

²¹⁴ Сонда. 1917. №235.

құрылып, қызметіне кірісе бастаған болатын.²¹⁵ Егер де мемлекеттік құрылыс түрінің өзгеруін (монархиядан республикаға өтуді) қазақ қауымының барлық топтары қолдаған болса, жергілікті әкімшілікті (болыстар мен ауылнайларды) ауыстыру соңғылардың тарапынан белгілі дәрежеде қарсылыққа кездесті. Болыстар мен ауылнайлар (старшындар) билік пен байлыққа кенеліп отырған қызметтерінен ерікті түрде айырылғылары келмеді. Көптеген бұрынғы болыстар мен ауылнайлар жаңадан сайланған ауылдық атқару комитеттеріне мөрлері мен іс-қағаздарын өткізуден бас тартты. Бұған Торғай облыстық комиссары Ә. Бөкейханов әкімшілік аппараты арнайы жарлықпен тыйым салды, басқа сөзбен айтқанда Ә. Бөкейханов өзі басқарған өңірде Уақытша үкіметтің шығарған заңдардың орындалуын бірінші кезекте талап етті. Жаңа республиканың мемлекеттік жергілікті органдарын қалыптастыру жөніндегі Уақытша үкіметтің облыстық және уездік әкімшіліктерінің осындай іс-әрекеттері халық бұқарасы тарапынан қолдау тауып отырды. Ауыл тұрғындары мемлекеттік құрылыс ісіне осылайша біртіндеп тартыла бастады.²¹⁶ Тағы да айта кететін бір жайт, маусым айына қарай талас-тартыстың көп болғандығы салдарынан тіпті ауылдық комитеттер сайлай алмаған елді мекендер де көп еді. Ал ауылдық комитет, болыстық сайланбай уездік комитеттер сайланбайтыны мәлім. Бұл кезде аралас уездегі орыс жұрты өздерінің азаматтық комитеттерін сайлап алып қойған еді. Соған байланысты қайсыбір уездерде уездік комитет сайлауына қазақ жұрты өз өкілдерін жібере де алмаған болатын. Уездік комитеттер болса, ел жұмысы жиі түсетін орын, демек екі жақтың өкілдері тең болған жағдайда ғана оның қызметінде дау-дамай аз болмақ еді.²¹⁷

2. Азық-түлік комитетінің қызметі

1917 жылдың қарсаңында ауылшаруашылық өнімдерінің төмендеуі, мал басының кемуі, әрі бірінші дүниежүзілік соғыс зардабы орталықта да, оның Қазақстан секілді шеткері аймақтарында да азық-түлік дағдарысын туғызды. Ақпан төңкерісінен

²¹⁵ ҚР ОММ.17-к., 1-т., 14-іс, 113-п.

²¹⁶ Нұрпейісов К. Алаш һәм Алашорда ... 91-92 беттер.

²¹⁷ Қойгелдиев М. Алаш қозғалысы ... 236 бет.

кейінгі кезеңде мемлекеттік деңгейде жүргізілген іс-шаралардың ішінде басшы мәселенің бірі халықты азық-түлікпен қамтамасыз ету ісі болды. Ескі өкімет астықтың бөлігін әскерді қамтамасыз етуге жұмсап, 1917 жылдың ақпан айында елдегі астық қорын бар жоғы 30 күнге ғана жететіндей жағдайға әкеліп тіреген болатын.²¹⁸ Торғай облысында 1913 жылдан 1915 жылдар аралығында егістік көлемі 568.445 десятинаға қысқарып, мал саны осы кезде 259.755 басқа, ал бір ғана Орал облысында 1917 жылға қарай 391.171 басқа кеміген.²¹⁹ Түркістан өлкесінде соғыс қажетіне деп 70.000 жылқы, 12.737 түйе алынды.²²⁰ Қазақ үшін жүрсе – көлік, кесе – киімі, ішсе – тамағы болатын мал басының азаюы елді аштыққа ұрындырды. Халық арасындағы аштық – өлке экономикасының негізгі саласы ауылшаруашылығының күрт төмендеуінің басты көрінісі еді.²²¹ Ақпан төңкерісі қарсаңында бағаның шарықтап өсуі, ел ішінде алыпсатарлықтың етек алуы, ең керекті тұрмыс заттарының зәрулігі – бәрі қосылып, халықтың тұрмыс жағдайын бұрынғыдан да ауырлатып жіберді. Түркістан өлкесінде 46.5 мың пұттан астам астық жетіспеді.²²² Соған орай бидайдың бағасы 2-3 есе ғана көтерілді.²²³ 1917 жылы Алматыда бір нан 6 сом, ал қой 12 сом болды.²²⁴ Оның үстіне 1916 жылғы қатал қыспен 1917 жылғы көктемдегі құрғақшылық мал шаруашылығымен айналысатын халықты құралақан қалдыру қаупін төндіре бастады. Өлкеге Орынбор өңірлерінен жеткізілетін астық ендігі жерде армия қажеттерін өтеуге жіберіліп жатты. Елдегі қалыптасқан азық-түлік дағдарысынан шығуда Уақытша үкімет кейбір кер-тартпа күштердің наразылығына қарамастан, астық өндіруді мемлекет қарамағына алуды ұйғарып, бүкіл астық өнімдеріне мемлекеттік монополия орнатуды көздеді. Экономика салаларының тоқыраушылығы мен бұғаудай қысқан инфляция жағдайын пайдаланып мол пайда тауып отырған астық иелеріне жаңа үкімет-

²¹⁸ Сидоров А.Л. Экономическое положение России в годы первой мировой войны. М., 1973. С. 492.

²¹⁹ Елеуов Т. Установление Советской власти в Казахстане. Алма-Ата, 1957. С.14.

²²⁰ Иноятов Х.Ш. Победа Советской власти в Туркестане. М., 1978. С.40.

²²¹ Турсунбаев А. Казахский аул в трех революциях. Алма-Ата, 1967. С.163.

²²² Семенов В.А. Продовольственный кризис в Туркестане в 1917-1918 годах и его преодоление // Общественные науки в Узбекистане. 1989. №12. С.34.

²²³ Бірлік туы. 1917. №14, 18 қараша.

²²⁴ ҚР ОММ.9-к., 1-т., 73-іс., 3-п.; 22-іс., 17-п.

тің бұл бағыты ұнай қоймады. Соған орай Уақытша үкіметтің бір жақты шешім қабылдауы созылып та кетті. Әйтсе де, халық революциялық өзгерістер екпінімен орталық аудандарда ескі патшалық биліктің азық-түлік органдарын жойып, өз беттерінше азық-түлік комитеттерін құруды қолға ала бастады. Оның үстіне Уақытша үкіметтің билік орындарында елдегі жағдайды «кең демократиялық азық-түлік органдары» ғана түзейтініне сенім қалыптасты.²²⁵ Халықтық мұндай бастамадан кешігіп қалмау ниетінде Мемлекеттік думаның Уақытша комитеті 2 наурызда жұмысшы депутаттарының Кеңесімен келісе отырып, мемлекеттік деңгейдегі азық-түлік ісіне басшылық ету үшін азық-түлік комиссиясын құрды. 3 наурыз күні Мемлекеттік думаның Уақытша комитетінің төрағасы М.В. Родзянко мен азық-түлік комиссиясы мүшелері атынан барлық губернияларға жеделхаттар жөнелтіп, губерндік (облыстық) азық-түлік комитеттерін құруды ұсынды. Азық-түлік комитеттерін құру земство басқармаларына, ал земствосы жоқ Польша, Прибалтика және Қазақстан сияқты елдерде қалалық думаларға тапсырылды. Бұл жеделхат арқылы жіберілген нұсқауда: «... Губерндік азық-түлік комитеті өз ортасынан төраға және оның орынбасарларын сайлайды. Комитет төрағасы өзіне азық-түлікті даярлау мен үлестіру ісімен шұғылданатын көмекшілерін тағайындады. Губерндік комитеттерге: 1) губерниядағы азық-түлік ісіне жалпы басшылық ету, 2) Орталық өкіметтің армия мен халық қажетін өтеу үшін берілген нұсқауларын орындау жүктелді. Губерндік азық-түлік комитеттеріне демократиялық негізде уездік және облыстық жергілікті комитеттер құру ісі де тапсырылды»²²⁶ – деп көрсетілді. Осы нұсқауларға сәйкес Жетісу облыстық азық-түлік комитеті Алматы қалалық думасының мәжілісінде 8 наурызда құрылды. Облыстық азық-түлік комитетіне 26 адам мүшелікке өтіп, төрағалыққа С.Р. Корсақ, орынбасарлыққа И.А. Квятковский, хатшылыққа Р.И. Аболин сайланды. Уездік және облыстық комитеттерді құруды ұйымдастыру үшін арнайы комиссия құрылды. Бұл комиссияға халықты жергілікті комитеттер құру ісін қолға алуға шақыратын орыс және қазақ тілдерінде үндеу текстін даярлау ісі де

²²⁵ Волобуев П.В. Экономическая политика Временного правительства. М., 1962. С.398-399.

²²⁶ ҚР ОММ. 9-к., 1-т., 22-іс, 70-п.; Революционное движение в России после свержения самодержавия: Документы и материалы. М., 1957. С.413.

тапсырылды. Даярланған үндеу барлық елді мекендерге таратылатын болды. Облыстық азық-түлік комитеті өз құрамын толықтыра түсу мақсатында қаланың атқару комитетінен және жергілікті мұсылман халқы өкілдерінен өз делегаттарын жіберулерін өтінуі керектігі жөнінде қаулы қабылдады.²²⁷ Бұл облыстық деңгейдегі құрылған азық-түлік комитеті құрамына сәуір айында өткен Жетісу облыстық қазақ-қырғыз съезінің атынан Ғ. Дүйсенбаев, М. Ысмайлов, М. Сүлейменов, Ғ. Ордабаев, Қ. Шегіров, И. Жақыпбаев, С. Ниязбеков, Т. Байгереев, С. Халықов, И. Даулетбеков және К. Сыртанов қабылданды.²²⁸ Қазақ облыстарының басқа жерлерінде азық-түлік комитеттерінің құрылуы Уақытша үкіметтің 25 наурыздағы арнайы қаулысынан кейін жүзеге аса бастады. Уақытша үкімет астыққа мемлекетті монополия орнату мақсатында 25 наурызда «Астықты мемлекет қарамағына өткізу жөніндегі заңын» қабылдады. Осы заңға сәйкес «Астықты мемлекет қарамағына өткізу және азық-түлік органдары жөнінде» деген қаулы жарияланды. Енді азық-түлік мәселесі осы қаулыға сәйкес заңды түрде шешімін табатын болды. Бұл қаулы бойынша Закавказье мен Түркістан аймағынан басқа жерлердің бәрінде астық өнімдері есепке алынып, артық өнімдердің бәрі нақты бағамен мемлекетке тапсырылуы міндеттелді және азық-түлік комитеттерінің мақсат-міндеттері нақты түрде айқындалды. Халықпен армияны азық-түлікпен қамтамасыз ету ісі жалпы мемлекеттік деңгейдегі азық-түлік комитетінің төрағасы ретінде Егіншілік министріне жүктелді. Егер жергілікті азық-түлік комитеттері осы қаулы шыққанға дейін, халықтық бастамамен немесе 3 наурыз нұсқауына орай құрылған болса, онда олар ендігі жерде «Азық-түлік комитеттері жайлы Уақытша ережені» басшылыққа алуы тиіс болды.²²⁹

«Азық-түлік комитеттері жайлы Уақытша ережеде» жергілікті комитеттерге жүктелген міндеттер былайша көрсетілді:

«Губерндік немесе облыстық азық-түлік комитеттеріне:

1. Губерниядағы (облыстағы) азық-түлік ісіне жалпы басшылық жасайды.

²²⁷ ҚР ОММ. 9-к., 1-т., 22-іс, 11-п.

²²⁸ Сонда. 18-п.

²²⁹ Вестник Временного правительства. 1917. №20, 30 марта.

2. Жалпы мемлекеттік азық-түлік комитетінің төрағасы ретінде Екіншілік министрінің халық пен армияның қажетін өтеу үшін берген нұсқауларын орындайды. Халықты азық-түлікпен қамтамасыз ету жағдайы жайлы мәліметтер жеткізіп отырады.

3. Ауылшаруашылық өндірісін және жергілікті тұрғындарды азық-түлікпен қамтамасыз ету ісін ережеге сәйкес ұйымдастырады.

Уездік азық-түлік комитеттеріне:

1. Уездегі азық-түлік пен күнделікті тұтыну заттары қаншалықты екенін айқындайды.

2. Астық пен жемшөп дайындауды ұйымдастырады.

3. Азық-түлік пен күнделікті тұтыну заттарын жергілікті тұрғындарға бөлуді қадағалайды.

Болыстық комитеттер:

1. Болыста астық пен жемшөп қаншалықты екенін айқындайды.

2. Астық пен жемшөп даярлайды.

3. Астықты жинау мен қабылдауды ұйымдастырады.

4. Астықтың тасымалдануын қамтамасыз етеді.

5. Жергілікті тұрғындардың санын, егін салатын жер көлемін және санын есептеп мемлекет пайдасына қаншалықты тамақ өнімдерін алуға болатынын айқындайды.

6. Азық-түлікті, тұтыну товарларын жергілікті тұрғындарға бөледі».²³⁰

25 маусымдағы қаулыда Түркістан өлкесінде астыққа мемлекеттік монополия енгізілмейтіндігі арнайы көрсетілді. Бірақ, астыққа мемлекеттік монополия орнатудағы негізгі тұтқа болып саналған азық-түлік комитеттері Түркістан өлкесіне қарасты Жетісуда бұл қаулыға дейін облыстық деңгейде құрылған еді. Сәуір айына дейін Лепсіде (төрағасы Г.А. Балбанов), Қапалда (төрағасы П.И. Кузнецов), Жаркентте (төрағасы Г.А. Свистунов), және Бішкекте (төрағасы И.П. Ходаев) уездік азық-түлік комитеттері құрылды. Түркістан өлкесінің (Ферғана, Сырдария, Самарқанд, Закаспии) басқа облыстарында облыстық деңгейдегі азық-түлік комитеттері сәуір айы ішінде құрылып, қызметтеріне кірісе бастады.²³¹

²³⁰ ҚР ОММ 9-қ., 1-т., 22-іс, 18-п.

²³¹ Сонда. 16-п.

1917 жылы маусым айында мемлекеттік деңгейдегі азық-түлік ісіне басшылық ету Егіншілік министрі қарамағынан алынып, астыққа мемлекеттік монополия орнатудың нағыз жақтаушысы азық-түлік министрі А.В. Пешеконовқа тапсырылды.²³² Азық-түлік министрі Түркістанда өлкелік деңгейдегі де азық-түлік комитетін құруды қолдады.²³³ Осыған орай 6 маусымда солдат, жұмысшы депутаттарының Кеңесі және басқа да қоғамдық ұйымдардың өкілдері қатысуымен өткен Түркістан комитетінің өлкелік азық-түлік комитетін құру мәселесін қарастырды. Ал, 12 маусым күні Ташкент қаласында Түркістан комитеттерінің ұйымдастыруымен өткен қоғамдық ұйымдардың біріккен жиналысында өлкелік азық-түлік комитетінің ережесі қабылданып, комитет басқармасы (төрағалыққа Ф.Н. Добкевич, орынбасарлыққа М.М. Булатов, мүшелікке П.А. Дюбург, А.К. Адамов және т.б) сайланды.²³⁴

Түркістан өлкелік азық-түлік комитеті Түркістан өлкесіндегі жоғары азық-түлік органы болып табылды. Бұл комитеттің ережесінде: «Түркістан өлкелік азық-түлік комитеті өз қызметінде жалпымемлекеттік деңгейдегі азық-түлік комитетінің төрағасы ретінде азық-түлік министрінің бұйрықтары мен нұсқауларын басшылыққа алады»,²³⁵ – делінді.

Қазақ облыстарында азық-түлік комитеттерін құруда белсенділікті орыс жұрты қолына алды, комитеттердегі басшы орындар да солардың үлесіне тиді. Олардың арасында ескі патшалық әкімшілік көзқарасты жақтайтын, ұлттық теңдікті мойындамақ түгіл түсіне де алмайтын ұлыдержавалық пиғылды қызметкерлер аз болған жоқ.

Семей облыстық азық-түлік комитеті құрылғанда облыстағы халықтың төрттен үшін құрайтын қазақ халқынан бірде-бір өкіл алынбады. Сондағы сылтаулары «біз бәрібір ұйымнан ғана өкіл кіргіземіз, сіздерде ұйым жоқ»²³⁶ – дегені болды. Бұл іске облыстық қазақ комитетінің араласуымен облыстық азық-түлік комитетіне А. Қозыбағаров мүшелікке қабылданды.

²³² Волобуев П.В. Экономическая политика Временного правительства. С.422.

²³³ ОР ОМҰМ. 1044-қ., 1-т., 16-іс, 96-п.

²³⁴ Сонда. 238-п.

²³⁵ Сонда. 102-п.

²³⁶ Сарыарқа. 1917. №9

Қарқаралы уезінде Н. Орманбетов басқарған Қазақ комитеті уездік азық-түлік комитеті басқармасына Ж. Ақбаевты енгізді.²³⁷ Ел ішіндегі осындай ахуалға сын көзбен қарай отырып, «Сарыарқа» газетінде: «... жұрттың іздегені қаладан алатын кездеме, былғары, ұн, май, қант. Пұттың кезі теңгеден асып, былғары, ұн, қант, шай табылмай, табылса нардың пұлын сұрап: қазақтың көбі тістеп, шай ішпегелі, арбалап астық ала алмағалы, шытырлатып киім кие алмағалы екі жыл болды. Жұрт жалаңаш отыруға таянды. Жалаңаш отырған қазаққа құр сөзден бөз артық: енді жұрттың азық-түлік кездеме, былғары аларлық жерін айталық.

Семейдегі обласной азық-түлік комитеті халықтың мұң-мұқтажын өтеу жұмысын қолына алып отыр. Сол сықылды һәр уезде, һәр болыста азық-түлік комитеттері ашылмақ. Бір ояз елдің азық-түлік, керек-жарағы сол уезде комитеттердің қолында болып, өз оязының халқына волостной азық-түлік комитеттері арқылы керек-жарағын, үлесін беріп отырмақ. Жетпеген нәрсесін обласной азық-түлік комитетінен алып жеткізбек.

Міне жұрт! Азық-түлік комитетін ашу өз қолында»,²³⁸ – деп комитеттерді құруда белсенділік танытуға шақырады.

Жетісу облысы Үржар уезінде азық-түлік комитеті ашылғанда да жергілікті халық өкілдерін комитет құрамына алмай, осындай жөнсіздік танытты. Қалыптасқан осындай жағдайда уездегі жергілікті мұсылман халықтары өз мүддесін қорғау үшін мұсылман фракциясын құрып, азық-түлік комитетіне С. Аманжолов, Ғаббасов, Көшкінбаев, Абдурашидов, Мұхамеджанов сияқты азаматтарды өткізді.²³⁹

Ақмола облыстық азық-түлік комитеті Ақмола қалалық думасының жиналысында 7 тамызда құрылды. Қаладағы әртүрлі қоғамдық ұйымдардан 21 адам мүшелікке өтіп, облыстық Қазақ комитетінен С. Омаров сайланды.²⁴⁰ Ал, осы облыстың Омбы уездік азық-түлік комитеті Сібір казактары әскери басқармасының, шаруалар депутаты Кеңесі және Ақмола уездік Қазақ комитетінің мүшелері Е. Мұқышев, О. Жүсіпов кірді.²⁴¹

²³⁷ ҚР ОММ. 15-к., 1-т., 430-іс, 45-п.

²³⁸ Сарыарқа. 1917. №5, 15 шілде.

²³⁹ ҚР ОММ. 9-к., 1-т., 22-сі, 83-п.

²⁴⁰ Сонда. 544-к., 1-т., 54-іс, 28-п.

²⁴¹ Слова трудового крестьянства. 1917. 28 мая.

Қазақ облыстарында азық-түлік комитеттерінің құрылуы қазан айында жүріп, өз қызметіне кеш кірісті. Мәселен, Торғай облысының Ырғыз уездік азық-түлік комитеті 26 қазанда құрылды. Комитет басқармасына төрағалыққа Ш. Үдербаев, орынбасарлыққа С. Тоқалов, мүшелері болып К. Өтепбергенов, Т. Шананов және тағы басқалары сайланды.²⁴²

Болыстық деңгейдегі азық-түлік комитеттері құрылуы барысында кейде сол маңдағы қазақ пен орыс жұрты бір аудандық комитеттерге біріктіріліп отырды. Мәселен, Өскемен уезінің Нарын өлкесінде «казактардың 4 поселкасы, 6 мұжык, 5 қазақ болысы» біріккен аудандық комитет ашты.²⁴³

Мұндай аудандық комитеттердің ашылуы кезінде жергілікті халықты комитетке қабылдамау, тіпті оларды аудандық комитет есебіне алмау секілді оқиғалар да кездесіп тұрды. Жетісу облысының Алматы уезіндегі Ұзынағаш қазақтары Казанско-Богородский аудандық, ал қала маңындағы қазақтар Больше Алматинский аудандық азық-түлік комитеттеріне біріктірілгенде бұл өңірдегі казактар төрт ай бойы казактарды комитет құрамына енгізбей, тиесілі үлестерінен құралақан қалдырды. Облыстық Қазақ комитетінің төрағасы И. Жайнақов Жетісу обыстық азық-түлік комитетіне жолдаған қағынас қағазында: «Қазақ өкілдерін аудандық азық-түліксіз қалғанын, казактар үшін аштық апатының төніп тұрғанын аңғартады», – деп көрсете отырып, казактардың жөнсіз әрекеттеріне тиым салуды өтінді.²⁴⁴

Осындай біріккен аудандық азық-түлік комитеттеріндегі келеңсіз жағдайды өскемендік Ж. Жайсанбаев деген тілші «Сарыарқа» газетінде былай деп жазды: «...Біздің Өскеменде неше жерде азық-түлік комитеттерін орыс пен бірігіп ашушылар көп. Орыспен біріккен жерде еселі сыбаға тең тимей есімізден айырылып һәм кейде көпшілікке қолайсыз болғаны көп.

Бөкен һәм Құлжын деген екі болыс ел Самар поселкесінде орыспен бірігіп азық-түлік комитетін ашпақ болып жатқанымызда комиссар Сәрсенбаев келді. Мәжіліс председателіне орынбасар сайланған комиссар Сәрсенов сырқап түскен, түскен

²⁴² ҚР ОММ. 17-к., 1-т., 23-іс, 192-п.

²⁴³ Сарыарқа. №11.

²⁴⁴ ҚР ОММ.9- к., 1-т., 86-іс, 410-п.

үйіне қайтып бара жатқанда «Егер орыстармен қосылып азық-түлік комитетін ашу шаруаларыңызға жайсыз болса, бұрынғыдай зорлықпен көндіру жоқ. Бөлек комитет жасауларыңызға болады»,²⁴⁵ – деді. Сәрсенов түскен үйіне қайтқан соң, орыстардың бізді еске алып есепке тұтпайтын түрін көрген соң, келісе алмай шығып, Сәрсеновке келіп, бізді бөлек комитет қылып бер деуі, бізді бөлек комитет қып берді.²⁴⁶

Азық-түлік комитеттерінің қызметіне бақылау жүргізу ісі және оған қолдау көрсету Уақытша үкіметтің жергілікті билік орындарының басты міндеттерінің біріне айналды. Сондықтан, жергілікті азық-түлік комитеттері өзінің қызметіне қатысты қабылдаған шешімдері жөнінде және атқарған істері жайында билік орындарын хабардар етіп отыруы тиіс болды.²⁴⁷

Құрылып жатқан азық-түлік комитеттеріне халық сеніммен қарап, оған қолдау көрсетуі үшін маусым айында Жетісу облыстық комиссары мен қоғамдық ұйымдар Кеңесі атынан: «...Азық-түлік комитеттері Уақытша үкіметтің ресми ұйымы, сондықтан оған біз сеніммен қарап, көмек көрсетуіміз қажет. Олар барлығымызға қызмет көрсету үшін құрылған ұйым. Бұл комитеттердің басты міндеті тұрғындар арасында азық-түлікті бөлу.

Азық-түлік комитеттері астықты немесе тағы басқа өнімдерді реквизициялағанда бәріміздің мүддеміз үшін жасайды. Ерте ме, кеш пе, біз оның қызметіне риза боларымыз сөзсіз»,²⁴⁸ – деген үндеу жарияланды.

Азық-түлік комитеттерінің халық қажеттерін ескеруі халықтың санына қарай үлесін әділ алуы, кейбір пысықтардың елдің үстінен күн көруіне жол бермеу секілді істерге Уақытша үкіметтің билік орындарының араласуы өте қажет болатын.

Елдің азық-түлікке зәрулігін пайдаланып, кей жерде қолында астығы бар орыс шаруалары алдын ала қазақтардан көп ақша жинап алып, кейін азық-түлік комитетінің бұйрығы сата алмаймын деп, не уәделі астығын бермей, не ақшасын қайтармаған ауыр жағдайлар да кездесіп тұрды.²⁴⁹

²⁴⁵ Сарыарқа. №9.

²⁴⁶ Сарыарқа. № 9.

²⁴⁷ ҚР ОММ.9- к.,1-т., 86-іс, 410-п.

²⁴⁸ Сонда. 28-іс, 180-п.

²⁴⁹ ҚР ОММ. 22-іс, 393-п.

Азық-түлік комитеттеріне лауазым қорғау, пайдакүнем атқамінерлер де еніп комитеттің жұмысына кедергі жасап бақты. Ондайлардың іс-әрекеті жайында «Бірлік туы» газеті былай деп жазды: «Ел арасындағы азық-түлік комитеттерінде арамдық көп. Комитетке сайланған елдің атқамінер мырзалары ұят, иманнан безіп жатыр. Бұлардың аштан қырылайын деп отырған жұрт халқында қайғылары жоқ. Бар ойлары – қара бастары. 28-ші сентябрьде осындай арамдығы тақырыпты қоңырат ішінде бабалары датқа болған Мейірбек азаматтың бір саласы төрт жолдасымен бірге абақтыға жабылды. Бұрынғы заман болса, мұндай сасықтар бықсып жата берер еді. Енді, жақсы-жаманды ашып тұрған жаңа заманға тәңір жарылқасын-ау».²⁵⁰

Қазақ комитеттерінің азық-түлік басқармаларына өз өкілдерін енгізіп, ұлт тізгінін қолға алуға жасаған батыл қадамдары отаршылдықтың уытымен уланғандарға ұнай қоймады. Азық-түлік басқармаларының бұрын бұратана атанған халықтың өкілдерін көру оларға өзгенің тасы өрге домалағандай, ал өздері езгіде қалғандай көрінді. Ескі дәстүрдің кілті бұзылғанына іштері ашыды. Ендігі жерде қолдан келсе, аяқтан шалып, Қазақ комитеттері енгізген өкілдерді басқармадан ығыстыруға әрекеттене бастады. Ескі мен жаңаның арпалысқан кезінде қазақ халқының азық-түлік комитеттерінен тиесілі үлестерін алып беру көп жағдайға айтыс-тартыс, дау-жанжалмен қоса жүрді. Оның қаншалықты қиынға соққанын Қарқаралы уезіндегі азық-түлік комитетіндегі ахуал дәл көрсетіп берді. Мұны Қарқаралыдағы казактар мен казак әйелдерінің З.В. Чернов төрағалығымен өткен жалпы жиналысының үкімінен аңғаруға болады. Онда «... Орыстар дүние мүлкінің түгелдігіне емес, казактар мен орыс тұрғындары сенбейтін кілең казактардан және оларды жақтаушылардан тұратын азық-түлік басқармасына қарайтын азық-түлігі үшін алаңдаушылық танытады. Бұл басқарма Ақбаев жетекшілік ететін Қазақ комитеті нұсқауымен жұмыс істейді. Бұл жерде айта кету керек, казактардың беделі Қарқаралыдан асып, Семей комиссариатынан асып, өлкелік комитетке дейін барды.

Қазіргі таңда казактар мен орыс халқы қалыптасқан жағдайды өзгерте алмаған әлсіздігіне, аштыққа бетпе-бет келгендігіне маза-

²⁵⁰ Бірлік туы.1917. №12.

сызданып отыр. Казактардың мазасының кетуінің тағы бір себебі, мүддемізді қорғаушылар казак жетекшілерінің тарапынан соққы көруінен де болып отыр.

Казактар өзінің азаматтық міндетін атқармайтын, әскерге бармайтын, салық төлемейтін, бірақ өкімет билігіне ұмтылатын қараңғы казактар тарапынан қысымшылық көруде. Тек біздің казак әскери билік орындарының араласуы ғана бұл жердегі жағдайды өзгерте алады»,²⁵¹ – делінген.

Сібір казактарының әскери басқармасының төрағасы казактардың бұл «ауыр жағдайымен» танысып, Дала өлкелік комиссары атына «казактардың зорлығынан» қорғап араша түсуін талап етті.

Қарақаралы уездік Қазак комитетінің және азық-түлік басқармасының мүшесі, уездік атқару комитеті төрағасының серігі Ж. Ақбаевтың нұсқауымен астық, ұн және тағы басқаларға нақты баға қойылды. Адам санына қарай әділ бөлінген іс-әрекетті менмен казактар мен Қарақаралыдағы Лысенко, Азбукин, Вайсер сияқты шенеуніктер түсіне алмады. Олар азық-түлік комитетінің 200 мың казакқа арнап бөлген үлесін әділсіздік, өздеріне істеген қастандық деп санайды. Сондықтан, бұл кертартпа күштерден құралған топ казакты Ж. Ақбаевтай батыл қамқоршысынан тезірек айыру мақсатында, қисынсыз жала жауып, оның 6 сағат ішінде уезден кетуін талап етеді.²⁵²

Қарқаралы уездік Қазак комитеті Ж. Ақбаевты қуаттап, түрлі ресми орындарға өз қаулыларын жөнелтті. Онда Ж. Ақбаевқа жабылған жаланың негізсіз екені жан-жақты дәлелденді. «Ақбаев бізге сонау гимназист және Петербор университетінің студенті, сонан соң 1905 жылдан абсолютизмге, ескі құрылысқа күресуші кезінен таныс, ол қай жерде жүрмесін теңдік, бостандық, туысқандық, бауырластық және әлеуметтік сенім-нанымдарын насихаттады, саяси жетілмеген казактарға теңдік пен еркіндік мәнін дұрыс ұғындыра білді», – дей келіп оған жабылған шағым-арыздарды Қазак комитеті теріске шығарып, жалақорлардың жазалануын, қате үкімнің жойылуын талап етті.²⁵³

²⁵¹ ҚР ОММ. 15-к., 1-т., 430-іс, 45-п.

²⁵² Махаева А. Қазак комитеттері: құрылуы мен қызметінің тарихы... 22 бет.

²⁵³ ҚР ОММ. 64-к., 1-т., 5832-іс, 240-241-п.

Уақытша үкіметтің милиция істері бойынша уақытша басқармасы 1917 жылы 12 мамырда Ж. Ақбаевқа тағылған бұл айыпты негізсіз деп тауып, күшін жойды.²⁵⁴

Азық-түлік комитеттері Орал-Каспий мұнай қоғамы жұмысшылары арасында азық-түлікті бөлу ісінде де әділетсіздікке жол берген. Доссор милициясының бастығы А. Ақберлинге келіп түскен шағымда азық-түлік комитеті қазақ жұмысшылары мүддесін ескермей тауарларды тек орыс және татар жұмысшыларына ғана бөлетіндігі айтылған.²⁵⁵

Осындай әділетсіздіктерді ескерген сәуір айында өткен Орал облыстық қазақ съезі қазақтардың қоғамдық азық-түлік қаражатын, астық қорын және азық-түлік дүкендерін уездік Қазақ комитеттері қарамағына беру жайлы шешім қабылдаған болатын.²⁵⁶

Жетісу облыстық Қазақ комитетінің төрағасы И. Жайнақов облыстық азық-түлік комитетіне: «Қазақтар үшін азық-түлік ісі еш алға жылжитын емес. Осы күнге дейін олар нанға зәру болса, енді шай мен керосин сұрағандар комитетке қаптап келуде. Алматы уезінің Қордай мен Ырғайты болыстарынан келген өкілдердің айтуынша, онда азық-түлік комитеті ешқандай қызмет атқарып жатқан жоқ секілді. Қазақтар үшін аштық апаты төніп тұрған көрінеді», – деп хабарлап, қазақтарды азық-түлікпен қамтамасыз ету ісін қолға алуын сұрайды.²⁵⁷

Семей облысындағы уездік азық-түлік комитеттері де қазақтар мүддесін ескермей, олар үшін комитет қоймасында сақтаулы тұрған шайды үлестірмеуінен толқулар да шыға бастады.²⁵⁸

Азық-түлік мәселесі Әулиеатаға қараған қазақ-қырғыздардың съезінде де арнайы қаралды. Съезд қазақ-қырғыздың азық-түлік комитеті уезд азық-түлік комитетінен бөлініп өз алдына болсын деп айтылған жергілікті халық мүддесін дұрыс шешпеді. Бұл жайында «Бірлік туы» газеті былай жазды: «... Осы уақытқа дейін уезд азық-түлік комитеті дала қазақ-қырғызына тиісті ақы-

²⁵⁴ Сонда. 21-22-п.

²⁵⁵ Сонда 695-к., 1-т., 288-іс, 67-п.

²⁵⁶ Алаш Орда: Сб. Документов/Составитель Н. Мартыненко. Алма-Ата, 1992. С.44.

²⁵⁷ ҚР ОММ. 9-к., 1-т., 86-іс, 2-п.

²⁵⁸ Сонда. 15-к., 2-т., 1696-іс, 55-п.

сын жеткізіп тұрғандай бір жөнді пайдасын тигізбеген еді. Азық берсе аз беруші еді. Оны да елге жеткізбей шаһардағы қуларымыз ала салып саудагерлерге сатып жіберіп, қара басы пайдаланып жүруші еді. Комитет азық бөлгенде туралық деген тіпті ұмыт қалып жүр еді, азықты адам санына қарап бөлместен көбін шаһарға алып қалып, һам орыс поселкелеріне беріп, олардан неше есе көп қазақ-қырғызға артылған сарқытын ғана беріп келген.

Ақмола облысынан біздің Әулиеата уезіне арналып жиырма мың пұт азық келмекші екен. Соның сегіз мың пұтын орыс поселкелеріне, төрт мың пұты шаһарға, қалған сегіз мың пұты қазақ-қырғызға берілетін болып ұйғарылған. Уездің қазақ-қырғызы екі жүз мыңнан аса келеді, орыстары жиырма мыңнан көп емес. Қазақ-қырғыздың оннан бірінен де аз келетін орыстардың мұнша алып отырғаны, қазақ-қырғызға жан басына бір қадақ ширек беріп, орыс басына он алты қадақ беріп отырғаны заманның бостандық, теңдік деген жақсылықтарын іске асырып, тіршілікке кіргізгелі іс басында отырған жұрт адамдарының әділдігінің асқынғандығы. Осы қиянатты көзі көріп, құлағы естіп отырған съездегі жұрт өкілдері қазақ-қырғыз өз алдына бөлек азық-түлік комитетін ашып, өз адамдары жан санына қарай бөліп беріп тұрсын деп қаулы қылып, облыс азық-түлік комитетінен өтінбекші болды».²⁵⁹

Ескі патшалық биліктің отарлау саясатына үлкен құлшыныспен қызмет жасаған чиновниктер де азық-түлік комитеттерінде баршылық еді. Олардың кертартпа әрекеттерін ата мекеніне оралған Жетісу босқындарын азық-түлікпен қамтамасыз ету жағдайынан айқын аңғаруға болады.

Қытай жеріндегі босқындардың М. Тынышбаев мағлұматынша 1 шілдеге дейін өз жеріне шұбырып жеткендері 69 мың, Қытай жерінде қайта алмай қалғаны 12 мың адам болған.²⁶⁰ Қытай билік орындары қазақ-қырғыздың қайтқан кезінде асыл тұқымды малдарын алып қалып, нашарларын ғана қайтарған.²⁶¹ Елге оралғандардың көбі теп-тегіс тоналып, мал жайсыз оралды. Мәселен, Алматы уезі Қызылбөрік болысының 500 түтін жанының құр сұл-

²⁵⁹ Бірлік туы. 1917. №17.

²⁶⁰ Қазақ. 1917. №237, 24 шілде.

²⁶¹ ҚР ОММ. 13-к., 1-т., 1-іс, 6-п.

делері жеткен.²⁶²

«Мыңды айдап, жүзді сапырып шалқыған байлар бір үзім нанға зар болды. Әлпештеп өсірген балалары телміріп, көрінгеннің көзіне қарап, мойнына дорба салып қойшы болып кетті. Бай, кедей, жас, кәрі, жақсы-жаман айырмасы бітіп, бәрі бірдей сорлы болды. Бәрі бірдей мұңды болды».²⁶³

Өз ата жұртына бостандық таңы атты деп оралған қазақ-қырғыз босқындары отаршылдық пиғылдан арыла қоймаған чиновниктер қыспағына тағы да түсті.

Жаркент уездік Қазақ комитетінің Мемлекеттік Дума төрағасына, Түркістан комитетінің комиссарларына және «Қазақ» газетінің басқармасына жолдаған жедел хатында Жаркент уезіндегі албандар мен суандар қару-жарағы жиналып алынбаған қоныс аударушылар тарапынан қырғынға ұшырап, азық-түлік комитеттері нан бермей, ашығып жемтік жеп жатқандығы, сөйтіп кең де үлкен жердің қазақтар үшін тар болып тұрғандығы айтылған.²⁶⁴

Босқындардың мұндай халге ұшырауына түрлі басшылық орындардағы шенеуніктердің кертартпа әрекеттері себепші болды. Мұны Нарын комитетінің төрағасы Зиминнің Түркістан комитетіне жіберген мынандай мазмұндағы жеделхатынан аңғаруға болады: «Босқын қазақ-қырғыздың арасында әлі күнге дейін тұтқын орыстар бар көрінеді, бірақ оларды қайтарар ойлары жоқ, орыс делегаттарын оқпен қарсы алды. 9 шілдеде екі адамды ғана құтқару мүмкін болды. Бүлікшілерге ықпалы жүретін Тынышбаевты Қытай маңына орыс тұтқындарын қайтаруға үгіттеу үшін жіберуді сұраймыз. Егер босқын қазақ-қырғыздар тұтқындарды босатпаса, я өлгендердің көмілген жерін көрсетпесе, тамақтандыру пункттерін ашуға, елге оралғандардың онда тамақтануына жол бермейміз. Комитет төрағасы Зимин»²⁶⁵ деп, аштан бұралған, ауру-сырқау босқындарға азық-түлік комитеттерінен нан беру секілді істерге барынша қарсылық көрсетіп бақты.

Мұндай келеңсіз әрекеттерге билік орындарындағы зиялы азаматтар наразылық танытты. Түркістан комитетінің комиссары

²⁶² Сонда. 10-п.

²⁶³ Дулатов М. Алашқа //Абай. 1918. №3. 3-4 бб.

²⁶⁴ ҚР ОММ. 9-к., 1-т., 86-іс, 225-п.: Қазақ. 1917. №23. 27 мамыр.

²⁶⁵ Победа Октябрьской революции в Узбекистане: Сб. документов... С.175; ҚР ОММ 9-к., 1-т., 99-іс, 57-п.

О. Шкапский Зиминге жеделхат арқылы: Комитеттің тамақтану пункттерін ұйымдастырудан бас тартулары орыс төңкерісінің рухына сай келмейді деп есептеймін. Бұқара халықты бірнеше адамның қарсылығына бола нансыз қалдыру нағыз қиянатшылдық. Тынышбаев әлі Петроградтан келе қойған жоқ, қазақ-қырғыздар аштан қырылып жатыр. Нарындағы орыс демократиясы адамзатты сүйетіндігіне сенім артамын»,²⁶⁶ – деп, мұндай әрекетті доғаруын талап етті.

Жетісу облысында 1916 жылғы көтерілістің ауыр салдарын жойып, жаңа билікті тұрақтандыру үшін маусым айында Жетісуға іс-сапарға жіберілген Түркістан комитетінің мүшелері О. Шкапский мен М. Тынышбаевтың босқын қазақ-қырғыздарға жәрдем ұйымдастыруда сіңірген еңбегі зор болды.

Мәселен, О. Шкапский Қытайдан оралған босқындардың ауыр хәлімен танысып, орталықтағы билік орындары мен баспасөздерге жеделхат жолдады. Онда: «... Босқындардың ауыр тұрмысы адам төзгісіздей. Үстеріне киген киімдердің әбден тозығы жеткен. Тамақтың жетіспеушілігінен түрлі ауруларға шалдығуда. Мал басы өте аз, малдардың көпшілігі шығыс Түркістанда тоналған. Балалары мен қыздарын сонда ғана сатқан көрінеді. Ең жаманы – қазақ-қырғыздардың аштан қырыла бастауы. Жол бойы аштан өлгендердің көмусіз қалған мәйіттері» – дей отырып, босқындарға жәрдем ұйымдастыруға дабыл қақты.²⁶⁷

М. Тынышбаев уақытша үкіметтің комиссар қызметінде жүріп Жетісу трагедиясының ауқымын, оның бүкілхалықтық мәнін көрсететін мақалалар мен түрлі хабарларды «Қазақ» газетінде үзбей жариялап тұрды. Бұл материалдардың кезінде қырғыз бен қазақ босқындары мәселесіне барлық қазақ қоғамының, әсіресе, ұлттық интеллигенцияның назарын аударуда рөлі аса үлкен еді.²⁶⁸

Оның тікелей басшылығымен босқын қырғыз бен қазақтар шоғырланған жерлерде оларды тегін тамақтандыратын пункттер ашылды. Қазан айында Тынышбаевтың жеделхат арқылы берген тапсырмасы бойынша, Пішпек уезінде екі тамақтану пункті

²⁶⁶ ҚР ОММ. 9-к., 1-т., 90-іс, 48-п.

²⁶⁷ ҚР ОММ. 5-іс, 2-п.

²⁶⁸ Қойгелдиев М. Алаш қозғалысы... 280 бет.

ашылды.²⁶⁹ Осындай нұсқаумен ашылған Алматы мен Қарғалыдағы тамақтандыру пунктерінде босқындар 57 күн бойы тегін тамақтандырылды.²⁷⁰

Қытайдан қайтқан босқындарға алғаш болып қол созған, жанапшырлық танытқандардың бірі Қазақ комитеттері болды. Жетісу облыстық Қазақ комитетінің төрағасы И. Жайнақов Түркістан комитетінің басшысы Н.Н. Щепкинге босқындарға жергілікті комитеттер арқылы жылу жинап материалдық көмек көрсету, азық-түлік комитеттері және тағы басқа мекемелердің қарайласуына кепілдік беруді өтінді.²⁷¹

1917 жылы 21 мамырда Жетісу облыстық азық-түлік комитетінің жалпы жиналысында И. Жайнақов Қытайдан оралған босқындардың аштыққа ұшырап, ауруға шалдығып жатқаны жөнінде баяндама жасап, оларға кезек күттірмейтін көмек ұйымдастыру қажеттігін ұсынды. И. Жайнақовтың ұсынысына орай облыстық азық-түлік комитеті: «Аштыққа ұшыраған босқындардың еңбекке жарамдылары ауыл шаруашылығы жұмыстарына тартылып, оларға көмек ұйымдастырылсын. Ол үшін орыстар арасында жұмысқа жалдаушылар мен алданушы қазақ-қырғыздардың арақатынасын реттейтін облыстық азық-түлік, қазақ және казак комитеттерінің өкілдерінен тұратын еңбек бюросы құрылсын»,²⁷² – деген шешім қабылдады. Бұл іс-шара аштық бұғауында шырмалған қазақ-қырғыздар қолдарында астығы бар орыс шаруаларына жалданып күнелтуі үшін ғана жасалған әрекет болатын. Оның үстіне, орыс деревняларында ер азаматтардың көпшілігінің әскер қатарында болғандықтан, ауылшаруашылық жұмысына еңбекқолы жетіспей жатқан еді. 1916 жылғы оқиғадан кейін қазақ-қырғыздар да орыс тұрғындары да бір-біріне үрейлене қарайтын. Бұл қоныс аударушылардың егіс алқабында жалданып жұмыс істеуге мүмкіндік бермейтіндігін ескеріп, азық-түлік комитеті екі жақты бітістіру үшін еңбек бюросын құрды. Оған жоғарыда айтылғандай облыстық азық-түлік комитеті, қазақ және казак комитеттерінен өкілдер кірді. Мұндай бюролар облыстық, уездік және болыстық деңгейде құрылу тиіс болды. Мәселен, облыстық деңгейдегі ең

²⁶⁹ ҚР ОММ. 9-к., 1-т., 9-іс, 2-п.

²⁷⁰ Солтанаев Б. Қызыл қырғыз тарихы. (Қырғыз тілінде). Бишкек, 1992. 133 бет.

²⁷¹ ҚР ОММ. 9-к., 1-т., 28-іс, 117-п.

²⁷² ҚР ОММ. 22-іс, 24-п.

бек бюросына облыстық азық-түлік комитетінен Ананин, Қазақ комитетінен Жайнақов, казак комитетінен Черноусенко кірді.²⁷³

Жетісу облыстық азық-түлік комитетінің шешімі бойынша ауыл шаруашылық жұмыстарына жарамсыз босқындарды, яғни кемпір-шалдар мен балаларды және ауру-сырқауларын Ассыдағы жайлауға жіберіп, онда тамақтандыру пункттерін ашу көзделді.²⁷⁴

Әрине, мұндай тамақтандыру пункттері өлім халіндегі, ашыққан босқындардың қажетін өтей алмайтын. Тарихтың осындай сынды сәттерінде мұсылман дініндегі тағдырлас, туыстас, қандас халықтар босқын қазақ пен қырғызға қол соза білді. Құлжадағы ноғайлар ашқан «Босқын қырғыздарға жәрдем комитеті» өзара құрмет пен туысқандықтың тамаша үлгісін көрсетіп берді. С. Ювашев төрағалық еткен ұйым Қытайда қырылған қырғыз-қазақтың халіне көпшілік қауымның назарын аудартып, жәрдем беруге шақырды. Бұл жәрдем комитеті атынан мамыр айының соңына қарай Алматы уездік Қазақ комитетінен 10 мың сом, «Уақыт» газеті басқармасынан 598 сом 22 тиын, Ырғыз комитетінен 251 сом 65 тиын, Павлодар мұсылмандары комитетінен 275 сом, Ақтөбе мұсылмандары бюросынан 300 сом, Семей мұсылмандары комитетінен 1000 сом, Түркістандағы Нәсіреповтан 100 сом және тағы басқа жекелеген адамдардан 14.716 сом жиналды.²⁷⁵

Пішпек уезіндегі 800 үй шамалы дүнгендер екі айдан аса 1700-дей аш қырғыз бен қазақты асырап, Ахун Маңкөй деген кісі басшылық етіп, азық-түлік жинап беріп, күрке жасауға 20 мың бау қамыс және отын-су тасуға 7 арба мен жігіттерін көмектесуге бергендігі бауырластықтың жақсы нышанының көрінісі еді.²⁷⁶

Жетісудағы жағдай Ә. Бөкейханов, А. Байтұрсынов, М. Дулатовтай зиялыларын шет қалдырмады, олар «Қазақ» газеті арқылы Алаш баласын, өлім халінде жатқан адамдардың аузына су тамызғандай, аз-көп демей жәрдем етуге шақырды, адамшылық пен ағайыншылыққа үгіттеді. Олар жақсы істі өздері бастап, елге үлгі бола білді. Мысалы, М. Дулатов патша үкіметі қолына түспей, сақталып қалған мың дана «Оян қазақ» кітабының ақшасын

²⁷³ Сонда. 24-п.

²⁷⁴ ҚР ОММ. 22-іс, 25-п.

²⁷⁵ Қазақ. 1917. №232, 3 маусым.

²⁷⁶ Бірлік туы. 1918. №26, 22 наурыз.

босқын қырғыз бауырларына арнадым деп мәлімдейді.²⁷⁷ Мұқтаждықтың мол шырмауында қалған халықтың бұл азаптан тезірек шығуына беріліп жатқан жәрдемдер әлі де азық ететінін түсінген Ә. Бөкейханов: «Босқын қырғыздар үшін 200 мың сом қазынадан қарыз сұрау керек» деп кеңесін айтып, М. Тынышбаев атына жеделхат жолдады.²⁷⁸

Қараша айында босқын қырғыз-қазақтарға жәрдемді күшейту үшін қазақ зиялылары айлықтарының 5%-ын босқындар пайдасына беріп отыруға шешім қабылдады. Олардың арасында Ә. Бөкейханов, А. Байтұрсынов, М. Есболов, А. Бірімжанов және тағы басқалары бар еді.²⁷⁹

1917 жылы шілде айында өткен бірінші жалпы қазақ съезінде Жетісу облысындағы жағдай дербес мәселе ретінде қаралып, «ашаршылықтан қырылып жатқан қазақ-қырғыздарға Алаш баласының жәрдем беруін» өтінді.²⁸⁰

1917 жылы қазан айында Уақытша үкіметтің бүліншілікке ұшыраған қоныс аударушылар мен қазақтарға жәрдем есебінде қазынадан 11 миллион 150 мың сом ақша бөлінетіндігін жариялады. Оның 6 млн. 150 мыңын қоныс аударушы орыстарға, 5 млн. жергілікті халыққа (түтін басы 100 сомнан) берілетін еді.²⁸¹ Әрине, бұл қаражат бір үйдің мұқтажын өтеуге жетпейтін.

Сондықтан ұлттық баспасөз беттерінде бөлінген бұл қаржы сынға алынып жатты.

1917 жылдың күзіне қарай экономиканың барлық салаларында құлдырау күшейе бастады. Соған орай, Уақытша үкіметтің астыққа монополия енгізу жөніндегі іс-шарасы да алға баспады. Мұның үстіне құрғақшылық салдарынан Қазақстанның оңтүстік өңірлерінде аштық жайлай бастады. Әсіресе, Сырдария облысының жергілікті тұрғындары арасында ашаршылық кең етек жайып Ақтөбе, Орынбор жаққа аш босқындар ағыла бастайды. «Осы күні Ақтөбе темір жол бойы Түркістан жағынан аштықтан шұбырып босқын қазаққа толып барады. Басқа жердегілерінің халі

²⁷⁷ Дулатов М. Шығармалар... 237 бет

²⁷⁸ Қазақ. 1917. №233, 11 маусым.

²⁷⁹ Сонда. №247.

²⁸⁰ Сонда. №238.

²⁸¹ Вестник Временного правительства. 1917, 6 октября.

қандай екенін білмеймін, біздің Ақбұлақ станциясына келгендері кісі аярылқ»,²⁸² – деп жазды Ақтөбелік тілші «Қазақ» газетінде.

1917 жылы аштыққа ұшыраған жеке қожалықтардың саны Әулиеата уезінде – 44.307, Ақмешіт уезінде – 24.810, Түркістанда – 12.296, Шымкент уезінде – 33.618, Қостанай және Қостанай уездерінде – 62.275 адам болды. Жетісу облысының Алматы уезінде ғана аштыққа ұшырағандардың саны 220 мың адамға жетті.²⁸³

Азық-түлік комитеті де қазақ-қырғыздардың аштан қырылып жатқан босқындарының жағдайымен санаспай күштеп, зорлап әскерге астық, ет дайындады. Бұл да уақытша үкіметтің жергілікті басқа мекемелері сияқты отарлау саясатын тереңдете түсуі еді.

Сондай-ақ, ақпан төңкерісінен кейінгі айларда облыстық және уездік деңгейде құрылған қазақ комитеттері кең етек ала бастаған аштық жағдайында азық-түлік комитеттерінің қызметіне ықпал жасауға, сол арқылы бұқара халыққа, босқындарға нақты азық-түлік көмегін ұйымдастыруға күш салды. Мұндай әрекет, әсіресе, Семей, Жетісу облыстық қазақ комитеттерінің қызметінде анық байқалды. Бірақ, олардың бұл әрекеті әрқашан да ойлағандай нәтиже берді деп айту қиын. Уақытша үкіметтің басқару орындары жергілікті халықтың ауыр жағдайына жете көңіл аударуға құлықсыз болды. Өкіметтің бұл саясаты азық-түлік мәселесінде айқын аңғарылды.

3. Уақытша үкіметтің жер саясаты

Патшалық Ресейдің қазақ жеріндегі отаршыл саясаты, қолданған ебі, тұтынған әдісі, жасаған зорлығы қазақ халқының тұрмысын күйзеліске ұшыратты. Халықты бірте-бірте жерсіз қалдырып, тақыр мен шөлге иіріп тастап, егін саларлық, отырарлық жерден айырды. Ақпан төңкерісінен кейінгі кезеңде де империалистік отарлау шығыршығы әлі де тоқтамай, жер мәселесі – «малым –жаным садағасы, жаным – арым садағасы» дейтін қазақ үшін ең бір басты мәселеге айналды. Ауыл шаруашылығымен 98,8 пайызы айналысатын қазақ халқының²⁸⁴ тұрмысында жердің

²⁸² Қазақ. 1917. №249.

²⁸³ Елеуов Т. Установление и упрочение Советской власти в Казахстане. – Алматы, 1961. С.226.

²⁸⁴ Сүлейменов Б. Аграрный вопрос в Казахстане последней трети XIX в. (1867-1907 гг.). – Алматы, 1963. С.3.

тапшылығы, тарлығы қатты сезіле бастады. Уақытша үкімет ескі биліктің жер саясатынан бас тарта алмай, өзінің қайшылықты әлсіз билік екендігін көрсетіп жатты.

1917 жылдың 17 наурызында Уақытша үкімет Егіншілік министрлігінің ұсынысымен халыққа жер мәселесі жөніндегі үндеуін бекітіп, 19 наурызда жария етті.²⁸⁵ Онда: «Ескі тәртіптің күйреуі мен соғыс жағдайы алдымызға аса маңызды экономикалық, шаруашылық мәселелерін шешуді қойып отыр. Олардың ішінде алғашқы болып жер мәселесін шешу қазіргі бастан кешіп отырған тарихи кезеңнің әлеуметтік-экономикалық өзегі болып табылады.

Жер игерушілердің ұрпақтан-ұрпаққа жалғасқан ғұмырлық арманы – жер реформасы барлық демократиялық партиялардың негізгі талабы болып отыр. Сондықтан, жер мәселесі міндетті түрде алдағы Құрылтай жиналысына қойылатыны сөзсіз.

Жер мәселесі баса көктеп тартып алу секілді қоқан-лоқылықпен шешілмеуі тиіс. Жер жөніндегі заң дұрыс, әділ қабылдануы үшін нақты дайындық жұмыстары жүргізіліп, жер қорларының есебін ескеріп, жер игерудің жағдайы мен түрін айқындау керек»,²⁸⁶ – деп көрсетті. Сонымен бірге, Уақытша үкімет жер мәселесі бойынша тез арада дайындық жұмыстарын жүргізіп, негізгі жобаны әзірлеуді Егіншілік министрлігіне жүктегенін және осы міндетті атқару үшін Егіншілік министрлігі жанынан жер комитетін құру қажет деп хабарлады.²⁸⁷ Осылайша жер мәселесін демократиялық негізде біржола шешу Құрылтай жиналысына қалды.

Ақпан төңкерісінің күн тәртібіндегі басты міндеттердің бірі помещиктік иеліктерді тәркілеу және барлық жерлерді национализациялау еді. Уақытша үкімет 12 наурызда бұрынғы императорға тиесілі жерлерді, ал 16 наурызда барлық Романовтар әулетінің иеліктері мемлекет қарамағына өткенін жария етті. Ал помещиктер иелігі бойынша Уақытша үкімет жұмған аузын ашпады.²⁸⁸ Сондықтан қоныс аударушылардың арасында таяуда помещиктер иелігін бөліске салады екен деген қауе-

²⁸⁵ Кострикин В.И. Земельные комитеты в 1917 году. М., 1975. С.100.

²⁸⁶ Вестник Временного правительства. 1917. №14, 21 марта; История гражданской войны. М., Т.1. С.136.

²⁸⁷ Сонда.

²⁸⁸ Осипова Т.В. Классовая борьба в деревне в период подготовки и проведения Великой Октябрьской социалистической революции. М.,1974. С. 186-187.

сет тарап, қазақ облыстарынан ішкі Ресей аудандарына қайта көшпек болған толқулар да бола бастады. Патшалық биліктің отарлық саясатында «қол жеткізген табыстарынан» айырылғысы келмеген жаңа үкімет мұндай толқуларды болдырмауға бар жан-тәнін салды. Егіншілік министрінің орынбасары Н. Волков пен қоныс аудару басқармасының бастығы облыстық, уездік атқару комитетіне және уақытша үкіметтің комиссарларына нұсқау хат жөнелтіп, онда: «Оралдың арғы жағына орныққан қоныс аударушылар арасында помещиктік жерлерді бөледі деген үмітпен өз отандарына қайтпақ болған талпыныстар болуда. Тіпті кейбір қоныс аударушылар Ресейдің европалық бөлігіндегі помещиктік жерлерді бөлістен кешігіп қалмау үшін асығыс түрде өз мүліктерін сатып, игерген егіндіктері мен шабындықтарын қалдырып жатқан көрінеді»,²⁸⁹ – дей отырып, барлық жергілікті билік орындары мен қоғамдық-саяси орындарды қоныс аударушылардың кері көшуін Құрылтай жиналысында жер мәселесін бір жақты шешкенше бар беделдерімен тоқтата тұруын өтінді.²⁹⁰

Кейбір жергілікті әкімшілік орындары қоныс аударушылардың ішкі Ресей аудандарына көшірмеу шараларын қолға ала бастады. Семей облыстық атқару комитеті қоныс аударушыларға: «... соғыс жеңіспен аяқталмай, Құрылтай жиналысының жер туралы заң шығаруы тіпті де мүмкін емес. Мұндай кері көшу қол жеткізген бостандығымызға нұқсан келтіреді. Ресейдің европалық бөлігінде жер қоры аз көлемде²⁹¹ ғана екенін ескеріңіздер»²⁹² – деген үндеумен өз орындарында қала тұруға шақырды.

Жетісу облыстық орыс шаруаларының съезінде де (1917 ж., маусым) орыс шаруаларын өз отандарына қайтармау шаралары талқыланды. Облыстың қоныс аудару мекемесінің меңгерушісі Гончаровский орыс шаруаларын ішкі Ресейге қайтармаудың бірден-бір жолы «... Құрылтай жиналысын күтпестен-ақ қызғыз-қазақтың жарамды егістіктерінен шаруаларға жер кесіп әперу»²⁹³ арқылы іске асыруға болатынын ұсынды. Сонымен бірге съезд

²⁸⁹ ҚР ОММ. 9-к., 1-т., 28-іс, 157-п.

²⁹⁰ Сонда.

²⁹¹ Сонда.

²⁹² 9-к., 1-т., 654-іс, 7-п.; 9-к., 1-т., 28-іс, 157-п.

²⁹³ ҚР ОММ. 19-к., 1-т., 654-іс, 3-4-п.

«қазақ-қырғыздың жерін оларды отырықшылыққа көшіру арқылы, артық жер шығарып барып алу керек» деп қаулы етті.²⁹⁴

Жергілікті билік орындарының бұл мәселеге қатынасы бірдей болмады. Мәселен, 20-28 сәуір аралығында Ә. Бөкейхановтың төрағалығымен Орынбор қаласында өткен орыс-қазақ съезі: «Мұжық-казак жерсінбей көшпек екен. Көшкен мұжыққа ерік, мұжық Торғай облысынан көшсе, қазынадан көмек ақша берілсін»,²⁹⁵ – деп шешім қабылдаған болатын.

Түркістан комитетінің мүшелері О. Шкапский мен М. Тынышбаев «олардың Ресейге қайта қоныс аударуы облысты тыныштандырып, шаруашылықты қалпына келтіру ісіне тиімді болар еді» деген пікірде болды.

Қазақ халқының төңкерістен кейін қоныс аудару мекемелері жойылатын болды деген үміті ақтала қоймады. Мамыр айында Егіншілік министрлігі мен қоныс аудару басқармасы облыстық комиссарлар атына жеделхаттар жөнелтіп: «Қоныс аударудың әртүрлі қажеттерін қанағаттандырып отыру мақсатында, нығая қоймаған қоныс аудару шаруашылықтары мен соғысқа қатысушыларға қолдау көрсету үшін қоныс аудару мекемелері міндетті түрде сақталатынын және тоқтаусыз қызмет ететінін атқару комитеттері мен қоғамдық²⁹⁶ ұйымдарды хабардар етіңіздер. Қоныс аудару қажеттері үшін бөлінетін қаржы мен несие аудандық қоныс аудару мекемесінің меңгерушісі арқылы ғана жұмсалады»²⁹⁷ деп жарлық етті. Осылайша ескі өкімет кезінде отаршылдық саясаттың негізгі тұтқасына айналған – қоныс аудару мекемелері баз қалпынша сақталып қалды.

Мұжыққа, кабинетке, монастырға, қазынаға тағы басқаға деп кесіп алынған жерлер аздық қылынып, қазақтарды егін егіп, мал баққан шұрайлы жерлерінен айыру әлі де жүргізіліп жатты. Осы кезеңде қазақтың «артық жері» қандай әдіспен алынып жатқаны жайлы сол уақыттағы газеттердің бірі: «... Қазақ даласының тынышы кетті. Оның түкпір-түкпірінде қазақтар мен казак-мұжықтардың қақтығыстары болуда. Мұндай қақтығыстарды тоқтату

²⁹⁴ Сонда. 34-35-п.

²⁹⁵ Бөкейханов Ә. Шығармалар... 242 бет.

²⁹⁶ ҚР ОММ. 9-к., 1-т., 5-іс, 1-п.

²⁹⁷ ҚР ОММ. 17-к., 1-т., 1-іс, 25-п.; 19-к., 1-т., 634-іс, 4-п.

ниетінде казак отрядтары жіберілуде. Семей облысының Өскемен уезіндегі Бөкен елді мекеніне 25 маусым күні казактарды күштеп көшіруге казак отряды арнайы жіберілді. Қазактардың мал табыны орыс тұрғындарының егініне түседі дегені басты сылтау. Көшіру аймағы 29 мың десятина»,²⁹⁸ – деп жазды.

Қоныс аудару мекемелері бұрынғысынша жергілікті халыққа қысым көрсетіп, мүддесін ескермеу секілді әдеттерінен айырыла қоймады. Мұны Жетісу облыстық қоныс аудару мекемесінің меңгерушісі Гончаровский тапсырмасымен Жаркент уезіне барған Войшивиллоның іс-әрекетінен байқауға болады. Жаркент уезіне²⁹⁹ барған Войшивилло жергілікті билік орындарымен ақылдаспастан, білемдік қылып, орыс селолары арасында тұрған казак жерлерін ойып алып, орыс-казактарға уақытша пайдалана тұруға деп үлестіріп, жергілікті халықты егін жайсыз қалдырды.³⁰⁰ Жаркент уездік Қазақ комитетінің төрағасы Т. Есенғұлов Жетісу облыстық Қазақ комитетінің төрағасы И. Жайнақовқа Войшивиллоның кесірінен төрт болыс мүлдем дәнсіз қалды деп хабарлады.³⁰¹ Бұл жайында Жаркент уездік комиссары Воровчук Түркістан комитетінің мүшесі О. Шкапскийге «Войшивиллоның әрекеттері заңға қайшы, уезд тұрғындарын тыныштандырудың орнына, керісінше, барлық казак болыстарында «осындай әділетсіздік белгілі бір мақсатпен, саналы түрде жасалынып жатыр» деген пікір тудырып, жергілікті халықтың ызасын келтіруі мүмкін»³⁰² – деп баяндады. Орыс қоныстанушыларын жарылқап жүрген Жаркенттегі қоныс аудару мекемесінің бұрынғы бастығы Войшивиллоның бұл әрекетін О. Шкапский теріске шығарып, кесінді жерлерді шұғыл қайтаруды талап етті.³⁰³ Бірақ, Войшивиллоның бұл әрекетімен алынған жерлер кері қайтарылатын болғанымен, жергілікті халық пен қоныс аударушылар арасында өшпенділік қатынасты өршіте түсті.

Қоныс аудару мекемелерінің жергілікті халық үстінен жүргізген озбырлығына қарсы казактар батыл әрекеттерге де көше

²⁹⁸ 1917 год в Казахстане. Документы и материалы. Алматы, 1977. С.177.

²⁹⁹ ҚР ОММ. 19-к., 1-т., 634-іс, 1-3-п.

³⁰⁰ ҚР ОММ. 9-к., 1-т., 5-іс, 1-п

³⁰¹ Сонда. 9-к., 9-іс, 63-65-п

³⁰² Сонда. 56-іс, 1-3-п.

³⁰³ Сонда. 101-іс, 46-47-п.

бастады. Қостанай уезіндегі болыстық комитеттер жергілікті қоныс аудару мекемелерінің іс-қағаздарын, құжаттарын және ақшаларын тартып алып, өздерін жібермей тастаса,³⁰⁴ Ақтөбе уезіндегі Қараторғай болысының 2-ші ауылының қазақтары қоныс аудару мекемесінің келімсектерге алып берген жерлерін қайта тартып алып, жер жырттып, егін еге бастайды.³⁰⁵ Мұндай оқиғалардан хабардар болған ішкі істер министрлігі Қостанай уездік комиссары А. Бірімжанов атына: «Петроградқа келіп түсіп жатқан мәліметтерге қарағанда Қостанай уезіндегі болыстық комитеттер өз беттерінше іс-қимыл көрсетіп, қоныс аудару мекемелеріне қысым көрсетіп, іс-қағаздары мен қаражаттарын тартып алу секілді сорақылықтарға баратын көрінеді. Міндетті түрде уезде заңды тәртіп орнатуыңызды талап етемін. Жаңа талап-тілектерді ескермейтін жергілікті комитеттердің жауапты қызметкерлерін босатып, жауапқа тартыңыз. Олардың орнына басқа адамдар тағайындаңыз»,³⁰⁶ – деп жеделхат жөнелтеді.

Жер үшін қазақтар мен орыс тұрғындары, казактар арасында жерге байланысты дау-жанжал бола қалса, орталықтағы билік орындары қоныс аударушылар мүддесін қорғайтындығын танытып жатты. Мәселен, егіншілік министрі А. Шингаревтің казак әскерлерінің атамандарына жолдаған жеделхатында: «Жер мәселесінен туындайтын бейберекеттерді алдын алу үшін... казак тұрғындарына казак жерлері өз меншігінде болып табылатынын, ал бұратаналар үшін біреудің меншігіне қол сұғу қатаң заңмен жазаланатынын тез арада насихаттауға кірісуіңізді ұсынамын»³⁰⁷ – дейді.

Осылайша еркінсіген казактар қазақтың ата жұрт мекенінде жүргенін тіпті ұмытқандай, бұл «біздің қан төгіп, соғысып алған жеріміз»³⁰⁸ деп, Орал облысы Калмыков поселкесінде қазақтарға өздерімен мал ұстауға тыйым салып, Жайықтың арғы бетіне малдарын үш күн ішінде айдап әкетуін талап етіп, олай болмаған күнде өзіміз айдаймыз деп зорлық көрсету әрекетіне көшті.³⁰⁹

³⁰⁴ Сонда. 17-к., 1-т., 4-іс, 25-п.

³⁰⁵ ҚР ОММ. 23-іс, 15-п.

³⁰⁶ Сонда. 4-іс, 25-п.

³⁰⁷ Оренбургское земское дело. 1917. №20, 27 апреля.

³⁰⁸ Сарыарқа. 1917. – №7.

³⁰⁹ 1917 год в Казахстане... – С.88

Орал облысында тартып алу іс-әрекеттерінің жиілеп кетуіне байланысты облыстық комиссар Бизянов облыс тұрғындарына арнап үндеу таратып, «өз бетінше жер мәселесін шешуден бас тарта тұруларын, Құрылтай жиналысын күтуді»³¹⁰ өтінді.

Өз жерінде қысымшылық көрген қазақ халқының ішкі наразылығы ұлғая келе, ашық толқуларға ұласып жатты. «Меженің мәнін ұға алмай, далада өскеннің бәрі малы барлардың ортақ игілігі»³¹¹ деп түсінетін «даланың еркін ұлы» қазақтар енді казактардың күзетіне қарамай, Жайықтағы казактардың жайылымына баса көктеп,³¹² Түркістанда қоныс аударушыларға алып берілген бұрынғы арықтарын, шабындықтарын қайта тартып алып жатты.³¹³

Осы кезеңде қазақ халқының мүддесін қорғаған қазақ комитеттері де қарап отыра алмады. Қармақшыдағы қоныс аударушылар селениесіне деп қазақтардан алған жерлерді, сондай-ақ Қорқыт, Қараторғай, Елшібай елді мекендер маңындағы тоғайларды жерінен айырылған қазақтарға Құрылтайға дейін тегін пайдалануға беруді және бұдан былай қазақтардың есебінен жер мәселесін шешу болмау керектігін қатаң ескертіп, заңсыз тартып алған жерлері үшін казактар өзінің құқын қорғай отырып күресетіндігін билік орындарына хабардар етті.³¹⁴

Уақытша үкімет «өз бетінше егіндік пен жайылымдарды тартып алу іс-әрекеттеріне қандай шаралар қолданып жатқанын»³¹⁵ өз комиссарларынан жиі сұрастыра бастады. Ішкі істер министрінің орынбасары Д.М. Щепкин «губерндік (облыстық) комиссияларға жер дауын шешу барысында әскер шақыруға құқ берілгендігі» жөнінде Бас штаб басшысы генерал Н.И. Аверьяновты хабардар етіп қойды.³¹⁶

Жерге байланысты жанжалдың жиілей түсуіне орай, Уақытша үкімет 11 сәуірде «Егіндіктерді қорғау» жөнінде заң қабылдады. Бұл заң бойынша помещиктік иеліктер заңдастырылып, оған еш-

³¹⁰ Уральские областные ведомости. 1917. 15 апреля.

³¹¹ Кауфман А.А. К вопросу о русской колонизации Туркестанского края. СПб., 1903. – С.31.

³¹² Великое Октябрьская социалистическая революция. Летопись событий. – Алматы, 1967. С.95.

³¹³ Шокай М. Түркістанның қилы тағдыры... 159 бет.

³¹⁴ Туркестанские ведомости. 1917. №70, 3 августа

³¹⁵ ҚР ОММ. 9-к., 1-т., 1-іс, 31-п.

³¹⁶ Речь. 1917. 13 июля.

кімнің Құрылтайға шейін қол сұқпайтындығына кепілдік берді. Сонымен бірге, жер дауларын шешіп отыру үшін татуластырушы комиссиялар құру жайлы қаулы қабылдады.³¹⁷

Министрлер Кеңесінің төрағасы Г.Е. Львов 13 сәуірде облыстық комиссарларға жіберген бұйрығында: «Жерге байланысты мәселелерді әркім өз бетінше шешпейтін болсын. Сіздер губерниядағы (облыстағы) Уақытша үкіметтердің өкілдері екендеріңізді ұмытпай, орталықтың нұсқауларын басшылыққа алып отырыңыздар. Губерниядағы тәртіпті сақталуына жауапты екендеріңізді ескеріп, барлық шараларды қолданыңыздар. Шаруаларға өздеріне тиесілі жерге егін егуге кедергі жасалынбасын. Вездік және болыстық комитеттер жанынан жер дауын шешіп отыру үшін татуластыру комиссияларынан құрылуын тездетуді ұсынамын»³¹⁸ – делінді. Оның үстіне Егіншілік министрлігі «Аш қасқырдай жалақтап жер деп отырған жері аз, яғни жерсіз мұжықтар мейлінше жер жыртып егін егу үшін бос жердің бәріне мұқтаж мұжықтар егін егіп пайдалансын»³¹⁹ деген нұсқау берді. Бұл шаралар, біріншіден, шаруалардың белгілі бір бөлігінің таптық наразылығының бәсеңдеуіне ықпалын тигізсе, екіншіден, азық-түлік тапшылығын аз да болса шешуге жағдай туғызған еді.³²⁰

Уақытша үкіметтің жергілікті билік органы жер дауларына жиі араласып, орталықтың нұсқауларын орындап, жер мәселесін соған тырысып бақты.

Торғай уезіндегі Илек болысы қазақтары мен көрші орыс селоларының арасында жер дауында облыстық комиссар Ө. Бөкейханов: «Қазақтардың орыс тұрғындарымен жанжалдаспай тату көршілік қарым-қатынаста өмір сүруін өтінді», бұрынғы жер иеліктерін тартып алған қазақтарға бұл талапты ескермесе жазаға тартылатындарын ескертті.³²¹

Торғай облыстық азаматы комитеті төрағасы Ткаченко Бөрілі болысының ауылдарындағы қазақтар мен қоныс аударушылар

³¹⁷ Андреев А.М. Местные Советы и органы буржуазной власти (1917 г.) М., 1983. С.166

³¹⁸ Речь. 1917. 26 июля; ҚР ОММ. 17-к., 1-т., 4-іс, 12-п.

³¹⁹ Қазақ. 1917. №231, 27 мамыр.

³²⁰ Қойгелдиев М. Алаш қозғалысы... 250 бет.

³²¹ ҚР ОММ. 17-к., 1-т., 23-іс, 10-11-п

арасындағы жер дауын шешу үшін татуластыру комиссияларын құруды қолға алды.³²²

Орал облысының Гурьев уезінде Доссор поселкесіндегі қоныс аударушылар қазақ ауыл жайылымдарынан шөп шауып, қымбат бағамен сатып жатқандықтан, ауыл тұрғындарын шөпсіз қалдырды. Соған орай Гурьев уезі атқару комитеті Доссор поселкелік комитетінен жер дауы туындап кетпей тұрып бұл істі тоқтатуды қолға алуға шақырды.³²³

3 сәуірде Егіншілік министрлігі Ақмола, Семей, Орал, Торғай, Жетісу, Сырдария және Омбы облыстық қоныс аудару мекемелеріне жеделхат жіберіп, онда жер мәселесін Құрылтай жиналысы шешкенге дейін қазақ пайдасында тұрған жерлерден екі жақынтымақтасып, ризашылықпен келіскен орындарда ғана болмаса, жер кесу тоқталды. Осындай қиын кезеңде қазақтың мал шаруасын күйзелтпес үшін “бұрын алған, бұл күнге дейін мұжық орнамаған һәм жазылмаған учаскелер қазақ ауылдық қоғамдарының пайдалануына биылша тегін берілсін»,³²⁴ – деп көрсетті.

Бұл негізінен қазақ облыстарындағы 1916 жылғы көтерілістен кейінгі ұлтаралық шиеленісті реттеуге де бағытталған болатын. Түркістан комитеті Егіншілік министрлігінің осы нұсқаумен танысып, өлкедегі жер мәселесіне байланыста істерді О. Шкапский мен М. Тынышбаевқа жүктелгенін орталыққа хабарлады.³²⁵

Осы кезеңдегі ауыр мәселелердің бірі 1916 жылғы көтерілістен кейін Қытай ауып кеткен қазақ-қырғыздардың қайтып орала бастауына байланысты оларды жерге орналастыру еді. Қазақ-қырғыз босқындарын жерге орналастыруды мойнына алған О. Шкапский мен М. Тынышбаев мамыр айынан бастап бұл істі қолға ала бастады. Түркістан комиссиялары босқындарды жерге орналастыруда Жетісу облыстық қазақ-қырғыз съезінің шешімін басшылыққа алады. Съезд шешімі бойынша (елдегі қоныс аударушылар төндіріп тұрған қауіпті ескеріп) Қашқар, Ақсу аудандары жақтан қайтқан босқындарды Пржевальск жақтағы қауіпсіздеу жерлер Ұлар, Семізбел, Тоң өңірлеріне, Пішпек уезінің Қашқар, Сусамыр,

³²² Сонда. 18-к., 1-т., 5-іс, 101-п.

³²³ Сонда. 695-к., 288-іс, 63-п.

³²⁴ ӨР ОМҰМ 1044-к., 1-т., 1-іс, 5-п.; Қазақ. 1917. №227

³²⁵ ӨР ОМҰМ 1044-к., 1-т., 1-іс, 31-п.

Жұмғайт аңғарларына, Нарын жақтағы Тоғызтарау, Құланак, Аңдалы өңірлеріне, Құлжадан қайтқандарды Алматы уезінің шығыс жағына және Жаркент уезінің Шонжа, Шөптатыр аңғарларына орналастыру қарастырылған еді.³²⁶ Съездің бұл шешімі 26 сәуірде Түркістан комитетінің басшысына жолдаған болатын.

Уақытша үкіметтің 1917 жылы жүргізген іс-шараларының бірі – жер комитеттерін құру болады. Сәуір айының басында Егіншілік министрлігі жанындағы IV Мемлекеттік дума мүшесі А.С. Посников басқаратын ерекше комиссия (Құрылтай жиналысына жер мәселесін дайындайтын комиссия) Бас және жергілікті жер комитеттерін құру жөніндегі жобаны мақұл көріп, 21 сәуірде Егіншілік министрлігі жетекшілігімен қызмет қылатын мемлекеттік органдар – жер комитеттерін ашу туралы қаулы қабылдады.³²⁷

Жер комитеттері туралы ереже бойынша Бас жер комитеті (Петроградта) және жергілікті (облыстық, уездік және болыстық) жер комитеттері құрылуы тиіс болды. Жер комитеттеріне жүктелген міндеттер жөнінде Ә. Бөкейханов былай көрсетеді: «... Осы комитеттер жер жұмбағы Учредительное собрание шешуіне дәлел даярлады. Сайланған жергілікті комитеттер жұрттың пікірі бұлай, жер жұмбағы бізге бұлай шешілсе қолайлы болады деп бас комитетке жеткізіп тұрмақ. Неше түрлі жерден неше түрлі пікірмен байыған жергілікті комитеттер жіберген дәлелдеуді сынға салып сұлулап бас комитет Учредительное собраниеге тапсырмақ.

Мұжық, казак, бурят, башқұрт өз арасында жасалған жергілікті комитетінде жер туралы өз пікірін айтып тұрмақ.

Жергілікті комитеттер жер туралы күнде болатын ұрыс-талас, жанжалға бас алқа етіп жердің зор мәселесі Учредительное собраниеде шешілгенше екі жақты татуластыра тұрады».³²⁸

Жер комитеттері бұрын жолсыз жасалған жерге қатысты істерді, уәде-серттерді бұзып, жұрт шаруасына қолайлы етіп шешуге ерікті болды. Бірақ жер комитеттерінің әмірі негізгі заң шыққанша болатын.³²⁹

³²⁶ ҚР ОММ. 9-к., 1-т., 28-іс, 117-п.

³²⁷ Бөкейханов Ә. Шығармалар... 237 бет.

³²⁸ Сонда. 237-238 бб.

³²⁹ Сарыарқа. 1917. №7.

20 маусым күні Бас жер комитеті «жер қатынастарын реттеу ережелерін» бекітті. Бұл ереже бойынша «кең өкілеттілік» жер комитеттеріне беріле қоймады. Онда: «Жер комитеттері өз билігін арендалық қорларда ғана толық жүргізе алады» деп көрсетілді.³³⁰

Жер комитеттерінің құрылуы Ресейдің европалық бөлігінде мамыр айында-ақ басталып кетті. Қазақ қоғамына жер комитеттерінің ашылуының мән-жайын түсіндіруде, оның ережелерімен таныстыруда «Қазақ» газетінің орны ерекше болды.

«Қазақ» газетінің 27 мамырдағы санында жер комитеттерінің ережесі жарияланып, «Жер комитеттерін жасау керек» деген бас мақала жарық көрді. Онда: «Жер мәселесі Русияда жеңіл мәселе емес. Оны шешуге толып жатқан мағлұматтар, пікірлер жию керек. Жер мәселесі Учредительный собраниеде шешілерде оған керек болатын нәрселердің бәрі даяр тұруы керек.

Соны даярлау үшін жер комитеттері ашылайын деп тұр. Қалай ашылатын жолын төменде бастырып отырмыз. Соған қарап қазақтар волосной жер комитеттерін тез ашып, уезной жер комитеттерін ашқызып жер мәселесін ертерек қолға алулары керек. Петроградтағы жер турасындағы Бас комитетке жер мәселесіне жетік адамдарын жіберулері керек. Қазақтың шаруасы, тұрмысы, жерінің түрі, ауасы жағынан басқалықтары бар. Сол басқалық жағынан толық мағлұматтар берерлік Бас комитетке қазақтардан адамдар бармай болмайды»,³³¹ – деп көрсетілді.

Қазақ жеріндегі жер комитеттерінің құрылуы орталықтан қарағанда кештеу басталып, маусым айынан бастап құрылды. Алғаш болып құрылған жер комитеті Торғай облысының уездік жер комитеті болды. 1 маусымда құрылған Ақтөбе уездік жер комитетіне Д. Қожабаев, И.М. Колантаевский, С.Ф. Немец (комитет төрағасы) сайланып, комитетке бөлінетін қаржыны сұрастыра бастады.³³² Осылайша қазақ облыстарында да жер комитеттерін сайлау науқаны басталып кетті. Бас жер комитеті кеңесінің 31 мамырда бекіткен «Губерниялық және уездік жер комитеттерінің құрылуы мен қызметі туралы нұсқауы бойынша: губерндік және уездік жер комитеттерінің жалпы мүшесінің

³³⁰ Экономическое положение России накануне Великой Октябрьской социалистической революции. Документы и материалы. Ч. III. Л., 1967. С. 229-231.

³³¹ Қазақ. 1917. №231, 27 мамыр.

³³² ҚР ОММ. 18-қ., 1-т., 5-іс, 105-п.

жартысы сайланғанда ғана комитет құрылды деп есептелетін.³³³ Губерндік жер комитеттері (облыстық) жартылай, ал уездік комитеттердің жалпы мүшесінің үштен бірі жергілікті әкімшіліктен құралатын. Қалған мүшелік орындар төменгі сатыдағы комитеттерден сайланатын еді. Ал облыстық комитеттер халықтың өз бастамасымен құрылуы тиіс болды».

Жер комитетінің жоғарғы органы комитеттің жалпы жиналысы болды. Онда болашақ жер реформасының негіздері жайлы мәселелер талқыланып, жергілікті жер мәселесін реттеу жайларын қарастырды. Сондай-ақ дауласушы жақтарды бітістіру үшін «татуластырушы камералар» құрды. Жер комитетінің тұрақты органдары облыстық деңгейде комитет кеңесі, ал уездерде жер басқармасы деп аталды.

6 маусым күні Торғай облыстық басқармасының мәжілісі облыстық жер комитетін құру туралы мәселе қарап, жер комиссиясын құру туралы шешім қабылдады. Оның құрамына Матвеев, Лаванов, қазақ өкілдерінен А. Байтұрсынов пен облыстық комиссар Ә. Бөкейханов сайланды.³³⁴ Осы комиссия жетекшілігімен облыстық жер комитеті құрылып, оның төрағалығына М. Сириус сайланды.³³⁵ Торғай облысында болыстық деңгейде де жер комитеттері жұмыс істей бастады. Мәселен, Торғай уезінің Талды болыстық жер комитетін ашып, басқармасына төраға етіп Сітбай Тоқаповты сайлады.³³⁶

Семей облыстық жер комитеті 11 маусымда құрылып, төрағалыққа И.С. Юдин, оның серігі болып Х. Ғабассов, хатшылығына Андреев сайланды.³³⁷

Қазақ облыстарында жер комитеттерін құру ісі жоғары дайындық пен ұйымдасқан түрде өткізілді деген пікірден аулақ екендігімізді осы жерде атап өткен жөн. Орталық өкіметтің қаржы саясаты жер комитеттерін құрып, қызмет етуін тежеп отырды.³³⁸ Ақтөбе уездік жер комитеті құрылған соң қаржы сұрастырып әлекке түсуі³³⁹ соны аңғартса керек. Сонымен бірге, білімді,

³³³ Кострикин В.И. Земельные комитеты в 1917 году. – М., 1975. – С. 126-127

³³⁴ ҚР ОММ. 18-к., 1-т., 15-іс, 27-п.

³³⁵ Сонда. 17-к., 1-т., 2-іс, 8-п.

³³⁶ Сонда 18-к., 1-т., 4-іс, 31-32-п

³³⁷ Сонда 15-к., 1-т., 387-іс, 19-п.

³³⁸ Кострикин В.И. Земельные комитеты в 1917 году... С.131.

³³⁹ ҚР ОММ. 18-к., 1-т., 15-іс, 27-п.

іскер, жарамды адамдардың жетімсіздігі себепті болыстық жер комитеттері құрылмастан, аймақтық, облыстық және уездік жер комитеттері ашылсын деп қаулы қабылдаған болатын.³⁴⁰

Бұл кезеңде Түркістан аймағының жергілікті өкілдерінің арасында өлкенің өзіндік ерекшелігіне байланысты жер комитеті қажетсіз деген пікір де орныққан болатын. Оның үстіне уақытша үкіметтің Құрылтай жиналысына дейін жерді сату, жалдау секілді әрекеттерді тоқтата тұру жайындағы, жер комитеттеріне байланысты шыққан қаулысына Түркістан халқы наразылық танытты. Осыған орай түркістандықтар Петроградқа делегация жіберді. Делегация А.Ф. Керенский қабылдауында болып, осы қаулының Түркістанға қатысты бөлігін жоюды өтінді. Уақытша үкімет түркістандықтардың талап-тілегін ескере отырып 12 шілдеде қаулының Түркістанға қатысты бөлігінің күшін жойғаны жайлы шешімін жариялады.³⁴¹

Түркістанға жер комитеттерін құру үшін Екіншілік министрлігінің Мехди Чанышев деген өкілі жіберілген болатын. «Біздің Түркістанда мұндай жер комитеттерінің қажеті жоқ екенін басқа ұлттың жағдайын түк түсінбейтін желең жігітке айтып жеткізе алмадық. Ал адасқан Мехди Чанышев жер комитеттерін құрмақ түгіл, Түркістанда жұмыссыз қалды, Түрістандағы жер мәселесі арасы тым ұзап кеткен Құрылтай жиналысы шақырылғанша тоқтатылды. Жер мәселесін түсінуде саяси көзқарасы мен көңіл-күйінің қандай екеніне қарамастан бүкіл түркістандықтар бір пікірде еді»,³⁴² – дейді қазақ халқының тарихындағы ірі тұлғалардың бірі М. Шоқай.

Түркістан өлкесінде жер мәселесіне байланысты дау-жанжал күнделікті оқиғалардың бірі болып қала берді. Түркістандағы зиялы қауымға жер мәселесі негізінде қатты қақтығыс шығып кету қаупі төнді. Мүмкіндігінше осының бәрінің алдын алу Құрылтай жиналысы шақырылғанға дейін жарамды бір мәміле табу үшін «Түркістан орыс қоныстанушы – қазақ Кеңесі» деген ұйым құрылды. Бұл ұйымның төрағалығына М. Шоқай сайланды. Ұйым қазақтар мен орыс қоныстанушылар өкілдерінен тұрды. Осы ұйымның

³⁴⁰ ӨР ОМҰМ. 1044-қ., 1-т., 39-іс, 207-п.; Бірлік туы. 1917. №6, 20 тамыз.

³⁴¹ Бірлік туы. 1917. № 8, 8 қыркүйек.

³⁴² Шоқай М. Түркістанның қилы тағдыры... 160 бет

екінші төрағасы болып социалист-революционер Черновский сайланды. Сонымен бірге 1918 жылы большевиктер қатарына өткен Успенский де осы ұйым мүшелерінің бірі болады.³⁴³

Осылайша, Құрылтай жиналысы жер мәселесін біржола шешкенге дейін күнделікті туып отыратын дау-жанжалды асқындырмай, шешіп отыруды міндетіне алған жер комитетінің қызметін Түркістанда «Түркістан орыс қоныстанушысы – қазақ Кеңесі» ұйымы атқарып жатты.

Түркістан өлкесіне қараған Жетісуда 18 шілде күні Түркістан комитетінің мүшесі О. Шкапскийдің және облыстағы қоғамдық ұйымдардың өкілдері қатысқан жер мәселесі бойынша жиналысы болып өтті. Бұл жиналыс тез арада болыстық, уездік және облыстық деңгейде жер комитеттерін құру қажет деп шешті.³⁴⁴ Облыстық деңгейде құрылған жер комитетіне облыстық Қазақ комитеті атынан Төленбай Дүйсенбаев мүшелікке енгізілді.³⁴⁵ Осылайша Жетісу облысында жер комитеттерін уездік және болыстық деңгейде құру істері қолға алына бастады.³⁴⁶

Кей жерлерде жер комитеттері құрылғанда өз құрамына жергілікті халықтан өкілдер кіру керектігін қаперіне де алған жоқ. Ондай ұйымдардың жұмысында әділетсіздікке жол беріліп, жергілікті тұрғындардың құқығы аяқ асты етілді. Осындай жер комитеттерінің тез арада жабылып, таратылуын халық уақытша үкіметтің билік орындарынан өтіне сұрап жатты.³⁴⁷ Ақмола облыстық жер комитеті құрылғанда өз құрамына қазақ өкілдерін комитет құрамына енбейінше істің оңға баспайтынын сезген облыстық жер комитеті «Қазақтардан жер сұраған өтініш-арыздар жиі түсіп жатыр», – дей отырып, облыстық Қазақ комитетінен елді тыныштандырып, қазыналық бос жерлердің дау-жанжалсыз бөлінуі үшін қолғабыс етуді өтінді.³⁴⁸

Жер комитеттеріне өз өкілдерін қатыстыра отырып, қазақ комитеттері жер реформасы даярланар тұста қазақтың жер мұқтажы туралы мәліметтер жинауға, жер дауына байланысты тату-

³⁴³ Шокай М. Түркістанның қилы тағдыры . . . 161-162 бб.

³⁴⁴ ҚР ОММ. 19-қ., 1-т., 654-іс, 63-п.

³⁴⁵ Сонда. 66-п.

³⁴⁶ Сонда. 44-п.

³⁴⁷ ҚР ОММ. 19-қ., 1-т. ,637-іс , 76-п.

³⁴⁸ Сибирская речь. 19170.119, 16 октября.

ластырушы комиссияға қатынасады. Мысалы, Семей облыстық Қазақ комитеті Өскемен уезіне осындай комиссияға мүше қылып М. Тұрғанбаевты жіберді. М. Тұрғанбаев пен орыстар жағынан барған өкілдер орыс шаруаларының «қазақтардан зиян шегіп жатырмыз» деген шағымын тексере барғанда, бәрі бос сөз, құр дабыра екендігі анықталады.³⁴⁹

Торғай облыстық жер комитеті кезінде қоныс аудару мекемелері қазақ халқының мүддесін аяқ асты ете отырып, жерлерін қоныс аударушыларға кесіп бергендіктен, облыста жер мәселесінен туындап отырған дау-жанжалдарды шешу мақсатында:

1. Жер учаскесі қай жылы құрылғанын;
2. Учаскелерге қашаннан бастап қоныстана бастағанын;
3. Учаске қай қазақ болысынан бөлінгенін;
4. Учаскеде бос жерлер жоқ па, учаскені қоныстану барысында қақтығыстар болды ма?
5. Қазақтар өздеріне қалдырған жерге қанағаттанады ма?
6. Қазақтар ығыстырылған соң жана жерлер берілсе, қай болыстың есебінен берілді?
7. Учаске пайдалатын жерлермен қамтамасыз етілген бе?
8. Учаскенің жер сапасы қандай?
9. Учаскені сумен қамтамасыз ету жағдайы қалай?
10. Мал шаруашылығының жағдайы қалай?
11. Өріс жайылымдары қолайлы ма?
12. Шабындықтары қаншалықты?» – екенін ескеру қажет болғандықтан, осылар бойынша мәліметтер жинауды қолға алды.³⁵⁰

1917 жылы 17 мамыр күні Егіншілік министрлігі жергілікті билік орындарына жер реформасын дайындау мақсатында шілде айынан бастап ауыл шаруашылығы есебін алуды тапсырған болатын.³⁵¹ Осыған орай Уақытша үкіметтің Түркістан комитеті өлке тұрғындарына үндеу жариялап, ауыл шаруашылығы есебі ауқаттылардың мүлкін алу мақсатында емес, Құрылтай жиналысына мәлімет жинау екендігін түсіндіріп, мүлікті топтың үрейін сейілтпекші болды.³⁵²

³⁴⁹ Махаева А. Қазақ халқы мүддесін қорғаған комитеттер // Қазақ тарихы. 1995. 1. 35-36 бб.

³⁵⁰ ҚР ОММ. 17-к., 1-т., 2-іс, 7-п.

³⁵¹ Семиречинские областные ведомости. 1917. 110, 24 мая

³⁵² Туркестанские ведомости. 1917. 129, 29 августа.

Қазақ халқына Ө. Бөкейханов бастаған бір топ қазақ зиялылары «Қазақ» газетінде «Есеп алу тақырыпты» үндеуін жариялады. Халыққа ауыл шаруашылығы есебін алудың мән-жайын түсіндіруге арналған бұл үндеуде: «Бұрын өкімет есеп аларда, қазақ сенбейтін еді, жеріміз мол, егінді көп саламыз десек, жерден айырыламыз ғой деп қорқатын еді. Малымызды мол көрсетсек, алым-шығын көп түседі» деп жасыратын еді. Адам есебін алатын болса «неге адам есебін алады, бізден солдат алғалы жүрмесін» де сезіктенетін еді. Бұл жолғы малдың-жанның, жер-су шаруаның есебін дұрыс ия теріс көрсеткенде келетін пайда-зиян мынадай: Алдымызда Учредительное собрание тұр. Онда мемлекет заңына негіз салынады. Учредительное собраниеде қаралатын мәселелердің қазақ үшін ең зоры – жер мәселесі. Қазаққа жер малына қарай, яғни жерге сіңірген еңбегіне қарай пішіледі. Сонда қазақтың малы аз болатын көрінсе, жер де аз тиеді. Егін егіп отырған елдердің егіні һәм малы аз болып көрінсе, көрші мұжықтан шаруасы кем көрініп, онда да жер сыбағасы аз тиеді. Сол үшін қазақ бұрынғыдай «орысты алдаймын» деп бұл жолы да малын, егінін, шаруасын жасырса, ұрылады, ұтылады.³⁵³

Қазақ халқына арналған мұндай үндеуді облыстық Қазақ комитеттері де таратты. Жетісу облыстық Қазақ комитетінің үндеуінде: «... мал басы, һәм егін шаруаларының есебін алуға елге хатшылар шықты. Жұрт бұрынғыдай алым-салық көбейді деген қорқынышпен мал шаруасын жасырып, зиян қылып алмасын деп, хатшыларды өзіміздің мұсылманнан шығарттық»,³⁵⁴ – делінді.

Ауыл шаруашылық есебін алу сол кезеңдегі ірі саяси шаралардың біріне айналды. Ауыл шаруашылық есебін алу үшін шығарылатын қазақ өкілдерін Ө. Бөкейханов халыққа Құрылтай жиналысы сайлауларын түсіндіру, жұртқа үгіт айтуға пайдалануды да ұсынған болатын. Ол: «Ал, қазақтың бастары, талапкер азаматтары, мына есепке кірісіп, қазақ жерін аралап, жұртқа үгіт айтыңдар. Орыстың саяси партияларының ақшасы бар, жұртқа қызмет қылатын кісісі бар, мұжыққа үгіт айтуға әдейі арнап кісі шығарып жатыр. Бізде ақша жоқ, бізде кісі аз. Есепті жамылып жүріп, жұрт ісін істеп қал-

³⁵³ Бөкейханов Ө. Шығармалар... 244-246 бб.

³⁵⁴ ҚР ОММ. 13-к., 1-т., 1-іс, 5-п.

ған оң»³⁵⁵ – деп көрсетті. Ауыл шаруашылық есебін алу жұмыстарына сол кездегі қазақ жастары – М. Әуезов, Ж. Аймауытов, Қ. Сәтбаев, М. Молдыбаев және тағы басқалар атсалысты.³⁵⁶

Осылайша қазақ халқы барлық жақсы үмітті Құрылтай жиналысынан күтті. Бірақ, бүкіл елдегі оқиғалар ағымы қазақ халқына жер мәселесін ұлттық мүдде тұрғысынан шешуге итермелей бастады. Мәселен, Уақытша үкіметтің комиссарлық қызметін атқарған Ә. Бөкейхановтың жер және басқа қоғамдық мәселелерге байланысты көзқарасы принциптік өзгерістерге ұшырайды. Оған себепші болған, біріншіден Уақытша үкіметтің жалпы империя көлеміндегі саяси процестерді игеру қабілетінің күн өткен сайын төмендеуі болса, өзі құрамына енген кадеттер партиясы мен мақсат-мүддесі айқындала түскен ұлт-азаттық қозғалыстың негізгі принциптік мәселелерде өзара жігінің алшақтай түсуі еді.³⁵⁷

Біз мұны Ә. Бөкейхановтың сол кездегі мақалаларынан да аңғарамыз. Уақытша үкіметтің басшылық орындарында басымдылық танытқан кадеттер партиясы саясаты Ә. Бөкейхановты бұл кезеңде қанағаттандыра алмады. Оның кадеттер партиясы құрамынан шығу себебі де осыған байланысты еді. «Кадет партиясы жер адамға меншікті болып берілсе де жөн дейді. Біздің қазақ жерді меншікті қылып алса, башқұртша көрші мұжыққа сатып, біраз жылда сыпырылып жалаңаш шыға келеді»,³⁵⁸ – дей отырып, Ә. Бөкейханов өзінің кадеттер партиясынан шығу себебінің бірі жер мәселесіне байланысты екенін айтады.

Жер мәселесін жалпы ұлттық деңгейде шешу мәселесін шілде айында өткен бірінші жалпықазақ съезінде көтеріліп 4 тармақтан тұратын қаулысын қабылдады. Онда:

- 1) Қазақ халқы өзіне еншілі жерге орнығып болғанша қазақ жері ешкімге берілмесін;
- 2) Қазақ даласында жарамды жер аз болғандықтан, қазақ пайдасынан алынып кеткен мынандай участкалар қазақтың өзіне тоқтаусыз қайтарылсын: дворяндық, мал өсіру, сауда-өнеркәсіп, курорт, монастырь үшін деп алынған жерлер, переселендер орнық-

³⁵⁵ Қазақ. 1917. №234, 24 маусым

³⁵⁶ ҚР ОММ. 15-к., 1-т., 428-іс, 47-48-п.

³⁵⁷ Қойгелдиев М. Алаш қозғалысы...261 бет.

³⁵⁸ Бөкейханов Ә. Шығармалар...268 бет

паған отрубтар, оброктік статьялар жай адамдарға «показательные поля» деп берген, бірақ расында жоқ нәрселер һәм гарнизондарға беріліп, бұл күнде олар кеткеннен кейін, яки саны азайғаннан кейін босаған жерлер;

3) Бос учаскелерге жазылу тез тоқталсын;

4) Переселен орныққан учаскелерде бос тұрған сыбаға жерлер қазақтың өзіне тоқтаусыз қайтарылсын;

5) Қазақтан алынған қыстаулар, егер қожалары әлі көшпеген болса, қазақтың өзіне қалсын, келген мұжықтарға қайтадан болыс қылып, өзге учаскелерден жер берілсін;

6) Айырықша қазына мүлкінде деген тоғайлықтардағы қазақ шабындығы өзіне қайтарылсын. Қазақ малы қазына ағаштарының беткейіне жайылуға рұқсат болсын;

7) Бүкіл мемлекетке далалы (ішкі) болмаған айрықша қазына ағаштары земство қарауына берілсін;

8) Жер хақында қазақ өз алдына жер жобасын жасасын;

9) Жер мәселесін түрлі басқа саяси партиялармен келісу еркі Учредительное собраниеде қазақ депутаттарына берілсін;

10) Қазаққа жер берілгенде негізгі өлшеуге қазақ облыстарына мал бағу һәм егін салу үшін лайықтанған Щербина нормасы алынсын һәм жердің ретіне қарай;

11) Бөкейлік қазақтары басқа көрші қазақ облыстарына лайықтанған норма бойынша өздерінің отырған жерлерінен жер алсын;

12) Түркістан қазақтарына жер берудің үстіне жергілікті су да берілсін;

13) Қазақ халқы жермен ортақ пайдалансын (ру, ауыл, волос болып), яғни земельный община болсын;

14) Земельный община яғни ортақ жердің ауданы жергілікті жер мекемелері еркінде болсын»³⁵⁹ – делінген.

Осы жылы тамыз айында Түркістан аймағы қазақтарының съезі де жер мәселесі бойынша бірінші жалпықазақ съезінің шешімдерін толық қолдай отырып «...мұсылман жұрты Мырзашөл өңірінде суармалы жерлерді игеріп, пайдалалануға құқысыз еді. Аймақ қазақ-қырғыз жиылысы мұндай әділетсіздік жолды тоқ-

³⁵⁹ Қазақ. 1917. №238, 31 шілде.

таусыз жоғалту керек деп біледі. Мұсылмандар, әсіресе, сол жердің өз жұрты жер иелену жағынан орыстармен тең құқықты болсын; Шу дариясының орта шенінде, Әулиеата уезінде переселен мұжықтар бар суды алып қойып, ағыстың төменгі жағындағы қазақтар құр алақан қалып тарығуда. Бұл қазақтарға керекті су төменге ағызылып жіберілсін»³⁶⁰ – деген талаптар қойылған қаулыны Түркістан комитетіне жолдады.

Жетісу облыстық қазақ-қырғыздардың екінші съезі қоныс аударудың қолшоқпары – қоныс аудару басқармаларын жою қажеттігін күн тәртібіне қойды. Съездің қаулысында: «Қоныс аудару басқармасының иемденуі нәтижесінде жерсіз қалған Жетісу қазақтарын жерге орналасытуру жуық арадағы басты міндет болғандықтан, қазіргі таңда отарлау қорын құру мәселесі тіпті қажетсіз. Жерге орналастыру мәселелерін ендігі жерде қоныс аудару басқармасы емес, Құрылтай жиналысына жер реформасының жалпы негізін даярлайтын жер комитеттері атқарды. Жаңа қоныс аударушыларды болмайды, ал қоныстанып қойғандардың әкімшілік шаруашылық құрылымы болашақ земство қолына өтпек. Ендігі жерде Жетісу облысындағы қоныс аудару басқармасына істейтін түк жоқ, сондықтан ол жойылуы тиіс, ал оның қарамағындағы дүние мүлкі мен қаражаты земствоға және жер комитеттеріне берілуі қажет»³⁶¹ – делінген.

Мұндай шешімдерді қабылдаған қазақ съездерінің құрамында Уақытша үкіметтің жергілікті билік органдарында қызмет атқарған қазақ өкілдері де болатын. Бұл, Ақпан төңкерісінен кейін қазақ зиялылары аграрлық саясат, қоныс аудару саясатының әділетсіздігі туралы ештеңе айтпады дейтін кейбір ғылыми тұжырымдардың³⁶² терістігін шығарса керек.

Сонымен, қорыта айтқанда, Уақытша үкімет және оның жергілікті мекемелері жер мәселесін Құрылтай жиналысына қалдырғанымен, шын мәнінде ашықтан-ашық отарлау саясатын ұстанды, ал Орталық переселен басқармасы бастаған ескі патша шенеунік-

³⁶⁰ ӨР ОМҰМ. 1044-к., 1-т., 39-іс, 206-п.; Бірлік туы. 1917. №6, 20 тамыз

³⁶¹ ҚР ОММ. 19-к., I-т., 637-іс, 83-84-п.

³⁶² Кабдиев Д. Развитие экономической мысли в Казахстане (конец XIX – нач. XX века). Алма-Ата, 1978. С.84

тері билік тұсында істеп үлгермеген істерін Құрылтайға дейін орындап алуға тырысты.

4. Уақытша үкіметтің мәдениет, оқу-білім саласындағы саясаты

Уақытша үкіметтің ұлттық шектеулерді алып тастауы патша өкіметі кезінде «бұратана» атанып, азаматтық құқығы бұрмаланып келген мұсылман халықтарына, соның ішінде қазақ азаматтарына қоғамды демократияландыру ісіне белсене қатысуға жол ашты. Уақытша үкіметтің ұлттық теңдікті мойындауы бүкіл елде үлкен қолдауға ие болды. Бұрындары барлық ұлттың теңдігін мойындамақ түгіл, ойлай да алмайтын шовинистік оңшыл күштер енді талқандалып, уақытша әбігерге түсті.³⁶³

Уақытша үкіметтің ұлттық шектеуліктерді алып тастауы басқа да елді демократияландыруға бағытталған заң актілері сияқты – амалсыз жасалған шара еді. Бұл заң актісінің қабылдануы империядағы бүкіл езілген ұлттың азаттық үшін күресінің нәтижесі болды. Уақытша үкімет ұлттар өздері жеңіп алған құқықты тек заң түрінде бекітіп берді.

XX ғасырдың басында орыс революциялық қозғалысы ықпалымен жаңа сапаға өткен қазақ ұлт-азаттық қозғалысы 1917 жылы ақпан айынан бастап өзінің шарықтау биігіне көтеріле бастанды.

М. Дулатов көрсеткендей, қазақ жұрты басқалардың дүбіріне елендеп, ұлт пайдасын 1905 жылдан бастап қолға ала бастады. Осы мезгілден бастап ұлттық интеллигенция елде соны сипат, жаңа өрлеу ала бастаған ұлт-азаттық қозғалысқа саналылық беру мақсатында газет шығару, күреске шақырған кітаптар бастырып тарату, көкейкесті қоғамдық-саяси талаптар қойған петициялар ұйымдастыру сияқты бұрын қазақ тарихында болмаған саяси күрес құралдарын игере бастады. Оның іс-әрекеті, мақсат-мүддесі жалпы ұлттық, жалпы демократиялық сипатта көрінді.³⁶⁴

1911 жылдан шыға бастаған «Айқап» журналы, 1913 жылдан шыға бастаған жалпы-ұлттық «Қазақ» газеті, кейіндері Ақпан

³⁶³ Старцев В.И. Внутренняя политика Временного правительства. Л., 1980. С. 217-218.

³⁶⁴ Қойгелдиев М. Отаршылдыққа қарсы күрес кезеңдері //Қазақ тарихы. 1993. №1. 48 бет.

төңкерісі ықпалымен жарық көрген, қырғыз-қазаққа ортақ ой тастаған Мұстафа көтерген «Бірлік туы», «Сарыарқа», «Жас азамат» газеттері қазақтың жанды мәселелерін: ұлттық дербестікке қол жеткізу, жер мәселесінің қазақтың пайдасына шешу, дүниежүзілік өркениет көшіне ілесу, ұлттың өзіндік ерекшелігін сақтай отырып оқу-білім, ғылыми жетістіктеріне, өркениетті мәдениетке қол жеткізу, сонымен бірге, дін, тіл ерекшеліктерін сақтау, кастерлеуді өзінің күнделікті насихатына арқау етті.

Ұлт-азаттық қозғалыстың жаңа сатысында тарихи күрес арнасына шыққан Ә. Бөкейханов, А. Байтұрсынов, М. Дулатов бастаған қазақ интеллигенциясы феодалдық мешеулікке қарсы қозғалыста жалпы ұлттық мәселелердің ішінде оқу-ағарту ісіне көңіл бөлді.

Қазақ халқының оқу-ағарту, ғылым-білім, өркениет жолына түсуі ХХ ғасыр басындағы ұлт-азаттық қозғалыстың аса маңызды мәселелерінің бірі болды. Сонау 1905 жылы Ә. Бөкейханов, А. Байтұрсынов бастаған бір топ қазақ интеллигенциясының қатысуымен жазылған Қарқаралы петициясында да осы оқу-ағарту ісіне көп назар аударылды.

«Бұл күнде оқудың керек екеніне ешкімнің таласы жоқ. Қай жұрт болса да оқумен ілгері басып тұрғандығын, кейін қалудың себебі оқудың кемдігінен екенін көріп тұрмыз. Оқусыз халық қанша бай болса да, біраз жылдардан кейін оның байлығы өнерлі халықтардың қолына көшпекші»³⁶⁵ – деп ғалым-ағартушы А. Байтұрсынов оқу, ғылымсыз халықтың болашағы жоғын дөп басып болжаса, Ә. Бөкейханов: «Рухани мәдениеттің бір белгісі жұрт баласына жалпы оқу, газет, кітап оқып ғылым жолын тану, қол жеткені ғылым жолында ізденіп адам баласына жақсылық жол ашу»,³⁶⁶ – деп оқу-білімнің мақсатын елге қызмет ету, адамға жақсылық әкелу екенін ашып көрсетеді.

Осылайша оқу-ағарту ісінің мемлекеттік мәнін түсіне отырып, ұлт зиялылары оны шешудің бір жолы Ресейдегі сияқты халықтың земстволық мекемелер құруға рұқсат берілуі үшін күреседі. Қазақ зиялылары земствоның мәнін, қазақ үшін маңызын тереңнен ойлады. Оны А. Байтұрсынов «Земство» деген мақаласын-

³⁶⁵ Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. – Алматы, 1992. 428 бет.

³⁶⁶ Қазақ. 1915. №118.

да былай деп көрсетеді: « ... Торғай облысы қазағынан жиылған земский ақша қазақ баласына беріле ме? Қазақ баласы гимназияға оқиын десе, стипендия жоқ, учительский школда земский стипендияға қазақ баласы алынбай, Полтава губерниясынан келген орыс балалары алынады – халық ақшасы далаға кету деген осы болады. Қазақ ақшасы босқа кететін орын жалғыз осы деп айтып отырғаным емес, санаса, ұшы-қиырына жетіп болмас, ... земство жайынан жазғандағы мақсат – қазаққа да ескерерлік жұмыс екендігін халықтың құлағына салмақ».³⁶⁷

Сол кездегі қоғамдық-саяси жағдайда оқу-ағарту ісін земстволар арқылы шешу бірден-бір дұрыс жол еді. Бірақ патша үкіметі халықтық басқарудың кез келген түрінен шошынып, тыйым салып келді. Қазақтарға земстволық мекемелер ашуға мүмкіндік тек Ақпан төңкерісінен кейін, 1917 жылдың ортасына қарай берілді. Уақытша үкіметтің Халық ағарту министрлігі 1917 жылы 4 наурызда құрылды. Халық ағарту министрі А.А. Мануиловтың салтанатты мәжілісте сөйлеген сөзінің мазмұны бар күш-жігерді аямай жұмыс істеу керек дегенге саяды. «Революция бұл министрлікті айналып өтті, онда комиссарлар тағайындалмады... министр А.А. Мануиловтың бірінші бұйрығы оқу орындарына сабақ мазмұнын жаңарту жайлы болды».³⁶⁸

Оқуға сусап отырған халық орталықтан арнайы бұйрық-жарлықты күтпей-ақ мәселені шешуге өздері кірісіп кетті. 1917 жылы өткізілген қазақ съездерінде, оқытушы мұғалімдер мәжіліс-съездерінде, сондай-ақ қоғамдық ұйымдар жиналыстарында оқу мәселесі күн тәртібінің негізгі бір бөлігі ретінде қойылады. Қазақ қоғамындағы демократиялық леппен ұлт жастары бірнеше ағартушылық сипаттағы ұйымдар ашады.

Семейде құрылған «Талап» ұйымы ел ішінде білім таратып, кітап бастыру, кедей оқушыларға жәрдем беру мақсатын көздеді. Оны Семейдегі мұғалімдер курсының түлегі М. Әуезов, М. Құнанбаев, Ө. Ақберлин, С. Ғабитхановтар құрады. Ұйым жігіттері қазақтың жалпы съезіндегі қаулыларын басшылыққа алуды өздеріне басты міндет етіп қояды.³⁶⁹

³⁶⁷ Байтұрсынов А. Ақ жол. – Алматы, 1991. 226-228 бб.

³⁶⁸ Старцев В.И. Внутренняя политика Временного правительства. Л., 1980. С.191.

³⁶⁹ Сарыарқа. 1917. №13.

Ал 1917 жылы шілде айында Орынборда өткен бірінші жалпықазақ съезі оқыту мәселесі (қазақ балалары) бойынша мынадай қарарлар қабылдаған еді.

1) Жалпы міндетті бастауыш оқу қажет.

2) Бастапқы екі жылда оқу ана тілінде болсын.

3) Мектеп кітаптары болсын, өзге баспасөздер болсын, бәрі де «Қазақ» газеті емлесімен жазылсын.³⁷⁰

Қазақ съездерінде шешімдерін басшылыққа алып оқу-ағарту мәселесін алға жылжытуды көздеген «Талап» ұйымы деген тағы бір жастар бірлестігі «Қызылжарда» бой көтерді. Бұл ұйымды ашуға Қызылжар уезді Қазақ комитетінің белсенді мүшелері А. Рамазанов, Ә. Қуанышов, Б. Малдыбаевтар бас болды. Олардың іс-әрекеті туралы «Сарыарқа» газеті былай деп жазды: «Бұл уақытта комитет ағасы болып тұрған Әлиасқар Қуанышов, Абылай Рамазанов, Біләл Малдыбаев қазақтың осы күнгі бірсыпыра жастарының арасында өте ұлтшыл, таза ойлы, дін, дүние жұмыстарына бірдей көсемдер». Қызылжарда уездной комитет ашылғалы көпке көрсетіп отырған жұмыстарының бірі мынау: оқудан сусап отырған 21 болыстың мұғалімдерін Қызылжарға шақыртып алып, курс ашып, қазір 53 ер мектебін, Қызылжардың өз ішінен бір әйел мектебін ашып отыр. Қызылжардағы «Талап» ұйымының ашылуына басқа жастармен бірге басшылық қылған осы адамдар.³⁷¹

Қазақ комитеттері басқа да жерлерде оқу-ағарту ісіне, әсіресе мектептер ашуға, мұғалім оқытушылар даярлап, жастарға стипендия ұйымдастыруға көп көңіл бөлді. Қазақ қоғамында оқу-ағарту істерін ұйымдастырып, мәдени шараларды жүзеге асыруға атсалыса отырып, Қазақ комитеттері аса қажетті, әрі маңызды мәселелерді өкімет орындары алдына қоя білді.

1917 жылы 13 тамызда Семей облыстық комиссариаты, Қазақ комитеті, мұғалімдер комиссариаты және мұсылман комитеті біріккен мәжілісте мұсылман балаларға арнап мектеп ашу мәселесі күн тәртібіне арнайы қойылады. Бұл мәжілісте облыстық Қазақ комитеті мен Мұсылман комитетінің 2 тамызда облыстық комиссариатқа жіберген қатынас қағаздары талқыланады. Онда Заречная Слободка және Керекуде жатақханасы бар мұғалімдер

³⁷⁰ Қазақ. 1917. №238.

³⁷¹ Сарыарқа. 1917. №22.

семинариясын ашу. Семей облысының уезд орталықтарында жоғарғы бастауыш мектептер ашу. Семей мен Қарқаралыда кәсіптік училище, Семейде халықтың медициналық көмекке аса зәру болып отырғандығын ескеріп медицина фельдшерлерін даярлайтын мектеп ашу, сондай-ақ бес уезде де ауылшаруашылық мектептерін ашу қажеттігі айтылған еді.

Мәжілісте облыста аталған шаралардың көбін іске асыру деген шешім қабылданады.

Қазақ даласына мектептер ауадай қажет болатын. Себебі: Ақпан төңкерісіне дейінгі мектеп, медреселерде, тіпті орыс-қазақ мектептерінде шешілмеген мәселелер көп еді. Мысалы, 1913 жылға қарай бүкіл қазақ облыстарында 157 орыс-қазақ шкolasы, 267 ауыл мектебі болды. Қазақ баласына білім беруде ауыл мектебінің оқу құралы, тәртіп, мөлшер жоспары жоқ болды, ал орыс-қазақ школдарында жоспар да, тәртіп те, оқу құралдары да сай болғанымен, орыстандыру саясатын жүргізуімен қолайсыздық туғызды.³⁷² Бұдан шығудың жолы ұлт мектептерінің мәртебесін көтеріп, оқу жоспары мен сапасын арттыру қажет болды. Ол үшін көбіне тіл мұғалімдерін даярлауға үлкен көңіл бөлінді.

Уақытша үкіметтің Түркістан комитетіне өлке мұғалімдері съезі шығыс тілі мұғалімдерін барлық оқу орындарында даярлауды ұсынды.³⁷³ 1917 жылы 26 мамырда Уақытша үкіметтің Түркістан комитеті мәжілісі ашылып, Халық ағарту министрлігінің Қазан, Харьков, Ростов-на-Дону және Одессадағы университеттердің тарих-филология факультеттері жанынан мұсылмандық Шығыс кафедрасын және Ташкентте шығыс тарихы филологиясын оқытатын факультеті бар Түркістан университетін тез арада ашу қажеттігін сұрауды талқылап, шешімдер қабылдады.³⁷⁴

Уақытша үкіметтің Түркістан комитеті мүшелері мамыр айындағы тағы бір мәжілісінде 17 сәуірден 1 мамырға дейінгі Түркістан өлкесіндегі оқу орындарын басқару ісі бойынша қозғалыс жайын қарастырды.³⁷⁵

³⁷² Байтұрсынов А. Тіл тағылымы... 429 бет.

³⁷³ ӨР ОМҰМ. 1044-қ... 21-іс, 18-п.

³⁷⁴ ӨР ОМҰМ. 21-іс, 18-п.

³⁷⁵ Сонда. 21-іс, 4-п.

Қазақ балаларына арналған мектеп, медресе ашу мәселесі Уақытша үкіметтің барлық жергілікті орындарында қаралып жатты.

Ақтөбе уездік азаматтық комитетінің 77 адам қатысқан жалпы жиналысында да мектеп мәселесі негізгі істің біреуі ретінде қаралады.³⁷⁶ Мәжілісте мектеп мұғалімдерін тезірек майданнан қайтару, мектеп қажетіне деп 130 мың сомның заемын ұйымдастыру, кейін оны земстволық салықпен жабу, оқушылардың стипендиясын 42 сомға көтеру туралы қаулы қабылданды. Ақтөбе уездік басқармасы облыстық Басқармаға ұлттық мектептер ашу үшін көмектер сұрап жатты. «Қазақ балалары үшін жаппай ұлттық мектептер ашу үшін орын даярлау қажет. Сол үшін облыстық Басқарма қазақтардан жиналған қаржыға қоғамдық үйлерден орын берілуін сұрайды»,³⁷⁷ – деп нұсқау беріп, мектеп үйлеріне жай тауып беруге септігін тигізіп отырды.

Ұлттық бастауыш мектептер ашып беруді Қазақстанның өзге де ұлттары жергілікті өкімет орындарынан сұрап жатты. Ұйғыр және дүнген халықтары да ұлттық мектеп, мұғалімдер семинариясын тағы басқа ашуды Пішпек уездік комиссарынан сұрады.³⁷⁸

Уақытша үкіметтің Қазақстандағы жергілікті органдарында қызмет еткен қазақ зиялылары оқу-ағарту мәселесін земстволық мекемелер ашу арқылы шешуге ұмтылды. Қазақ даласында земстволық мекемелерді ашу 1917 жылы Уақытша үкіметтің 17 маусымдағы «Дала облыстарына земство тәртібін жүргізу туралы» қаулысына сәйкес жүзеге асты. Бұл қаулы қазақ интеллигенциясының зор қолдауына ие болды. Земство мекемелері кең қанат жаю үшін бірінші жалпықазақ съезінің шешімімен елге инструкторлар шығара бастады.

Бұрындары земствоның не екенін білмеген жұртқа оның мәнісін түсіндіруді «Қазақ», «Сарыарқа», «Бірлік туы» газеттері өз мойындарына алды. Газет беттерінде ұлт зиялыларының осы тақырыпқа арналған мақалалары жиі басылып тұрды. Торғай облыстық комиссары Ә. Бөкейханов «Земство» деген мақаласында: «Алдымызда үлкен той. Жалпы жұртқа жаңа болатын земствоға

³⁷⁶ ҚР ОММ. 18-к., 1-т., 5-іс, 452-453-п.

³⁷⁷ Сонда. 382-386-п.

³⁷⁸ ҚР ОММ. 19-к., 1-т., 4-іс, 6-7-п.

кіріспек. Земство жұрт өзі сайлап қоятын мәжіліс-мекеме, жұрттың көзі, жанашыры, күзетшісі, қамқоры, қорғаушысы. Тұрмыс-тіршілікте земство билемейтін іс болмайды. ...Земство қолға алатын істің бір зоры бала оқыту. Земство мектеп, школ салады. Медресе көрмеген бала болмайды. Жалпы жұрт оқуға құл болады»,³⁷⁹ – деп жазды.

Қысқа мерзім ішінде өзінің земствосын құрып, Құрылтай жиналысына өкілдер сайлап үлгеру – қазақ халқы үшін уақыт сынына түскендей, әрі өзін өзгеге танытқандай кезең болатын. Себебі, бұрын таныс емес істі қазақ алып кете ме, жоқ па деген күдік те барды. Сол тұста Ә. Бөкейханов, А. Байтұрсынов, М. Дулатов бастаған қазақ оқығандары земство ісін кеңінен насихаттап, халықтың бұл істі тезірек алып кетуіне өз ықпалын тигізді.

Земство сайлауын жүргізу жұмыстары көп күш жігерді қажет етті. Қызылжар уезіне барған нұсқаушылар Құрылтай сайлауынан орыс шаруаларының еш хабары жоқ екенін хабарлады.³⁸⁰ Құрылтай жиналысына өкілдер сайлау ісінің бәрі земство арқылы өтуі керек болды. Земство сайлауын кешіктіру Құрылтай жиналысынан шет қалу қаупін туғызды.

Түркістан комитетінің мүшесі комиссар О. Шкапский қазақтар арасында Құрылтай және земствоға дайындық, ұйымдастыру жұмыстарын жүргізу үшін жан-жақтан қазақтарға жанашыр өкілдерін шақырды.³⁸¹

Халық арасында жүргізілген ұзақ та, терең үгіт-насихат, әзірлік жұмыстарынан кейін қазақ даласында бой көтере бастайды.³⁸²

Қазақ земстволарының мекемелері бірнеше бөлімдерден тұрады. Осы земство бөлімдерінің ішінде табысты қарқынмен жүргізілген оқу-ағарту ісі болды. Білімге сусап отырған халықтың қажетін өтеу үшін елге алдымен оқытушы мұғалімдер даярлау, онан соң ұлттық мектептер ашу, кәсіптік білім беретін оқу орындарына қазақ балаларын тарту сияқты қыруар жұмыстарды земстволар қолына алды. 1917-1918 жылдары Омбыда ашылған 2 айлық мұғалімдер курсы 70-тен аса мұғалімдер бітіріп шыққан, сондай-

³⁷⁹ Қазақ. 1917. №236. 17 шілде.

³⁸⁰ Степная речь. 1917. №263.

³⁸¹ ҚР ОММ. 9-к., 1-т., 101-іс, 60-п.

³⁸² Махаева А. Қазақ қоғамына земстволық басқару керек пе еді? //Ақиқат. 1995. №3.

ақ Ақмола облыстық земство басқармасы қаулысына сәйкес орыс семинарияларында, Омбыдағы орта дәрежелі шаруа мектебінде, Хусаиния, Ғалия, Расулия сияқты медреселерде оқитын қазақ балаларына стипендиялар бөлінеді.³⁸³

Семей облыстық земство мекемесі 1917-1918 жылдары 170 стипендия дайындаған, осы стипендиялардан кезінде Ж. Аймауытов пен М. Әуезов те Семей оқытушылар семинариясында оқып жүргенде пайдаланған.³⁸⁴

Бұқара халықты жаппай оқыту жолына түсіруді ең керекті іс деп білген земстволар стипендия бергенде, өз жергілікті маман кадрларын даярлауды көздеп, земство стипендиясын шәкірт неше жыл пайдаланса, сонша жыл земствоға қызмет етуге міндеттеді.

Земство шаруашылықтың әр саласынан да халақтың пайдасын көздеп, түрлі бөлімдер ашты. Егін жай салу, мал дәрігерлік, орманды қорғау, емдеу, емхана ашу сияқты тағы басқа жұмыстарды ұйымдастырды. Мысалы, Қарқаралы уездік земствосы Сібір қалаларынан 25 мыңдай балық аулайтын құрал-сайман алдырып, Балқаш балығын аулайтын бөлім ашса, Семей облыстық земствосы Америка фирмаларымен қарым-қатынас жасауға талпынды. Облыстық земство тапсырмасымен Р. Марсеков Владивосток қаласына да барып қайтады.³⁸⁵

Қазақ қоғамында құрылған земстволық мекемелер кең қанат жая келе, қоғамдық ұйымдардың көптеген шаруашылық міндеттерін қолына алуы керек еді. «Бірлік туы» газеті бұл жайлы: «Бүгін болмаса, ертең жұртқа земстуа кіргелі тұр. Земстуа мағынасы халық хәкімдігі деген болады. Земстуа кірген жерде халық өзіне қараған жергілікті істерін өздері басқарып, өзі хәкім болмақ. Халықты төрелер билеген ескі тәртіп құрыған соң, оның орнына уақытша осы күнгі комитеттер жасалған еді. Енді бұлардың өмірлері бітуге жақын. Земстуа мекемелері анық орнығып болысымен бұл комитеттер керексіз болып қалмақ. Халықтың не түрлі істері, не түрлі мұқтаждықтары болса, бәрі сол земстуа мекемелеріне тапсырылмақ»,³⁸⁶ – деп жазды. Семей облыстық атқару комитеті

³⁸³ Жас азамат. 1918. №7

³⁸⁴ ҚР ОММ. 1398-к., 1-т., 220-іс, 43-п.

³⁸⁵ Сарыарқа. 1919. №68,74.

³⁸⁶ Бірлік туы. 1917. №8

президиумының мүшесі, облыстық Қазақ комитетінің белсенді мүшесі Ә. Ермаков те ОГПУ тергеушілеріне берген жауабында земстволық басқарудың рөлі туралы былайша көрсетті: «...Тәуелсіздік мәселесіне байланысты Алашордашылардың жетекшісі Ә. Бөкейханов февраль төңкерісі жеңіске жеткен алғашқы күндерде Россияның федеративті республика болуын емес, кең земстволық басқару жүйесі бар республика болуын жақтады».³⁸⁷ Өкімет органдарында қызмет істей жүріп, қазақ зиялылары земстволық халықтың өзін-өзі басқару жүйесіне де кеңінен тартылды. Мысалы, Қарқаралы уездік земствосынан гласнойлыққа Ә. Бөкейханов, Ж. Ақбаев, Ә. Ермаков ұсынылды. Ал Торғай облыстық земствосына гласнойлар болып А. Байтұрсынов, М. Дулатов, С. Кәдірбаев, Ғ. Алмасов, С. Атабаев, тағы басқалар сайланды. Торғай уездік земстволық басқармасына төрағалыққа инспектор Болғамбаев, мүшелікке А. Қасымұлы, Б. Қарамолдаұлы, тағы басқа өтеді. 1917 жылы 26 қарашада бас қосқан Семей облыстық Қазақ комитеті мен «Алаш» партиясының комитеті бас қосқан жиында земствоға мүше сайлау туралы мәселе қозғалып, «земство жұмысын аға сұлтандық емес, сайлаған жұрт үшін жегіліп, жұрт пайдасы мен шаруасын ілгері бастыру үшін ерінбей жүріп қызмет қылу» қажеттілігі баса айтылды.³⁸⁸ Орал облысы Темір уезіндегі земствоның құрылуына куә болған М. Рялов былай деп жазды: «Уездік земство басқармасының сайлауы өтті. Земство басқармасының төрағасы болып қазақ мұғалімі Кенжин сайланды, мүшелері де қазақтан болды... земстволық басқарма уездің қожайынына айналды. Қазақтар өздерін еркін және жеңіл сезіне бастады».³⁸⁹ Уақытша үкіметтің комиссарлық және атқару комитеттерінде қызметте жүрген қазақ зиялылары оқу-ағарту мәселерінен басқа ел ішіндегі күні өткен әдет-ғұрыптармен, салт-дәстүрмен де күрес жүргізіп отырды. Қазақ қоғамында жанды мәселеге айналған сол тұста – әйел теңдігі еді. Ә. Бөкейханов комиссар ретінде неке дауына жиі араласып, әйелдер теңдігін қорғауға көп күш салды. Семей облысында құрылған облыстық Қазақ со-

³⁸⁷ Нұрпейісов К.Н. Қилы заман құжаттары немесе Ә. Ермаков ОГПУ тергеушілері алдында //Қазақстан в начале XX века. Алматы, 1993 50 бет.

³⁸⁸ Сарыарқа. 1917. №23

³⁸⁹ Елеуов Т. Установление и упращение Советской власти в Казахстане (март 1917 – июль 1918 года). – Алматы, 1961. С.161

тының бірінші үкімі де осы әйел теңдігін қорғауға байланысты шығады.³⁹⁰ Әйел теңдігін қорғап, олардың оқып-білім алуына, өз сүйгеніне қосылуына көп көңіл бөлудегі мақсат – ұрпақ тәрбиесін дұрыс жолға қою еді. Себебі, білімді, тәрбиелі, өнегелі ана ғана балаға бесіктен бастап, дұрыс, оң тәрбие бере алатындығы айқын болатын. М. Әуезов сол тұста жазған «Адамның негізі – әйел» деген мақаласында қазақ қоғамында қазақ қыздарының рөліне үлкен мән беріле бастағандығы айқын аңғартады.³⁹¹ Әйтсе де, әйел мәселесі болсын, оқу-ағарту, мәдениет барлығы да мемлекет тарапынан нақты шаралар болғанда ғана түпкілікті шешілері хақ. Ал уақытша үкімет мұндай нақты айқындама бере алмады. Бірақ Уақытша үкіметтің Қазақстандағы жергілікті билік органдарында қызмет еткен ұлт зиялылары қазақ қоғамының ең маңызды мәселелерін шешуге алғашқы балғын қадамын жасап, игі бастамаларға жол салуға талпыныс жасай бастағанды.

³⁹⁰ ҚР ОММ. 1399-к., 1-т, 1-іс, 7-п .

³⁹¹ Сарыарқа. 1917. №12.

УАҚЫТША ҮКІМЕТТІҢ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ БИЛІК ОРГАНДАРЫНЫҢ ҚОҒАМДЫҚ САЯСИ ҰЙЫМДАРМЕН ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСЫ

1. Уақытша үкіметтің Қазақстандағы билік органдарының қоғамдық-саяси ұйымдармен қарым-қатынасы

Ақпан төңкерісі елде саяси жүйені өзгертіп, республикалық құрылысқа көшуге жағдай жасаумен қатар, империяның орталығында да, сондай-ақ кең байтақ жерлерде созылып жатқан ұлттық отар аймақтарда да барлық саяси күштердің, қоғамдық ұйымдардың жанданып, бұқаралық сипат алып, әрекет етуіне өз ықпалын тигізді. Осының нәтижесінде елде азаматтық келісімге келуге белгілі бір мүмкіндіктер туды. Алайда, Қазақстанда жергілікті өкімет биліктері туралы мәселе күрделі, әрі ұзаққа созылған процесс болды. Жергілікті өкімет органдарының құрылу уақыты жергілікті өзгешеліктерге де байланысты жүрді. Бұл өзгешелікті жалпы белгілі бір уезд, облыстағы тұрғындардың саяси белсенділігімен, халықтың ауызбірлігінің мықтылығымен, оқыған, зиялы азаматтардың (ел басқаруға жарайтын) басымдылығымен тағы басқа байланыстыруға болады. Мәселен, Қазақстанның Семей облысында Сырдария облысына қарағанда қазақтардың үкімет органдарына, өзге де саяси қоғамдық ұйымдар құруға қатысуы қызу жүрді. Сырдария, жалпы Түркістандағы саяси ахуалға М. Шоқайдың берген бағасы бұл жағдайдың себебін аша түседі: «Революция бізге еркіндік пен ұлттық белсендікке жол ашатындай көрінді. Бірақ, ұзақ жылдар қараңғыда отырған кісінің

жарыққа шыққанда көзі қамасатыны сияқты талай заманнан бері патшаның отарлық саясатының қапасында тұншыққан біз революция алып келген бостандықтың жарығына шыққанда көзіміз қамасып, бірден жол тауып кете алмадық. Санамыздың қараңғылығы да көзімізді одан сайын қарактырып, көп сандалдық. Дәрменсіздігіміз бір тобымызды орыс революцияшыл демократиясына еруге мәжбүр етті... екінші тобымыз, көпшілігіміз, саяси табысқа дұғамен жетеміз дегенге сенетін... Әрине, мұның екеуі де қате еді». ³⁹² Жөн біледі деген оқыған азаматтардың бір пікірге келе алмауы, бірлесіп күреспей нәтижесінде көп партиялар, түрлі ұйымдар құрылып, Түркістандағы азаттық үшін күреске кері әсерін тигізді. Енді 1917 жылы Ақпан төңкерісінен кейін түрлі ұлттық, қоғамдық негізде құрылған ұйымдар мен үкімет органдарының қарым-қатынасы мәселесіне келейік.

Ақпан төңкерісі Ресей империясының барлық саяси жүйесіне тән дағдарыстың заңды нәтижесі болды. Патшалық тәртіптің құлауы елде сапалық тұрғыдан жаңа саяси жүйе құруға мүмкіндіктер туғызды. Империяда бұрыннан орын алып келген «біртұтас және бөлінбес Ресей» идеясы мен соған негізделген мемлекеттік саясатқа сызат түсе бастады. Ақпан жеңісінен кейін жаңа таптық, әлеуметтік, ұлттық және партиялық мақсат-мүдделерді, көп жағдайда бір-біріне қарсы болған мақсат-мүдделерді жақтайтын күштер саяси күрес аренасына шықты. ³⁹³ Елдегі шешімін күткен ұлттық автономия, жер, азық-түлік, оқу-ағарту, тіл, дін тағы басқа толып жатқан мәселелерді өз міндет-мақсаттарына, бағыт-бағдарламаларына арқау еткен қоғамдық-саяси ұйымдар, ұлттық құрылымдар өкімет органдарымен өз мүдделерін жүзеге асыруда қарым-қатынасқа түсті. Бүкіл империя көлемінде Ресейде халық бұқарасын көптеп қамтыған демократияның қалыптасуына осы мезгілде жол ашылған еді. 1917 жылғы ақпан мен наурыз айларында қазақ қоғамында Уақытша үкіметтің өз билігін толық жүргізуге заңды құқы да, не күші де болған жоқ, ал қазақ басшылары тәуелсіз аймақ орнату мақсатында кең қолдауға ие болып, экономикалық тұрғыдан өзін-өзі басқару мәселесін шеше алмады. ³⁹⁴

³⁹² Шоқай М. Түркістанның қилы тағдыры... 155 бет.

³⁹³ Нұрпейісов К. Алаш һәм Алашорда... 74 бет

³⁹⁴ Олкотт М. Қазақтар// Есмағамбетов К. Қазақтар шетел әдебиетінде. – Алматы, 1994. 124 бет.

1917 жылы осылайша Қазақстанда қалыптасқан саяси вакуумды толтыруға түрлі саяси топтар ұмтылды. Себебі Уақытша үкімет бар билікті Құрылтай жиналысына қалдырып, толық мағынасындағы заңды үкімет орны бола алмады. Осыған байланысты жергілікті үкімет билігі де үлкен қиындықтармен шешіліп жатты. Орталықта да, жергілікті жерлерде де өкімет орындарының құрамы үздіксіз өзгеріс күйін кешіп, ол үшін әртүрлі ұйымдар мен құрылымдар, саяси партиялар өзара күресті жандандыра түсті.

Орталықта қатаң, әрі жүйелі құрылған билік жүйесінің болмауын мына жағдайлардан көреміз. 1917 жылы наурызда Уақытша үкімет жаңа заңдар жобасын шығаратын, үкімет пен министрліктер арасында тұрған дәнекер іспетті заң мәжілісін (юридическое совещание) құрды, 25 мамырда Құрылтай жиналысына сайлау заңын әзірлейтін Ерекше мәжілісін (Особое совещание) құрып, оның төралығына белгілі заңгер Ф.Ф. Кокоскинді сайлады. Күзге қарай Уақытша үкімет конституция жобасын жасау үшін заң мәжілісінің Ерекше комиссиясын құрып, оның төралығына профессор Н.И. Лазаревскийді тағайындады. 1917 жылдың мамыр айында үкімет жаңадан 4 министрлікті құрды: еңбек, азық-түлік, мемлекеттік бақылау, почта және телеграф. Тамыз айында оған дін министрлігі қосылды. Осылайша көктем мен жазда мемлекеттік аппарат толықтырыла түсті. Оның қатарына экономикалық Кеңес және экономикалық Бас комитет, Қорғаныс комитеті, Бүкілресейлік кітап палатасы, милиция істері жөніндегі Бас басқарма, Әскери министрлік комитеті, шетелдермен қатынас Бас басқармасы қосылды. Тамыз айында Уақытша үкімет «армия мен флоттың өмірінде саяси жұмыстың маңыздылығын ескеріп», әскери министрліктің құрылымындағы қызметкерлер санын үш есеге көбейтті.³⁹⁵ «Ресей тарихында бірде-бір патша өкіметі Уақытша үкімет сияқты шығын шығаруға соншама қолы ашық болған емес»,³⁹⁶ – деп мәлімдейді орталықтағы Мемлекеттік мәжілісте қаржы министрі Н.В. Некрасов. Орталықта болып жатқан басқарудағы тұрақсыздық, көп жүйелілік жергілікті жерлердегі ахуалдарға да әсер етпей қоймайды. Халық уақыт өте, әрбір қадамын басқан сайын қала комиссары, милиция комиссары, ұлттық

³⁹⁵ Сенин А.С. Либералы у власти. История повторяется? //Кентавр. 1993. №2.

³⁹⁶ Государственное совещание 12-15 августа 1917 года. Стенограф. Отчет. М.-Л., 1930. С.34

топтардың тағы басқа комиссарларға жолығатын болды. Комиссарлар мен комитеттер Уақытша үкімет тұсында ең сәнді, әрі танымал атауға болады. 1917 жылғы Ресей жалпы мемлекеттік, қоғамдық, жеке адамдардың бірлестігі және басқа жіктелуі қиын институттардың тізбегін дүниеге келтірді. Олардың барлығы өзара күрделі байланыста болып, қоғамдық-саяси өмірге үлкен әсерін тигізді.³⁹⁷ 1917 жылы Ресейдің бір жерлерінде бейберекеттікке жол берілсе, екінші жерде өкімет билігі әйтеуір бір ұйымның қолына өтті, үшінші жерлерде қос өкімет, үш өкімет немесе қанша ұйым мен мекеме болса, сонша өкімет болды.³⁹⁸ Ал Қазақстанда Уақытша үкімет өзінің саясатын жүзеге асыруда Қазақ комитеттеріне, Казак комитеттеріне, Мұсылмандар комитетіне және тағы басқа қоғамдық негіздегі ұйымдарға сүйенеді. Ал, осы ұйымдардың ішінде Уақытша үкіметтің ұлттық тірегі болған Қазақ мемлекеттері мен мұсылман комитеттері, сондай-ақ, ұйғыр-дүнген (тараншы-дүнген), Қырғыз уездік комитеттері (Прижевальск, Пішпек уездері Жетісу облысы құрамында болды) сияқты ұлттық және діни негізде құрылған ұйымдар еді. Кейбір кеңестік зерттеушілер бұл ұйымдарды оқшау ұлттық құрылым, Уақытша үкіметтің сойылын соғып, көзсіз қол шоқпары болды деген сипатта көрсетіп келеді. 1917 жылдың наурыз айынан бастап жер-жерлерде бой көтере бастаған Қазақ комитеттері, мәселен, Уақытша үкіметке барынша қолдау көрсетті. Алайда Қазақ комитеттері өкілдері Уақытша үкіметтің жергілікті органдары болған облыстық және уездік атқару комитеттеріне мүше болып кіріп, ұлттық мүддені қорғады. Себебі, оның ұлттық саясатын қазақ съездері бекітіп, бағыт-бағдарлама беріп тұрды. Орал облыстық Қазақ атқару комитетінің Жарғысында ұйымның мақсаты қазақ халқын жаңа құрылыстың негіздерімен таныстыру және оны жүзеге асыру, Құрылтай жиналысына әзірлеу делінеді. Осы құжатта Қазақ комитеттерінің Уақытша үкіметтің жергілікті ұйымдармен қарым-қатынасы былайша айқын көрсетілген: «Комитеттер (қазақ) өзінің қызметіне қатысты мәселелер бойынша өзара, сондай-ақ, басқа мекемелермен және ұйымдармен қарым-қатынаста болды. Облыстық Қазақ комитеті өзінің өкілдерін Оралдағы атқару ко-

³⁹⁷ Общественные организации в политической системе России 1914-1918 гг. М., С. 4.

³⁹⁸ Герасименко Г.А. К вопросу о двоевласти в стране . . . С 69.

митетіне, болыстық және ауылдық комитетке екі өкілден делегат жібереді. Облыстық Қазақ атқару комитеті Орал облыстық атқару комитетімен, уездіктер – уездік атқару комитетімен қарым-қатынаста болады».³⁹⁹ Осы Жарғыға сай Қазақ комитеттері атқару комитеттеріне өз адамдарын кіргізеді. Мысалы, Ж. Досмұхамедов Оралда, Х. Ғаббасов Семейде, Ж. Ақбаев Қарқаралыда атқару комитеттеріне мүше болып кіреді. Ақмола облыстық атқару Қазақ комитеті 10 қазақтың адамын өкіл қылып кіргізді.⁴⁰⁰ Қазақ комитеттерінің ұсынуы бойынша үкіметтің жергілікті органдары құрамына кіргендер қазақ қоғамына байланысты мәселелерге тікелей араласып, көбіне істің қазақтың пайдасына шешілуіне септігін тигізді. Семей облыстық Делегаттар Кеңесі құрамына Қазақ комитеті атынан өкіл болып кірген Х. Ғаббасов, Ә. Ермеков, Б.Сәрсеновтер қазақ арасындағы шешілмей жатқан мәселелерді көтеріп, түйінін табуға талпынды. Мәселен, Алаш қаласының дербестік мәселесін, астық жинауға жіберілген қазақ жігіттеріне төлемақы белгілеу, ел ішінде уездік комиссариаттар құру үшін қазақ комиссарларын жіберу тағы басқа күн тәртібіне қойды.⁴⁰¹ Отарлық аппарат шенеуніктері мен ұлттық интеллигенция өкілдері арасында қырғи-қабақтық пен келіспеушіліктер де болмай қойған жоқ, мұндай жағдайлар Орал, Қостанайда, Қарқаралыда тағы басқа жекелеген қалаларда орын алды.⁴⁰² Комиссарлар мен атқару комитеттері қазақ комитеттері қойған талаптарға жүрдімбардым қарап, уақытында шешпей, созбаққа салды, шешсе де негізінен өздеріне қолайлы тұрғыдан шешті. Әйтсе де, жергілікті халық өзінің талап-тілегін осы қоғамдық негізде құрылған мекемелер арқылы іске асыруға ұмтылды. Жетісу, Сырдария Қазақ комитеттеріне жергілікті халықтың күнделікті тұрмыс-тіршілігіне, әсіресе, жер мәселесіне байланысты шағымдары қардай боранды.⁴⁰³ Уақытша үкімет мекемелері үшін Жетісуда 1916 жылдан кейін қалыптасқан халықтар арасындағы өшпенділікті мүмкіндігінше басқа арнаға түсіріп, ымыраластыру, өзара ынтымақ пен келісімге келтіру – бірінші кезектегі міндет болатын, мұны жергі-

³⁹⁹ ҚР ОММ. 14-к., 3-т., 2-іс, 21-п.

⁴⁰⁰ Слово трудового крестьянство. 1917. 1 октября.

⁴⁰¹ Маханов А. Қазақ комитеттері: құрылу тарихы мен қызметі . . . 122-бет

⁴⁰² Нұрпейісов К. Алаш һәм Алашорда . . . 76-бет

⁴⁰³ Бөкейханов Ә. Шығармалар ... 79-79 бет

лікті халықтың Қазақ комитеті сияқты қоғамдық ұйым және мұсылмандар комитеті де жақсы түсінді. Уақытша үкіметтің Түркістан комитеті де 1917 жылы 25 сәуірдегі мәжілісінде Жетісу облысындағы ұлтаралық шиеленістің ауыр оқиғаларға соқтырып отырғанын талқылай келе көтерілістің ауыр салдарын жою шараларын қарастырады. Осы мәселеге байланысты Түркістан комитетінің жергілікті халықтың жайын жақсы білетін 2 мүшесі – М.Тынышбаев пен О. Шкапский Жетісуға жіберіледі. Оларға халықтар арасында өзара сенімді орнату, қалыпты тұрмыс жағдайын жасауға ықпал ету тапсырылады. О.А. Шкапский Жетісуды жақсы білетін, тәжірибелі түркістандық еді. Ол 1905 жылы Алматыда құрылған қоныс аудару мекемесінің бастығы болып қызмет те істеген. Жерге орналастыру басқармасының меңгерушісі Шванебахқа Жетісу облысында қазақтардың басы артық жері жоқ екендігін қызмет орны мен мансаптан айырылып қаламын деп қорықпай алғаш ресми мәлімдеген де осы О.А. Шкапский еді.⁴⁰⁴ Ал М. Тынышбаев осы Жетісу өлкесінде туып, өскен, білім алған, жергілікті тұрғындардың әдет-ғұрпы, тұрмыс жайын жете білетін азамат тұрғын. М. Тынышбаевты тек жергілікті қазақтар ғана емес, орыс тұрғындары да жақсы білетін, сыйлайтын. М. Тынышбаевтың екі халықтың да сеніміне ие болғандығына орыс халқы атынан комитет төрағасы Зиминнің М. Тынышбаевты тұтқындар мәселесін шешуге арнайы жіберілуін сұраған жеделхаты⁴⁰⁵ да дәлел. Жетісудағы 1916 жылы көтеріліс зардаптарын жою Уақытша үкімет органдары қызметкерлеріне де, Қазақ комитеті сияқты ұлттық негіздегі қоғамдық ұйымға да оңай соққан жоқ. Мысалы, 1917 жылы Ақпан төңкерісінен кейін 24 наурызда құрылған Жетісу қазақтарының атқару комитеті Қытайдан қайтқан қазақ-қырғыздың жағдайымен санаспастан, олардың мүддесін ескерместен, тек біржақты талаптар қойып: «Қазақ халқы 1916 жылғы көтерілістің шығындарын өтемесе және ендігері орыстарға қазақтардың тимеуіне кепілдік берілмесе, осы айтқан орындалмаса, бейбітшілік тек жана ұрпақтар кезінде ғана болуы мүмкін» дегенді ашық айтты.⁴⁰⁶ Жетісу қазақ комитеті Ресейдің қазақтар партиясы бағдарламасын қуаттап, қазақтардың

⁴⁰⁴ Тынышпаев М. Великие бедствия . . . С.105.

⁴⁰⁵ ҚР ОММ 9-к., 1-т., 99-іс, 1-п.

⁴⁰⁶ ҚР ОММ. 39-к., 2-т., 243-іс, 46-49-п.

томаға-тұйық, сословиелік ұйымын сақтауға, казактардан «әділетсіз» алынған жерлерді қайтаруға, казактар автономиясының жеріне ешкімнің қолы тимеуіне тағы басқа қол жеткізу қажеттігін негіздеп жатты.

1917 жылы Жетісу казак әскерлері құрамында 45 мың адам, 681 мың десятина жер бар еді. Комитет Уақытша үкіметті жақтады және палаталы атқарушы билігі бар, парламенттік республиканы жақтады.⁴⁰⁷ Қазактар арасында саяси дифференция өте жай жүрді, еңбекші казактардың көбі офицер-казак билеушілері ықпалында болды.

Уақытша үкімет органдары казактар комитетімен, жалпы олардың құқықтарымен санасып отырды. Талай жылдар бойы отарлық тонаушылық пен зорлық-зомбылық жағдайында тәрбиеленген орыстық азшылдық санасында жергілікті халықтан гөрі ұлттық үстемдік жөнінде пікір енгізіліп, бұратана халықтан қажет нәрсенің бәрін тартып алуға болады деген сенім қарапайым құқық дәрежесіне жетті.⁴⁰⁸ Патша өкіметінің отарлық саясатының ықпалы Уақытша үкімет тұсында да бірден жойылып кеткен жоқ. Жергілікті халықтың мүддесі құқықтық жағынан көбіне қорғасыз қалды. Қырғыз халқының қайраткері Белек Солтоноев өзі көзі көрген жағдайды былайша баяндайды: «Керенский заманында болған өкімет арыз қылсақ, ұқпады. 1916 жылғы қолыңмен істегенінді енді қаныңмен төле (сам наварил кашу, сам и расхлебывай), – деді. Қашқындарды өлтіріп жатқан мұжықтарға астыртын жәрдемші болды».⁴⁰⁹ Расында, Уақытша үкіметтің жергілікті басқару орындарында, мысалы, переселен мекемелерінде патша үкіметі тұсында отарлық саясаттың қолшоқпары болған чиновниктер аз емес тұғын. Олар жаңа үкімет тұсында да бұрынғы «бұратана есебінен шешу» позициясын жалғастыра берді. Жаркент уезінде қоныс аудару мекемесін басқарған Войшивилло деген чиновник Уақытша үкімет тұсында да ескі әдетінен айырылмай, казактардың жерін заңсыз орыс тұрғындарына беріп, жергілікті тұрғындарды астық пен пішеннен қаққан.⁴¹⁰ Керек уездік ко-

⁴⁰⁷ Абдиров М.Ж. История качества Казахстана. – Алматы, 1994. С. 132.

⁴⁰⁸ Сафаров Г. Колониальная революция (опыт Туркестана). М., 1921. С. 62.

⁴⁰⁹ Солтоноев Б. Кызыл кыргыз тарихы: Тарихи очерктер кыргыз тілінде. Бишкек, 1993, 2 кітап 131-132 бб.

⁴¹⁰ ҚР ОММ. 9-к., 56-і с, 1-п.

миссары Кайдалов та майданнан қайтып келе жатқан қазақ жігіттерін орынсыз тексеріп, жеке заттарын жөнсіз алып, олардың жеке бас құқықтарын бұрмалауға жол берген. Семей облыстық атқару комитеті бастығы Ляшкевичтің (қазақ комитетінің өтініші бойынша) жасаған ескертпесіне қазақтардың өтірігінің бірі деп кекесінмен жауап қайтарады.⁴¹¹ Үкімет тарапынан ешқандай қағажу көрмеген солдаттар Пішпек уезіне қарасты Георгиевке село-сында да өз беттерінше тінту жүргізіп, елдің дүние-мүлкін тонап, ақшаларын тартып алып, бірнеше адамды бір түнде қырып салған.⁴¹² Жетісудағы қанды оқиғаларға байланысты облыстық қазақ комитетінің төрағасы И. Жайнақов бастаған қазақ зиялылары қанішерлердің жазаға тартылуын талап етіп, облыстық, одан қалды, Түркістан комитетіне сұраулар салды. Жетісудағы жағдайға байланысты 1917 жылы қазанда Пішпекте 4 мұсылман ұйымы: Пішпек уездік Қырғыз-қазақ комитеті, «Щуро-и-ислам» мұсылмандар комитеті, дүнгендердің «Егінші» одағы және «Бұқара» одағы мүшелері бірігіп Кеңес өткізіп, уақытша үкіметтің жергілікті өкімет органдарының барлық ескерту шараларына қарамас-тан орыс азаматтарының зорлық-зомбылық әрекетінің тоқтамай тұрғандығын баса көрсетті. Солдаттардың соңын ала шаруалар да, былтырғы төгілген қанның кегін аламыз деп, қарулы тобыр құрып, жүгенсіз қимыл-әрекеттердің аумағын кеңейте түскенін ашына мәлімдеді. Жүгенсіздікке қарсы күресуге өкімет органдары мен ұлттық ұйымдардың шамасы келмей тұрғандығы әскери шенділердің қарама-қайшы іс-қимылынан деп көрсетті.⁴¹³ Қоғамдық ұйымдардың бұл біріккен Кеңесі Түркістан өлкелік комитеті О. Шкапский мен әскери комиссар Ивановтан көмек сұрап, облыстағы мұсылмандар мәселесіне жауапкершілікпен қарауға шақырады. Уақытша үкіметтің жергілікті билік органдары мен ұлттық, мұсылмандық ұйымдар, өзге қоғамдық-саяси бірлестіктер бас қосып, күш біріктіре жол табуға тырысқан әрекеттері орталық өкіметтің қолдауын таппады.

Мысалы, селолық комитет мүшелерінен Уақытша сот құрып, орыс бандасын ауыздықтауды тездетейік деген Түркістан өлкесі

⁴¹¹ Сонда. 992-к., 1-т., 3-і с., 3-10, 215-216-п.

⁴¹² Сонда. 9-к., 1-т., 90-і с., 51-п.

⁴¹³ Махаева А. Қазақ комитеттері: құрылуы мен қызметінің тарихы . . . 128 бет.

комиссары М. Тынышпаев пен О. Шкапскийдің ресми 2 рет жасаған ұсынысына Юстиция министрлігі еш жауап қатпады.

Осылайша, барлық маңызды, ұлттық мәні бар істердің орталыққа барып тұйықталып қала беруі ұлттық ұйымдарды мәселені дербес шешуге итермеледі. Мұндай дербестікке ұмтылу Жетісу жағдайында өз адамдарынан тұратын сот құрылымдарын құруға талпынушылықтан байқалады. Пішпек уездік қырғыз-қазақ комитетінің төрағасы К. Әлімбаев комитет төралқасы өзінің құрамынан білімді де тәжірибелі адамдарын шығарып, халыққа жайлы сот жасауды қажет деп тапқанын, сөйтіп әкімшілікке қоса сот қызметін қатар алып жүруді өтінсе, Жаркенттегі тараншы-дүнгендердің уездік мұсылман комитеті шарифатты білетін, әрі білімді азаматтардан сот билігін құруға рұхсат сұрады.⁴¹⁴ Бірақ, Түркістан комитеті: Пішпек уездік қырғыз-қазақ уездік комитетінен өкімет органын жасауға соғады»,⁴¹⁵ – деп жауап қайтарады.

Облыстық көлемде қазақ арасындағы мәселелерді қарау үшін Семейде облыстық қазақ соты құрылды. Жергілікті жерлерде қазақ соттарын құруға талпынушылық дербестікке ұмтылудан, әрі қазақ мәселесінің шешілуі ұзаққа созылудан немесе мүлдем жауапсыз қалудан туындаған еді.

Әйтсе де, ел арасындағы кей жұмыстар Уақытша үкіметтің атқару комитеті мен ұлттық құрылымдардың күш біріктіруімен шешімін тауып жатты. Үржар уездік атқару комитеті ат ұрлау мәселесін шешу үшін барлық болыстардан 2 делегаттан және Үржар бөлімшелік қазақ комитетінен өкілдер қатыстыра отырып шешуге алғашқы ұсынысты жасап, біршама істерге ұйытқы болады. Аталған мәселені шешуге Үржар мұсылмандарының біріккен комитетінің төрағасы Салық Аманжолов өзін заңгер ретінде, әрі халықтық тәжірибені жақсы білетіндігімен көзге түседі.⁴¹⁶

Уақыт өте келе Уақытша үкіметтің қолынан саяси билік біртіндеп ұзай берді. Пәрменді биліктің болмауынан құрамына әртүрлі қоғамдық ұйымдар кірген делегаттар Кеңесі, қоғамдық қауіпсіздік комитеті, Кеңестердің Кеңесі тағы да басқа құрылымдар жергілікті өкімет билігін жүзеге асыруға тырысты. Барлық

⁴¹⁴ Сонда. 62 бет.

⁴¹⁵ ҚР ОММ. 9-к., 1-т., 86-і с, 26-п.

⁴¹⁶ Сонда. 22-іс, 67-70-п.

ұйым өкілдері бас қосқан ортада жергілікті мәселелер бойынша түрлі істер қаралып, тиісті шешімдер қаралып жатты. Алайда, қазақ халқы үшін өмірлік маңызы бар жер, автономия, тіл тағы басқа мәселелер құрылтай жиналысына дейін қалдырыла берді. Уақытша үкіметтің Қазақстандағы жергілікті билік органдары мен қазақ комитеттері, мұсылмандық комитеттер, тағы басқа ұйымдардың қарым-қатынасы өзара үйлесімге, әрі қайшылыққа толы еді. Мұндай екі жақты байланыстың себебі, біріншіден, аталған ұйымдардың бәрі де Уақытша үкіметті қолдады, қуаттады, екіншіден, жергілікті мәселелерді, нақтырақ айтсақ, ұлттық зәру мәселелерді шешуде қайшылықтар, таластартыстар көп болды, ортақ тұжырымдар жасау қиынға соқты. Уақытша үкіметтің жергілікті билік орындарындағы комиссар Кайдалов, Войшивилло сияқты кертартпа күштер билікті қолға жиып ұстағысы келсе, жергілікті халықтан тұратын қоғамдық негіздегі ұлттық ұйымдар өздеріне тиісті істерді дербес шешуге ұмтылды. Осындай қайшылықтан туындаған өмірлік мәні бар мәселелердің Құрылтай жиналысы қарауына қалдырыла беруі халықтың тағатын тауысты. Қазақтың ұлттық мәселелері, уақыт өте келе, тек автономияға қол жеткізгенде ғана шешілетіндігі айқындала түсті.

2. Уақытша үкіметтің билік орындары және Кеңестер

Ақпан революциясының басты ерекшелігі де, әрі басты қайшылығы да елге қосөкіметті әкелуі болды. «Біздің революцияның аса тамаша өзіндік ерекшелігі – оның қосөкімет туғызуында. Уақытша үкіметпен, буржуазия үкіметімен қатар әлі әлсіз, жаңа ұрық салып келе жатқан екінші үкімет – жұмысшы және солдат депутаттарының советтері құрылды. Бұл революция диктатура, яғни орталықтандырылған мемлекеттің шығарған заңына емес, бұқара халықтың төменнен болатын тікелей бастамасына сүйенетін өкімет»,⁴¹⁷ – деп жазды В.И. Ленин. Қосөкімет жағдайында Кеңестер Уақытша үкімет органдарын ығыстырып тастауға, билікке ұмтылды.⁴¹⁸ Қосөкіметтілік өзінің дүниеге келуі арқылы

⁴¹⁷ Ленин В.И. Шығармалар толық жинағы. 31 Т. 159 бет.

⁴¹⁸ Полицев Н.С. Советы 1917 года: от общественной организации к органу власти //Обще-

Ақпан төңкерісінің ішкі қайшылықтарын бейнеледі, елдің қоғамдық-саяси өмірінің тұрақсыз екендігін көрсетті.

1917 жылы наурыз айы ішінде бүкіл ел көлемінде 600-ге жуық кеңестер құрылып, оның басым көпшілігі қалалық жерлерде болды.⁴¹⁹ Қазақстанда да негізгі облыс, уездік орталықтары мен теміржол бойына орналасқан ірі елді мекендерде жұмысшы және солдат депутаттарының кеңестері 1917 жылдың наурыз айында құрылды. Мәселен, Жетісу облысының орталығы Верный (қазіргі Алматы) қаласында 1917 жылы наурыздың 12-сінде жұмысшы депутаттары кеңестерінің алғашқы мәжілісі болып, онда Кеңестің атқару комитеті сайланды. Сол жылдың наурыздың 11-інде Семейдің қалалық жұмысшы депутаттары Кеңесінің 32 адам қатысқан ұйымдастыру мәжілісі болып өтті; наурызда Қызылжар (Петропавл) қаласында жұмысшы және солдат депутаттары Кеңесінің алғашқы біріккен мәжілісі болды. Оған жұмысшылардан 40 депутат және 64 депутат қатынасты. Наурыз айында жұмысшы және солдат депутаттарының Кеңестері Павлодар мен Өскеменде, Қостанай мен Ақмолада, Перовскі (Қызылорда) мен Қазалыда, Әулиеата (Жамбыл) мен Черняевте (Шымкент) ұйымдасты. 1917 жылдың сәуір-мамыр айларында шаруа депутаттар кеңестері де жер-жерлерде құрыла бастады.⁴²⁰ Ақпан және Қазан төңкерістері аралығында құрылған бұл кеңестер «көбіне орыс институттары» болған еді, олар бірыңғай орыстардан тұрды.⁴²¹

Ақпан төңкерісінен кейінгі алғашқы кезеңде өлкедегі Кеңестерде шешуші күш Әсерлер (социалист-революционер) мен меньшевиктер қолында болды. Қазақстанда құрылған Кеңестердің ішінде бірақ Кеңесті – Черняев (Шымкент) Кеңесін большевик А. Морозов басқарса, Петропавл Кеңесін жергілікті РСДЖП ұйымының жетекшісі, меньшевик интернационалист А. Поволоцкий басқарды. Ал өлкеде ұйымдасқан басқа Кеңестерге түгелін дерлік эсер (социалист-революционер) партияларының өкілдері жетекшілік жасады. Мәселен, Семейде – Л. Юдин, Верныйда

ственные организации в политической системе России 1917-1918 г.г. Материалы конференции. М., 1991. С.33.

⁴¹⁹ Минц И.И. История Великого Октября. Свержение самодержавия. М., 1967. Т.1. С.918.

⁴²⁰ Нұрпейісов К. Алаш һәм Алашорда ... 84 бет.

⁴²¹ Олкотт М. Қазақтар // Есмағамбетов К. Қазақтар шетел әдебиетінде ... 132 бет

– Домешев, Қазалыда – Н. Эйдельман сынды тағы да басқаларын атап өтуге болады.⁴²²

Жалпы, бұл кезеңде, алғашқы кеңестерді құруда да өлкенің қоғамдық саяси өмірінде де большевиктер белгілі рөл атқара алмады. Большевиктер құрамында қазақ өкілдерінің болмауынан, олардың жергілікті халық арасындағы ықпалы да мардымсыз еді. Өзірге тарих ғылымы Ресей социал-демократиялық партиясына Ақпан төңкерісіне дейін бір-ақ қазақ мүше болғанын біледі. Ол – Әліби Жангелдин.⁴²³ Өлкедегі социал-демократиялық ұйымның әлсіздігі мен мүшелер санының аздығы және қазақ тілін меңгермеуі салдарынан олар өзінің ұйымдастыру, үгіт-насихат жұмыстарын тек европалық тұрғындардың тар аясында ғана жүргізді.⁴²⁴ Алғашқы кезеңде эсер, меньшевиктер жетекшілік еткен Петроград жұмысшы-солдат депутаттары Кеңесі Уақытша үкіметті белгілі дәрежеде қолдау, әрі оның іс-әрекетін бақылау бағытын ұстады.⁴²⁵ Орталықтағы Петроград Кеңесінің мұндай саясаты жергілікті жерлерде көрініс берді. 1917 жылы сәуір айында Ташкентте өткен Түркістан өлкелік Кеңестер съезінде Уақытша үкімет органдарымен қарым-қатынас мәселесі арнайы талқыланды. Мұнда да жергілікті Кеңестерде жетекшілік ететін эсер, меньшевиктер басымдылық танытып, мемлекеттік билік мәселесіне кеңестердің араласпауын жақтады. Съезд Кеңестер Уақытша үкіметтің жергілікті билік орындарына бақылау орнатып, қажет жағдайда «қысым» көрсетумен шектелуі тиіс деп тапты.⁴²⁶ Верный жұмысшы-солдат депутаттары Кеңесі 1917 жылы 16 сәуірдегі отырысында «Верный жұмысшы-солдат депутаттары Кеңесінің бағдарламасын» қабылдады. Бұл бағдарламада Уақытша үкіметке қатынас, соғысқа көзқарас мәселесі бойынша эсерлер мен меньшевиктер жетекшілігімен 1917 жылы 29 наурыз және 3 сәуір аралығында өткен Бүкілресейлік жұмысшы-солдат депутаттары Кеңесінің мәжілісінде қабылданған қаулыны Верный

⁴²² Нұрпейісов К. Алаш һәм Алашорда ... 84-85 бб.

⁴²³ Қозыбаев М. 1916 жыл: ұлт-азаттық революция тарихнамасының кейбір мәселелері // Қазақ әдебиеті. 1992. 3 сәуір.

⁴²⁴ Кенжебаев Н.Т., Бисенбаев А.К., Асанова С.А. Казахский народ в начале XX века. – Алматы, 1993. С.36.

⁴²⁵ Боффа Д. История Советского Союза. М., 1990. Т. I. С.42.

⁴²⁶ ӨР ОМҰМ. 1044-к, 1 – т., 2-іс, 365= п.

жұмысшы-солдат депутаттары Кеңесінің толық қолдайтыны мәлімденді.⁴²⁷ Семей облыстық жұмысшы депутаттары Кеңесінің 2 наурыздағы жиналысында Кеңестің атқару комитетіне сайланған С. Юдин: «Жұмысшы депутаттары Кеңесінің басты міндеті жаңа құрылысты нығайту, Уақытша үкіметтің жергілікті органдары – атқару комитеттеріне атсалысу» – екендігін көрсетті.⁴²⁸ Кеңестер Одағының тарихын зерттеуші белгілі итальян тарихшысы Джузеппе Боффа: «Кеңестердің қолдауынсыз буржуазиялық үкімет құрыла алмайтын еді. Уақыт өте келе, Кеңестердің қолдауынсыз қызмет ете алмайтындығы да айқындалды. Осылайша өкіметтің екі жақтылығы – қос үкіметтілік – Ақпан төңкерісінің басты нәтижесі де, қайшылығы да болды»,⁴²⁹– дейді. Жергілікті жерлерде жұмысшы-солдат депутаттары Кеңесі Уақытша үкіметтің атқару комитеттерін құруға атсалысып, қоғамдық ұйым ретінде атқару комитеттеріне өз мүшелерін енгізіп, өзге ұйымдармен бірге тізе қосып жұмыс та істеді. Мәселен, Семей облысында Уақытша үкіметтің жергілікті жоғары органы болып табылатын Делегаттар Кеңесінің 9 адамнан тұратын атқару комитеті – комиссариатқа Воробьев, Попов және Салов облыстық жұмысшы-солдат депутаттары Кеңесі атынан енді.⁴³⁰ Атқару комитеттері мен Кеңестер бірлесе отырып патша үкіметінің жергілікті әкімшіліктерін таратты, түрмелер мен айдауда болған саяси тұтқындарды босатты. 1916 жылғы көтеріліс басып-жаншығаннан кейін ата қоныстарын тастап Қытай ауып кеткен қазақтарды елге қайтару ісімен айналысты, ұлттық және экономикалық мәселелерді шешуге айтарлықтай талпыныстар жасады.⁴³¹ Мәселен, 1917 жылы 30 наурызда Ташкент жұмысшы-солдат депутаттары Кеңесі генерал Куропаткинді, оның көмекшісі генерал М.Р. Ерофеев пен штаб басшысы генерал Н.Н. Сиверсті орнынан түсіру жөнінде қаулы қабылданды.⁴³² Жұмысшы-солдат депутаттары Кеңесінің ұйымдастыруымен 3 сәуірде Верныйда өткен жұмысшылар мен

⁴²⁷ Покровский С.Н. Победа Советской власти в Семиречье. Алма-Ата, 1961. С.56.

⁴²⁸ Маликов Ф. Февральская буржуазно-демократическая революция в Казахстане. Алма-Ата, 1972. С.167.

⁴²⁹ Боффа Д. История Советского Союза ... С. 40.

⁴³⁰ ҚР ОММ. 992-к., 1-т., 10-іс, 33-п.

⁴³¹ Нұрпейісов К. Алаш һәм Алашорда ... 85 бет.

⁴³² Иноятов Х.Ш. Победа Советской власти в Туркестане. М., 1978. С.125.

солдаттар митингісінде жергілікті патша шенеуніктерін қызметтерінен тайдырып, әскери басшыны, Верный мен Қапал уездері басшыларын, түрме басшысын, полиция шенеуніктерін және тағы басқа тұтқынға алу туралы шешім қабылданды.⁴³³ 10 сәуір күні жұмысшы-солдат депутаттары Кеңесінің ұсынысы бойынша 1916 жылғы көтерілісті басып-жаншуда «ерекше көзге түскен» Лепсі уезінің басшысы Кравченко мен оның көмекшісі Маслов қызметтерінен босатылды.⁴³⁴

1917 жылы 8 мамырда Ташкент қаласында өткен қоғамдық ұйымдар делегаттары Кеңесі жалпы жиналысында өлкелік жұмысшы-солдат депутаттары Кеңесі Түркістан комитеттеріне Тризна мен Ивановтардың комиссарлыққа тағайындалуына қарсылық білдіргені жөнінде айтылды.⁴³⁵ Ал, Түркістан өлкелік комитетінің төрағасы Щепкин бастаған мүшелері (Дәулетшин, Ельпатовский, Липовский, Мақсұтов, Пребраженский) Уақытша үкіметке, әскери министрге, ішкі істер министірлігіне қатар жіберген қатынас қағаздарда: «... Кеңестер Түркістан комитетінің іс-әрекетін бақылауға алу қажеттілігі және оны есепке алып отыратын комиссия сайлау керектігі жайлы, сондай-ақ Түркістан комитетіне сайлау Кеңестерінің келісімінсіз өтпесін, Тризна мен Ивановтың комиссарлыққа сайлануы демократиялық принциптерді бұзушылық, оларды Түркістан комитеті қайта шақыртып алуы қажет деп, қаулы шығады. Бұл қаулы ар-ұждан бойынша да комитетке жат. Тризнаны сайлағанда Комитет оны құрметті демократиялық қайраткер деп танытын қоғамдық пікірге сәйкес әрекет етті. Комитет өзінің барлық іс-әрекеті бойынша тек Уақытша үкімет алдында ғана жауапты деп есептейді. Комитет өзін батыл түрде тәуелсіз етіп көрсетуге даяр, бірақ дау-жанжал саяси конъюктураға сәйкес келмейді. Оның үстіне өлкедегі беделді бір орталықтан басқаратын орган құруға әртүрлі жағдай әсер етіп отырғандығын тәжірибе көрсетіп тұр. Осы негіз бойынша Түркістан комитеті қойылған міндеттерден босатуды сұрайды»,⁴³⁶ – деп көрсетілді. Осылайша, Уақытша үкіметтің жергілікті органдары мен Кеңестердің бірін-бірі түсініп қызмет етуі

⁴³³ Семиречинские областные ведомости. 1917. 8 апреля.

⁴³⁴ ҚР ОММ. 44-к., 1-т., 5255-іс, 3-п.

⁴³⁵ ӨР ОМҰМ. 1044-к., 1-т., 37- іс, 26-п.

⁴³⁶ ӨР ОМҰМ. 1044-к., 1-т., 37-іс, 16-п.

бірте-бірте қайшылыққа тіреліп, қиындай бастады. Елдегі қосөкіметтілік, ұлттық аймақтардағы көп үкіметтілік арасына жік түсуіне, азаматтық ымыраның бұзылуына Кеңестердің большевиктен бастауы себеп болды. Большевиктер партиясының көлемі В.И. Ленин 1917 жылдың сәуір айынан бастап (ол осы кезде көп жылғы шетелдік эмиграциядан Ресейге оралғанды) таптық бірлікке, өзара түсінушілік пен ымыраға үзілді-кесілді қарсы шығып, пролетариаттың жаңа міндеттері туралы ұрандарды негіздей бастады. Бұл ұрандарда Уақытша үкіметті ешбір қолдамау негізгі талаптың бірі ретінде сипат алды. В.И. Ленин өзінің «Апрель тезистерінде» жұмысшы-солдат депутаттары Советінің бүкілресейлік кеңесіне қатысушы большевиктердің жиналысында, онан соң, кеңеске қатысушы большевиктер мен меньшевиктердің бірлескен жиналысында 1917 жылы 4 (17) сәуірде жасалған «Пролетариаттың осы революциядағы міндеттері туралы» баяндамасында буржуазиялық-демократиялық революцияны социалистік революцияға ұластыру жолындағы күрестің жоспарын жасап берді. Бұл жоспарларда бүкіл елдегі өкіметтің Советтерге өту талабы алға қойылды. Ақпан төңкерісінен кейінгі кезеңде қалыптасқан орталықтағы қос өкімет, ал жергілікті жерлердегі көп өкіметтілікті жойып Кеңестердің бірыңғай дара өкіметіне өту деген сөз болатын. В.И. Ленин өзінің басқа да мақалалары мен сөздерінде буржуазиялық Уақытша үкіметтің және оны қолдап отырған эсерлер мен меньшевиктердің халыққа қарсы саясатын табандылықпен әшкерелеп отыруды оларды саяси жағынан оқшау қалдыруды, Кеңестерде көпшілік болып алуды және Кеңестердің саясатын революцияны онан әрі дамыту жолында халық мүдделері үшін өзгертуді талап етті.⁴³⁷ В.И. Ленин ұлттық өкімет туралы мәселеге байланысты: «Ресейдің құрамына кіретін ұлттардың бәрі де өз еркімен бөлініп шығып өз алдына дербес мемлекет құруға праволы деп танылуы қажет»,⁴³⁸ – деген қағиданы ұсынды. Лондон университетінің профессоры Дж. Хоскинг В.И. Лениннің ұлттық саясат туралы көзқарасын былайша дәл көрсетіп береді: «Басқа марксистер сияқты Ленин де ұлттық сана-сезімді әлеуметтік күш ретінде толық бағаламады. Сонымен қатар, ол 1917 жылдың жағдайында бұрынғы

⁴³⁷ Қазақ ССР тарихы... 4 Т.20 бет.

⁴³⁸ Ленин В.И. Шығармалар толық жинағы... 31 Т. 481 бет.

орыс империясының езілген ұлттарының тәуелсіздікке ұмтылысын өте қуатты одақтас ретінде пайдалануға болатындығын түсінді. Дегенмен, большевиктер ұлттардың көкейкесті мүдделеріне жауап бере алмады. Дүниежүзілік революция бастала қоймады, мұндай жағдайда большевиктер басқа халықтарға тіл, мәдениет және әкімшілік салаларында орыстар үстемдік еткен көп ұлтты мемлекетке мүше болуға шақырудан басқа ештеңе ұсына алмады.⁴³⁹ Большевиктік ұлттық саясат патша өкіметінің орыстандыру саясатын қайта тудыру қаупін туғызды. Себебі, большевиктен бастаған Кеңестер ұсынған бір ұлтты тапқа бөлу, азаматтық келісімді бұзу, өзара ымыраға жол бермеу әрекеті көпшілік қауымға, әсіресе, қазақ қоғамына түсініксіз болды. «Барлық өкімет Советтерге берілсін» деген ұран өз кезінде Қазақстанда да көрініс бере бастады. Большевиктен түскен жұмысшы-солдат депутаттары Кеңестері Уақытша үкіметтің жергілікті билік орындарына қырын қарай бастады. 1917 жылы 7 мамырда да Верный қалалық жұмысшы-солдат депутаттары Кеңесі атқару комитетін таратып, билікті өз қолына алу жөнінде шешім қабылдап, ол жөнінде Уақытша үкіметтің Түркістан комитетін хабардар етпекші болды. Ал, осы айдың 20-да Қызылжарда жұмысшылар мен солдаттардың «Барлық өкімет Советтерге берілсін» деген ұранмен демонстрациясы өтті. Сонымен бірге, облыстық комиссардың бұйрықтарына бұдан былай бағынбайтындықтарын мәлімдеді.⁴⁴⁰ Жетісу облысының Лепсі уезінде шілде айының басында большевик З. Дегтярев жетекшілігімен өткен митингіде Уақытша үкіметтің жергілікті әкімшілігін-уездік комиссар Балабанов пен оның көмекшісі О. Әлжановты тұтқынға алу жөнінде шешім қабылданды. Лепсі уездік комиссары Балабанов пен комиссар көмекшісі О. Әлжанов уақытша халық толқуы басылғанша уезден кете тұруға мәжбүр болды. Бұл толқу барысында уездік комиссарлыққа Д. Филипов, оған орынбасарлыққа З. Дегтярев ереуілге шығушылар ұйғарымымен тағайындалды. Бір аптаға созылған бұл толқулар арнайы жазалаушы отрядтарды жібергеннен соң барып басылды. Жергілікті Уақытша үкімет

⁴³⁹ Есмағамбетов К. Қазақтар шетел әдебиетінде... 155 бет.

⁴⁴⁰ Елеуов Т. Установление Советской власти в Казахстане... С.31-32; Покровский С.Н. Ленин и победа Советской власти в Казахстане. Алма-Ата, 1970. С.34.

органы қалпына келтірілді.⁴⁴¹ Большевиктердің билік жолындағы талпынысы жергілікті Кеңестерде (эсерлер басымдылық танытқан) қолдау таппай жатты. Мәселен, Жетісу облысында 1917 жылы шілде айында облыстық жұмысшы және солдат депутаттары Кеңесі, облыстық Қазақ комитеті, қазақтардың орталық комитеті біріккен мәжілісінде бүкіл облыс халқына үндеу таратылды. Онда: «... Социал-демократ большевиктер Құрылтай жиналысының қатысынсыз фабрика-заводтарды, жерді жеке адамдарға қарайтын капиталды қоғамдық меншік деп тануға болады деген кейіп танытуда. Кез келген соғысты бауырларды өлтіру деп санап, олар біздің одақтастармен келіспей-ақ майдан шебін тастап кетіп, тоқтату мүмкін деп санайды. 2 шілдеде Лепсі қаласында демалыста жүрген өзін большевик атаған фельдфебель Дегтярев әскер бөліміне шақырылғандар мен ақ билеттілердің бір тобын жинап алып, үйлерінде қалып, селениелерді қорғандар деп айта бастады. Қайырымды адамдардың басу айтуы оларды тоқтата алмады және соңғылар Лепсіндегі интеллигенцияның басты адамдарын ұрып-соғып, тұтқынға алды. Лепсіде тәртіп бұзылып, оны реттеуге әскер көмегін шақыруға тура келді. Жетісудың кез келген жерінде Лепсіндегі оқиға қайталанбауына, жаңа Дегтяревтар шықпауына кім кепіл. Мұндай тобырлардың бүліншілік әрекетінің тағы мүмкіндігі Жетісу облысы халқы арасында кез келген айдаққа еретін шала сауатты және тіптен қараңғы адамдардың көп болуымен түсіндіріледі. Оның үстіне арандатушылар мен елді бүлдірушілер орыс пен қазақ арасына алауыздық отын жағуға былтырғы қазақ-қырғыз бүлігін де пайдаланып жүр»,⁴⁴² – делінді. Бұл үндеуді таратып, барлық митингі, жиналыстарда оқуды жергілікті әкімшілікке жүктеді. Большевиктік ұрандарға қолдау көрсетіп, оның төңірегіне топтасу халықтың бір бөлігінің соғыс жағдайында аштық пен жалаңаштық, түрлі тұрмыстық қайшылықтар мен қиындықтар, қымбатшылық, қайыршылыққа ұшырауы да әсер етті. Орталықтағы сияқты, Қазақстанда да өкімет үшін күрес барысында әлеуметтік жікке бөліне бастады. Бұл жөнінде зерттеуші Қ. Нұрпейісовтің «Қазақстандағы саяси күштердің топтасуы мен жіктелуінің орталық аудандармен салыстырғанда айтарлықтай ерекшеліктері болды. Ол ерекшелік-

⁴⁴¹ Покровский С.Н. Победа Советской власти в Семиречье. Алма-Ата, 1967. С.89-90.

⁴⁴² ҚР ОММ. 9-к., 1-т., 28-іс, 176-178 – п.

тер, ең алдымен, өлкенің империяның отарлық аймағы болуына және оның тұрғындары құрамының көпұлттылығына тікелей байланысты болды»,⁴⁴³ – деуі орынды айтылған. Өкімет мәселесіне байланысты Қазақстанда түрлі саяси топтар айқындала түсті.

Ақпан төңкерісінен кейін құрылған Қазақстанда көптеген бұқаралық ұйымдар «Мұсылман еңбекшілерінің одақтары», «Бұқара» ұйымы, «Мұсылман жұмысшыларының біріккен одағы», сондай-ақ қазақ жастарының «Демократиялық оқушы жастар кеңесі» (Омбы), «Бірлік» ұйымы (Омбы), «Жас қазақ» (Ақмола), «Жанар» (Семей), «Талап» (Семей және Қызылжарда) тағы басқа болды. Бұл ұйымдар қазақ халқы арасында оқу-ағарту, газет-журнал тарату және әйел теңдігін насихаттау міндеттерін алға қойды. Уақыт өте келе, елдегі саяси жағдайлардың шиеленісе түсуі нәтижесінде бұл ұйымдар да саясаттана бастады. Жоғарыда аталған бұқаралық ұйымдарға ықпал жүргізу үшін ұлттық интеллигенция мен жергілікті социал-демократтар арасында күрес жүрді.

Әлеуметтік-саяси өзгерістердің ықпалымен «Қазақ жастарының революциялық одағы», «Жас қазақ», «Демократиялық оқушы жастар Кеңесі» әлеуметтік, таптық мәселелерге бой ұра бастауы, большевиктік ұрандарды жақтап, Уақытша үкімет органдарына, Қазақ комитеттеріне, «Алаш» партиясына және осы ұйымдарды жақтайтын жастар бірлестігіне қарсы позиция ұстады.

Семейдегі «Талап» ұйымының бағдарламасында: «Жаңа үкіметке (Уақытша үкіметке) әл келгенше жәрдемдес болу, ел ішіндегі комитеттердің ісін бақылау, қазақтың жалпы съезіндегі қабылдаған қаулысының жолында іс қылу»,⁴⁴⁴ – деп көрсетілді.

Осылайша қазақ жастары ұйымдарының бір бөлігі социал-демократтар ықпалына түссе, енді бір тобы, Семейдегі «Жанар», Қызылжардағы «Талап» сияқтылар «Алаш» партиясы ықпалында болды.

Бірінші дүниежүзілік соғыс майданынан қайтқан орыс солдаттары мен жұмысшылары, сонымен бірге, майданның қара жұмысында болған мұсылмандардың біраз бөлігі де революциялық көңіл-күйді, әсіресе большевиктік бағыт-бағдар ықпалын ала келді.

⁴⁴³ Нұрпейісов К. Алаш Һәм Алашорда... 87 бет.

⁴⁴⁴ Сарыарқа. 1917. №13

Қазақстандағы саяси партиялардың да өкіметке көзқарасы әртүрлі болды. Кадеттер партиясының жергілікті ұйымдары мен топтары, эсерлер, меньшевиктердің басым бөлігі Уақытша үкіметті қолдады, ал Ақпан төңкерісінің алғашқы айларында ұлттық негізі қалыптаспаған, тек европалық өкілдерден тұратын кеңестерді қуаттаушы социал-демократтар әлі әлсіз болатын.

Уақытша үкімет 1917 жылдың сәуір айынан бастап большевиктік солшыл күштерді қыспаққа алып, Лениннің саясатының «зиянкестік» жақтарын аша түсті. Мысалы, Ақтөбе қалалық Кеңесі өзінің құрамынан большевик Зиянченконы шығарып тастады. Ондағы көздегені большевиктік үгітке жол бермеу еді.

Алайда, Қазақстанда ресми билікті қолда ұстап тұрған демократиялық – либерал күштердің де позициясы нық емес еді. Сәуір айындағы Уақытша үкіметтің дағдарысын тудырып, халық наразылығын күшейткен соғыс министрі П. Милуковтың соғысты жүргізе беру туралы одақтастарға жолдаған нотасы болды.

1917 жылғы шілденің 3-інде Петроградта «Бүкіл өкімет Советтерге берілсін!» деген большевиктік ұран астында өткен және Уақытша үкіметтің соғыс саясатына қарсы бағытталған жұмысшылар мен солдаттардың бейбіт демонстрациясын ресми өкімет органдары күшпен басты. Демонстрацияны большевиктердің мемлекеттік төңкеріс жасауға әрекеті деп бағалаған Уақытша үкімет олардың бірнеше басшыларын тұтқынға алды. В.И. Ленинді қамау туралы бұйрық шығарды. Шілде оқиғаларынан кейін өткен (шілденің 26-сы – тамыздың 3-і) большевиктер партиясының VII съезі Уақытша үкіметті құлатып, пролетариат диктатурасын орнату үшін қарулы көтеріліс дайындау жөнінде шешім қабылдады. Съездің тапсырмасымен большевиктер партиясының Орталық Комитеті жұмысшыларға, кедей шаруаларға елдің езілген халықтарына манифест жолдап, оларды буржуазия мен помещиктерге қарсы «ең соңғы, шешуші шайқасқа», немесе, қарулы көтеріліске әзірленуге шақырды. Шілде оқиғалары және оның салдарлары ел өміріндегі қарама-қайшылықтарды шиеленістіре түсті: бір жағынан оңшыл күштер бел алды, ал Советтер саяси сахнасының бірінші қатарынан ығыстырылды, орталық күштер оңшылдарды қолдай бастады, солшылдар (ең алдымен большевиктердің) позициясы айтарлықтай әлсіреді, олардың көсемі Ленинге бүлікке жетекшілік жасаған «сатқын»

деген айып тағылды. Шілде оқиғаларынан кейін саяси жағдайдың осылай шиеленісуі орталық аудандарымен қатар, Қазақстанға да тән болды.⁴⁴⁵ 1917 жылы тамыз айындағы Корнилов бүлігін талқандауға А. Керенский басқарған Уақытша үкімет те, солшыл күштер де атсалысты. Ақтөбе, Перовск (Қызылорда), Павлодар, Петропавловск, Түркістан, Семей, Черняев (Шымкент), Әулиеата Советтері батыл түрде корниловшыларға қарсы шықты. Семейде, Ақтөбеде, Перовскіде, Қазалыда қызыл гвардия жасақтары ұйымдасып, дербес большевиктік ұйымдар құру басталды. Петропавл Советі: 1917 жылы тамыздың 30-ында 12 адамнан тұратын (үш большевик, төрт солшыл эсер, үш меньшевик, үш эсер) әскери-революциялық комитет құрды.

Корнилов бүлігін талқандау оңшыл күштердің қоғамдағы беделін түбірімен түсірді, аралық күштерді әлсіретті, ал солшылдарды ең алдымен большевиктерді айтарлықтай күшейтті. Саяси таңдау өрісі айтарлықтай тарылды. Атап айтқанда, енді үштің бірін – Совет өкіметін, немесе буржуазия билігін, ол болмаса, Керенскийдің жеке диктатурасын таңдау мүмкіндігі ғана қалды. Осы үш баламаның біріншісі күн сайын күш алып отырса, қалған екеуінің жағдайы уақыт өткен сайын әлсірей берді. Солшыл партиялар большевиктермен жақындасу ниеттерін ашықтан-ашық білдірді.⁴⁴⁶ Қалыптасқан саяси жағдай Кеңестердің большевиктене түсуіне мүмкіндіктер туғызды. 1917 жылдың күзіне қарай Торғай облысының орталығы Орынбор қаласының большевиктері қалалық Кеңесті өз жағына қаратты. Қазақстанда Кеңестердің құрамы орталық аудандардан большевиктік эмиссарларының келуімен өсе түсті. Мәселен, осы кезеңде «Свободная речь» газеті қазақ даласына 35 большевик үгітшісінің өтіп кеткенін хабарлады. Кронштадтан екі большевиктер өкілі келіп үгіт-насихат жүргізе бастады.⁴⁴⁷ Сонымен бірге, қазақ халқы арасынан да бірлі-жарым большевиктер шыға бастады. Ол жөнінде «Бірлік туы» газеті: «Орыстың осы большевик ауруы жақын арада қазаққа да жұғып келеді. Қай жерде болса да, ел арасынан бірсыпыра большевиктер шығып, қазақ тіршілігінде де бір үлкен өзгеріс жасауға,

⁴⁴⁵ Нұрпейісов К. Алаш һәм Алашорда... 88-89, 129-130 бб.

⁴⁴⁶ Сонда. 131 бет.

⁴⁴⁷ Туркестанские ведомости. 1917. №128, 14 июня.

сөйтіп, барлық бай мен кедейді теңгеріп, қазақ арасында орыстардағыдай «ұжмақ»» орнатпаққа ыждаһат қылып жүргендер көрінді»,⁴⁴⁸ – деп жазған болатын. Мұндай қазақ большевиғінің бірі, Петроград Кеңесінің арнайы тапсырмасымен қазақ жеріндегі нұсқаушы болған Әліби Жангелдин, «Қазақ» газеті бетінде: «Совет өкілі Жангелдин ескі хұкмет заманында, қазақ шапанын кабинет киіміне, ислам дінін христиан дініне айырбастап, Жангелдіні Степановқа айналдырып миссионер болып еді. Бірақ, ол өзінің өкіл аталарының үмітін босқа шығарды. Олар Степановты сүйреп, түрлі мекемелерде переводчик, хатшы қылып та қарады. Степанов тұрған сәулесіздің өзі болғандықтан, еш жерде орын теуіп тұра алмай, тіршілікке қыры жоқ қаңғыбас болып кеткен еді»,⁴⁴⁹ деп сынға алына бастады.

1917 жылдың күзіне қарай большевиктердің Батыс майданының, Балтық флотының, Қазан, Сібір және Түркістан әскери округының әскерлері арасындағы ықпалы күшейіп, беделі артты. Қазақ территориясында Орал, Черняев (Шымкент), Әулиеата, Петропавл, Семей, Павлодар, Қазалы, Түркістан, тағы басқа гарнизондарының солдаттары большевиктердің Совет өкіметі үшін күрестегі негізгі тірегіне айналды. Олар Уақытша үкіметтің басшысы А. Керенскийдің бұйрық-жарлықтарын орындаудан бас тартқан және революциялық комитеттер құрған Ташкент, Омбы, Том гарнизондарының бастамасын қолдады.⁴⁵⁰

1917 жылы 12 қыркүйекте Ташкент қаласында өткен митингіде Ташкент қалалық жұмысшы-солдат депутаттары Кеңесі өлкедегі өкімет билігін өз қолына алу мақсатында революциялық комитет құрды. Революциялық комитет жергілікті солдаттар қолдауына сүйеніп әскери қолбасшы генерал Черкесті қызметінен босатып, оның орнына поручик Перфильевті тағайындады. Осындай қалыптасқан жағдайда Түркістан комитетінің төрағасы В.П. Наливкин (шілде айынан комитет төрағасы) өлкедегі облыс комиссарларына және Лепсі, Қапал, Жаркент, Қазалы, Әулиеата уездік комиссарларына жеделхат жолдап Ташкент оқиғасы жөнінде хабардар етіп «революциялық комитет атанған топтың»

⁴⁴⁸ Бірлік туы. 1918. №20, 18 қаңтар.

⁴⁴⁹ Қазақ. 1917. №253, 2 желтоқсан.

⁴⁵⁰ Нұрпейісов К. Алаш һәм Алашорда... 132 бет.

үкімет билігін өз қолдарына алуға деген талпынысы заңсыз екенін айтып, оларды мойындамауға шақырды.⁴⁵¹

Уақытша үкіметтің министрлер кабинетінің төрағасы А.Ф.Керенский Ташкент жұмысшы-солдат депутаттары Кеңесінің іс-әрекетін «республикалық үкіметке қарсы жасалған бүлік» деп бағалап, олардың тез арада Уақытша үкіметінің жергілікті органдарына мойынсұнуын талап етіп, бағынбаған өкілдерінің жазаланатынын және сол мақсатта арнайы қарулы әскердің жіберілгенін Ташкентке хабарлады.⁴⁵²

Ташкент қаласында құрылған Революциялық комитет құрамындағы 14 мүшенің төртеуі большевик (Белозеров, С.Д. Жевакин, И.О. Тоболин, Т.А. Шмаков), бесеуі солшыл эсер, екеуі анархист, үшеуі меньшевик болды. Бұл комитеттің құрамында бірдебір жергілікті халық өкілі болмады. Бүлік кезінде Революциялық комитет өлкелік билікті жүзеге асыратын Уақытша өлкелік Кеңес құруды қолға ала бастады. Сол мақсатта Түркістан өлкесіндегі жұмысшы-солдат депутаттары Кеңестеріне жеделхаттар жолданып, өкілдерін тез арада жіберуін сұрады.⁴⁵³ Түркістан комитетінің төрағасы Наливкин Ташкент қалалық жұмысшы-солдат депутаттары Кеңесіне тез арада бағыну жөнінде берген бұйрығына Кеңестің атқару комитеті құлақ аспады. Керісінше, Ташкент қалалық жұмысшы-солдат депутаттары Кеңесі өзінің шешімін мойындату жолында Түркістан комитетінің төрағасы Наливкинді тұтқынға да алды.⁴⁵⁴

19 қыркүйекте А.Ф. Керенский бүлікшілермен ешқандай келісімге келмеу жөнінде бұйрық беріп, қалаға әскери жағдай енгізілді. Сонымен бірге, генерал Коровченконың жазалаушы әскери отряды жіберілді.⁴⁵⁵ Ташкент қаласындағы бүлікке орай генерал Коровченко өлкелік бас комиссар (генеральный комиссар) қызметін де атқаратын болды. Уақытша үкіметтің «Түркістан өлкелік басқаруындағы бас комиссар және Түркістан комитеті жөнінде» деген қыркүйек айындағы қаулысында – бас комиссар Түркістан

⁴⁵¹ ӨР ОМҰМ. 1044-к., 1-т., 8-іс, 13,53-п.; 39-іс, 1-п.

⁴⁵² Сонда, 41-іс, 1-п.

⁴⁵³ Победа Октябрьской революций в Узбекистане. Сб. Документов... Т. I. С.310, 320.

⁴⁵⁴ ӨР ОМҰМ. 1044-к., 1-т., 8-іс, 180-п.

⁴⁵⁵ Сонда. 82-п.

өлкесіндегі Уақытша үкімет өкілі екендігі және оған Түркістан комитеті де бағындырылатындығы көрсетілді.

Ташкент қаласындағы ереуіл қыркүйектің 27-інде өлкелік бас комиссар Коровченко мен жұмысшы-солдат депутаттары Кеңесінің атқару комитеті арасындағы келіссөз нәтижесінде тоқтатылды. Қалаға енгізілген әскери жағдай алынып тасталды.⁴⁵⁶

Түркістан өлкесіндегі облыстар мен уездердегі Уақытша үкіметтің жергілікті билік орындары Ташкент оқиғасы кезінде өздерінің Уақытша үкіметке адалдықтарын танытып, халықты тәртіпке шақырып отырғандықтарын, Түркістан комитетіне білдіріп жатты. Мәселен, Қазалы уездік комиссары Леонтьев Түркістан комитетіне жолдаған жеделхатында: «Уездегі барлық қоғамдық ұйымдар мен әскери жасақтар ереуілді қолдамай, өздерінің Уақытша үкіметке адалдығын танытуда. Уезде, қалада тыныштық. Жергілікті Уақытша үкіметті толық қолдайды»⁴⁵⁷ – делінген.

1917 жылдың жазына қарай қазақтың либеральдық-демократиялық қозғалысы жетекшілерінің Уақытша үкіметке деген сенімі де әлсірей түскен болатын. Өйткені, Уақытша үкімет Қазақстанда түбірлі әлеуметтік-саяси мәселелерді шешуді Құрылтай жиналысына қалдырып, іс жүзінде құлатылған патша үкіметінің саясатынан бас тарта алмады. Қазақ халқының өз алдына ұлттық-территориялық автономия алуды күткен үміті күн өткен сайын, оқиғалар ағымымен қарауыта түсті. Сонымен бірге, Уақытша үкіметтегі шешуші позицияға ие болып отырған кадеттер партиясына қазақ халқының көшбасшысы болған Ө. Бөкейхановтың көзқарасы күрт өзгере бастады. Ол өзінің «Мен кадет партиясынан неге шықтым?» деген мақаласында өзінің кадет партиясынан шығу себептерін былайша көрсетеді: «Кадет партиясы жер адамға меншікті болып берілсе жөн дейді. Біздің қазақ жерді меншікті қылып алса, башқұртша көрші мұжыққа сатып, біраз жылда сыпырылып шыға келеді.

Кадет партиясы ұлт автономиясына қарсы. Біз Алаш ұранды жұрт жиылып, ұлт автономиясын тікпек болдық.

⁴⁵⁶ Туркестанские ведомости. 1917. №160, 1 октября.

⁴⁵⁷ ӨР ОМҰМ. 1044-к., 1-т., 8-іс, 38-п.

Біздің қазақ-қырғыз дін ісін көркейтетін болса, хұкмет ісінен бөліп қойған оң болады... Кадет партиясы менің пікіріме өзгеше қарайды. Осы үш жол айырылғаны биыл жазда ашыққа шықты. Сонан соң, қазаққа «Алаш» партиясын ашуға кірістім. Мұны июльдегі жалпықазақ сиезіне айтқан едім». ⁴⁵⁸

Сонымен «Алаш» партиясының комитеттері 1917 жылдың күз айларында Семей, Омбы, Орынбор қалаларында ашылды.

«Алаш» партиясының бағдарламасы қазақтың көкейкесті мәселелерін ұлттық мүдде тұрғысынан баяндады. Бұл бағдарлама ұлттық колоритімен, өзектілігі және сол заманға сай дәйектілігімен ерекшеленеді.

Қазақ қауымы осы «Алаш» партиясы атынан дауысқа түсті және де көпшілік дауысқа ие болады. «Алаш» партиясы Жетісуда – 57.5%, Семейде – 86.6%, Торғай мен Оралда 75% дауысқа ие болды. ⁴⁵⁹

«Алаш» партиясы бағдарламасын толық іске асырып, партия ретінде жан-жақты толысып үлгермеді. Себебі, 1917 жылдың қыркүйек айынан күшейе бастаған большевиктер партиясы саяси ахуалға өзіндік әсері мен өзіндік түр бере бастады.

1917 жылдың күзіне қарай Қазақстанда тағы да бір ұлттық-саяси ұйым – «Үш жүз» партиясы дүниеге келді. «Үш жүз» партиясы Орталық комитетінің алғашқы төрағасы болып Мұқан Әйтпенов, оның орынбасарлығына Көлбай Тоғысов сайланды. Өзінің әлеуметтік тегі жөнінен «Үш жүз» ұсақ буржуазияшыл демократтардың саяси ұйымы болды. Оның бағдарламалық мақсат-мүдделерінің алғашқы кезде Алаштың программасынан көп айырмасы болған жоқ. Олар соғыс мәселесі жөнінде ғана Алаштан басқа позиция ұстанды. Кейінірек, елде саяси хал-ахуал шиеленісіп, өкімет үшін күрес шырқау шегіне жетіп, таптық жіктелу процесі күшейген жағдайда «Үш жүз» іргесін Алаштан аулақ салып, большевиктер мен солшыл эсерлерге жақындай түсті және Қазан төңкерісі жеңіске жеткен соң Алаш партиясына қарсы ашық күреске шықты. ⁴⁶⁰

⁴⁵⁸ Қазақ. 1917. №256; Сарыарқа. 1918.

⁴⁵⁹ Спирин Л.М. Россия, 1917 год. Из истории борьбы политических партий. М., 1987. С.308-317.

⁴⁶⁰ Нұрпейісов К. Алаш һәм Алашорда... 129 бет.

1917 жылы қарашаның бірінде Ташкендегі саяси билік Кеңестердің қолына өтеді. Кеңес өкіметінің алғашқы айларында Қазақстанда билікті европалық нәсілден шыққандар қолға алды. Бұл жергілікті азаматтарға большевиктердің сенімсіздікпен қарауынан туды.⁴⁶¹

Түркістан өлкелік комитетінің О. Шкапский сияқты өкілдері большевиктер өкіметін тіпті мойындамайтындықтарын білдірді.

Большевиктердің 1917 жылы Қазан төңкерісін жасап, таптық, пролетарлық диктатураны алға қоюы, ұлттық мүддені ескермеуі ұлттық аймақтарда автономиялар жариялануына себепкер болды.

1917 жылы 26 қарашада Қоқан қаласында IV төтенше өлкелік мұсылмандар съезі ашылып, оған 200-ге жуық делегат қатысты.⁴⁶² Съезд үш күн жұмыс істеп, елдегі саяси жағдайды талқылай келе, Түркістан автономиясын жариялады. Оны басқаратын орган – Уақытша үкіметті сайлап, төрағасы әрі ішкі істер министрі етіп М. Тынышбаевты тағайындады.⁴⁶³

Көп уақыт өтпей, 5 желтоқсанда Орынборда өткен екінші жалпы қазақ съезі Алашорда үкіметі құрылғандығын жариялады. Ұлт Кеңесінің төрағасы болып Ә. Бөкейханов тағайындалды. Ә. Бөкейханов, М. Тынышбаев та бұл уақытта біршама саяси жағынан болсын, ресми қызмет атқару жағынан болсын ысылған, елге өнегелі істерімен, яғни, халық жанашырлары екендігі танылып қалған тұсы еді. Халық та мемлекеттік, жалпыұлттық аса маңызы бар өкімет билігі басына ұлт-азаттық қозғалыстың сынынан өткен, танымал көсемдеріне осылайша тарихи сын сағаттарда тағы да үлкен жауапкершілік пен үлкен үміт жүгін артты. Осы сын сағаттарда Алашорда Түркістан автономиясына қосыла ма, әлде түркістандықтарды қосып ала ма деген үлкен мәселе туды.

Ақыры, бұл мәселе 1918 жылы 6-9 қаңтарда Түркістан қаласында өткен Сырдария қазақтарының съезінде: «Алашорда өз алдына автономиялығын қылып болып, Түркістан автономиясымен одақ болса, Сырдария қазақ-қырғызы сол күннен бастап, Алаш автономиясына кіреді»,⁴⁶⁴ – деп шешілді.

⁴⁶¹ Омарбеков Т. Қателескен Ленин бе, жоқ әлде қазақ зиялылары ма? //Егеменді Қазақстан. 1991. 26 қараша.

⁴⁶² Бөкейханов Ә. Шығармалар... 84 бет.

⁴⁶³ Сонда. 86 бет.

⁴⁶⁴ Бөкейханов Ә. Шығармалар... 89 бет.

Алайда, «Қазан төңкерісі кенеттен түскен жай оғындай болды... Қала жұмысшысы социалистік төңкеріске даяр болғанымен, Ресей самодержавиесінің езгісін орыс шаруаларына, орыс деревнясына қарағанда анағұрлым көп көрді.⁴⁶⁵

Қазан төңкерісі нәтижесінде өмірге келген халық комиссарлары Кеңесі барлық ұлттық негіздегі ұйымдарға қырын қарап, шама-шарқы келгенше контрреволюциялық ұйым деп жаба бастады.

1918 жылы қаңтарда бүкіл ел үміт артқан Құрылтай жиналысы таратылды. Құрылтай жиналысымен бірге тең құқықты автономия алып, ел боламыз деген үміт те жоғалды.

⁴⁶⁵ Национальный вопрос на перекрестке мнений. 20-е годы. Документы и материалы. М., 1992. С.65.

ҚОРЫТЫНДЫ

XX ғасыр басындағы түбегейлі өзгерістер нәтижесінде шиеленісті саяси ахуал қалыптасты. Билік үшін жүргізілген қарым-қатынастар нәтижесінде қарастырып отырған мәселеміздің пайда болуына жағдай жасаған 1917 жылғы Ақпан төңкерісі орын алғандығы белгілі болды. Бұл төңкеріс 1613 жылдан бері билік етіп келген Романовтар әулетін тақтан тайдырып, елдегі саяси қарым-қатынастар мен саяси күштерді екі арнаға тоғыстырды. Демек Ақпан төңкерісінің жеңуі нәтижесінде Ресей империясы тарихында бұрын-соңды болмаған қос өкіметтілік – Уақытша үкімет пен жұмысшы, солдат депутаттары Кеңесі дүниеге келді. Алайда, қосөкіметтілік орталықта болды, ал шет аймақтарда Уақытша үкімет пен Кеңестердің жергілікті орындарымен қатар, ұлттық еркіндікке ұмтылған қоғамдық ұйымдар да билікке араласып, көпөкіметтіліктің белең алуына, нақтырақ айтқанда, үш өкіметтілікке жол ашты.

Сөзсіз елдегі биліктің осылайша тармақталуы өз кезегінде халықтардың да саяси көзқарасының осы күштер төңірегіндегі жіктелісіне алып келген болатын. Дегенмен қалыптасқан саяси ахуалға сай әрекет ету ісі – осы жылдар аралығында қалыптасып үлгерген ұлт зиялыларының қоғамдық-саяси қызметінің басым бағыттарына айнала алды. Оған дәлел Қазақстандағы Уақытша үкіметтің жергілікті орындарында Ә. Бөкейханов, М. Тынышбаев, А. Бірімжанов тағы басқа комиссарлық қызмет атқаруы болып табылады. Сонымен қатар атқару комитеттері немесе азаматтық комитеттер деп аталатын уездік, болыстық және облыстық мекемелерде А. Байтұрсынов, М. Дулатов, Ә. Ермеков, Х. Ғаббасов, Ғ. Әлібеков, М. Қаратаевтар ұлт мүддесі үшін күресе жүріп, адал еңбек еткендігі белгілі болды.

Уақытша үкімет ұлттық кемсітушілікті, ұлттық араздықты тоқтатуға жағдай жасап, азаматтық келісім мен ымыраға жол салды. Соның нәтижесінде ұлт зиялылары мемлекеттік басқару аппараттарында қызмет істеуге қол жеткізгендігі белгілі болды. Жалпы талай жыл патша өкіметінің бұратана деп адам құқығын аяққа басқан мұсылман халықтары өкілдерінің билікке араласуы ұлт-азаттық күрестің жемісті нәтижесі болды.

Рас Ақпан төңкерісінен кейін қалыптасқан саяси ахуалдың өзіндік ерекшелігі Қазақстанда да көрініс тапты. Ол әсіресе Уақытша үкіметтің Қазақстандағы билік орындарының қызметтерінен көрінді. Нақтырақ айтар болсақ, Уақытша үкіметтің ресми органдары ретінде Қазақстан азық-түлік, жер комитеттері де жұмыс істеді. Ұлт зиялыларының осы мекемелердегі қызметі де көбіне қазақ қауымының мүддесін қорғау бағытында жүрді. Уақытша үкіметтің азық-түлік саясатына қатыса отырып, Ж. Ақбаев сияқты қазақ зиялылары халықтың көпшілігін құрап отырған жергілікті ұлттың өз үлесін әділ алуына жәрдемдесті. Жергілікті өкімет органдары қызметкерлерінің жер саясатын жүргізуде де қазақ мүддесімен санасып отыру қажеттігіне көз жеткізуге де себепші болған осы Уақытша үкімет орындарында қызмет етуші ұлттық зиялы қауым өкілдері-тін.

Осы жылдардағы қазақ зиялы қауым өкілдері Уақытша үкіметтің жергілікті ресми билік органдарында қызмет ете жүріп, елдің қоғамдық-саяси өміріне де белсене араласты. Қазақ даласында қоғамдық ұлттық ұйым – қазақ комитеттерін құру, сондай-ақ халықтың өзін-өзі басқаратын земстволық мекемелерінің ашылуына мұрындық болу, 1916 жылғы көтерілістен кейінгі саяси, ұлтаралық қайшылықтарды бәсеңдетуге, босқын қазақ-қырғызға, аштарға жәрдем беру ниетінде жәрдем комитеттерін, тамақтандыру пункттерін ашу, сонымен бірге, халықты Бүкілресейлік Құрылтай сайлауына әзірлеу сияқты істерге де белсене қатысты. Бір байқағанымыз осы тұста қазақ зиялы қауым өкілдері өздерінің қоғамдық-саяси қызметтерінің бағыттарын ұлттық мүддеге берік негіздей отырып, өз міндеттерін сәтті де сапалы орындап отырған болатын. Мұндай әлеуметтік-экономикалық сипаты басым болған жұмыстардың тағы бір бағыты саяси қарым-қатынастар шеңберінде де жүзеге асқандығын да естен шығаруға болмайды. Атап айтсақ, осы тұстағы қазақ қоғамында орын алған тығырық-

ты жайттарды оңтайлы шеше отырып, қазақ мемлекеттілігінің қайта қалпына келтіруді мақсат еткен болатын. Оған дәлел саяси қарым-қатынастарды барынша жетілдіру мақсатында партия құрып, саяси институт ретінде орнығуға деген талпынысы болып табылады. Қазақтың бүкілхалықтық «Алаш» партиясын құрып, ұлттық еркіндікке бастар саяси бағдарламаның жобасын жасады. Үкімет билігі анархияға ұшырап, Ресейде әркім бір билікке ұмтылғанда, Алашорда үкіметін құрып, автономия алуға әрекет қылды, Қоқан автономиясы да ұлттық еркіндікке ұмтылыстан туған еді. Бірақ, тағдыр бұл ұлттық үкіметтердің қанат жайып, өркендеуіне мүмкіндік бермеді.

XX ғасыр басында қалыптасқан ұлт зиялы қауым өкілдерінің қоғамдық-саяси қызметтерін саралай келе бірнеше саяси бағыттар негізінде тармақтала алғандығына көз жеткізуге болады. Атап айтқанда, осы тұстағы қазақ зиялыларының бір бөлігі Алаш партиясы мен өзіндік идеясының маңына топтасса, бірқатары большевиктік тұғырнамада өздерінің ұлт мүддесі жолындағы белсенді қызметтерін жалғастырды. Дегенмен таңдаған жолдары әртүрлі болғанымен мақсаттың бірлігі анық сезілді. Ал өз кезегінде осы екі бағыттан тыс және қоғамдық-саяси қызметінің бірегей жолын таңдаған ұлт қайраткерлерінің қатарында Мұстафа Шоқай болды. Түркі халықтарының бірлігін аңсаған қайраткеріміздің өз естеліктерінде: «1917 жыл – біздің саяси туған жылымыз еді» деп пікір білдіруі сөзсіз осы жұмысқа арқау болған мәселенің өзектілігінің айқын дәлелі деп түсінеміз. Расында, қазақ зиялылары 1917 жылы қайнаған саяси оқиғалар көшіне ілесе жүріп, ресми қызметтер атқарып, ұлттық автономия алуға елді даярлай жүріп, өздері де тәжірибе жинақтады. Соның нәтижесінде ірі саяси тұлғалар тағы бір қырынан көрінді, жұртқа танылды. Ә. Бөкейханов бастаған қазақ зиялыларының Уақытша үкіметтің Қазақстандағы жергілікті билік орындарында атқарған комиссарлық, төрағалық тағы басқа қызметтері қазақ қоғамында елді басқара алатын, еркіндік пен тәуелсіздікке бастай алатын саяси күштердің бар екендігін көрсетті. Бұл күш саясатқа жүйрік, жан-жақты білікті, ресми билікті алып жүре алатын азаматтардан тұрды. Өкінішке орай, саяси ахуалдар ағымы оларға бар қырынан көрініп, кең құлаш жайып, қызу әрекеттенуге жазбады.

Қазан төңкерісі нәтижесінде өмірге келген, таптық принципті берік ұстаған Кеңестер өздерінің саясатын іске асыруға кедергі болған барлық ұлттық негіздегі ұйымдарға қырын қарап, оларды шама-шарқы келгенше жоя бастады. Қазақ халқының тең құқықты автономия алып, тәуелсіз ел боламыз деп үміт күткен Құрылтай жиналысын да таратты. Дегенмен XX ғасырдың басында қазақ зиялыларының ұлттық тәуелсіздік пен жеке ел болу мақсатындағы күресі 90-шы жылдардағы Қазақстанның егемендік алуымен нәтижесін тапты.

Деректік материалдар мен әдебиет

I. Документтік жинақтар мен деректік материалдар

- 1.1. Алаш-Орда. Сб. документов /Сост.: Н. Мартыненко. – Алматы: Айқап, 1992. – 192 с.
- 1.2. Государственная дума. Стенографические отчеты. Четвертый созыв. – Спб.: Гос. типография, 1914. – 2013 с.
- 1.3. Национальный вопрос на перекрестке мнений. 20-годы. Документы и материалы /Сост.: В.А. Горный и др. – М.: Наука, 1992.
- 1.4. Победа Великой октябрьской социалистической революции в Казахстане. 1917-1918 г.г. Сб. документов и материалов /Сост.: С.С. Голубетников и др. – Алма-Ата: Казгосиздат, 1957. – 423 с.
- 1.5. Победа октябрьской революции в Узбекистане. Сб. документов /Сост.: Н.Т. Безрукова и др. – Ташкент: Изд. Ан. УзССР, 1963. Т.I. – 659 с.
- 1.6. Революционное движение в России в апреле 1917 года. Апрельский кризис. Документы и материалы /Главный ред. А.Л. Сидоров. – М.: Изд. Ан ССР, 1958. – 935 с.
- 1.7. Революционное движение в России после свержения самодержавия. Документы и материалы /Главный ред. А.Л. Сидоров. – М.: Изд. АН ССР, 1957. – 857 с.
- 1.8. Экономические положения России накануне Великой октябрьской социалистической революции. Документы и материалы. Ч. I, II. – Л., 1967.
- 1.9. Субханбердина Ү. Қазақ. Алаш. Сарыарқа. Мазмұндалған библиографиялық көрсеткіш. – Алматы, 1993.

II. Мұрағат

Қазақстан Республикасы Орталық Мемлекеттік Мұрағаты (ҚР ОММ):

- 2.1. 9 қ. – Жетісу облыстық Уақытша үкімет комиссары.
- 2.2. 13 қ. – Жетісу облыстық Қазақ Комитеті
- 2.3. 14 қ. – Қырғыз (Қазақ) өлкесін басқарудың Революциялық Комитеті
- 2.4. 15 қ. – Уақытша үкіметтің Семей облыстық басқармасы.
- 2.5. 17 қ. – Уақытша үкіметтің Торғай облыстық комиссары
- 2.6. 18 қ. – Уақытша үкіметтің Торғай облыстық басқармасы.
- 2.7. 19 қ. – Жетісу облыстық қоныс аудару басқармасының меңгерушісі
- 2.8. 41 қ. – Құрылтай жиналысына сайлау істері бойынша Жетісу аймақтық комиссиясы

- 2.9. 44 қ. – Жетісу облыстық басқармасы.
 2.10. 64 қ. – Дала генерал-губернаторлығының кеңесі.
 2.11. 369 қ. – Ақмола облыстық басқармасы.
 2.12. 544 қ. – Қазақстан Республикасы Министрлер кабинеті жанындағы архивтер мен құжаттамалар Бас басқармасының қоры.
 2.13. 992 қ. – Дала генерал-губернаторлығы бойынша Уақытша үкімет комиссарының кеңесі.
 2.14. 1381 қ. – Уақытша үкіметтің Ақмола облыстық басқармасы.
 2.15. 1398 қ. – Семей облыстық земство басқармасы.
 2.16. 1399 қ. – Семей облыстық Уақытша Қырғыз (Қазақ) соты.
 2.17. 1441 қ. – Торғай облыстық азаматтық басқармасы.
 2.18. 1446 қ. – Ақмола облыстық азық-түлік басқармасы.
 2.19. 1718 қ. – Уақытша үкіметтің Семей облыстық атқару комитеті. Өзбекстан Республикасы Орталық Мемлекеттік Ұлттық Мұрағаты (ӨР ОМҰМ).
 2.20.1 қ. – Түркістан генерал-губернаторы Кеңесі.
 2.21. 1044 қ. – Уақытша үкіметтің Түркістан Комитеті.

III. Кітаптар мен қолжазбалар

- 3.1. Абдиров М.Ж. История казачества Казахстана. – Алматы: Казахстан, 1994. – 160 с.
 3.2. Андреев А.М. Местные Советы и органы буржуазной власти (1917 г.) – М.: Наука, 1983. – 334 с.
 3.3. Әбжанов Х., Әлпейісов Ә. Қазақ интеллигенциясы мен мәдениеті туралы. – Алматы, 1992.
 3.4. Баженова Т.М. Местные органы власти и управления Временного правительства на Урале в феврале-октябре 1917 г.: автореф. канд. ист. наук. – Пермь, 1977. – 21 с.
 3.5. Байтұрсынов А. Ақ жол. – Алматы: Жалын, 1991. – 464 б.
 3.6. Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. – Алматы: Ана тілі, 1992. – 445 б.
 3.7. Баранов Е.П. Местные органы государственного управления Временного правительства в 1917 году (губернские и уездные комиссары, земельные, продовольственные комитеты): автореф. . . . канд. юрид. наук. – М., 1975. – 26 с.
 3.8. Бочагов А.К. Алаш-Орда. Краткий исторический очерк о национально-буржуазном движении в Казахстане периода 1917-1919 г.г. – Кызыл-Орда: Госиздат, 1927. – 56 с.
 3.9. Боффа Д. История Советского Союза. – М.: Международные отношения, 1990. Т.І. – 629 с.
 3.10. Бөкейханов Ә. Шығармалар. – Алматы: Қазақстан, 1994. – 38 б.
 3.11. В огне революции (Воспоминания участников Великой Октяб-

- рьской социалистической революции и гражданской войны в Казахстане). – Алма-Ата: Изд. АН КазССР, 1957. – 260 с.
- 3.12. Волобуев П.В. Экономическая политика Временного правительства. – М.: Изд. АН СССР. – 483 с.
- 3.14. Григорьев В.К. Противостояние (Большевики и непролетарские партии в Казахстане. 1917-1920 г.г.) Алма-Ата. Казахстан. 1989. – 112 с.
- 3.15. Восстание киргизов и казахов в 1916 году. – Бишкек: Учкун, 1991. – 112 с.
- 3.16. Дулатов М. Шығармалары. – Алматы: Жазушы, 1991. – 381 б.
- 3.17. Елеуов Т. Установление Советской власти в Казахстане. – Алма-Ата: Изд. АН Каз ССР, 1957. – 115 с.
- 3.18. Елеуов Т. Установление и упрочение Советской власти в Казахстане (март 1917 – июнь 1918 года). – Алма-Ата: Изд. АН Каз ССР, 1961. – 527 с.
- 3.19. Есмағамбетов К. Қазақтар шетел әдебиетінде. – Алматы: Атамұра-Қазақстан, 1994. – 240 б.
- 3.20. Житов К.Е. Февральская революция в Узбекистане. – Ташкент: Кзыл Узбекистан, 1957. – 35 с.
- 3.21. Житов К.Е. Победа Великой октябрьской социалистической революции в Узбекистане. – Ташкент: Изд. АН УзССР, 1957. – 230 с.
- 3.22. Жұмабаев М. Шығармалары. – Алматы: Жазушы, 1989. – 447 б.
- 3.23. За власть Советов. Сб. статей и воспоминаний о борьбе за установление и упрочение Советской власти в Семипалатинской области. – Семипалатинск: облиздат, 1961. – 252 с.
- 3.24. Зима А.Г. Великий Октябрь в Киргизии. – Фрунзе: Илим, 1987. – 248 с.
- 3.25. Зиманов С.З. В.И. Ленин и Советская национальная государственность в Казахстане. – Алма-Ата: Наука, 1970. – 303 с.
- 3.26. Из истории октябрьской революции и гражданской войны в Казахстане. – Алма-Ата, 1962.
- 3.27. Иноятов Х.Ш. Победа Советской власти в Туркестане. – М.: Мысль, 1978. – 364 с.
- 3.28. Иноятов Х.Ш. Борьба большевиков за победу Советской власти в Туркестане. – Ташкент: Изд. АН УзССР, 1957. – 260 с.
- 3.29. История Казахской ССР. 1949. Т.І.
- 3.30. Кабдиев Д. Развитие экономической мысли в Казахстане (конец XIX – нач. XX века). – Алма-Ата: Казахстан, 1978. – 189 с.
- 3.31. Казахстан в начале XX века: методология, историография, источниковедения. Сб. статей. – Алматы, 1993. – 168 с.
- 3.32. Кауфман А.А. К вопросу о русской колонизации Туркестанского края. – Спб., 1903.

- 3.33. Кеменгерұлы Х. Қазақ тарихынан. – М.: КССО халықтарының кіндік баспасы. 1924. – 72 б.
- 3.34. Керенский А.Ф. Россия на историческом повороте. Мемуары. – М.: Республика, 1993. – 384 с.
- 3.35. Кострикин В.И. Земельные комитеты в 1917 году. – М.: Наука, 1975. – 336 б.
- 3.36. Курманов, З. Плоских В.М., и др. Абдыкерим Сыздыков – национальный лидер. – Бишкек: Кыргызстан, 1992. – 184 с.
- 3.37. Қазақ ССР тарихы. Бес томдық. Т. 4. – Алматы: Ғылым, 1981. – 675 б.
- 3.38. Қойгелдиев М.Қ. Қазақ демократиялық интеллигенциясының 1905 – 1917 жылдардағы қоғамдық саяси қызметі: тарих ғылым. док.... дисертациясы. – Алматы, 1994. – 574 б.
- 3.39. Қойгелдиев М. Алаш қозғалысы. – Алматы: Сенат, 1995. – 368 б.
- 3.40. Қоңыратбаев О. Тұрар Рысқұлов: қоғамдық-саяси және мемлекеттік қызметі. – Алматы: Қазақстан, 1994. – 448 б.
- 3.41. Ленин В.И. Біздің революциядағы пролетариаттың міндеттері. – Шығ. тол. жинағы. 31-т.
- 3.42. Маликов Ф. Февральская буржуазно-демократическая революция в Казахстане. – Алма-Ата: Наука, 1972. – 239 с.
- 3.43. Манжара Д.И. Революционное движение в Средней Азии (1905 – 1920 г.г.). – Ташкент, 1934.
- 3.44. Милюков П.Н. Воспоминания. – М., 1991.
- 3.45. Махаева А.Ш. Қазақ комитеттері: құрылуы мен қызметінің тарихы: тарих. ғыл. кан. дисс. авторефераты. – Алматы, 1995. – 24 б.
- 3.46. Минц И.И. История Великого Октября. Свержения самодержавия. – М., 1967.
- 3.47. Нұрпейісов К. Ұлы Октябрь Қазақстанда. – Алма-Ата: Білім, 1977. – 47 б.
- 3.48. Нұрпейісов К. Алаш һәм Алашорда. – Алматы: Ататек, 1995. – 256 б.
- 3.49. Становление Советов в Казахстане (март 1917 – июнь 1918 г.). – Алма-Ата: Наука, 1987. – 239 с.
- 3.50. Общественные организации в политической системе России 1917-1918 годов: Материалы конференции / Под ред. П.В. Волбуева. – М.: Тверский университет, 1991.
- 3.51. Осипова Т.В. Классовая борьба в деревне в период подготовки проведения Великой Октябрьской социалистической революции. – М., 1974.
- 3.52. Октябрьская революция. Народ ее творцами заложил. Сб. статей. – М.: Наука, 1992. – 428 с.
- 3.53. О прошлом для будущего: Некоторые актуальные проблемы истории Компартии Казахстана в свете гласности. / Сост. А.Г. Сармурзин. – Алма-Ата, 1990. – 254 с.

- 3.54. Пахмурный П.М., Григорьев В.К. Октябрь в Казахстане. – Алма-Ата, 1978. – 221 с.
- 3.55. Плоских В. Манас не признал себя виновным. – Бишкек: Илим, 1993. – 88 с.
- 3.56. Покровский С.Н. Победа Советской власти в Семиречье. – Алма-Ата: Изд. АН КазССР, 1967. – 368 с.
- 3.57. Покровский С.Н. Ленин и победа Советской власти в Казахстане. – Алма-Ата: Наука, 1970. – 150 с.
- 3.58. Пушкарева И.М. Февральская буржуазно-демократическая революция в 1917 г. в России. – М.: Наука, 1982. – 320 с.
- 3.59. Рыскулов Т.Р. Избранные труды. – Алма-Ата: Казахстан, 1984. – 259 с.
- 3.60. Сафаров Г. Колониальная революция (опыт Туркестана). – М.: Госиздат, 1921. – 147 с.
- 3.61. Сафаров Г. Национальный вопрос и пролетариат. – Петроград: Госиздат, 1922. – 202 с.
- 3.62. Спирин Л.М. Россия. 1917 год. Из истории борьбы политических партий. – М., 1987.
- 3.63. Сейфуллин С. Тар жол, тайғақ кешу. – Алматы: Жазушы, 1977. – 392 б.
- 3.64. Солтоноев Б. Кызыл кыргыз тарихы. (Қырғыз тілінде). – Бишкек: Учкун, 1992. – 224 б.
- 3.65. Сидоров А.Л. Экономическое положение России в годы первой мировой войны. – М.: Наука, 1973. – 655 с.
- 3.66. Старуев В.И. Внутренняя политика Временного Правительства первого состава. – Л.: Наука, 1980. – 256 с.
- 3.67. Сулейменов Б.С. Аграрный вопрос в Казахстане последней трети XIX – начала XX в. (1867 – 1907 г.г.). – Алма-Ата: Изд. АН КазССР, 1963. – 411 с.
- 3.68. Торайғыров С. Екі томдық шығармалар жинағы. 2-т. – Алматы: Ғылым, 1993. – 220 б.
- 3.69. Тынышбаев М. Великие бедствия... (Ақтабан – шубырынды) – Алма-Ата: Жалын, 1991. – 152 с.
- 3.70. Турсынбаев А. Казахский аул в трех революциях. – Алма-Ата: Казахстан, 1967. – 483 с.
- 3.71. Турсунов Х.Т. Восстание 1916 г. в Средней Азии и Казахстане. – М., 1961.
- 3.72. Шоқай М. Түркістанның килы тағдыры. – Алматы: Жалын, 1992. – 184 б.
- 3.73. Чокаев М. Туркестан под властью Советов. – 2-е изд. / под. ред. проф. А.С. Такенова. – Алма-Ата, 1993.
- 3.74. Шонанұлы Т. Жер тағдыры – ел тағдыры. – Алматы: Санат, 1995. – 224 б.

- 3.75. Чижов И., Кондриков Б.В. Победа Социалистической революции в Омской области. – Омск: Облиздат, 1958. – 85 с.
- 3.76. Қойгелдиев М.Қ. Ұлттық саяси элита. Қызметі мен тағдыры (XVIII - XX ғғ.). Зерттеулер. – Алматы: Жалын, 2004. – 400 б.
- 3.77. Махат Д. Қазақ зиялыларының қасіреті. – Алматы: Сөздік-Словарь, 2001. – 304 б.
- 3.78. Қыдыралиев Д.Қ. Мұстафа Шоқай. – Астана: Фолиант, 2007. – 320 б.
- 3.79. Мамыраева А.К. Общественная-политическая деятельность и политико-правовые взгляды А. Букейханова. – Караганда: Болашақ-Баспа, 1998. – 201 с.
- 3.80. Қойшыбаев Б. Сұлтанбек Қожанов. – Алматы: Қазақстан, 2007. – 320 б.
- 3.81. Васюков В.С. Внешняя политика Временного правительства. – Москва, 2009. – С. 78.
- 3.82. Kara A. Türkistan Ateşi Mustafa Çokay'ın Hayatı ve Mücadelesi. – Istanbul, 2002. – 383 s.
- 3.83. Kara A. Mustafa Tchokai Une vie pour L'indépendance du Kazakhstan. – Paris, 2013. – 323 s.
- 3.84. Hayit B. Ruslara karşı Basmacılar Hareketi. Türkistan Türklüğü'nün Milli Mücadelesi. – İstanbul, 2006. – 153 s.

IV. Мерзімді басылымдар

а) журналдар мен мерзімді жинақтар

- 4.1. Абай.
- 4.2. Ақиқат.
- 4.3. Большевик Қазақстана.
- 4.4. Қазақ тарихы.
- 4.5. Қызыл Қазақстан.
- 4.6. Кентавр.
- 4.7. Вестник Московского университета. Серия права.
- 4.8. Человек и политика.
- 4.9. Общественные науки в Узбекистане.
- 4.10. ҚазҰУ хабаршысы. Тарих сериясы
- 4.11. Вопросы истории
- 4.12. Наука и жизнь

ә) газеттер

- 4.13. Бірлік туы.
- 4.14. Вестник Временного правительства.
- 4.15. Егемен Қазақстан.

- 4.16. Жизнь национальностей.
- 4.17. Қазақ.
- 4.18. Речь.
- 4.19. Сарыарқа.
- 4.20. Свободная речь.
- 4.21. Семиреческие областные ведомости.
- 4.22. Слово трудового крестьяне.
- 4.23. Туркестанские ведомости.
- 4.24. Туркестанский вестник.
- 4.25. Ұлығ Түркістан.

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ	3
I тарау	
УАҚЫТША ҮКІМЕТТІҢ ҚҰРЫЛУ ҚАРСАҢЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ САЯСИ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖАҒДАЙ	23
1. Бірінші дүниежүзілік соғыстың Қазақстан өміріне ықпалы	23
2. 1916 жылғы Ұлт-азаттық көтеріліс және саяси-әлеуметтік, ұлтаралық қатынастардың шиеленісіп кетуі	34
II тарау	
ПАТШАЛЫҚ БИЛІКТІҢ ҚҰЛАУЫ, УАҚЫТША ҮКІМЕТТІҢ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ БИЛІК ОРЫНДАРЫНЫҢ ҚҰРЫЛУЫ ЖӘНЕ ҚЫЗМЕТІ.....	45
1. Уақытша үкіметтің облыстық, уездік мекемелерінің құрылуы және қызметі	45
2. Азық-түлік комитетінің қызметі	66
3. Уақытша үкіметтің жер саясаты.....	84
4. Уақытша үкіметтің мәдениет, оқу-білім саласындағы саясаты	103
III тарау	
УАҚЫТША ҮКІМЕТТІҢ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ БИЛІК ОРГАНДАРЫНЫҢ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ҰЙЫМДАРМЕН ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСЫ.....	113
1. Уақытша үкіметтің Қазақстандағы билік органдарының қоғамдық-саяси ұйымдармен қарым-қатынасы	113
2. Уақытша үкіметтің билік орындары және Кеңестер	122
ҚОРЫТЫНДЫ.....	139
ДЕРЕКТІК МАТЕРИАЛДАР МЕН ӘДЕБИЕТ	143

Ғылыми басылым

Талғат Құмарғалиұлы Мекебаев

**АҚПАН ТӨҢКЕРІСІ ЖӘНЕ УАҚЫТША ҮКІМЕТ БИЛІК
ОРЫНДАРЫНЫҢ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҚЫЗМЕТІ
(1917 жылдың ақпаны – 1918 жылдың басы)**

Монография

2-басылым

Редакторы *Агила Хасанқызы*
Компьютерде беттеген және
мұқабасын безендірген *Айша Қалиева*

ИБ № 13743

Басуға 14.10.2020 жылы қол қойылды. Пішімі 60x84 1/16.
Көлемі 9,4 б.т. Офсетті қағаз. Сандық басылыс. Тапсырыс №9999.

Таралымы 500 дана. Бағасы келісімді.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің
«Қазақ университеті» баспа үйі.

050040, Алматы қаласы, әл-Фараби даңғылы, 71.

«Қазақ университеті» баспа үйі баспаханасында басылды.